

**ҚАРАҒАНДЫ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ
ВЕСТНИК
КАРАГАНДИНСКОГО
УНИВЕРСИТЕТА**

ISSN 0142-0843

**ФИЛОЛОГИЯ сериясы
№ 2(74)/2014
Серия ФИЛОЛОГИЯ**

Сәуір–мамыр–маусым
30 маусым 2014 ж.

1996 жылдан бастап шығады
Жылына 4 рет шығады

Апрель–май–июнь
30 июня 2014 г.

Издается с 1996 года
Выходит 4 раза в год

Собственник РГП **Карагандинский государственный университет
имени академика Е.А.Букетова**

Бас редакторы — Главный редактор
Кубеев Е.К., д-р юрид. наук, профессор

*Зам. главного редактора
Ответственный секретарь*

**Х.Б.Омаров, д-р техн. наук
Г.Ю.Аманбаева, д-р филол. наук**

Редакция алқасы — Редакционная коллегия

М.И.Абдуов,	редактор д-р филол. наук;
Г.Ю.Аманбаева,	д-р филол. наук;
З.Т.Жумагали,	д-р филол. наук;
Ж.А.Жакупов,	д-р филол. наук;
Ш.М.Мажитаева,	д-р филол. наук;
Т.Т.Савченко,	д-р филол. наук;
Ж.Н.Жунусова,	д-р филол. наук;
Н.И.Букетова,	д-р филол. наук;
А.С.Адилова,	д-р филол. наук;
Б.Шалабай,	д-р филол. наук;
М.К.Исаев,	д-р филол. наук;
Н.Ж.Шаймерденова,	д-р филол. наук;
С.А.Матяш,	д-р филол. наук (Россия);
М.Д.Джусупов,	д-р филол. наук (Узбекистан);
У.М.Бахтикиреева,	д-р филол. наук (Россия);
Т.В.Белашапкина,	д-р филол. наук (Россия);
К.Жанбозулы,	д-р филол. наук (КНР);
Ж.Д.Рапишева,	отв. секретарь
	канд. филол. наук

Адрес редакции: 100028, г. Караганда, ул. Университетская, 28
Тел.: 77-03-69 (внутр. 1026); факс: (7212) 77-03-84.
E-mail: vestnick_kargu@ksu.kz Сайт: vestnik.ksu.kz

Редакторы *Ж.Т.Нұрмұханова*
Техн. редактор *А.М.Будник*

Издательство Карагандинского
государственного университета
им. Е.А.Букетова
100012, г. Караганда,
ул. Гоголя, 38,
тел.: (7212) 51-38-20
e-mail: izd_kargu@mail.ru

Басуға 29.06.2014 ж. қол қойылды.
Пішімі 60×84 1/8.
Офсеттік қағазы.
Көлемі 21,8 б.т.
Таралымы 300 дана.
Бағасы келісім бойынша.
Тапсырыс № 72.

Подписано в печать 29.06.2014 г.
Формат 60×84 1/8.
Бумага офсетная.
Объем 21,8 п.л. Тираж 300 экз.
Цена договорная. Заказ № 72.

Отпечатано в типографии
издательства КарГУ
им. Е.А.Букетова

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ

<i>Мажитаева Ш., Нығметова Н., Хамзина Г., Бодық Г.</i> Көркем мәтіндегі метафораның стильдік қызметі	4
<i>Әділова А.С., Бейсен Ф.</i> Годонимдер — халық өмірінің тарихи, мәдени және ақпараттық коды	12
<i>Пірімбетов Т.Т.</i> Сөзжасам саласындағы туынды сөз бен туынды түбір мәселелері	18
<i>Тұрсынова М.А., Жуынтаева З.Н.</i> Көне ескерткіштердегі септік жалғауларының қазіргі түркі тілдеріндегі сипаты.....	23
<i>Рапишева Ж.Д., Тәжікеева А., Сейдахметова З.Қ.</i> Қазіргі қазақ тіліндегі кірме терминдер жайында.....	30
<i>Рахымберлина С.Ә., Жүнісова М.Қ.</i> Қазақ ономастикалық кеңістігіндегі бейресми кісі есімдерінің орны.....	35
<i>Қазанбаева А.З.</i> Төлеген Айбергенов лирикасы тілінің көркемдігі	41
<i>Түйте Е.Е., Блялова А.А., Қадырова Л.Б.</i> Тілдің шығуы туралы теориялар	47
<i>Ажарбекова Э.Н.</i> Түркі тіл біліміндегі белгілілік/белгісіздік мәселесі	53
<i>Сапарова К.О.</i> Еліктеуіш сөздердің сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілдер арқылы жасалуы	58

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ

<i>Каренов Р.С.</i> XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары ұлы өкілдері бірінің ғылыми және ағартушылық қызметі (Халел Досмұхамедовтың қайтыс болғанына 75 жыл толуына орай).	66
<i>Әбдуов М.І.</i> Ақиқатты жырлаған акындар мұрасы	78
<i>Каренов Р.С.</i> Түркі филологиясының атасы Махмұт Қашқари және оның дүниеде теңдесі жоқ «Диуани лұғат ат-түрк» атты мұрасы	86
<i>Жұмағұл С.Б., Еримова М.М.</i> Сәбит Дөнентайұлының саяси-әлеуметтік лирикасы.	105
<i>Қазыұлы Е.</i> Қытай жазушысы Лау Шы мен Қаусылқан Қозыбайұлының жасампаздық шеберлігіндегі салалас ұқсастықтар туралы	111

СОДЕРЖАНИЕ

КАЗАХСКОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

<i>Мажитаева Ш., Нығметова Н., Хамзина Г., Бодық Г.</i> Стилистическая функция метафоры в художественном тексте.....	4
<i>Адилова А.С., Бейсен Ф.</i> Годонимы — исторический, культурный и информационный код жизни народа	12
<i>Пірімбетов Т.Т.</i> Вопросы производных слов и производных корней в системе словообразования	18
<i>Турсунова М.А., Жуынтаева З.Н.</i> Характеристика падежных окончаний древнетюркских памятников в современных тюркских языках	23
<i>Rapisheva Zh.D., Tazhikeyeva A., Seidahmetova Z.K.</i> About the borrowed terms in modern Kazakh language	30
<i>Рахымберлина С.А., Жунусова М.К.</i> Место неофициальных имен в ономастическом пространстве казахского языка	35
<i>Қазанбаева А.З.</i> Художественность лирики Төлегена Айбергенова	41
<i>Түйте Е.Е., Блялова А.А., Қадырова Л.Б.</i> Теории о возникновении языка	47
<i>Ажарбекова Э.Н.</i> Проблема определенности/неопределенности в тюркском языкознании	53
<i>Сапарова К.О.</i> Образование подражательных слов лексико-семантическим способом словообразования.....	58

ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

<i>Каренов Р.С.</i> Научная и просветительская деятельность одного из великих представителей казахской интеллигенции начала XX века (к 75-летию со дня смерти Халела Досмұхамедова)	66
<i>Абдуов М.И.</i> Наследие акынов-вольнодумцев ..	78
<i>Каренов Р.С.</i> Слово об основоположнике тюркской филологии Махмуде Кашкари и о его непревзойденном произведении «Диуани лұғат ат-турк»	86
<i>Жұмағұл С.Б., Еримова М.М.</i> Социально-политическая лирика Сабита Дөнентайұлы.....	105
<i>Казыұлы Е.</i> Общие черты в творческом мастерстве китайского писателя Лау Шы и Кау-сылхана Козыбайұлы	111

<i>Станчу Н.</i> «Spiritual quests»: пәнаралық тұрғыдан зерттеу	115
<i>Матейко Л., Цингерова Н.</i> Словакиядағы Ресей бейнесі: таптауырын және БАҚ-тағы қазіргі саяси метафора.....	123
<i>Рүстемова Ж.А., Шәкірова Қ.М.</i> Драмалық шығармалардағы мінез мәселесінің зерттелуі .	128
<i>Ақышева Ж.С.</i> М.Цветаева поэзиясындағы адресаттың циклкүрушы қызметі.....	134
<i>Кенжебекова Ж.А.</i> Мәди Бәпиұлының мәдени мұрасы және азаматтық ұстанымы	140
<i>Әбдуова Н.М.</i> Өлең-шежіренің өзекті қырлары	143
<i>Харитонова Л.М.</i> Поэтикалық Қарағанды портретінің кейбір қырлары	152

ЖУРНАЛИСТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

<i>Жұмабеков М.К., Мурзинцева В.В., Богомолова Т.Л.</i> Телеэфирде хабар жүргізудің ерекшелігі	159
--	-----

СЫН

<i>Әбдуов М.И., Қазбеков Т.Б.</i> Елім, жерім деп өмір сүрген нар тұлғаға арналған құнды зерттеу	164
--	-----

ХРОНИКА

<i>Тұрсынова М.А., Рапишева Ж.Д.</i> «Сөз және шеберлік» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция туралы хабар.....	171
АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР	174

<i>Stanciu N.</i> Spiritual quests and obstacles — an interdisciplinary approach	115
<i>Матейко Л., Цингерова Н.</i> Образ России в Словакии: стереотипы и современная политическая метафора в СМИ.....	123
<i>Рүстемова Ж.А., Шакирова К.М.</i> Исследование проблемы характера в драматических произведениях	128
<i>Акишева Ж.С.</i> Циклообразующая функция адресата в поэзии М.Цветаевой	134
<i>Кенжебекова Ж.А.</i> Гражданская позиция и культурное наследие Мади Бапиулы.....	140
<i>Абдуова Н.М.</i> Актуальные вопросы стихотворных произведений шежере	143
<i>Харитонова Л.М.</i> Несколько штрихов к портрету поэтической Караганды.....	152

ПРОБЛЕМЫ ЖУРНАЛИСТИКИ

<i>Жұмабеков М. К., Мурзинцева В.В., Богомолова Т.Л.</i> Специфика выступления в телевизионном эфире.....	159
---	-----

КРИТИКА

<i>Абдуов М.И., Казбеков Т.Б.</i> Ценное исследование, посвященное выдающемуся государственному деятелю, посвятившему свою жизнь территориальному единству Казахстана.....	164
--	-----

ХРОНИКА

<i>Турсунова М.А., Рапишева Ж.Д.</i> О республиканской научно-практической конференции «Сөз және шеберлік»	171
СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ.....	174

ӘОЖ 81'

Ш.Мажитаева¹, Н.Нығметова², Г.Хамзина³, Г.Бодық¹

¹Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті;

²Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті;

³М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл
(E-mail: s_mazhit@mail.ru)

Көркем мәтіндегі метафораның стильдік қызметі

Мақала көркем әдебиетте, оның ішінде прозалық шығармаларда актив қолданылатын троптардың бірі — метафораның стильдік қызметін қарастыруға арналды. Авторлар метафораның жасалу жолдарына, түрлеріне жан-жақты тоқталды. Тіл білімінде және әдебиеттануда метафораға берілген анықтамалар келтірілді. Көркем мәтіннен жиналған метафоралық қолданыстар жүйеленіп талданды. Бұл мысалдар арқылы метафораның көркем шығарма тілінде маңызды стильдік қызметімен қатар ана тіліміздің баюына, толысуына өз үлесін қосатыны анықталды.

Кілт сөздер: метафора, троп, эмоционалды-экспрессивті лексика, полисемия, тілдік категория, ауыспалы мағына, авторлық метафора, танымдық метафора.

Халық тілі тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін білдіретін, бейнелі ойды бедерлеп жеткізетін өрнекті сөз орамдарына аса бай. «Сөздің, немесе тілдің, көркемдігі» дегенде, ең алдымен, оның әсерлілігін ұғамыз. Әсерлі сөйлеу, яғни көркем тілмен сөйлеу, өз ойын өзгеге шама-шарқынша айқын түсіндіру — тек өнер адамдарына ғана емес, мәдениеттімін деген бар қауымға міндет әрі қажет.

Суретті бейнелі, көркем ойлау арқылы бір нәрсенің тікелей өзін емес оған ұқсас өзге затқа не құбылысқа балап, мағынасын, мазмұнын тереңдете, әсерін күшейту дейтін болсақ, онда бұл көркемдеу құралы болған метафораны әр түрлі етіп қиыстыру шығармада үлкен шеберлікті талап етеді.

Троптардың ішінде көркем әдебиетте, оның ішінде прозалық шығармаларда актив қолданылатыны метафора. Метафоралық қолданыстардың өнімділігін аталған жазушылардың повестерінен де көре аламыз.

Метафора жасау көптеген семантикалық процестердің нәтижесінде туады. Айталық, ол, ең алдымен, жаңа ұғымды жасаудағы троптың бір түрі; екіншіден, полисемия тудыру құралы; үшіншіден, метафора эмоционалды-экспрессивті лексика жасауға белсенді түрде қатысады; төртіншіден, синоним жасауда метафораның өзіндік орны бар; бесіншіден, метафора тілдің терминологиялық өрісінің кеңеюіне де ықпал жасайды; алтыншыдан, жаңа мағыналық тіркестердің дүниеге келуіне әсер етеді.

Қ.Жұмалиев өзінің еңбегінде: «Метафора — тіл табиғатында терең тамыр жайған сөйлеу өнеріміздің барлық саласынан бой көрсететін жалпы тілдік категория, сөзді астарлай қолдану» десе [1; 2], академик З.Қабдолов: «...метафора (гр. *metaphora* — көшіру) — сөз мәнін өңдендіре өзгертіп айту, суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау, сөйтіп, суреттеліп отырған заттың не құбылыстың мағынасын үстеу, мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейту», — дейді [2; 201].

«Әдебиеттану терминдер сөздігінде»: «Метафора, ауыстыру (гр. сөзі — *ауыстырып қою*), екі нәрсені, құбылысты салыстыру және жанастырып-жақындату негізінде астарлы тың мағына беретін сөз немесе сөз тіркесі. Мысалы, Абай өлеңдерінде кездесетін *жастықтың оты, жүректің көзі*,

дүние есігі, өмірдің өрі деген метафора үлгілерін атауға болады. Метафораның күнделікті сөйлеу тілінде кездесетін қарапайым түрлері: *іші күйіп, бойы мұздап, орақ ауызды, от тілді* деген секілді болып келеді.

Метафораның кейбір түрлері теңеуге жақын, мысалы, *тас жүрек, ақ көңіл*. Бірақ метафорада теңеудегідей екі нәрсені теңеп салыстырудан гөрі, олардың арасындағы ұқсастық жақындықты, сезім-әсер жалғастығын тірек ету басым болады. Көбінесе сондай екі нәрсенің бірі айтылып, екіншісін емеурін жасап, сездіреді [3; 227] деп түсініктеме берілген.

Қазақ тіл білімінде метафораны көркемдік тәсіл ретінде таныған және алғаш рет тұжырым жасаған А.Байтұрсынов.

Тілдік қолданыста сөз метафоралармен түрленеді, ажарланады және бейнелі құралға айналады. Бұны метафораға берілген анықтамалар мен теориялық пікірлер дәлелдейді. Лингвистикалық сөздіктерде метафораға берілген түсініктерге тоқталатын болсақ, «Тіл білімі сөздігінде»: «Метафора (гр. *Metaphora* — ауыстыру) — троптың бір түрі, ұқсастық, сәйкестік және т.б. негізінде сөздер мен сөз орамдарының ауыспалы мағынада қолданылуы» деп беріледі, ал метафоралану былайша түсіндіріледі: ауыспалы мағынаның пайда болуы мен оның экспрессивті қасиеттерінің күшеюі нәтижесінде сөздің мағыналық аумағының кеңеюі» [4].

Қазақ тіл білімі ғылымында да көркем әдебиеттің тілі мен стилін, сөз зергерлерінің шеберлігі сөз болғанда метафораға соқпай кетпейді, көптеген ақын-жазушының шығармашылық мәнерін сөз еткенде, метафораның түрлі тілдік қызметіндегі қасиеті мен ерекшеліктерін талдайды.

«Лингвистикалық түсіндірме сөздікте» метафораға былайша анықтама беріледі: «Метафора (гр. *Metaphora* — ауыстыру) — троп немесе сөйлеу механизмі. Метафора — сөздің басқа мағынада қолданылуы. Риторика мен лексикологияда метафора номинациялық құрал ретінде қарастырылады» [5].

Сонымен қазақ тіл білімінде метафораға А.Байтұрсынов, М.Балақаев, Б.Хасанов, Ә.Болғанбайұлы, Ғ.Қалиұлдарының анықтамалары бар. М.Балақаев «Метафора деп заттардың, құбылыстардың ішкі-сыртқы ұқсастығына қарай ауыс мағынада жұмсалуды айтамыз» [6] деп анықтама береді. Профессор Б.Хасанов «Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралық қолданылуы» атты еңбегінде тілдік метафораларды арнайы қарастырып, тура мағынадан ауыспалы мағынаның туындауы көбінесе метафораның негізінде пайда болатынын айтады [7].

Ғалым қазақ тіліндегі метафоралардың лексикалық және грамматикалық басты ерекшеліктерін өзінің теориялық еңбегінде айқындады. «Метафоралық сөз саптауда таныс емес зат пен құбылыс міндетті түрде жақсы таныс нәрсемен салыстырылады» [7; 18].

«Белгілерінің ұқсастығына қарай бір заттың не құбылыстың атауымен аталуының негізінде сөз мағынасының ауысуы метафора деп аталады» [8].

Қазір тіл білімінде метафораның адамның ойлау үрдісін қалыптастырушылық қасиетін ескере отырып, оны басқа қырынан қарастырады. Когнитивистикамен айналысушы ғалымдар осы тақырыпқа қызығушылықтарын білдіреді. Метафора ұғымдарды қалыптастырып, дайын таңбалар арқылы оларды атайды. Мәселен, Б.Қасым өз еңбегінде когнитивтік феномен ретінде танылған метафораның аталым жасаудағы маңызына тоқталады: «Метафора — тілде әмбебап құбылыс. Оның әмбебаптығы тілдің құрылымында және қызметінде көрінеді. Ол тілдің түрлі аспектісі мен қолданыстық қызметін қамтиды». Б.Қасым метафораның тілдік сипаты туралы «Тілдік метафорлар — туынды сөздерде метафоралық қасиеттер күңгірттеніп, соның нәтижесінде жаңа лексемалардың пайда болуы. Метафора аталым тұрғысынан бейнелілік қасиетінен өтіп, тек ұғымға атау беру қызметіне көшеді» [9], — дейді.

Метафора заттар мен құбылыстардың белгілерінің ассоциациялануы, байланысуы арқылы жасалады, ойды дамытады. Әр түрлі салыстырулар шығарма тіліне көркемдік береді.

Метафора сөздердің мағына ауыстырып жұмсауы. Метафораны тілдік қолдану сипатына қарай түрлерге бөлушілік бұрыннан қалыптасқан. Ғалымдар метафораның құрылымын түрліше саралайды. Мысалы, Б.Хасанов қазақ метафораларын екіге бөледі: «Біріншісі — белгілі бір шешеннің сөз саптауынан пайда болған индивидуалдық метафора, екіншісі — халықтық сипат алған дәстүрлі метафоралар» [7;138].

А.Ысқаков былай дейді: «Метафораның ең басты стильдік ерекшелігі — бейнелілігі, ойды бейнелі түрде жеткізетіндігі. Ол сондықтан да көркем әдебиет стилінде жиі қолданылады. Ал, ғылыми, кеңсе, ресми іс қағаздары стильдерінде метафора дәл мұндай дәрежеде кездеспейді» [10]. Ғалым Т.Қоңыров метафораның жасалуына теңеудің негіз болатындығын айтады: «Әрбір теңеудің көлеңкесінен метафоралық мағына көрініп тұрады» [11].

Метафорамен теңеуді айыра білу мәселелерін ғалымдар көптеп қарастырған. Мысалы, Қ.Жұмалиев метафора мен теңеудің мынадай ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсетеді: «...теңеулердің жұрнағын қысқартсақ, метафора болып, метафораға теңеу жұрнақтарын жалғаса, теңеуге айналады. Екінші, теңеуде де, метафорада да екі нәрсе қатар алынады, әйтсе де, қазір бұл екеуінің арасындағы айырмасы да ашық нәрсе. Бірінші, теңеуде бір нәрсе екінші нәрсеге теңелсе, метафорада баланады. Теңеу: бұл — пәлендей, сол тәрізді секілді десе, метафора: бұл — соның өзі деп кесіп айтады. Мағына жағынан, әрине, екеуі бір емес. Екінші, теңеудің өзіне тән жұрнағы бар да, метафораның өзіне тән жалғау не басқа сөздері бар. Үшінші, теңеуде теңеу жұрнақтарының теңейтін сөзге жалғануы міндетті түрде болса, метафорада сөзге метафоралық мән беретін сөздер, не жалғаудың үнемі бола беруі міндетті емес. Төртінші, теңеуде теңелетін нәрсе мен теңейтін нәрсенің екеуі де ұдайы қарама-қарсы тұрса, метафорада ұқсастығы бар нәрсенің бір жағы қалып қоюы мүмкін. Бірақ контекст бойынша ол нәрсені оқушы қиялы арқылы түсіне алады» [1; 215].

Метафораның мағына дамытудағы маңызы туралы А.Байтұрсынов, Ә.Болғанбайұлы, М.Балақаев, Ғ.Қалиұлының құнды пікірлері бар. Кейінгі зерттеулерде, мәселен, А.Сыбанбаева метафораны былай деп анықтайды: «Адамның ақыл-ойы салыстыруға келе бермейтін семантикалық концептерді (ұғымдарды) салыстырудың нәтижесінде метафора туындайды. Сондықтан метафораның жасалу механизмін зерттеу — адамның ойлау процесін зерттеу деген сөз» [12].

Тіл білімінде метафора семасиологиялық, ономасиологиялық, гносеологиялық, лингвистикалық тұрғыда зерттелді. Зерттеуші Г.Зайсанбаева метафораны когнитивтік бағытта қарастырып, былай түйіндейді: «Метафораның әр түрлі нысандар арасындағы ұқсастықтары солар туралы түсініктер арқылы қалыптасады. Сонымен қатар метафоралануға адамның эмоциялары, экстралингвистикалық білімі, тұрмыстық тәжірибесі кей жағдайда кездейсоқ түсініктер түрткі болып жатады. Адам тәжірибесі арқылы жинақталған білім қорындағы ақпараттардың өзара ауысуы танымдық үрдістермен байланысты. Аталым жасаудағы метафораның қызметі тілдің барлық салаларында қолданылады» [13].

Метафора тілде көркемдік қызметімен бірге жаңадан пайда болған ұғым, түсінікке неғұрлым дәл атау беріп бейнелейді. Метафора көңілге сыйымды, тіпті бір-біріне мүлдем сыйымсыз, қарама-қарсы ұғымдардың ассоциациялануы негізінде жасалып, үйлесімді, нанымды, көркем, жарқын бейне туғызады және ұқсату заңдылығына негізделеді. Ұқсату философиялық тұрғыда заттардың, құбылыстардың немесе процестердің бір қасиетіне қарай ұқсастығын тану әрекеті ретінде танылады. Метафорада ұқсастық тілдік бірліктердің тілден тыс сипатына байланысты. Аталымдардың қоршаған әлем заттары мен құбылыстары арасындағы әр түрлі ұқсастықты тануда, оны тілде белгілеуде адамның бай тәжірибелік қоры ескеріледі. Жаңа мағынаның тууына метафораның қызметі зор. Өзге тәсілдер сияқты метафора да тілдің дамуына қызмет етеді.

Негізінен алғанда, метафора тура мағынадағы сөзді қажет етпей-ақ, оны көркем мәтіндегі контекст арқылы айқындайды. Мысалы: *Бұл тіршіліктің темір қамыты қашанға бұлғақтатар дейсің* («Аққыз», 62-б.) деген жолдардағы зат есімнен жасалған *аттылы* және *қамыты* метафоралары — осындай ауыспалы мағынадағы сөздер. Қолдануда тура мағыналы сөзге қарағанда метафора көркем сурет, образды өрнек, орамды ой беруге икемді, өткірірек келеді. Осы сөйлемдегі метафоралы сөздердің орнына тура мағынасы қойылса, онда сөйлемнің көркемдігі төмендер еді.

Заттардың (құбылыстың) ішкі сыры мен сыртқы көрінісін, сыр сипатын оқырманның көз алдына елестететіндей етіп кескінін келтіріп, нақыштан беруде А.Сейдімбеков метафораны ұтымды қолданады: *Әкеңнің азу тісін ақситып жүріп жиган аз дәулетін тиянақтай білмесең, ертең-ақ шолтаң етіп түбі көрініп қалмай ма, — деп емеурін білдірген* («Аққыз», 62-б.).

«Метафора ауыстыру — екі нәрсені, құбылысты ауыстыру және таныстырып жақындату негізінде астарлы тың мағына беретін бейнелі сөз немесе сөз тіркесі. Ал метафораның алғашқы анықтамасы мен қызметін ұлы ойшыл Аристотель анықтап берген. Яғни мағыналық үйлесім қалыптастырудағы метафораның маңызды сипаттары — оның субъективтілігі мен ұғым тудыру қасиеті екендігін атап көрсетеді. Дүниені, болмысты танудың көзі — метафора. Кез келген метафора танымдық қызмет атқарады деуге болады. Оның бейнелілік, көркемдік сияқты қасиеттері мен қызметтерінен гөрі адам ойлауы мен тілінде танымдық қызметінің үлес салмағы басым. Белгілерінің ұқсастығына қарай бір заттың не құбылыстың басқа бір заттың не құбылыстың атауы мен аталуының негізінде сөз мағынасының ауысуы метафора деп аталады» [14].

Сонымен қатар когнитивтік бағытта метафора концепт тудыру құралы ретінде қарастырылуда. Зерттеушілер метафораның когнитивтік бағыттағы, яғни, таным нәтижесін беру құралы екендігі туралы мынадай қызметтерін атап көрсетеді:

– **болмыстағы бар заттармен теңестіру, ұқсату арқылы затқа атау беруі.** Метафораның осы қызметі жазушылар шығармаларында мынадай мысалдар арқылы көрініс табады: *Айналамыздың бәрінде уыз мұнар кілкейді* («Қайдасың, қасқа құлыным», 100-б.). *Тегі, шытынаған қызылшұнақ аяз олардың да тұмсығын қарып, сайлы, талды ықтасындарға қуған болуы керек* («Тіршілік», 289-б.). Үзінділердегі *уыз мұнар, қызылшұнақ* сөздері болмыстағы бар заттар, қаламгерлер *қызылшұнақ /шытынаған аяз/* сөзін аязбен тіркестертіріп, жаңа мағыналы образды сөз жасаған. Метафораның шектес емес ұғымдардың қасиеттері жаңа мағыналы сөздер жасауға, сол арқылы сөздік қорымызды байытуға өзіндік атсалысатындығын аңғаруымызға болады. Метафора танымының жемісі екендігіне осы сияқты мысалдар дәлел бола алады;

– **абстрактілі мағынаны білдіретін жаңа ұғымдарды қалыптастырады.** Мұндай метафоралар ғылымда концептуалды метафора деп аталады. Зерттеуші Д.Әлкебаеваның пікірінше, концептуалды метафора «өзінің бейнелілігін сақтай отырып, жаңа лексикалық мағынаға ие бола алатын сөздер тобы» [15].

Жазушылар шығармаларында осы сынды метафоралар да өзіндік қолданыс тапқан. Мысалы: *Біз Әулікөлді жағалай жүріп, арғы бетке құлағанда, менің оқу мүжіп, ақ жемін шығарып тастаған миым жаңа бір қуатты нұрға шомылғандай, баяғыша, елдегіше жұмыс істей бастаған еді* («Қайдасың, қасқа құлыным», 84-б.). *Үйден шыққалы ешқайсымыз тіс жарып үндегеніміз жоқ, тек астымыздағы аттардың деміккен танау пырылы мен тағалы тұяқтың тасқа шақ-шұқ тиісі ғана осы жүрістің өсекшісіндей маңайға дабырлайды* («Қайдасың, қасқа құлыным», 115-б.). *Әйнектері де дағарадай-дағарадай, көзіммен өлішеп жібердім* («Әжем мен Емші және Дәрігер», 290-б.). *Осы асықпауымның ар жағынан ындыны құрыған құмарлық, бұйыртса енді қашпайтынына көзі жеткендіктен туындап жатқан қасақана жайбарақаттық байқалады* («Тіршілік», 339-б.).

Оқу мүжіп, кірпігі құлап, көзімен жер шұқуы, көзімен өлшеуі, тіс жармауы, көзінің жеткендігі деген метафоралар — абстрактілі мағынаны білдіретін жаңа сөздер;

– **метафораның бағалауыш бейне тудыру қасиеті, бағаның кейіптелуі.** Метафораның бағалауыштық мәнге ие болып, жаңа мағына тудыру қасиеті жазушылардың шығармаларында да кездеседі. Бейнелі сөздердің қаламгер туындыларында көбіне кейіпкерлер сөзінде орын алуына байланысты, құбылыстар мен заттардың бағалары, олардың бағалауыштық қасиеттері оқырман танымы нәтижесінде көрінеді.

Мүмкін жарты ғасыр саз балшықтай иленіп, санасын сасытып келген сары уайым, баяғы дәуренін, он мың жылқылы болыс болған заманын, көксеген көңіл шынымен-ақ алдаланғаны ма екен («Қайдасың, қасқа құлыным», 109-б.). *Тірі болсақ, бір жерде кездесерміз, кездеспесек сыртыңнан тілеулес боп жүрермін, маңдайыңнан соры арылмаған бейшара* («Сүйекші», 254-б.). *Жұрттың бәрі қу боп кеткен бе, шаруақор пысық боп кеткен бе, әлде өзгелер ақылынан ақыл қосып, жалғыз бұл ғана шапанының етегі дәлектен мағынасыз тіршіліктің соңына ессіз түскен бе, «осы көкнәр ішуші еді ғой» деп үмітпен барған көз таныстарының бірде-бірі ол пәтшаһарды әлдеқашан ұмытқан боп шықты* («Тіршілік», 337-б.). *Бал-бұл жанған өңінде үміт қуанышы көп тәтті сезімнің лебі есіп, аялы жанарына уайым ұялап, көпке дейін қиял құшағында отырды* («Қыз ұзатқан», 54-б.). **Сары уайым, өзегінді тырналап, маңдайыңнан соры арылмаған, тіршіліктің соңына, үміт қуанышы, уайым ұялап, ит пәледен** сияқты метафоралар бағалауыш, бейне тудырушы жаңа сөздер;

– **метафораның индивидуальды-авторлық дүниетануды, көркем сөз атрибуты екендігін жазушы шығармалары арқылы дәлелдуге болады.** Мен болсам, мынау-іштей егесіп, сырттай ұғыспаймын деп, көзім көр, көңілім жер болып, қақпанға түскен арландай арсыл-гүрсіл жатқаным («Қайдасың, қасқа құлыным», 112-б.). *«Көзін шел басыпты», — деген сөзіне алғашқыда жүрегім мұздап есімнен кетпей жүруші еді, кейінгі кезде оны ұмытып, көз ауруға әбден етім өліп алды* («Әжем мен Емші және Дәрігер», 346-б.). *Көмейге сөз тұншығып, кеседі шай суып қалды* («Тіршілік», 346-б.).

Бұл мысалдардағы **көзім көр, көңілім жер болып, жүрегім мұздап, етім өліп, сөз тұншығып** сынды метафоралар — оқырман сезіміне бірден әсер ететін, экспрессивті-эмоционалды мәні жоғары метафоралар.

Метафора — көркем шығармаларда ойды астарлы түрде, әсірелеп жеткізу үшін, сонымен қатар шығарманың көркемділігін, бейнелілігін арттыру үшін қолданылатын әдебиеттегі тілдік құбылыс. Ол

кандай да туындының мағыналық нақышының қасиетін, эстетикалық күшін арттырады. Метафораны ойлы, тәрбиелік мәні бар, жалпы өлең не прозалық туынды баламасындағы кез келген шығармадан кездестіруге болады. Әдебиетте көркемдеуіш құрал деген атау алған бұл құбылысқа берілген анықтамалар өте көп. Мысалы, «Метафора белгілі бір ұқсастықтарына қарай екі я одан да көп зат немесе құбылыстың бір атаумен аталуы. Бұл жерде ұқсастық дегеннің ұғымы кең: заттар мен құбылыстар түр-түсі жағынан әр түрлі болып келуі мүмкін: бір атаумен аталатын зат немесе құбылыстың бірі өмірде бар, нақты, ақиқат болуы, ал дәл сол атаумен беріліп, белгілі бір заттың өзі нақты болмауы мүмкін. Бірақ екеуіне де ортақ жайт — жалпы бір ұқсастық атаулы» [3; 144].

«Метафора — троптың бір түрі, ұқсастық, сәйкестік және т.б. негізінде сөздер мен сөз орамдарының ауыспалы мағынада қолданылуы».

«Метафора — көркем шығармадағы сөздерге қарағанда сапалы түр-бояу, бедерге тән тәсіл болғандықтан, өз сөз зергерлерінің қолтаңбасын анықтайтын тілдік өрнек. Тілде сөз метафорамен түрленіп өңделеді, ажарланып бейнелі құралға айналып отырады. Кез келген шығармада метафораның екі түрі кездеседі: бүкіл халыққа түсінікті тұрақты ауыс мағынасындағы дәстүрлі қолданылып келе жатқан метафоралар және әлі халықтық сипат алмаған, жеке автордың тілдік қызметінде өзі шығарып қолданылатын метафоралар» [16].

«Тіршілік» повесінде адамның көңіл-күйін, табиғаттың көрінісін сипаттайтын метафоралар өте жиі кездеседі.

Қырсығына алса айлап соғатын Арыстанды-Қарабастың долы желі бүгін үшінші күн толастамай қақап тұр. Кейде ол наурызда басталып, сәуірде бір-ақ тыншу табады. Жер қарайып, ұт кірген соң-ақ қыбыр-қыбыр етіп жапатармағай көктемгі егіс қамына кіріскен барша жұрттың апишысы бидайдай қуырылып, тоқшылықта ұмытқан жаратушыны күн сайын мың мәртебе еске алып, бұл қырсықтың көпке созылмай тез бітуін тілейді... («Тіршілік», 314-б.).

Повесть осындай көрініспен басталады. Мұнда жазушы табиғат пен адамзаттың ара-қатынасын, адамдардың табиғатқа бағыныштылығын жақсы бейнелейді. Әуелде табиғат көрінісін суреттей келе, одан халықтың күйбің тіршілігіне ауысады. Бұл үзінді де метафора, теңеу, эпитеттер де табылады. **Айлап соғатын, үшінші күн толастамай қақап тұрған долы жел, өзегінді тырналар мазасыз шуыл** табиғат-ананың адамға ырық бермес долы күшін әсірелей, барынша жандандыра суреттейді. Арыстанды-Қарабастың суық желі **етегін жұлқып, омырауын ашқанына** да қарамай ентелеп, асығыс жүріп келе жатып ол өзінің дәл қазіргі мақсатсыз сарсылына, мағынасыз тіршілігіне ой жүгіртіп: «Рас-ау, мұным не осы?» деп өзіне-өзі сауал тастамайды, құдайға шүкір құмар кешіп отырған әлі таныстарының парасатты, токмейіл күйлерін өзінің кезбе халімен салыстырмайды да («Тіршілік», 315-б.). Сөйлемде желге тірі жанның қасиетін, әрекетін теңестіріп қойса, келесі мысалда табиғат емес адам баласының белгісіз, тылсым жан дүниесіндегі ауа райын оқырманына былайша жеткізеді:

Ашу-ызасы мен күйігі әлі бұрқырап, кеудесін көрікке қызған темірдей қарып бара жатса да, сол күйінішімен араласып мына дәрменсіз, момын кемпіріне жүрек түбінен бір жанашыр сезім шақпақ тастың ұшқынындай жылт ете қалды («Тіршілік», 341-б.). Автор Молдарәсілдің бойын ашу кернеп тұрған сол сәттегі көңіл-күйін сипаттауда шебер, ұтымды тәсіл — метафораны қолданған. Себебі ол кейіпкерінің жан дүниесін дөп басып айтып, психологиялық, эмоциялық жақтарын да айқын көрсетеді. Манадан бері қарқ-қарқ күлкіге қамшы боп жамбас соғып жатқан барша алақан сақал біткенді уыстап, бір сәтке тыныштала қалды.

Д.Исабеков синеқдоха (жамбас соғып жатқан, сақал уыстап тыныштала қалған алақан) арқылы бай не айтса, соны құптап үйреніп қалған көп жағымпаздарды алақанға балап шебер суреттейді.

... Молдарәсілдің де «үйленсем» деген сабау ұшындағы түбіттей желбіреген нәзік үміті жоқшылық тұтқыны боп кеудесінде талай жыл булығып, бүгін ғана сыртқа жасқана сығалап еді, мына шалдардың қуаныш емес қайғылы хабар естігендей бастары кеуделеріне құлап, сырқаттай ыңыраңа қалулары оның жүрегін қоян тепкендей дір еткізіп, көкірегін удай ашытты («Тіршілік», 346-б.). Түрлі теңеулермен астарлана құралған бұл сөйлем авторлық метафораға негізделген. Жігіттің үміті кеудеде тұтқын болып жатуы, оның жасқана сығалауы, шалдардан адамгершілік қасиет көре алмағандығы көкірегін удай ашытуы оның бір ғана сабау ұшында желбіреген түбіттей нәзік үмітін бейнелеу, суреттеу үшін құрылған көрініс секілді.

Қыздың әке-шешесі бетімен жер басып, дәл бүгін өлік шығарғандай үнсіз отыр («Тіршілік», 351-б.). Әдетте, фразеологиялық сөздіктерде бетіне шіркеу түсті, бетіне күйе жағылды, бетін

айдай қылды — ұятқа қалды, масқарасы шықты, қарабет болды; *бетінің боздағы шықты* — қатты тоңды; *бетінен алды* — көңілін қалдырды, қарсы келді деген мағыналарда дәстүрлі метафоралық тіркес болып қолданылса, жоғарыдағы сөйлемдегі *бетімен жер басты* тіркесі үнсіз, қайғы жамылып, төмен қарап отырды деген жаңа мағынада қолданылып тұр. «Автордың сөз ауыстыру, «метафораны жаңарту» байырғы дәстүрдің түрлерінен бөлек каналдарын табу мәнері тілдің стилистикалық ресурстарының қайнар көзі болып табылады» [17].

Яғни бұл жерде жазушы дәстүрлігін алмастырып, авторлық метафора жасады десе болады.

– **дәстүрлі метафора өз орнымен, өзгермей қолданылады.**

Қызымыз қашты; бетімізге салық екені рас, бірақ жат босағаны аттатпай жолдан қайырды, онымыз әбүйір («Тіршілік», 330-б.). Бұл тіркес *бетіне күйе жағылды*, немесе *бетіне кіреуке болды* деген тіркестермен синонимдес, мағыналас. Яғни ұятқа қалдырды, намысқа тиді дегенді білдіретін тіркес.

Тіршіліктің әр күнге бөлінген ыстық-суығы мен ауыртпалығы қанша салмақты болса да, сол ауыртпалық жүрегін қанша тырмалап, көзін жас буса да ол меңіреу үйіне сүйретіліп кіріп, беймаза түнді жастық құшақтап өткізген соң-ақ көкірегіндегі кірбің сібірлеп атқан таңдай бірте-бірте сейіліп, орнынан тұрғанда бәрін ұмытушы еді, бірақ дәл осы жолғы қалжыңға қайып тігілген кемісту мен қорлық жілік басына үймелеген сарысудай ертеңгілік көзін ашқанда да көңілінен кетпей кіркілдеп тұрып алды. Оянған бетте аяққа мінген қанға сіңді қасиетін бүгін ұмытып, кірпігін бағана ашса да көрпесіне көміліп әлі жатыр. Қарақшылар сабап кеткен айдаушыдай бойы дел-сал («Тіршілік», 330-б.). Өзіне жақын дос, жанашыр ағайын-бауыр деп есептеп жүрген адамдарынан есіткен ащы мысқылдардан соң Молдарәсілдің күйі осылай суреттеледі. Бұл үзіндіде бір сөз артық не кем қолданылмаған. Жалпы, адамның көңіл-күйі — кейде өзге түгіл өзін де толық сипаттап бере алмайтын ғажайып құбылыс. Ал мына үзіндіден автордың кейіпкер көңілінің түкпірінде қандай сезім тығылып жатқанын дөп басып айтып, шебер сипаттап бергендігінен оның өзі де сол кейіпте болып, сондай сезімді бастан кешіргенін байқаймыз. ***Сол ауыртпалық жүрегін қанша тырмалап, көзін жас буса да...*** Қай заманда болсын кімнің басына түссе де әр түрлі аталып, бір мағына беретін, дәл солай әуре-сарсаңға салатын, тағдырдың адамға тарту еткен осындай «сыйлығын» қайғы-қасірет, жоқшылық, қорлық-зорлық т.б. толып жатқан синонимдермен алмастыруға болады. Бұл тіркесте нақты ***ауыртпалық*** деп аталған сөз зұлымдық бейнесіндегі бір тірі күштің адам жүрегін тырнап тұрғандығы байқалады.

Сояу-союу қозапаяның сұйық жалыны дүрілдете сорған суық желдің жемі боп қара қазанның түбін жалап қана өтіп жатыр («Тіршілік», 332-б.). «Дәулетбайдың қызы қашып кетіпті» деген хабар күйген жүннің иісіндей төңірекке тез тарап, қойнау-қойнауға керенау жатқан жалқау елді бір сергітіп өтті. Тосын хабар қайдан шығар екен деп бір құлағын желге түріп жүретін әңгімешіл әйелдер осы төрт ауыз сөзді мың құбылтып бір тәуліктің ішінде екі тәулік тыңдасаң жалықпайтын сан түрлі хикаялар туғызды.

Метафора көбіне теңеумен астасып жатады. Жоғарыда келтірілген мысалдар — соның дәлелі. Алғашқы сөйлемде *қазанның түбін жалап* жатқан жалынды астарлап, суық желдің жеміне теңесе, кейінгісінде *хабардың тез таралуын күйген жүннің иісіне* ұқсатады. Ал бұл абзацта автор адамның қырық түрлі қырының тағы біреуі — әйелдердің өсекқұмар, сөзуар жағымсыз жағын бейнелейді. Олардың қылықтарын ***құлағын желге түріп жүретін әңгімешіл әйелдер*** деп дөп басып, әрі авторлық метафора жасайды. Дәулетбайдың шаңырағы омырылып ортасына түскен кез әйелдер үшін әңгіме құраудың жақсы сылтауы болды. Сол әңгіменің әрбірін, әр сөзін беруі, бергеннің өзінде нақ бір келіншектің аузынан шыққан сөздерді тізіп жазғандай сенімді, «өсек жанрына» келтіре отырып, баяндағаны тіпті таң қалдырады. Бұл үзінді әйел адамдарды сынаған болса, төмендегі мысал, керісінше, ер адамдарды, оның ішінде дәулеті тасқан байлардың ашуланшақ мінездерін көрсетеді:

«Он бесінде отау иесі» дегенді қанына бек сіңіріп басқа уәжге құлақ аспай үйренген кеудесіне нан пісіретін шырт етпе қазақтар Дәулетбайдың: «Қызым әлі жас, он сегізге толмай күйеуге бере алмаймын», — деген жауабын қорлады, менсінбедіге жорып қасқыр ішіктерін жүре киіп, томсырайып аттанған. Кейбіреулері көрінеу көзге жөнсіз жанжал шығарып, өзінен басқа дәулетті құда таба алмайтындықтарын айтып, төсін қызарғаниша соғып, насыбайларын ер үстінде қақшып атып, атына кесірлене қамшы басқан («Тіршілік», 334-б.). Шын мәнінде, көптеген шығармаларда бейнеленетін сол қысыр замандағы қазақтың қыңыр, айтқанынан қайтпайтын, озбыр, кейде зұлым байлары үнемі өз дегендерін істететін. Ал терезесі өздерімен тең Дәулетбай секілді байға тістері батпағандықтан, ***төсін қызарғаниша соғып, кеуделерінде нан піспегенде қайтсін.***

Сонымен қатар мұнда белгілі бір күйде тұрған адамның бет-ажары, іс-әрекеті де метафора арқылы беріліп тұр. Мысалы:

Қыздың ағасы көзі ұясынан шығып, аузын ашқан бойы сілейіп қатты да қалды. Жирен жүзі отқа түскен ақ терідей қарайып, жылқы еріні жыбыр-жыбыр етті де, қолындағы қамшысын көтеріп, «о, шұбар жылан!» деп қарындасына тап берді. Осы кезде қыздың анасы құстай ұшып кеп қызы мен қамшысының ортасына тұра қалды («Тіршілік», 344-б.).

Қызын көргенде шешесі өзін-өзі ұстай алмай, «ботақаным-м» — деп тұрмақ боп ұмтыла беріп еді, күйеуі оған жеп жіберердей оқты көзімен ата қарап: «Отыр омалып!» дегенде зәрлі дауыс оны төбесінен басып, бөстегіне қайтадан сылқ еткізді. Оның аналық жүрегінің суға түскен кесектей езіліп, бауыры бордай үгітіліп бара жатқанын ешкім елеген жоқ, елеген сыңай да танытпады, бәрінің баққаны Дәулетбайдың аузы. Ол да ұзақ тостырған жоқ, қалың қабағын бір-екі рет түйістіріп алды да, қызына бір қарап қойды... («Тіршілік», 343-б.).

Қорыта келгенде, прозадағы тұтас көркем ойдың жасалып шығуын, З.Қабдоловтың сөзімен айтқанда, «мидың мың градустық домнасында құрыштай қорытылып шыққан сөздердің» үйлесімділікпен беретін ерекше әсері деп танымыз [2; 196].

Прозадағы әрбір сөз — көркем сөз, ал әрбір көркем сөз — көрікті ойдың көрінісі. Жазушылар шығарманы көркем түрде оқырманға жеткізу үшін метафораларды шеберлікпен қолданады. Қаламгерлер тіліндегі метафоралар көркемдігімен, бейнелілігімен, терең мазмұнымен ерекшеленеді. Көпшілікке таныс сөздер мен сөз тіркестерін өзге қырынан танытып, сөздерді ажарлып айшықтауда авторлар талғампаздық танытады. Автор қолданысындағы метафоралар тосындығымен, жаңалығымен қатар, бейнелілігімен ерекшеленеді.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан метафораның көркем шығарма тілінде қаншалықты маңызды рөл атқаратыны анықталды. Ана тіліміздің дамуы, толысуы тіл қорымыздағы сөз санын молайтумен ғана емес, бұрыннан бар сөздердің мағынасын, мәндік иірімдерін кеңейту арқылы да байытыны белгілі. Бұл салада метафораның да үлесі зор. Оның өзі тілдің көркемдігін, әсерлілігін арттыра түседі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Жұмалиев Қ.Ж. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. — 2-т. — Алматы: Қазақстан көркем-әдебиет баспасы, 1960.
- 2 Қабдолов З. Сөз өнері. — Алматы, 1983.
- 3 Әдебиеттану терминдер сөздігі. — Алматы: Ана тілі, 1999. — 227 б.
- 4 Сүлейменова Э., Мадиева. Г. т.б. Тіл білімі сөздігі. — Алматы: Ғылым, 1988. — 220-б.
- 5 Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. — Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. — 124-б.
- 6 Балақаев М. Қазақ әдеби тілі. — Алматы, 1991. — 259-б.
- 7 Хасанов Б. Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралы қолданылуы. — Алматы, 1966. — 205 б.
- 8 Аханов А. Тіл білімінің негіздері. — Алматы, 2002. — 158-б.
- 9 Қасым Б. Қазақ тіліндегі заттың күрделі атауларының теориялық негіздері: Филол. ғыл. д-ры ...дис. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 2002. — 255-б.
- 10 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 63-б.
- 11 Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. — Астана, 2005. — 119-б.
- 12 Сыбанбаева А. Метафораның тілдік болмысы және концептуалды метафоралар. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 2002. — 22-б.
- 13 Зайсанбаева Г. Метафоралы аталымдардың когнитивтік аспектісі: Филол. ғыл. канд. ... автореф. — Алматы, 2002. — 24-б.
- 14 Серғалиев М. Стилистика негіздері. — Алматы, 2006. — 141-б.
- 15 Әлкебаева Д. Қазақ тілі стилистикасының прагматикасы. Монография. — Алматы, 2005. — 116-б.
- 16 Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті мәселелері және Абай поэзиясының тілі. — Алматы, 1960. — 78-б.
- 17 Саткенова Ж.Б. Б.Сокпақбаев шығармаларындағы метафораның танымдық сипаты / ҚазҰУ хабаршысы. Филол. сер. — 2005. — № 4. — 95-б.

Ш.Мажитаева, Н.Ныгметова, Г.Хамзина, Г.Бодык

Стилистическая функция метафор в художественном произведении

Статья посвящена стилистическим функциям одного из тропов — метафоры, часто используемой в художественной литературе, в том числе в прозаических произведениях. Авторами подробно охарактеризованы способы образования метафор и их виды. Приведены различные определения метафоры в лингвистике и литературоведении. Систематизированы и проанализированы метафорические употребления, собранные из художественного текста. На материале художественных произведений авторами доказано, что метафоры выполняют важную стилистическую функцию в языке художественного текста.

Sh.Mazhitaeva, N.Nygmetova, G.Hamzina, G.Bodyk

Stylistic function of metaphors in a work of art

Article is devoted to stylistic functions of one of ladders — the metaphor which is often used in fiction, including in prosaic works. Authors in detail characterize ways of formation of metaphors and their types. Give various definitions of a metaphor in linguistics and literary criticism. In article the metaphorical uses are systematized and analyzed, which are collected from the art text. On a material of works of art authors prove that metaphors carry out important stylistic function in language of the art text.

References

- 1 Zhumaliyev K.Zh. *Questions of history of the Kazakh literature and language of works of Abay*, 2-vol., Almaty: Kazakhstan publ. house of fiction, 1960, p. 364.
- 2 Kabdolov Z. // *Word art*, Almaty, 1983.
- 3 Dictionary of literary terms, Almaty: Ana tili, 1999, 227 p.
- 4 Suleymenova E., Madiyeva G. etc. *Dictionary of linguistic terms*, Almaty: Gylym, 1988, p. 220.
- 5 Salkynbay A., Abakan E. *Lingvistichesky explanatory dictionary*, Almaty: Sozdik-Dictionary, 1998, p. 124.
- 6 Balakayev M. *Kazakhsky literary language*, Almaty, 1991, p. 259.
- 7 Hasanov B. *The metaphorical uses in the Kazakh language*, Almaty, 1966, 205 p.
- 8 Akhanov A. *Fundamentals of linguistics*, Almaty, 2002, p. 158.
- 9 Kasym B. *Theoretical bases of difficult names in kazakh language*: Dis. ...dok. Phil. sciences, Almaty: Kazakh university publ., 2002, p. 255.
- 10 Iskakov A. *Modern Kazakh language*, Almaty: Ana tili, 1991, p. 63.
- 11 Konyrov T. *Kazakh comparisons*, Astana, 2005, p. 119.
- 12 Sybanbayeva A. *Language nature of metaphors and conceptual metaphors*, Almaty: Kazakh university publ., 2002, p. 22.
- 13 Zaysanbayeva G. *Cognitive aspect of metaphorical names: thesis abstract*, Almaty, 2002, p. 24.
- 14 Sergaliyev M. *Fundamentals of stylistics*, Almaty, 2006, p. 141.
- 15 Alkebayeva D. *Pragmatika of stylistics of the Kazakh language: Mongrafiya*, Almaty, 2005, p. 116.
- 16 Zhumaliyev K. *Questions of history of the Kazakh literature and language of works of Abay*, Almaty, 1960, p. 78.
- 17 Satkenova Zh.B. *Bull. of the Kazakh national university, Philology ser.*, 4, 2005, p. 95.

А.С.Әділова, Ф.Бейсен

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: adilova2010@mail.ru)*

Годонимдер — халық өмірінің тарихи, мәдени және ақпараттық коды

Мақалада қазақ ономастикасының маңызды және елеулі бір саласы — топонимдердің табиғи және жасанды түрлері қарастырылып, жасанды атаулар көбіне идеологиялық мақсаттарға қызмет ететіні көрсетілді. Қала ономастикалық кеңістігінің бір түрі — годонимдер халық өмірінің тарихи, мәдени және ақпараттық коды ретінде сипатталды. Годонимдер заман талабына, қоғамның талап-тілектері, сұраныс-сұранымдарына сай өзгеріп, құбылып, түрленіп отырады, сондықтан мақала авторлары Қарағанды қаласының годонимдері де реконструкциялауды қажет етеді деп қорытады.

Кілт сөздер: ономастикалық бірлік, онимдердің ментальдік-танымдық сипаты, әлеуметтік-тарихи код, годонимдер, мемориалды годонимдер.

Тілдік бірліктердің үлкен шоғыры — жалқы есімдерді зерттеумен айналысатын дербес ғылым саласы ономастиканың жалпы ғылым көкжиегінде иеленетін орны сүбелі, себебі тілдік бірліктердің арасында жалпы есімдер немесе аппелятивтерге қарағанда саны біршама көп онимдер тек лингвистика саласының ғана нысаны емес, пәлсапа, әлеуметтану, тарих, жағрапия секілді ғылымдар үшін де айрықша маңызға ие. Аталған лексемаларды зерттеп-зерделеу бірталай ғылымдар үшін ортақ іс болып табылады. Бұл турасында, ертеде айтылса да, өз маңызын әлі де жоймағандықтан, белгілі лингвист Б.В.Горнунгтың төмендегідей пікірін келтіре кеткен артық емес: «В целом все собственные имена являются частью словарного состава языка и предметом лексикологии как лингвистической дисциплины. Как же можно отрицать исключительное и безраздельное право лингвистов изучать топонимы? Как можно от словарного состава языка отсечь какую-то часть и говорить: лингвистика может изучать одни части лексики и не должна изучать других ее частей... Право лингвистов на изучение топонимов как одной из категорий языка не снимает специфики развития топонимов, их смены, специфики географического распространения типов и т.д. Все это настолько зависит от внеязыковых факторов, что заставляет топонимиста быть не только лингвистом. Вместе с тем это дает право и историку, и географу, и этнографу заниматься топонимикой, но только при условии полного владения лингвистическими методами» [1].

Жалқы есімдердің қызметін формальді түрде идентификациялау не индивидуализациялау және дифференциациялау деп ажырататын болсақ, онимдердің ғалам не универсумды танытудағы танымдық немесе гносеологиялық қызметі мәселесінің иірімі әлдеқайда кең және ономастикалық бірліктердің ментальді-когнитивтік сипаттарын айқындау қазақ тіл білімінің күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады деп айтуға болады.

Өткенді зерделеу, тарихи, ұлттық ескерткіштер мен жәдігерлерді, ғасырлар тоғысында тірнектеп жиылған тарихи және мәдени мұраларды көздің қарашығындай сақтау және тарихта есімдері алтын әріптермен қашалған қайраткерлердің есімдерін халық жадында қайта жаңғыртып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыру және ұмыт қалдырмау бүгінгі күн, бүгінгі ұрпақ үшін ең маңызды басымдықтардың бірі болып табылатыны сөзсіз. «Сөз де сырландық тәрізді. Сәгі түсіп, кілті табылғандай болса, көп нәрсені баян етіп, халықтың өткендегі ой-қиялы, тыныс-тіршілігі, дүниетанымы туралы сыр шертіп тұрады», — деп ғалым Н.Уәли айтқандай, лингвистика пластарының бірі ономастиканы бірден-бір таным құралы, ал онимдерді тарихи, мәдени, әлеуметтік ақпараттарды өз бойына жинақтаған кодтар деп атаудың толық негізі бар. Ресейлік ономаст, белгілі лингвист В.А.Никонов бұл турасында: «Первый закон антропонимики, как и всей ономастики, — историзм», — деген екен [2; 7]. Бұл өз кезегінде жалқы есімдердің тарихилық аспектісін тағы бір мәрте айғақтай түседі.

Жалқы есімдердің сипаты мен құрылымына географиялық, идеологиялық, тарихи, дүниетанымдық, әлеуметтік, мәдени, экстралингвистикалық факторлар әсер етеді. Тілдік нәтижелер — жалқы есімдерде көрініс тапқан экстралингвистикалық факторлардың бірі — билингвизм, немесе көстілділік. Жалпы Қазақстан Республикасы, соның ішінде Қарағанды қаласы полимәдениетті аймақ болып табылатындықтан, номендердің тұлғасы мен семантикасына тарихи жағдайлар мен

глобализацияның жемісі болып табылатын билингвизм және көптілділік құбылыстары әсер ететіні ақиқат.

«Информация каждого имени «добывается» с помощью лингвистических средств», — дейді белгілі тілтанушы А.В.Суперанская. Сол себепті онимдер ең алдымен лингвистикалық ілімнің нысаны деп айтып өткен жөн [3].

Жалпы XX ғасырдың 30-жылдарында ғылыми мәртебе иеленген, ал XX ғасырдың 50–60-жылдарында қазақ тіл білімінде кеңінен зерттеле бастаған ономастика көп қырлы, көп қабатты сала. Атаулар адам өмірінің барлық аяларын қамтиды және олардың саны апеллятивтерге қарағанда басым түседі. Онимдер екі негізгі топ — антропонимдер және топонимдер деп жіктелсе, ал олардың өз ішінде жік-жікке тарамдалу үдерісі байқалады. Мысалы, егер тау, таулы алқаптардың аттары — оронимдер не елді мекендер атауларын қарастырумен айналысатын ойконимия саласында біршама зерттеу еңбектері бар болса, XX ғасырдың соңғы ширегінде әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерге орай, коммерциялық ұйымдардың көбеюі нәтижесінде ономастикалық кеңістікке жиі, белсенді түрде кіріге бастағанына байланысты микротопонимия құрылымдары эргонимия және урбанонимия секілді онимдік категориялар зерттеле бастаса да, өз ішінде жіктелу тән ономастикалық кеңістік құраушылары әлі де болса келелі еңбектерге, тың жаңалықтарға зәру. Урбанонимнің бір түрі болып табылатын, қала ішілік желілік (линейные) нысандар — даңғыл, көше, бульвар, т.с.с. атаулары годонимдер, қоғамдық тамақтану мекемелерінің аттары менсонимдер не орден, медаль және түрлі төсбелгілер атаулары біріктірілетін фалероним терминіне қатысты ақпарат қатары мардымсыз, сондықтан жан-жақты зерттеуді қажет етеді деуге болады.

Негізінде, «қазақ топонимиясы — географиялық жалқы атаулардың жай ғана жиынтығы емес, ол ментальдік факторларды көрсететін ономастикалық деңгейдің лексикалық бірліктерінің жүйесі. Мәселен, көшпелі қазақ пен малшы табиғатқа және географиялық ортаға өзінің шаруашылық қажеттілігіне қарай қалыптасады, сондықтан да топонимдерде тек табиғат пен географиялық орта ғана емес, осы табиғат пен оның объектілерінің **қабылдануы** бейнеленеді» [4; 20] деп көрсеткен қазақстандық ғалымның пікірінше, қазақ ономастикалық кеңістігінің концептілік жүйесінде **«кеңістік»** концептісі ерекше мәнге ие, яғни ол (кеңістік) адам өмір сүретін негізгі орта әрі адам санасында өмір сүріп, бейнелетін ментальді бірлік, сондықтан онда диахронды, синхронды тұрғыда сан алуан өзгерістер болып жататыны сөзсіз. Қазақ халқының көркемдік ойлау жүйесіндегі мифтік кезең тарихи ойлау жүйесімен алмасқандықтан, шаруашылық пен қоныстану түрі өзгергендіктен, кеңістік басқа формаға ие болады, яғни Е.Керімбаев айтқандай, ұзақ уақыт бойына «табиғи түрде қалыптасқан Қазақстанның тарихи топонимикалық жүйесі жаңа дәуірде «жасанды» атаулар әсерін бастан кешіруде, ал мұның салдары теріс жағдайларға жиі әкеліп соқтырады» [5].

Қазақ халқы да урбанизация үдерістерін бастан кешіріп жатқандықтан, көптеген топонимдер жасанды болды. Бұл жағдайда халықтың тұрмыс-тіршілігі, болмыс-бітімі, дүниені қабылдауы, құндылықтары мен географиялық ортаның түрлі белгілері ескерілуі қиын еді. Мәселен, Қазақстан картасында бертінге дейін көрсетіліп тұрған *Ермак* топонимі, картаға енген жүздеген *Петровка*, *Миньковка*, *Сочи* сияқты елді мекендердің атаулары осындай жасандылықтың көрінісі.

Қала кеңістігі шектеулі болғандықтан, ондағы нысандар бір бағытта, белгілі бір желі бағдарында салынатыны белгілі. Бұл ретте ономастиканың динамикалы әрі нәзік яруссы урбанонимдерді белгілі бір дәуір символы болып табылады деп айтуға болады.

В.А.Никонов: «Личные имена существуют только в обществе и для общества, оно и диктует неумолимо выбор их, каким бы индивидуальным он ни казался. Личные имена социальны все и всегда», — дей отырып [2; 7], тіл білімінде «жалқы есім — әлеуметтік таңба» деген постулат ұсынған, яғни онимдік қабаттардың біршамасы, әсіресе мақаламыздың өзегі болып отырған годонимдер (гр. *hodos* — «көше» және *опута* — «есім», «ат») — қалаішілік желілік объектілер: көше, даңғыл, гүлзар атаулары қоғамның талап-тілектері, сұраныс-сұранымдарына сай өзгеріп, құбылып, түрленіп отырады.

Қазақ ономастикасының, Қазақстан ономастикалық кеңістігінің практикалық тұрғыда әлі жетілдіруді қажет ететін, сын көтермейтін тұстары аз емес. 1990 жылы құрылған, Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық ономастика комиссиясы және соған қарасты жергілікті органдардың еңбек-әрекеттерінің нәтижесі бұл саладағы біршама алға басу, ілгерілеулерден көрінеді, алайда қазақ ономастикасындағы өзгерістерді бір ыңғайға келтіру, белгілі бір талаптарға сәйкестендіру әлі де болсын тың реформаларды қажет етеді. Осы орайда Қарағанды топонимикалық аймағының годонимдері біраз ой-тұжырым жасауға, пікірге негіз бола алады.

XX ғасырдың 30-жылдарында Ресейдің отаршылдық саясаты қазақтың апайтөс сахарасында құлашын кеңінен сермеп, тамырын тереңге жайған тұста қала статусын иеленіп, масштабты индустриялық аймақ болуға бет бұрған Қарағанды қаласының годонимдерін кеңестік дәуірдің символы, россияцентристік идеологиялық көзқарас кодталған таңбалар деп әбден айтуға болады. Осы ретте белгілі топонимист Э.М.Мурзаевтың кеңес дәуіріндегі Орта Азия республикалары топонимдерінің жасалу жолдары туралы: «Следует сразу же отметить, что идеологической и политической информативностью обладают в большей или меньшей степени все без исключения колониальные топонимы» [6], — деген орынды пайымы ойға оралады.

Кеңестік дәуір топонимдерін жасауда негізгі тұрғындар (қазақтар) өздері өскен ата-жұртында жаңадан ұйымдастырылып жатқан елді мекендерге ат, атау беруден сырт қалды. Атаулардың басты тобын колониалды топонимдер құрады, ал ана тілінде қойылған атаулардың өзі белгілі бір идеологиялық мақсаттан асып кете алмады.

Қарағанды қаласының ономастикалық (топонимиялық) кеңістігінің құрамдас бөлігі болып табылатын годонимдерге назар аударып, зер салып, аталмыш номинациялардың символикалық, семантикалық, лексикалық, стилистикалық қырларына талдау жасайтын болсақ, субъективизм жемісі, «үйретінді» менталитет құралы болып табылатын коммунистік рухтағы атауларға тап болатынымыз жасырын емес. Еліміз егемендік алып, мемлекетіміз өз алдына жеке отау құрып тәуелсіздік алып отырған заманда жалғыз Қарағанды емес, бүкіл мемлекетіміздің ономастикалық ландшафты егемендікке лайық ұлттық бейнеге ену жолында біршама қадам ілгері басуы керек, әлі де болса.

Кеңес өкіметі заманында көшелерді алып державадағы үкімет басшылары мен большевиктер партиясы көсемдерінің есімдерімен атау, яғни мемориалды атаулар, белең алған. Сол себепті Қарағандының лингвомәдени кеңістігінен орын алған годонимдердің дені қызыл көсемдердің атымен аталды. Трансантропонимизация үдерісі арқылы жасалған бұндай номинациялар годонимдік кеңістіктің 30 пайызын құрайды. Және осы көрсеткіштің едәуір бөлігін жоғарыда аталған идеология жаршыларының есімдеріне телінген атаулар иеленіп отыр. Қаламыздың түкпір-түкпіріндегі бұндай атаулар төмендегідей: Алалыкин, Белинский, Вавилов, Гапеев, Карбышев, Костенко, Кривогуз, Лебедев, Мичурин, Нахимов, Суворов, Чкалов көшелері, т.т. Қала тұрғындарының бірен-сараны болмаса, бұл тұлғалар жайында қандай да бір ақпары бар деп ойлауға бола қоймас. Тек жіті назар салып, ой елегінен өткізіп, энциклопедия не үйреншікті «көмекшімізге» айналған Wikipedia-ға жүгіну арқылы ғана көше атауының мотивациясына көз жеткізе аламыз. Белинский, Достоевский, Менделеев, Вавилов, Мичурин сынды әлемдік ғылымға үлес қосқан тұлғалар есімдерінің қаламыздың ономастикалық кеңістігінен орын тепкені үлкен наразылық тудыра қоймас, алайда Гапеев, Костенко және қала тарихына ешбір қатынасы жоқ Лебедев, Карбышев, Кривогуз, Чкалов сынды атаулардың не керегі бар деген заңды сауал туындайды осы тұста. Ал Кривогуз көшесінің атауында тіпті тұлғаның инициалдары көрсетілмеген. Бұл көше қазақ даласында советтік билікті орнатушылардың бірі, большевик Феодосий Кривогуздың есімімен аталса керек. Теміртау қаласында да осы секілді факт тіркелген. Тұрғындар көшелерінің аты Екінші дүниежүзілік соғыстың Лебедев текті 20 жауынгерінің қайсысының құрметіне қойылғанын білмейді екен. Қарағандыда да Лебедев көшесі бар. Ол ЕДС жауынгері, ұшқыш Семен Лебедевтің атымен аталады. Герман Алалыкиннің Қарағанды қаласындағы алғашқы дәрігер болғандығынан, Александр Гапеев Қарағанды көмір кендерінің шекараларын анықтап берген геолог, О.Карбышев әскери инженер, профессор, әскери ғылымдар докторы болғанынан, ал Костенконың біраз жылдар бойы Қарағанды көмір тресінде басшылық қызмет атқарғанынан қала тұрғындарының көпшілігі бейхабар. Халықтық атауларға үңілер болсақ, қазіргі Әлімхан Ермеков атындағы көше бұрын кеңестік билікті орнатушы, революционер Феликс Дзержинскийдің атында болған, Бұқар жырау даңғылы Совет, оған дейін Сталин даңғылы деп аталса керек, ал С.Ерубаев атындағы көше бұрын С.М.Кировтың құрметіне қойылса, қазіргі кездегі Аманжолов көшесі Силовтың атын иеленген екен. Тіпті С.Ерубаев көшесінің бір бөлігі кезінде Корчагиннің атында болған екен. Ал Корчагин — орыс жазушысы Н.Островскийдің «Как закалялась сталь» романының кейіпкері. Осы ретте жат жұрттық шығарма кейіпкерінің атымен көшені атау ақылға қонымсыз факт екендігін атап өткіміз келеді.

Қаламыздың онимдік кеңістігі ресей көсемдері, революционер-бүлікшілері есімдерінен толық арылмаса да, халқымызға елеулі, елімізге белгілі бір шоғыр жақсылар аттарының годонимдерге атау болып телінгендері, көшенің елдігімізге лайық атауды иеленгені көңіл қуантады. Ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздік уысымызға тиіп, халқымыздың тарихи жады қайта оралып, өскелең ұрпақта өткен

күнге, тарихқа бұрылып қаратпайтын нигилистік көзқарастың тууына жол берілмеді және ұлттық сана мен мемлекеттік сәйкестіктің біртіндеп қалыптасу үдерісі орын тапқан жай бар. Бұл үрдіс годонимдерде де көрініс тапқан.

Қала картасында тоталитарлық атаулардың әлі де болса мызғымай тұруы елдігімізге сын. Көшелерді қазақ халқынан шыққан қоғам қайраткерлерінің есімдерімен атау тәуелсіздік жылдарының еншісіне тиді. Кеңес үкіметі кезеңіндегі бұндай атауларға 1938 жылы салынғаннан бастап атын өзгеріссіз сақтап келген Ж.Жабаев, 1964 жылы Дошкольнаядан Сәрсекөв көшесіне ауысқан және 1967 жылы Сәтбаев есімі берілгені секілді бірен-саран годонимдерді атап өтуге болады. Қазіргі таңда қаланың лингвистикалық ландшафты Бұқар жырау, Әлиханов, Аманжолов, Әуезов, Байжанов, Доскей, Жәнібеков, Иманжанов, Бөкетов, Бокин, Мұқанов, Мұстафин, Сейфуллин секілді халықтық рухтағы мемориалды годонимдермен толыққан.

Қала ономастиканың тілдік тұлғалары ең алдымен өлке тарихынан сыр шертуі керек. Бұл принцип годонимдерге тән. Арқа даласы халқы үшін басын бәйгеге тіккен және қалтқысыз адал еңбек еткен тұлғаларға қашанда кенде болмаған. Алайда әлі күнге дейін қаншама асыл азаматтарымыз ескерусіз қалып келеді. Көшеге мемориалды атау бергенде тұлғаның қайтыс болғанына 10 жылдан кем уақыт өтпеу керек деген шартты, тәртіпті ескере отырып, жоғарыда аталған Кривогуз көшесі не басқа толып жатқан «қызыл террор елестері» Ж.Бектұров, Б.Бұлқышев сияқты айтулы тұлғалардың есімдеріне ауыстырылса деген ұсыныс айтқымыз келеді.

Қала годонимдерінің ішінде қайта атауды қажет ететіндері — апеллативтердің жалқы есімге трансформациялануы, яғни онимизацияның нәтижесінде пайда болған онимдік бірліктер болып табылады. Олар кеңестік ойлау стереотипімен ассоциацияланатын, дәуір символдары болып табылатын колониалдық сипаттағы 2-пятилетка, Партсъезд, Артельная, Коммунистическая, Коммунальная, Пионерская, Октябрьская, Зональная, Социалистическая секілді номинациялар. Бұл атаулар тарихымыздың белгілі бір кезеңіне тән болғанмен, қала өмірінде соншалықты маңызға ие болған оқиға, құбылыстың таңбасы емес деуге толық негіз бар.

Тілдің даму процесіне әсер ететін елеулі факторлардың бірі — тілдераралық коммуникация. Ешбір тілмен байланыссыз, томаға тұйық өмір сүретін тіл болмайды. Тілден тыс экономикалық, әлеуметтік, саяси т.б. экстралингвистикалық факторлар тілден көрініс табады. Мәдениетаралық интеграция, басқа да жаһандық үдерістер, соның ішінде өткен ғасырда халқымыздың мойнына ілінген бодандық қамыты еліміздің ономастикалық кеңістігіне әсер етті. Ондай номинациялардан біз әлі күнге дейін арыла алмай келеміз. Түрлі тарихи жағдай-себептерге байланысты, тілдердің интеграциясы мен интерференциясы үдерістерінің нәтижесінде Ресейдің, соның ішінде Мәскеу қаласының ономастикалық ландшафтында да этимологиясы мен семантикасы бойынша тюркизмдер болып табылатын годонимдер бар. Оған Э.М.Мурзаев өзінің «Очерки топонимики» еңбегінде келесідей мәліметтер келтіреді: «В Москве общеизвестны тюркизмы среди названий улиц, но их немного. Обычно вспоминают Балчуг и Арбат. Действительно, происхождение этих имен не вызывает споров. Балчуг — «грязь, болото». Арбат производят от арабского рабад. Это арабское слово было занесено в Москву восточными гостями, видимо через татарское посредничество» [7; 166]. Дәл осы годоним туралы қазақ қаламгері С.Сматаев «Қош бол, Мәскеу!» деген өлеңінде былай дейді:

*Қош бол, Мәскеу!
... Өзіңде өткен от жастығым,
Арбатым!
Көк түріктің иеленген арба-атын.
Ал бүгінде сол түріктің әулетін
Жатсынасың,
Тіреп әкеп жарға тым.*

Байқап отырсақ, көше атауының этимологиясы туралы пікір екі түрлі.

Қалаішілік желілік объектілерді номинациялау үдерісінде атаулар негізін трансономизацияланған онимдер, яғни меморативтер құрайды. Мәскеу қаласының түркілік меморатив-годонимдері жөнінде Э.М.Мурзаев: «Названия некоторых московских улиц берут начало от тюркских антропонимов. Среди них Черкизовские улицы и проезды, происхождение которых связывают с именем С.Черкизова, принадлежавшего татарскому царевичу Серкизу. К этой же категории относятся названия улиц: Наримановская, Мантулинская, Молдагуловой, Мансуровский пер.», — деп жазады [7; 167]. Демек, тілдік бірліктердің жиынтығы болып табылатын ономастикалық

жүйе халықтың тарихымен астасып, қоғамда болып жатқан өзгеріс, реформаларға сәйкес құбылып, өзгеріп отырады және аталмыш процестерден ешбір тіл шет қала алмайды.

Әрине, әлемде урбанистік үдерістердің ерекше қарқынмен дамып отырғанына байланысты жекелеген мегаполистердің дүниежүзілік деңгейде белгілі болып отырғаны, олардың кейбіреуіндегі көшелердің экономика, мәдениет, өнер, сәнге ықпалы жағынан тек сол қалада ғана емес, жаһандық дәрежеде өзіндік орны бар екені қалың жұртшылыққа белгілі. Мысалы, осы орайда масс-медиа арқылы атақты көшелердің түрлі ТОП ондығы жасалып жүргенін, оған мына годонимдердің кіргенін атап өтуге болады: Ломбард көшесі (Сан-Франциско), Abbey Road (Лондон), Голливудтың Даңқ аллеясы (Лос-Анджелес), La Rambla (Барселона), Orchard Road — Бақтар жолы (Сингапур), Khao San (Бангкок), Wall Street (Нью-Йорк), Via Dolorosa (лат. Қасірет жолы, Иерусалим), The Strip (Лас-Вегас), Champs-Élysées (Париж). Бұлардан басқа Унтер ден Линден (Берлин), Оксфорд Стрит (Лондон), Бродвей (Нью-Йорк), Гранд-канал (Canal Grande) (Венеция), Злата улочка (Zlata Ulicka) (Прага), Арбат (Москва) сияқты годонимдер де көпке белгілі.

Осы қатардағы Abbey Road — өнерсүйер қауымға артоним ретінде кеңінен таныс, өйткені осы көшенің оңтүстік-шығысындағы музыкалық студияда атақты «Битлз» өз шығармаларының 90 пайызын жазған және олардың 1969 жылғы ең соңғы күйтабағына (пластинкасы) осы годоним атау болған. Ал қаламыздағы жоғарыда көрсетілген годонимдерде тек идеологиялық ақпарат ғана бар әрі оның маңызы соншалықты жоғары, құнды емес.

Еліміздегі тарихи, әлеуметтік, саяси, идеологиялық, мәдени өзгерістерге байланысты годонимдердің ұлттық меморативтер ретінде бекітіліп, қаланың ономастикалық кеңістігіне енуі олардың тұрғындар тарапынан бірден қабылданып кетуіне себеп бола алмады. Қалалық тұрғындар, мекеме басшылары әлі де ескі стереотиптерден аса алмағандықтан, адамдар арасындағы күнделікті тұрмыстық коммуникацияда, қоғамдық коммуникация құралы — көліктерде годонимдердің бұрынғы және жаңа нұсқалары жарыса қолданылып жатады.

Халықты танып-білудің бірден-бір құралы — тіл және оның құралдары. Оларды халықтың ментальді дүниетанымының репрезентациялары деп атауға болады. Сондай тілдік құралдарға онимдер де жатады. «Тарихи-мәдени ақпарат қалыптандырылған (кодталған) жалқы есімдер мәдениетаралық коммуникацияға жиі қосылады, өйткені біртекті емес тіл мен мәдениет, көбіне қазақ және орыс тілдерінің мәдениеттері байланысқа түседі. Аялық білімдерге (кодтық ақпаратқа) ие емес жалқы есімдегі өзге мәдени қабылдаушы өзге ұлттық жалқы есімде қалыптандырылған, кодталған, өзіне жат мәдениеттің құндылық тәжірибесін ұғынып, меңгере алмайды, осыдан келіп «мәдени үрей» пайда болады, одан шығу қажет», — деп жазады Б.Тілеубердиев [4; 55]. Тілді танымдық құрал ретінде пайдаланушы адам көше атауларынан екі түрлі идеология, екі түрлі эпоха көріністерін қабылдап, оның танымдық процесіне бөгет жасалып, жоғарыда аталғандай, «мәдени үрей» пайда болады, яғни бұл орайда қаламыздың лингвомәдени кеңістігі стандарттау мен нормалауды қажет етеді.

Ғалым Э.М.Мурзаев өзінің «Очерки топонимики» деген еңбегінде тіл білімінің ономастика саласы кез келген халықтың дүние танымын, ойлау қасиетін қамтиды деп көрсетеді. Ол өзінің зерттеуінде былай деп ой қорытады: «В онимической лексике любого языка можно обнаружить ее древнейшую часть. Онимическая лексика относится к продуктам наиболее древнего периода. В нем отражена специфика миропонимания и образа мышления, многообразия образных представлений, чувственных впечатлений» [7; 8].

Халықтың рухани және идеологиялық өміріндегі өзгерістер жалқы есімдер семантикасы мен типтерінде өзіндік бейнеге ие болады. Сондықтан жоғарыда аталған құбылыстардың орын алуының заңды себептері бар деп айтуға толық негіз бар. Алайда бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы — тәуелсіз мемлекет. Сол себепті халқымыздың ономастикалық кеңістігі де сол статусқа лайық сипатқа ие болуы тиіс. Ұлттық болмыстың тілдегі көріністері болып табылатын онимдер этникалық нақтылау функциясын атқарып, ұлттық сипатқа ие таңбалық кодтар болуы керек, демек, Қарағанды годонимдері де реконструкциялауды қажет ететіні даусыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Горнунг Б.В. Из предистории образования общеславянского языкового единства // Принципы топонимики. — М.: Наука, 1964. — С. 16.
- 2 Никонов В.А. Имя и общество. — М.: Наука, 1965. — 179 с.

- 3 Суперанская А.В. Общая теория имени собственного. — М.: Наука, 1973. — С. 7.
- 4 Тілеубердиев Б.М. Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері: филол. ғыл. д-ры ... автореф. — Алматы, 2006. — 46 б.
- 5 Керимбаев Е.А. Казахская ономастика в этнокультурном номинативном и функциональном аспектах. — Алматы, 1995. — С. 122.
- 6 Мурзаев Э.М. География в названиях. — М.: Наука, 1979. — С. 102.
- 7 Мурзаев Э.М. Очерки топонимики. — М.: Наука, 1974.

А.С.Адилова, Ф.Бейсен

Годонимы — исторический, культурный и информационный код жизни народа

В статье рассмотрены естественно и искусственно созданные типы топонимов — значительной и значимой части казахского ономастикона. Искусственно созданные топонимы служат идеологическим целям. Годонимы, являющиеся видовым понятием городского ономастического пространства, характеризуются как исторический, культурный и информационный код жизни народа. Годонимы меняются по велению времени, в соответствии с требованиями общества, поэтому, по мнению авторов, нуждаются в реконструкции и годонимы города Караганды.

A.S.Adilova, F.Beysen

Godonima — a historical, cultural and information code of life of the people

In article are considered naturally and artificially created types of toponyms — considerable and significant part of the Kazakh onimiya. Artificially created toponyms serve the ideological purposes. Godonima, being specific concept of a city onomasticheskogoprostranstvo, are characterized as a historical, cultural and information code of life of the people. Godonima change on time command, according to society requirements therefore according to authors, need reconstruction and Godonim the cities of Karaganda.

References

- 1 Gornung B.V. *From prehistory of formation of All-Slavic language unity* // Principles of toponymy, Moscow: Nauka, 1964.
- 2 Nikonov V.A. *The Name and society*, Moscow: Nauka, 1965, 179 p.
- 3 Superanskaia A.V. *The General theory of the proper name*, Moscow: Nauka, 1973, p. 7.
- 4 Tleuberdiev B.M. *Lingvokonceptik bases of Kazakh onomastics*, Almaty, 2006, 46 p.
- 5 Kerimbaev E.A. *Kazakh onomastics in etnoculture nomination and functional aspects*, Almaty, 1995, p. 122.
- 6 Murzaev E.M. *Geography in the names*, Moscow: Nauka, 1979, p. 102.
- 7 Murzaev E.M. *Essays of toponymy*, Moscow: Nauka, 1974.

Т.Т.Пірімбетов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: turmahan54@mail.ru)*

Сөзжасам саласындағы туынды сөз бен туынды түбір мәселелері

Мақалада қазіргі қазақ тілі білімінде өзекті саналатын сөзжасам саласындағы туынды сөз бен туынды түбір мәселелері қарастырылды. Автор кейбір ғылыми еңбектердегі пікірлерге талдау жасай отырып, морфология мен сөзжасам салалары бойынша терминдік қолданыстарда бірізділіктің жоқтығын анықтады. Морфологиялық және сөзжасамдық талдаулардың өзіндік табиғи қасиеттерін ерекшелеп көрсету үшін әр саланың өзіндік терминдік қолданыстары болуы қажет екендігін нақты мысалдар негізінде дәлелдеді.

Кілт сөздер: сөзжасам, морфология, туынды сөз, туынды түбір, негіз, негізгі түбір, түбірлес, морфологиялық пен сөзжасамдық талдау, термин.

Қазіргі таңда қазақ тіл білімінде грамматиканың бір саласы ретінде сөзжасамның келіп қосылуы — тіл жаңа ұғымды терминдермен толықтыру құптарлық жағдай. Дегенмен де, сөзжасам саласының негізгі зерттеу нысаны болып отырған туынды сөздер мен туынды түбір мәселелеріне келгенде, ғалымдар арасында және қайсыбір еңбектерде пікірталастықтары кездесіп отырады. Сөзжасам саласының әр түрлі мәселелеріне байланысты мақалалар көлемінде ұсынылып жүрген бірнеше пікірлерден соң 1989 жылы «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» деген атпен алғашқы монография және 2002 жылы сөзжасам мәселесін ғылыми айналыста тұрақтандырған «Қазақ грамматикасы» жарық көрді. Бұл екі еңбек қазақ тіл білімінде сөзжасам басқа да салалар секілді өзіндік дербестігі, зерттеу әдісі, нысаны бар екендігін негіздеп берген соң, қазіргі таңға дейін сөзжасам жүйесі бойынша бірнеше еңбек жарық көріп, жан-жақты зерделену үстінде. Бұл, әрине, қазақ тіл білімі тағы да жаңа саламен толығып, қазіргі талапқа сай зерттелуде деп түсінген дұрыс болады.

Қазақ тіл біліміндегі сөзжасам саласы бойынша жарық көріп жүрген шағын немесе көлемді еңбектер болсын сөз етіліп отырған сала бойынша терминдік қолданыстарға келгенде бірізділіктің жоқтығы алаңдатады. Қалай болған күнде, әрбір саланың өзіндік зерттеу нысаны, әдістемесі, дереккөздері, бағыты т.б. болуы бірінші шарттылық дегендей, ең басты мәселесінің бірі — өзіндік терминдік қолданыстары болуы қажет екендігі бәрімізге белгілі жай. Сондықтан қай сала болмасын, қай ғылым болмасын оларды ерекшелеп тұратын, әрине, осы — терминдік қолданыстар жүйесі. Өкінішке орай, соңғы кездерде морфология және сөзжасам турасында жазылған еңбектерде, әсіресе дыбысталуы мен айтылым, тіпті мағынасы жағынан да көптеген терминдердің ортақтығы бұл екі саланы бөліп қарастыруда едәуір қиындықтар туғызып отыр. Мұндай терминдер қатарында: түбір морфема, түбір, негізгі түбір, туынды түбір, туынды сөз, негіз, негізді сөз, туа түбір немесе түбіршек, қосымша морфема, жұрнақ, сөзжасамдық жұрнақ, жалғау және бұған қоса күрделі сөздер мен сөз таптары түрлерінің атаулары т.б. Қайсыбір еңбектерде бұл секілді терминдер бірінің орнына бірі талғаусыз қолданылатыны кездеседі. Бұл жағдай морфологиялық пен сөзжасамдық талдаулардың өзіндік табиғи қасиеттерін ерекшелеп көрсетуде қайшылықтар, пікірталастықтарды да туғызып жүр. Мысалы, «түбір» деп көрсету сөз құрамын морфология саласы бойынша талдау мәселесі болса, сөзжасамдық еңбектерде морфологиялық талдау еместігін көрсету мақсатында түбірді «негіз», туынды түбірді «туынды сөз», немесе «негізді сөз», деп тұрақтандырған дұрыс секілді. Ескеретін бір мәселе — «негізді сөз» бен «туынды сөз» терминдерінің де қайсыбір қолданыстары ыңғайлы бола бермейтін тұстары да кездеседі. Себебі бұл екі терминдердің арасында кейбір жағдайларда мағыналық жақтан бір-біріне жуықтағанымен, бұлар дублеттер емес, бұлар («негізді сөз» бен «туынды сөз») — мағына айырымдары бар терминдер. «Негізді сөзге» қарағанда «туынды сөз» терминінің ауқымы өте кең. Сондықтан морфология саласындағы «негізгі түбір» термині сөзжасамда басқа сөздердің жасалуына түпкі қазық болғандықтан, «негіз» деп қолданған ыңғайлы сияқты. Сонда «түбір» — «негізгі сөз» — «туынды түбір» — «туынды сөз» немесе қайсыбір еңбектерде қолданып жүргендей «негізді сөз», ал «негізгі түбірді» — «негіз» деп қолдану әңгіме қай сала тұрғысынан болып жатқанын саралап берер деген пікір айтуға болады.

Мұндай пікірге келуге «Қазақ грамматикасындағы» мына секілді мәселелер түрткі болып отыр: «Туынды түбір жасауға қатысқан негіз сөз туынды түбірдің мағынасына өзек болады, яғни туынды мағынаның жасалуына негіз болады. Осымен байланысты туынды түбір бір жерде міндетті түрде негіз сөз болады да, туынды түбір мен негіз сөз үнемі жұп сөз деп отырмыз. Өйткені негіз сөзсіз туынды түбір жасалмайды да, бірі бар жерде екіншісі міндетті түрде болады» деп көрсетілген [1; 217]. Жоғарыда ескертілгендей, «туынды түбір» мен «негіз сөз» бірінің орнына бірі қолданылатын жұп сөз деу, сөзжасамдық талдауға келген кезде біршама ыңғайсыздықтар туғызатынын теріске шығаруға болмайды. Бұл жағдай «туынды түбір» термині үзілді-кесілді морфология саласында сөз құрамына қатысты келген термин болса, «негіз» термині сөзжасам саласының еншілігімен түсіндіріледі. Немесе: «Тілдегі лексикалық мағынасы бар дербес сөз қызметін атқаратын лексикалық нұсқалардың бәрі түбір сөздерге жатады. Мысалы: *жер, адам, кітап, қаламгер...* т.б.» [1; 224] деп сөзжасам саласы бойынша көрсету де екіұштылыққа әкеледі. Бұл жерде де сөзжасамдық емес морфологиялық талдау үлгісі болып отыр. Себебі әрбірден соң «түбір» мен «негіз» бірінің орнына бірін талғаусыз қолданылатын терминдер емес. «Түбір» деген морфологияда бір сөзге, мысалы, *егінші* сөзінің түбірі «егін», негізгі түбірі «ек» тұлғасына қатысты болса немесе мықтағанда «түбір» түбірлес сөздер жасауға қабілетті болса, ал «негіз» бір ғана сөзге емес, бір ғана, морфология тілімен айтқанда, түбірлес сөздерге ғана емес, бүтіндей сөзжасамдық ұя жасауға қабілетті термин болып табылады. Ал бір сөзжасамдық ұяда 10–15 сөзден бастап 100-ге тарта, сөзжасамдық қабілетті ауқымды болса, онан да асып кетуі ықтимал екендігі дәлелденіп отыр. «Түбірде» мұндай қасиет болмайды да, ол өзі жасап отырған сөзге ғана қатысты және морфология саласының зерттеу нысанына сөзжасамдық бірліктер мәселесі мүлдем қатысы жоғын ескерген жөн болады. Сондықтан «негіз» сөзжасамдық мағына түрлерімен, сөзжасамдық бірліктер көмегімен сөз жасаушы негізгі морфема (фундамент) деген терминнің мағынасымен түсіндіріледі. Осы себептерден сөзжасам саласында түсіндіруге қажетті жағдайда болмаса онды-солды «түбір» терминін қолдана беру ұтымдылыққа әкеле бермейді.

Сонымен қатар зерттеулерге қарағанда «негізгі түбір» мен «негіз» деген терминнің табиғаты, атқаратын лексика-грамматикалық мағыналары ұқсас болғанымен, өзара айырым белгілері бар. «Негізгі түбір» деп отырғанымыз — «негізгі морфема» яғни «түбір морфема», бұл сөз бөлшегі деген ұғымды білдіреді де оған морфологиялық тұрғыдан: «Түбір морфема — сөздің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін ең түпкі негізі» деген анықтама берілген [2; 24]. Сонда «түбір морфема» сөздің лексикалық мағынасын білдіретін сөз бөлшегі болмақ. Бұл тұрғыдан морфемаларға жіктеу морфологиялық талдау болып табылады (сөз құрамына байланысты). Ал «негіз» термині — сөзжасам мәселесі. Себебі сол «негізден» сан түрлі сөздер жасалады, яғни сөзжасамның түрлі бірліктерінің жасалуына негіз болады. Екіншіден, «негіз» деген сөздің лексикалық мағынасынан-ақ бір нәрсе жасауға тірек, фундамент деген ұғымды бере алатынын байқауға болады. «Туынды сөз» деген жасалынған, жаңадан пайда болған дегенді білдіретіндіктен, сөзжасам саласына, яғни сөздердің жасалуы деген ұғымды, түсінікті нақтылай түсетіндіктен әрі сөзжасам тұрғысы тұрғысынан талдану үстінде екендігін білдіре алатындықтан, бұл терминді мүлдем біржолата сөзжасам саласының еншісіненде тұрақтандырған жөн. А.Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі» (1991) еңбегінде туынды түбір — туынды сөз, түбір — негіз деп қолдануы ол кездерде сөзжасам жеке сала ретінде әлі де болса өзіндік табиғатымен танылып зерттеле қоймағандықтан екені белгілі. Бұл жерде ғалым сөз құрамын мүмкіндігінше түсіндіруге, ұғымды етіп көрсетуді көздеп отыр [2; 31]. Жоғарыда аталған терминдердің қайсысын алсақ та осы секілді пікірлерді айтуға болады. Мәселені түйіндей келгенде, термин ортақтық қай салаға қатысты болмасын нақты түрде ғылыми талдауларға келгенде қиыншылықтар туғызатыны анық. Мұны түзейтін, әрине, — сын. Сондықтан қазақ тіл білімі сынын қалыптастырып, жарық көріп жатқан еңбектердің жетістіктері, ерекшеліктері баспа беттерінен орын алғандары жөн болар деген ойдамыз.

Сонда сөзжасам саласында (қай мәселесі болмасын) жарық көрген еңбектердегі: «түбір», «түбір морфема», «туынды түбір», «негіз», «негіз сөз», «негізгі түбір», «туынды сөз», «сөзжасам қосымшалары», «жұрнақ», «жалғау» деген терминдерді бірінің орнына бірін талғаусыз қолданбай, әрқайсысын өз саласына лайықты орын алса, ал «туынды сөз» турасында мына секілді мәселені айтуға болады.

Туынды сөздер өмір шындығымен байланысты. Өмірде пайда болған заттарды атау талабы да осындай экстралингвистикалық не лингвистикалық факторлар нәтижесінен туынды сөздер жасалады: *оқырман, аялдама, жанкүйер, оқушы, дәрігер* т.б. Бұлардың туынды сөз ретінде танылуы —

әрқайсысының сөзжасамдық жасалу тәсілі әрі негіз сөз бен сөзжасам қосымшаларының мағына жиынтығынан тұру үлгісі барында. Әрине, туынды сөздердің мұнан өзге де үлгілері баршылық.

Екіншіден, туынды сөздердің табиғатында зат атауы не белгісі болғандықтан, олар лексикалық нұсқаға (единицаға) жатады да, сол дайын күйінде өзгертілместен кез келген сөйлем құрамында қолданылады. Мысалы, *күйші, биші, қаламгер* т.б. сөздері осы қалпында (негіз сөз бен сөзжасам қосымшаларын сақтай отырып) сөйлем құрамына енеді, тек сөйлемдегі айтылар ойға байланысты түрлі жалғаулар жалғануы ықтимал. Мысалы, *жұмыскерлерге жеткізу керек, жұмыскерлермен тілдесу қажет* т.б. туынды сөз қай сөз табының туынды сөзі болса, сол сөз табынша түрленеді (*жұмыскер* — зат есім, сондықтан зат есімдерше түрленіп отыр).

Үшіншіден, сөзжасамда туынды сөз негіз сөзсіз жасалынбайды. Осы тұрғыда келгенде негіз сөздер сөзжасамдық мақсатта екі топқа бөлінеді: а) негіз, ә) туынды сөз (туынды сөздер келесі туынды сөз жасауда негіз қызметін атқара алады деген мағынада). Мысалы, *кел, ән, түбір, бер, кел* т.б. сөздерімен *тәлімгер, басытқы* (закуска), *жылытқы* (грелка), *сәулетші* (архитектор), *базарлық* (сувенир) т.б. тұлғаларды салыстырғанда, алғашқы топтағы сөздер негіздер, соңғылары туынды сөздер. Бұлардың ұқсастығы — екеуі де сөзжасамдық бөлшектер. Айырымдары — негіз бір ғана бөлшектенбейтін морфемадан тұруы және жеке тұрып дербес мағына бере алады. Туынды сөздер болса, екі морфемалы болғандықтан, оларды бөлшектеуге болады (негіз сөз, сөзжасамдық қосымша). Осы екі морфемалардың мағыналық қосындысынан туынды сөз жасалады; *күә-лік, сәулет-ші, қылти-ма* т.б. Сонымен қатар негіздің мағынасы қалай пайда болғаны белгісіз де олардың мағынасы табиғи нәрсе секілді көрінеді. Мысалы, «нан» тағам аты, «күй» — музыка, «шөп» өсімдік ретіндегі мағыналары қалай пайда болғаны белгісіз болса, туынды сөз ретінде табылатын *саудагер, дәрігер, қаламгер, тәлімгер* т.б. негізгі *сауда, дәрі, қалам, тәлім* секілді морфемалар мен оларда адам, яғни, мамандық ұғымын қосатын сөзжасамдық қосымшаларға жіктеуге әрі бұл мағыналардың қалай, қайдан пайда болғандығын түсіндіруге де болады. Бұл мәселе — туынды сөздердің сөзжасамдық жүйедегі келесі өзіндік белгісі деп тануға болатын негізгі заңдылықтарының бірі.

Төртіншіден, сөзжасамдық заңдылықта басым көпшілігінде туынды сөз мағынасы негіз сөздің мағынасына байлаулы болады. Мысалы, *суретші, әнші, жылқышы* сөздері туынды сөз болуы — бұл сөздермен жарыса қолданылып жүрген *сурет, ән, жылқы* секілді негіз сөздердің өмір сүруі. Басқаша айтқанда, туынды сөз мағынасы қалай болған күнде негіз сөзбен мағыналық әйтеуір бір байланыста болады (тікелей не жанамалай).

«Негіз» — сөзжасамның ешқандай қатынасынсыз жасалған сөздер, туынды сөздер, сөзжасамның заңдылықтары, тәсілдері арқылы жасалуы — шартты нәрсе. Ал тарихи тұрғыдан кейбір «негіз» деп жүрген сөздеріміздің түбір, қосымшаға бөлінуі, жаппай ортақ заңдылық болмауы — қазіргі кезде өлі негіз, өлі қосымшалардың мағыналары сақталмай біртұтас тұлға ретінде кіріге бірігіп бір-ақ ұғымда, мағынада жұмсалыуынан. Мысалы: *момақан, момын*, сөздеріне «мом» деген ортақ негіз бар деу — тарихи тұрғыдан болмаса, қазіргі танда «мом» деген негіз түрінде дербес мағынада қолданылмайды.

Зерттеулерге қарағанда, негіз сөздер байырғы сөздер болғандықтан, олар түркі тілдес халықтарға ортақ тұлға ретінде қолданыла береді. Ал туынды сөздерде мұндай ортақтық міндетті емес. Мысалы, қазақ тіліндегі «жанжалшыл» деген туынды сөз өзбек тілінде «жанжалқыш», қазақша «тарақты» татар тілінде «тарахсыман» түрінде айтылады. Сонда туыстас тілдерде туынды сөздердің жасалуында әр түрлі ерекшеліктері болады. Бірақ бұдан өзара ұқсастық жоқ деген асығыс пікір шығаруға болмайды. Ұқсастықтар бар әрі сөзжасамдық ортақ заңдылықтар да жеткілікті.

Негіздің туынды сөзге қарағанда қай жағынан алсақ та мүмкіндігі мол. Себебі олар ежелден қолданылып келе жатқандықтан, бүкіл халыққа танымал, тілімізде жиі қолданылады әрі стиль талғамайды да және сөздік қорға жатады. Бұдан туынды сөздердің тіліміздегі қызметі кем деген қате пікірге келуге болмайды, бірақ қайсыбір туынды сөздер жасалғанмен, сөздік қорға енбей қалуы мүмкін т.б. деген секілді.

Негіздің сөзжасамдық қабілетіндей ешқандай сөзде жоқ. Сөзжасамда негіздердің бәрі қатысады да, олар арқылы көптеген туынды сөздер жасалады. Ғалымдар зерттеуінше, қазақ тілінде бір негізден 20–30 сөз жасалуы — үйреншікті құбылыс. Ал бір «бас» сөзінің — 140, «жел» сөзінен 90-нан астам туынды сөздер жасалатыны дәлелденіп отыр. Керісінше, туынды сөздердің сөзжасамдық қабілеті нашар, өнімсіз.

Негіздердің омонимдік қасиеті күшті болады: *құс, ет, қара, сыз, бас* т.б. сөздер бірде заттық, бірде етістік ұғымында жұмсала беруі де үйреншікті нәрсе.

Негіздердің буын (дыбыстық) жағынан да туынды сөздерден ерекшелігі бар. Айталық, олардың басым көпшілігі бір буынды болып келулерімен қатар әрі түркі тілдеріне ортақ ретінде де қасиеттері бар. Мысалы: *ана, әке, ай, ұл, үй, ақ, қыз, бет, бар, жүр* т.б. Кейде мұндай сөздер тек екі немесе үш дыбыстан емес: *жұрт, құрт, қант, қайт* секілді төрт дыбысты болып келе береді. Ал туынды сөздерден тек екі буыннан басталып (семантикалық тәсілден өзгесі), буын сандары ұлғая береді: *бастама, ұйымдастыру* т.б.

Туынды сөз белгілі бір тәсілмен жасалады (синтетикалық, аналитикалық, лексика-семантикалық). Осыған орай құрам жағынан туынды сөздер: а) жалаң негізді сөз; ә) күрделі негізді сөздер болып, екі топқа бөлінеді. Бұл термин де көңілге онша сенімді емес. Себебі *жалаң, күрделі* деген сөздер морфология саласында да қолданылады. Терминді қайталамас үшін мүмкін жалаң сөздерді — «бір негізді», күрделі сөздерді «көп негізді» деп атаған жөн шығар. Әрбірден соң «күрделі негізді сөздер» «көп негізді» дегеннен гөрі «аналитикалық негіздер» деп те атаған ұтымды болатын секілді. Бұлай атаудың өзі мұндай сөздер аналитикалық тәсілмен жасалғандарын әрі құрамында бірнеше негіз бар деген ұғымды қоса білдіре алар еді. Ескеретін бір жағдай — сөзжасам саласына арналған көптеген еңбектерде (Н.Оралбайдан өзгесі [3]) морфологияда қолданылып жүрген күрделі сөздер түрлерін сөзжасам саласында туынды сөздер деп нақты аталмайды [4]. Мұның себебі сөзжасам саласындағы еңбектер негізінен синтетикалық тәсілдерге баса назар аударылатынымен түсіндіруге болады. Сөздер мағынасына қандай да бір өзгеріс болмасын, ол қай тәсілмен жасалса да — ол туынды сөз [1; 223]. Сондықтан сөзқосым (бірігу), қосарлы сөз (қосарлану) т.б. — туынды сөз жасаудың амалы.

Морфология саласының ғылыми айналымында әбден тұрақталған «күрделі сөз» терминін сөзжасам саласында қалай атаған жөн болады, қай термин тұрғысынан ғылыми айналысқа енгізген жөн секілді мәселе күні бүгінге дейін күн тәртібінен түспей отыр. Бұл мәселеге түрткі болып отырған мына жағдайды да ескермеске болмайды: «Алайда тілде сөзжасам тәсілдері түрлі болғандықтан, туынды сөздің құрылымы, оның құрамындағы сөзжасамдық тұлғалардың қатысы бірдей болуы мүмкін емес. Мысалы: *шекара — шек+ара, таңертең — таң+ертең, қызыл ала — қызыл+ ала...* т.б.

Бұлардың бәрі — аналитикалық тәсіл арқылы жасалған сөздер. Осы күнге дейін бұлардың жалпы термині жоқ. Оларды аналитикалық сөздер деп атап отырмыз, өйткені олардың басын қосатын аналитикалық тәсіл» [4; 24] деп түсіндірілген. Шын мәнінде, бұл сөздерді «күрделі сөздер» деп атауға болар еді, бірақ «күрделі сөздер» біржолата морфология саласында тұрақталғандықтан, сөзжасамда да қолдану бұл екі саланың зерттеу нысандарын тек шатастырушылыққа әкеледі. Морфологиялық немесе сөзжасамдық талдау ма дегендей. Оның үстіне сөзжасам жүйе ретінде ғасырлар бойы қалыптасқан сөз жасау заңдылықтары болғандықтан да, «күрделі сөздер» деп отырған сөздеріміз келесі туынды сөздер жасауға негіз бола алатын қызметін де естен шығармаған абзал. Ал морфология саласында бұл тілдік заңдылықтар қарастырылмайды, «күрделі сөз» термині тек сөз құрамына қатысты қолданылады. Сондықтан сөзжасам саласында «аналитикалық негіздер» деген термин ыңғайлы секілді.

Сонымен, туынды сөз турасында жоғарыда айтылған мәселелерді жинақтай келе, мына секілді сөзжасамдық белгілерін жинақтап көрсетуге болады:

- 1) туынды сөз екі морфемалы (негіз сөз, сөзжасамдық жұрнақ) тұлға: *көрші, үшінші, қаламгер, биші* т.б.;
- 2) туынды сөз негіз сөз бен сөзжасамдық қосымша морфемалардың мағыналық қосындысынан тұрады: *көкшіл, ұзынша, қысқаша, егеу* т.б.;
- 3) туынды сөз мағынасы негіз сөздің мағынасына байланысты болады: балықшы туынды сөз «балық» деген негіз сөздің мағынасынан шығып отыр дегендей;
- 4) туынды сөз тілдің даму сатысына орай танылады: *көрер-мен, ұш-ақ, оқыр-ман, аялда-ма* т.б.;
- 5) туынды сөз құрамындағы морфемалар заманына байланысты жіктері сақталады: *тәлім-гер, дау-кес, дүние-қор* т.б.;
- 6) туынды сөздердің мағыналарында өзгеріс болады (себебі сөз жасалады) әрі қай сөз табына жатуына орай сол сөз табынша грамматикалық түрленеді. Мысалы, «егеу» сөзі зат есім ретінде түрленуі (септелуі, көптелуі, тәуелдене алады);
- 7) туынды сөздер қай сөз табының жұрнағы арқылы жасалса, сол сөз табының грамматикалық қасиеттеріне ие болады: *ара-лық, бала-лық, жаман-дық, шөп-ті, өзен-ше, үй-шік, тау-сыз* т.б.;
- 8) туынды сөздер сөйлем барысында емес, олар сөйлем құрамында дайын қалпында жұмсалады. Мәселен, адамгершілік, ізеттік туралы әңгімелесек, тілдегі осы дайын қалпында қолданамыз: *адамгершілік жасады, ізеттік көрсетті* т.б.;

9) туынды сөздер аналитикалық тәсілдер түрлерімен де жасала береді: *елорда, әуежай, тік ұшақ, сап-сары* т.б.;

10) туынды сөздер морфологиялық емес, сөзжасамдық мағына түрлерімен жасалады деген терминді сөзжасам саласында ғылыми айналысында тұрақтандыру қажет.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақ грамматикасы. — Астана: Елорда, 2002. — 784 б.
- 2 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 384 б.
- 3 Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. — Алматы, 2002. — 390 б.
- 4 Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. — Алматы: Ғылым, 1989. — 368 б.

Т.Т.Примбетов

Вопросы производного слова и производного корня в системе словообразования

В статье рассмотрены вопросы, касающиеся особенностей производных слов и производных корней в системе словообразования современного казахского языка. Автором проанализированы некоторые научные труды по различным аспектам дериватологии, в частности, вопросы об употреблении специфических терминов словообразования в современном казахском языке. В результате определены четкие границы употребления терминов в области морфологии и словообразования.

T.T.Primbetov

Problems of the derivative word and derivative root in word formation system

In article the questions concerning features of derivative words and derivative roots in system of word formation of modern Kazakh language are considered. The author analyze some scientific works on various aspects of a derivatologiya, in particular, questions of the use of specific terms of word formation in modern Kazakh language. As a result a clear boundary of the use of terms in the field of morphology and word formation is defined by the author.

References

- 1 Kazakh grammar, Astana: Elorda, 2002, p. 784.
- 2 Iskakov A. *Modern Kazakh language*, Almaty: Ana тілі, 1991, p. 384.
- 3 Oralbai N. *Word formation of the Kazakh language*, Almaty, 2002, p. 390.
- 4 *Word-formation system of modern Kazakh language*, Almaty: Gylym, 1989, p. 368.

М.А.Тұрсынова, З.Н.Жуынтаева

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: t_marhaba@mail.ru)***Көне ескерткіштердегі септік жалғауларының қазіргі түркі тілдеріндегі сипаты**

Мақалада қазіргі түркі тілдеріндегі септік жалғауларының сипатына тарихи-салыстырмалы талдау жасалған. Түркі тілдеріндегі септік жалғауларының өзіне тән ерекшеліктері қарастырылып, мысалдармен дәлелденген. Септік жалғауларының сипатын көрсетуде зерттеушілер еңбектері арқылы қыпшақ, оғыз, қарлұқ, бұлғар, ұйғыр-оғыз тобындағы тілдердегі аталған қосымшаның фонетикалық варианттары, дамуы мен қалыптасуы, жеке тілдерге қатысты өзгешеліктері қарастырылған. Түркі тілдеріндегі септік жалғауларының ерекшеліктерін, айырмашылықтарын, ортақтықтарын көрсету барысында көне жазба ескерткіштері материалдарымен байланыста талдау жасалған, түркі тілдерінің тарихи грамматикасына қатысты мәліметтер келтірілген.

Кілт сөздер: түркі тілдері, салыстырмалы морфология, түркі тілдеріндегі септік жалғаулары, көне түркі тілі, қазіргі түркі тілдері, салыстырмалы-тарихи зерттеулер.

Қазіргі түркі тілдері салыстырмалы морфологиясында сөз таптары, жұрнақ, жалғаулардың даму тарихы, қазіргі тілдердегі сипаты сияқты мәселелер қарастырылады да, айтылған мәселелерді қарастыруда тарихи-салыстырмалы зерттеудің маңызы зор екендігі шындық.

Туыстас түркі тілдеріндегі олардың ортақтығын дәлелдейтін, тектестігін көрсететін мәселенің бірі — септік жалғаулары. Қазіргі түркі тілдеріндегі септік жалғауларының сипатын өзара салыстыру барысында қосымшалардың варианттарындағы фонетикалық ерекшеліктерді, септік жалғауларының санына байланысты айырмашылықтарды, жай септеу мен тәуелді септеудегі өзгешеліктерді айтуға болады.

Кез келген тілдің даму, қалыптасуында өзгешеліктің болатыны сияқты көне ескерткіштерде жеті септік ретінде көрінген септік жалғауларының саны қазіргі тілдерде алтыдан тоғызға дейін болып отыр және олардың жалпы сипатына қатысты да ортақтықтармен қоса, айырмашылықтар орын алған.

Атау септігі. Атау септігінің арнайы тұлғасы қазақ тілінде ғана емес, барлық түркі тілдерінде жоқ. Бірақ соған қарамастан, өзіне тән арнайы грамматикалық формасы болмаса да, атау септігінің өзіне тән грамматикалық мағынасы, ол нольдік формада тұрған сөздің өзіне тән синтаксистік қызметі бар.

Ілік септігі. Ескерткіштерде ілік септігі заттың, қимылдың белгілі біреуге тән екендігін білдіреді. Ілік септігіндегі сөз еш уақытта жеке айтылмайды. Олар үнемі тәуелді жалғаулы сөздермен тіркесіп келеді. Мұндай ерекшелік жалпы түркі тілдеріне тән.

Ілік септік тұлғасының көне жазбалар тілінде мына сияқты фонетикалық варианттары бар: *-ың, -ің, -уң, -үң, -ның, -нің, -нуң, -наң, -нең*. Осы тұлғалар қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде кездеседі.

Ілік септігінің тарихы туралы әр түрлі пікірлер қалыптасқан.

М.Томанов ілік септігінің тарихы жайында мынадай көзқарастарды келтіреді: В.В.Радлов ілік септігінің алғашқы тұлғасы *-ың* деп қарайды да, бұның өзі о баста тәуелдік жалғауы болған, жіктеу және сілтеу есімдіктеріне жалғанан дейді. Ал *-ның* формасының шығуын есімдіктің өзгеру ерекшелігімен байланыстырады. Әуелі есімдіктің құрамында қолданылуымен байланысты есімдіктің соңғы дыбысы морфологиялық ығысудың нәтижесінде аффикстің құрамына ауысып кетуі мүмкін деп қарайды.

В.А.Богородицкий морфологиялық ығысу арқылы есімдіктер құрамында қалыптасқан *-ның* аналогия жолымен басқа есім сөздерге де ауысты. Кейін есім сөздерде осы *-ның* аффиксін қабылдайтын болды деген.

Г.Рамстедт былайша түсіндіреді: алғашында *-н* түрінде болған ілік жалғауы дауыссыз дыбыстарға біткен түбірге жалғанғанда алдынан жалғастырушы дауысты дыбыс қосып алса керек. Содан кейін түбірдің соңғы дыбысы қосымшаға ығысудың нәтижесінде *-ның* қалыптасады.

Э.В.Севортян ілік септігі мен табыс септігі бір негізден тараған дейтін жорамал айтады. Н.А.Баскаков бұл жалғауды *нене — нен дене — тән* дейтін сөзден тараған деп қарайды. Осы пікірлерді қорытындыласақ, ілік септігінің алғашқы формасы *-ың* болу керек, ығысудың нәтижесінде

-ның пайда болған. Ілік септігі мен табыс қосымшасының алғашқы дыбыстарының бірдей болуы бір негізден тарағандығын дәлелдейді [1].

Қазіргі түркі тілдеріндегі ілік септігінің сипатында да бірінші көзге түсетін ерекшелік те қосымшаның дауыстыдан немесе дауыссыздан басталуында.

Э.В.Севортян «Категория падежа» мақаласында ілік септігі жалғауларын екі топқа бөліп қарастырады да, оңтүстік-батыс тобындағы тілдерде қолданылатындарға *-ын, -ин, -ун, -ұң* қосымшаларын, Орхон-енисей ескерткіштерінде және түрікмен тіліндегіге *-ың, -иң, -уң, -ұң* қосымшаларын, басқа түркі тілдеріндегіге *-ның, -ниң, -нуң, -нұң, -тың, -тиң, -дың, -диң, -нын, -нин, -нун, -нүн, -тын, -тин, -дын, -дин* қосымшаларын (варианттарымен) жатқызады [2].

Көне жазбалардағы сияқты қазіргі түркі тілдерінде де ілік септігі бір топ тілдерде дауыстыдан, бір топ тілдерде дауыссыздан басталып тұр. Көне ескерткіш ретінде саналатын Орхон-Енисей жазбаларындағы қолданысында аталған септік дауыстыдан басталатындықтан, қазіргі кей тілдердегі сондай қолданыс көне тілдің заңды жалғасы іспетті.

Дауыссыздан басталатын және ілік септігі жалғауының толық түрі кездесетін тілдер ретінде қазақ, қарақалпақ, ноғай, қырым татарлары, татар, алтай, башқұрт, ұйғыр, өзбек, тоғалар, хакас, шор сияқты тілдерді айтуға болады. Бұл тілдерде *-ның* жалғауы үндестік заңына байланысты бірнеше варианттарымен қолданылады.

Өзбек тілінде ілік септігі жалғауының *-нинг* деген варианты бар да, ол үндестік заңына қатысты ерекшеленбей, барлық жағдайда бір ғана нұсқада жалғанады.

Ілік септігі жалғауының дауыссыз дыбыстан басталғанымен, басқа тілдердегідей *ң* дыбысы емес, *н* дыбысы арқылы келетін түрі қырғыз, қарайым, эзербайжан, гагауз тілдеріне тән.

Қырғыз тілінде ілік септігі жалғаулары *-нын, -нин, -нун, -нүн, -дын, -дин, -дун, -дүн, -тын, -тин, -тун, -тун*, қарайым тілінде *-нын, -нин, -нун, -нүн, -нын, -нин, -нун, -нүн*, эзербайжан, гагауз тілдерінде *-нын, -нин, -нун, -нүн* варианттары басқа түркі тілдеріндегідей *ң* арқылы емес, *н*-мен беріледі. Ілік септігіне қатысты бұл тілдердегі осы ерекшеліктер қырғыз тілін қырғыз-қыпшақ тобына енетін тілдің бірі алтай тілінен, қарайым тілін басқа түркі тілдерінен айырмашылығын көрсетеді. Ал эзербайжан, гагауз тілдерінде ілік септігі жалғауының дауысты дыбыстан басталатын вариантымен қоса, сөз дауысты дыбысқа біткен жағдайда жалғанатын ілік септігінің қосымшасы ретінде қолданылады. Айта кететін бір жағдай, бұл тілдерде оғыз тобындағы түрікмен тілімен салыстырғанда ерекшелік *ң* дыбысының болмауына да қатысты болып отыр.

Ілік септігі жалғауының келесі варианты дауысты дыбыстан басталуымен ерекшеленіп, оғыз тобындағы түрік, түрікмен, гагауз, эзербайжан тілдерінде кездеседі. Бұл тілдерде ілік септігі жалғауының дауыстыдан да, дауыссыздан да басталатын түрлері бар және ол сөздің соңғы дыбысына қатысты өзгеріп жалғанады. Яғни сөз дауыстыға бітсе, қосымша дауыссыздан дауыссызға бітсе, дауыстыдан басталуы түркі тілдерінде екі дауыстының қатар келмеуіне байланысты болып тұр.

Оғыз тобындағы тілдердегі ілік септігі жалғауының варианттары дауысты немесе дауыссыздан басталуымен және *н-ң* дыбыстарының сәйкестігі арқылы көрінеді де түрік тілінде *-(n) in*; түрікмен тілінде *-ың, -иң, -уң, -ұң, -ның, -ниң, -нуң, -нұң*; гагауз, эзербайжан тілдерінде *-ын, -ин, -ун, -үн, -нын, -нин, -нун, -нүн* варианттары арқылы беріледі.

Түркі тілдерінде ілік септігі жалғауының соңғы дауыссызы жоқ, яғни дауыссыздан басталып дауыстымен аяқталатын нұсқасы да орын алып, ол құмық, қарашай-балқар, салар тілдерінде кездеседі. Бұл тілдерде ілік септік *-ны* жалғауы және оның *-ни, -ну, -ню /-ну/* варианттары арқылы беріліп, табыс септігі қосымшаларымен сәйкес келеді: *баланы-баланың, терезени-терезенің, уйню-үйдің, коьльню-көлдің* (құмық), *тауну-таудың, кьойгьа-қойға, эшекни-есекті* (қарашай-балқар), *ташины-тастың, ініні-інінің, сусыны-суының, қолымны-қолымның* (салар).

Қарашай-балқар тілінде ілік септігі жалғауы жай септеу мен тәуелді септеуге байланысты ерекшеленеді. Көптеген түркі тілдерінде барыс, табыс, жатыс септіктерінде тәуелдік жалғаудың I-, II-, III-жақтарынан кейін қосымша жай септеуден ерекшеленіп жалғанатыны белгілі. Ал қарашай-балқар тілінде бұл көрініс ілік септігінде де орын алып, тәуелдік жалғаудың I-, II-жағынан кейін ілік септігінің қосымшасы *-ы, -и* түрінде жалғанады: *жашым-жашымы, жашынг-жашынғы-ұлым-ұлымның, ұлың-ұлыңның; кәзим-кәзими, кәзинг-кәзинги-кәзім-кәзімнің, көзің-көзіңнің* т.б.

Чуваш тіліндегі ілік септігі *-ән/-ён, -нән/-нён, -(йән)/-йён* қосымшалары арқылы беріледі [3].

Якут тілінде де сегіз септік болғанымен, басқа түркі тілдерінде қолданылатын ілік септігі жоқ. М.Томанов бұл туралы: «Түркі тілдерінің ішінде ілік септік жалғауы кездеспейтін — якут тілі. Якут тілінде *-та* қосымшасы арқылы біздің тіліміздегі ілік пен «жасырын» табыс септік мағыналарын

береді. Якут тілінің бұл ерекшелігі, монғол тілінің ықпалы деп түсіндіріледі. Якут тілінің қалыптасу, даму тарихында монғол тілінің ықпалының басым болғандығы белгілі. Ондай ықпалдың нәтижесі бұл ыңғайда ғана емес, тілдің басқа салаларында да байқалады. Сонымен, бұл жағынан якут тілі — түркі тілдерінің ерекше түрі», — деп атап көрсетеді [4]. Сондай-ақ якут тілінде ілік септігінің болмауы түркі тілдерінің тарихында аталған септіктің болмауына да қатысты деген пікірлер де бар. Бұл туралы: «Есть все основания предполагать, что родительный падеж на ранних стадиях существования тюркского праязыка полностью отсутствовал. Его заменила так называемая изафетная конструкция. Из современных тюркских языков только один якутский сохранил это древнейшее состояние, поскольку в нем отсутствует оформившийся родительный падеж», [5] — деген зерттеушілер пікірі ілік септігінің тарихына қатысты мәліметтердің бірі болып саналады. Ілік, табыс септік жалғауларының жасырын түрде де кездесуі және меншіктілікті *-niki/-diki/-miki* жұрнақтарының беретінін ескерсек, пікірлердің мүмкін екендігін де көруге болады.

Түркі тілдерінде ілік септік қосымшасының ерекшелігінің бірі есімдіктердің септелуіне қатысты көрінеді. *Мен, сен, ол* сөздерінің ілік септігіндегі тұлғасы қазақ тілінде *-н* дыбысының түсіп қалуымен байланысты: *менің, сенің, оның*. Осы қолданыстың басқа түркі тілдеріндегі көрінісін айтпас бұрын көне жазбалардағы қолданысқа зер салсақ, көне ескерткіштерде *мен, сен* есімдіктерінің септелу үлгісі *бенің, менің* түрінде кездесетіндігін көруге болады.

Қазіргі түркі тілдерінде *мен, сен, ол* сөздеріне ілік қосымшасы жалғанғандағы негізгі формасы *менің, сенің, оның* (фонетикалық өзгерістерімен) тұлғасына келіп саяды: *мән-мәним, сән-сәнин, о-онун* (әзербайжан); *мин-минем, син-синең, ул-аның* (татар); *мен-мэң, сен-сэң, ол-ооң* (тува), *мен-мениң, сен-сениң, ол-оның* (түрікмен); *мен-меним, сен-сенинъ, ол-онынъ* (ноғай) т.б.

Барыс септігі. Ескі түркі жазбаларында барыс септігі бет алысты, мекенді білдіріп, мына жалғаулар жалғану арқылы жасалады:

-а, -е. Барыс септігінің бұл көрсеткіштері жіктеу есімдіктері мен тәуелдік жалғаулы сөздерге жалғанады: *оғлыма-ұлыма, түркіме-түркіме, қазаныма-қазаныма, ініме-ініме, қызыма-қызыма;*

-ға, -ге, -қа, -ке: *йерке-жерге, будунқа-халыққа, тағқа-тауға, бегімке-бегіме, оғлумқа-ұлыма, йірімке-жеріме;*

-ғары, -гері, -ғару, -геру, -қару, -керу, -ңару, -ңеру. Барыс септігінің осы жалғаулары көне ескерткіш жазбаларында жиі қолданылған: *қағанғару-қағанға, ебгеру-үйге* [6; 121].

Кейбір ғалымдар барыс септіктің бұл тұлғасын құранды және *-ру* аффиксінен тараған деп біледі де, *-ру* қосымшасына кейбір сөздердің құрамында ертеден келе жатқан өлі тұлға ретінде қарайды. Шынында да *-ру, -рү* қосымшалары жалғанып, істің бағытын, бет алысын көрсететін кейбір сөздер де кездеседі. Мысалы: *баңару* (маған қарай), *ебгеру* (үйге қарай) [7; 101].

-ра, -ре, -ру, -рү: *ташра, ічре, баңару, асра* (төменде); *-ғары, -гері, -керу, -ңару, -ңеру* құранды қосымша деген пікір бар. Екі сыңары да барыс септігінің *-ға, -ге, -қа, -ке* (тағқа, йерке) және *-ра, -ре, -ру, -рү* (ташра, ічре) қосымшаларының бірігуінен жасалып тұр. *-ғару* бағыттың алшақтығын білдірсе, *-ра, -ре, -ру, -рү* қосымшасы баратын жердің алшақ еместігін білдіреді. Ал тілімізде екеуі де барыс септігінің мағынасын толық береді. Сондай-ақ *-ғары* қосымшасының қызметі мен мағынасын беретін *-йа, -йе* жалғауы да кездеседі: *құрыйа* (батыстан), *бірійе* (оңтүстіктен). Көне жазбадағы барыс септігінің *-ғары* (варианттарымен), *-йа, -йе* жалғауларын қарай шылауы меңгереді: *оғызғару* (оғызға қарай), *тарқанғару* (тарқанға қарай), *құрыйа* (артқа қарай), *бірійе* (оңға қарай), *йырайа* (солға қарай) т.б. [6; 122].

Көне ұйғыр жазбаларында *-қа, -ке, -ға, -ге* (улуғқа, йірке, сөзке), *-ғару, -геру, -қару, -керу* (йіркеру-жерге қарай, біргеру-бері қарай, йоқару-жоғары) ғана кездескен. «Кодекс Куманикуста» да жиі қолданылатын барыс септігі жалғаулары: *-қа, -ке, -ға, -ге* (атқа, білімге). Тәуелдік жалғауынан кейін барыс септігі *-а, -е* болып келеді: *балама, балаңа, балаларыма*. Үшінші жақ тәуелдік жалғауынан кейін барыс жалғауы түбірмен *-н* дәнекері арқылы байланысады. Тәуелдік жалғауының I, II-жақтағы көпше түрінен кейін *-а, -е* жалғауы емес, *-ға, -ге* жалғанады: *балаларымызға, балаларыңызға*. *-а, -е* жалғауы кейде тәуелдік жалғауынсыз түбір сөзге тікелей жалғана береді. Ондай реттерде негізгі форма *-қа, -ке, -ға, -ге*-лермен кейде жарыса жүреді: *бармаққа-бармаға* (баруға), *атқа-ата* (атқа). Ерте кезден белгілі *-ра, -ре, -ры, -рі* және кейбір сөздермен кірігіп кеткен *-қа, -ке, -ға, -ге* формалары *ташқары-тысқары, сонра-соңыра, йоғары-жоғары* сияқты сөздердің құрамында кездескенімен, қыпшақ тілінде жалғаулық қызмет атқармайды [7].

Сондай-ақ көне жәдігерлерде кейбір сөздердің құрамында кездесетін *-йа, -йе* қосымшалары қазіргі оғыз тобындағы тілдерде де кездеседі: *масайа* (үстелге), *гапыйа* (есікке), *Москвайа* (Москваға) т.б.

Қазіргі түркі тілдерінде барыс септігі жалғауы негізінен *-ға, -ге, -қа, -ке* нұсқаларында болып келгенімен, салар, түрікмен, әзербайжан, гагауз, хакас, чуваш тілдерінде дауысты дыбыстан басталатын варианты да бар. Басқа тілдерде *-а, -е* қосымшасының барыс септігі сипатында жұмсалуды тәуелдік жалғаудың I, II-жағынан кейін жалғанса, аталған тілдерде тәуелді септеуге қатысты бола қоймайды. Қазіргі түркі тілдерінде барыс септігі жалғауына қатысты ерекшеліктердің біріне жай септеу мен тәуелді септеуге қатысты болады. Қыпшақ тобындағы тілдерде екі түрлі үлгі бойынша септелсе, карлұқ тобындағы тілдерде ондай септеу үлгісі орын алмаған. Қазақ немесе басқа түркі тілдеріндегідей барыс, табыс, жатыс септіктері қосымшаларында жай септеу мен тәуелді септеу арасындағы айырмашылық өзбек, ұйғыр тілдерінде жоқ, яғни тәуелді жалғаудан кейін септік жалғау өзгеріссіз жалғана береді. Мысалдар: *Күнига он сум топади. — Күніне он сом табады. Туған атасына барды. — Туған атасына барды. Мана шу куйнинг шохиди булиб хозир хам Абайнинг қабри бошига тумонатдек халқ йигилиб қолибди. — Осы күйдің куәсі боп қазір де Абай қабірінің басына қалың елдің өзгеше көп-көп жаны жиылып қалыпты...*

Түркі тілдерінің көне дәуірлерінде де жай септеу мен тәуелдеулі септеу тұлғаларының өзіндік ерекшеліктері болғаны белгілі. Көне ескерткіштердегі *оғлыма, түркіме, қызыма, апама* сөздерінде барыс септігі тәуелдеулі сөзден кейін жалғанатын *-а, -е* қосымшалары болса, *будунумқа, елімке, оғлумқа* сияқты мысалдарға барыс септігі қосымшасы тәуелдеулі сөз болса да *-қа, -ке* түрінде жалғанып тұр.

Барыс септігі қосымшасының жалғануындағы түркі тілдерінде көзге түсетін елеулі ерекшеліктің бірі — есімдіктердің барыс септігіндегі тұлғасы.

Есімдік сөздердің септелуінде, әсіресе жіктеу, сілтеу есімдіктерінің септелуінде, септеу жүйесінің заңдылығынан біраз ауытқып кететін орындары бар. Бұл ерекшеліктер негізінде есімдіктердің бойында көне формалар мен көне грамматикалық көрсеткіштердің молырақ сақталып қалуымен тікелей байланысты.

Жіктеу есімдіктерінің барыс септігіндегі формасы көне жазбалар тілінде де, қазіргі түркі тілдерінде де ерекшелігімен көзге түседі. Қазіргі қазақ тіліндегі *маған, саған* түріндегі қолданыс көне мұраларда *баңа, маңа, саңа, маа, мана, маға, манға, маға, саһа, санға, саа* [6] сипатында болып келсе, қазіргі түркі тілдеріндегі қолданысты төрт топқа ажыратуға болатын сияқты:

Маңа, саңа түріндегі қолданыс (фонетикалық варианттарымен): әзербайжан — *мәңә, сәңә; чуваш — мана, сана*; түрікмен, ұйғыр — *маңа, саңа*; татар — *миңа, сиңа*; тува — *меңээ. Маға, саға* түріндегі қолданыс (фонетикалық варианттарымен): ноғай, құмық, қырғыз, шор — *маға, саға*; хакас — *маға, саға*; алтай — *меге, сеге. Маған, саған* түріндегі қолданыс: қазақ, қарақалпақ — *маған, саған. Менға, сенға* түріндегі қолданыс: өзбек — *менға, сенға*. Осыларды топтай келгенде, байқалатын басты ерекшелік *мен, сен* сөздерінің кейбір тілдерде түбір күйін сақтаса, кей тілдерде *ма, са* ретінде өзгеруі. Бұл жіктеу есімдіктерінің шығу тәркіімен байланысты екені белгілі. Себебі жазба мұралар арқылы, зерттеушілердің еңбектері арқылы *мен, сен* сөздерінің *ма, са* тұлғаларында болғандығы бізге мәлім. *Маңа, саңа* түріндегі қолданыстар көне жазбаларда кездесетінін жоғарыда айттық, ал *мана, сана* сипатын фонетикалық сәйкестікке, яғни түркі тілдерінде орын алған *н-ң* алмасуларына жатқызуға болатын сияқты.

Мен, сен жіктеу есімдіктерінің барыс септіктегі *маға, саға, меге, сеге* сипаты *ма, ме, са, се* түбірлеріне жалғанған барыс септігінің нақты көрсеткіші. Бұл, әсіресе, өзбек тілінде анық көрінеді. Аталған тілде ешбір өзгеріссіз *мен, сен* есімдіктеріне *-ға* барыс септігінің қосымшасы жалғанып тұр: *менға, сенға*.

Қазақ, қарақалпақ тілдеріндегі қолданыс өзіндік ерекшелігімен көзге түседі және бұл туралы зерттеушілер пікірлері әр түрлі. Бұл туралы Ә.Ибатов өзінің «Қазақ тіліндегі есімдіктердің тарихынан» деген еңбегінде мынандай түсінік береді: «... Бұл келтірілген пікірлерді жүйелей келгенде, негізінде үш салаға топтауға болатын сияқты; 1) барыс септік жалғауы басында *-ғару* болған да, кейіннен *-ғар* формасына түсіп, одан *-ған* түріне ауысқан. Сонда *-ғару>-ғар> -ған* боп қалыптасқан; 2) барыс септік жалғауының соңғы *н* дыбысын ингредиент деп тану, бұл негізінде *оғар>оға>оған* дегенге тура келеді; 3) шалғай метотезис арқылы *н* және *г* дыбыстарының орын алмасуы, яғни *онға>оған* боп қалыптасу» [8]. Айта кететін бір жайт, Ә.Ибатов осы пікірлердің әрқайсысына талдау жасай отырып: «... қазіргі қолда бар материалдарда кездесетін және барлық ғалымдардың ең көне форма деп жүрген *-ғару// -ғары* формасының бір кездерде *-ғану// -ғаны* сияқты варианттарының болуы да мүмкін. Бұл варианттар бертін келе екі түрлі бағытта ықшамдалып, *-ғару// -ғары>-ғар; -ғану// -ғаны>-ған* деген сияқты қатар формалар тудыруы да ықтимал. Олай болса, *-ғар*

сияқты *-ған* формасы да барыс септігінің көне жалғауларының бір түрі есебінде танылуы шарт», — деп қорытындылайды [7; 70].

Егер біз өз пікірімізді білдіретін болсақ, *ма*, *са* түбіріне өзімізге белгілі *-ға* барыс септігі жалғанған, ал *-н* дыбысы біздің сөйлеу тілімізге байланысты орнығып қалған сияқты. «Маға» деп қолданғанның өзінде дәнекер *-н* дыбысы естіледі. Осыған ұқсас құбылыс тәуелді септеуде де орын алған. Жатыс септігінде жай септеуде *-да*, *-де* қосымшасы, тәуелді септеуде *-нда*, *-нде* болатыны белгілі. Бұндағы *-н* да дәнекер дыбыс болса керек, олай дейтініміз, *баласыда*, *әкесіде* деп айтқанның өзінде *-н* дыбысы естіліп тұрады. *Маған*, *саған* сөздеріндегі *-н* дыбысын дәнекер дыбыс деп және оны жатыс септігінің тәуелді септеуімен байланыстыруымыз соған байланысты.

Түркі тілдері барыс септік жалғауындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар фонетикалық ерекшеліктер мен туыстас тілдердің осы кезеңге дейінгі дамуына қатысты болған өзгерістерімен байланысты.

Табыс септігі. -ғ, -г, -ығ, -іг, -үг, -үг. Адакығ, ебіг, иліг, йағығ, йылкығ, қағанлығығ, кісіг, беглеріг; -н, -ын, -ін, -ун, -үн: Түрк беглерін будунын ертеңу еті мағ ітді. — Түрк бектерін, халқын мақтан етті. Ебін, баркын буздым. — Үйін, мазарын бұздым. Қағанын өлүртім, илін алтым. — Қағанын өлтірдім, елін бағындырдым [7; 124].

Көне ұйғыр жазбаларында табыс септігі *-ны*, *-ні*, *-ну*, *-нү*, *-ығ*, *-іг*, *-г*, *-з*, *-ын*, *-ін*, *-н* қолданылған: *атны, ілні, беглеріг, адағларығ* (аяқтарды), *боғузын* (тамағын), *йірін* (жерін).

«Кодекс Куманикуста» да *-ны*, *-ні*, *-ну*, *-нү* жай септікте, ал *-ын*, *-ін*, *-н* тәуелдік септікте қолданылған. Мысалы: *кішіні* (кісіні), *ананы* (ананы), *төресін* (төресін), *тізін* (тізесін). *-ны* мен *-н* формаларының алмасып қолданылатын орындары да бар: *оң қолын* — оң қолыны, *сөзін* — сөзіні.

М.Қашқари сөздігінде де табыс жалғауы *-ғ*, *-г*, *-ны*, *-ні*, *-н* түрінде кездеседі: *сөзүг* (сөзді), *атын* (атын) [6].

-ығ, *-іг*, *-г*, *-з* жалғаулары қазіргі түркі тілдерінде кездеспейді, ол тек монғол тілінде қолданылады.

Табыс септігінің түркі тілдерінде қолданылатын қосымшаларының барлығы *-ны/ні* вариантының айналасына топталады. Табыс септігінің басқа тілдермен салыстырғанда ерекше болып көрінетін қосымшасы чуваш тілінде бар. Ол тілде бұл қосымша *-а*, *-на* түрінде, яғни ашық дауыстылармен айтылады. *-ығ*, *-үг*, *-іг*, *-үг* тұлғалары қазіргі кездегі түркі тілдерінде кездеспейді. Бірақ монғол тілінде табыс септігінің көрсеткіші түрінде жиі ұшырасады. Қазіргі қазақ тілінде кездесетін табыс септігінің ашық, жасырын түрде қолданылуы көне түркі тілінде болған құбылыс. Мысалы: *қарығ секім* — қарды тазаладым, *сү йорытдым* — әскер жүргіздім.

Табыс септігінің *-ны* жалғауы, негізінен, қыпшақ тобына жататын тілдерге тән. Алайда бұл көрсеткіш оғыз тобына жататын тілдерде де қолданылады.

Қазіргі түркі тілдерінде табыс септіктің *-ны*, *-ні*, *-ды*, *-ді*, *-ты*, *-ті* варианттары негізінен түркі тілдерінің басты варианты болса, *-а*, *-на*, яғни ашық дауыстыдан келуі чуваш тіліне тән, себебі қазіргі түркі тілдерінің бірде-бірінде табыс септік қосымшасы мұндай ашық дауыстыдан келуі кездеспейді. Ал гагауз, түрік тілдерінде, әзербайжанның кей говорларында табыс септік тек дауысты дыбыстан *-ы*, *-у* қосымшаларынан тұрады, бірақ дауысты дыбысқа аяқталған негіздерге *-йы*, *-йі*, *-йу* түрінде жалғанады.

Жатыс септігі. Көне жазбаларда жатыс септігінің жалғаулары: *-да*, *-де*, *-та*, *-те* түрінде кездесіп, жатыс септігіндегі сөздер мекендік және мезгілдік мағыналарда жұмсалады: *оғызда* (оғызда), *балықда* (қалада), *қағанта* (қағанда), *көңүлте* (көңілде), *иерінте* (жерінде), *йашымда* (жасымда), *йашда* (жаста), *сүңүште* (соғыста), *йолта* (жолда) т.б. [7; 124].

Тәуелдіктің үшінші жағынан кейін *-нда*, *-нде*, *-нта*, *-нте* түрінде жалғанады: *йерінте*, *артында*, *йанында*, *баласында*. Жатыс жалғауының тарихи бір ерекшелігі мынада болса керек: ең ежелгі деп саналатын V–VIII ғасыр жазбалары тілінде де бұл жалғаудың ұяң және қатаң варианттары бар.

Жатыс септігінің *-да*, *-де*, *-та*, *-те*, *-дә*, *-дя* жалғаулары қазіргі түркі тілдерінің көпшілігіне тән. Чуваш тілінде жалпы түркі тілдеріне ортақ қосымшалардан басқа жатыс септік *-ра*, *-че* қосымшаларымен беріледі, *-ра* қосымшасын көне түркі жазбаларында кездесетін осындай қосымшалармен салыстыруға болады. Қазақ тіліндегі үстеулердің құрамында кездесетін жатыс септігі — жалпы түркілік құбылыс.

Шығыс септігі. Көне жазба ескерткіштерінде шығыс жалғауы сирек кездеседі, оның қызметін басқа септік жалғаулары атқарады. Шығыс септігінің формасы кейіннен пайда болған деген пікір бар. Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде шығыс жалғауы кеңінен жұмсалмаса да кездесетінін көреміз.

Текстерде шығыс септік қимылдың шығу орнын білдіріп, *-тан, -тен, -дан, -ден* қосымшалары арқылы беріледі: *оғыздантан* (оғыздан), *өңден* (шығыстан), *беріден* (оңтүстіктен), *йырдан* (алыстан, солтүстіктен). *Оғыздантан көрүг келті.* — Оғыздан тыңшы келді. *Чынтан ығач келіріп өз йараш.* — Чын ағашынан (табыт) жасап келді.

Ескерткіште септік жалғаулары бірінің қызметін екіншісі атқарады: *Түргес қағантан көрүг келті.* — Түргеш қағанынан тыңшы келді. *Йеріме, йыта субыма адырылдым.* — Халқымнан, туғандарымнан айрылдым. Шығыс септігі жасырынып та кездеседі: *Бісінч ай ыды келті.* — Бесінші айда соңымнан келді [7; 126].

Көне ұйғыр жазбаларында негізінен *-дын, -дін, -тын, -тін*, кейде *-дан* жалғауы арқылы жасалады: *күнтің-күннен, теңріден-тәңріден, улустын-ұлыстан.* М.Қашқари сөздігінде шығыс септік жалғауы бірнеше вариантта ұшырасады: *-дан, -ден, -тан, -тен, -дын, -дін, -дун, -дүн, -тын, -тін:* *Мен аны аттын түшірдім.* — Мен оны аттан түсірдім. *Ер евдін чықды.* — Ер үйден шықты. «Кодексте» де ашық, қысаң варианттары қатар қолданылғанымен, қысаң дауысты варианты сирек кездеседі: *сөзүмден-сөзімнен, йолдан-жолдан, йогартын келген-жоғарыдан келген, теңрідін-тәңріден.*

Қазіргі түркі тілдерінде шығыс септік қосымшаларын шамамен үш түрге бөліп қарауға болады. 1-ші түрі деп қазақ тіліндегі *-дан*, яғни ашық дауыстымен келетін варианттар. Бұлар ұйғыр тілінен басқа тілдердің бәрінде бар. 2-ші түрі қысаң дауыстымен келетін варианттар *-дын, -дін, -тын, -тін.* Бұл тек қана ұйғыр тілінде кездеседі. Аффикстің соңғы дыбысына қарай 3-ші түрі деп алтай тіліндегі нұсқасын көрсетуге болады. Түркі тілдерінің барлығында шығыс қосымшасы *-н* дыбысына, ал алтай тілінде айқын мұрын жолды *-ң* дыбысымен аяқталып, *-даң, -дең,* ал хакас, шор тілдерінде *-даң, -дең, -наң, -нең* түрінде қолданылады.

Көмектес септігі. Орхон-Енисей жазбаларында көмектес септігі *-ын, -ін, -ун, -үн.* *Іңгек көлүкін Тоғлада оғуз келті.* — Сиыр көлігімен Тоғладан оғыздар келді. *Көзін көрмедүк кулкакын есідмедүк.* — Көзбен көрмедік, құлақпен естімедік. *Улуг Іркін ерін тезіп барды.* — Ұлы Еркін ерлерімен қашты.

Көне жазба ескерткіштерде көмектес септігінің мағынасын беретін, қызметін атқаратын бірле шылауы жұмсалады: *Бу йірде олурьп, табғач будун бірле.* — Бұл жерде отырып, өмірімді табғач халқымен байланыстырдым. *Еңім қаған бірле ілгерү Йашыл үгүз Шаңтуң йазыка тегі сүледіміз.* — Ағам қағанмен бірге Йашыл өзеніндегі Шаңтуң жазығына дейін соғыстым. *Інім Күлтегін бірле сөзлешдіміз.* — Інім Күлтегінмен сөйлестім [7; 128].

Көне ұйғыр ескерткіштерінде, М.Қашқаридың сөздігінде осы сипатта болып келгенімен, «Кодекс Куманикус» ескерткішінде көмектес септік жалғауы екі түрлі: *-ла, -ле, -ын, -ін.* Мұның екеуі де сирек қолданылады: *йайын-жазын, көңүлін-көңілмен, йаңыла-жаңамен.* Сондай-ақ көмектес септік көбінесе біле, білен шылауларымен іліктесіп келеді: *егі көңүл біле — игі көңілмен, йазуқы біле — жазығымен, сені білен — сенімен* [6].

Көмектес септік арнаулы грамматикалық тұлғасымен қазақ тілінде кездесіп, өзіндік ерекшелігі ретінде көрінсе, қарайым тілінде құралдық септік *-ба, -бе* қосымшалары арқылы кіммен? немен? сұрақтарына жауап береді. Басқа түркі тілдерінде бұл септік жалғаудың қызметін *біле* (білен) шылауы атқарады. Көмектес септіктің мәніне жақын септік жалғауы хакас (*-наң, -нең:* арғызынаң-жолдасымен), тофалар (*-ша, -ше:* бо орукша-бұл жолмен, аң изинше-аңның ізімен), чуваш (*-на, -не:* самахпа-сөзбен) тілінде бар.

Якут тілінде көмектес септігіне ұқсас септік ретінде құралдық (*-ынан, -инэн, -унон, -үнөн:* быһағынан-пышақпен) және біргелік (*-лыын, -тыын, -дыын, -тыын:* оготунуун-баламен) септіктерді айтуға болады.

Қорыта келгенде, қазіргі қазақ тіліндегі септік жалғаулары тұлғалық тұрғыдан аса көп өзгеріске түспей, көне түркі дәуірінен сақталған. Олардың іштерінде қолданудан шығып қалғандары да бар. Ертедегі ескерткіштер тіліндегі бір септіктердің өзге септіктер қызметін атқарып, жүйесіз қолданылу ерекшеліктері өзінің ізін бірден жоғалта қойған жоқ. Түркі тілдері тарихының өте ежелгі кезеңінде есімдіктердің септелуі мен есімдердің септелуінің, сондай-ақ тәуелдеулі септеудің арасында болған жіктеліс қазіргі тілдерде сол сипатында сақталмаған.

Әдебиеттер тізімі

1. *Томанов М.* Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. — Алматы: Мектеп, 1988. — 264 б.
2. Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Ч. II. Морфология. — М.: Изд. АН СССР, 1956. — 334 с.

- 3 Языки мира: Тюркские языки. — М., 1996. — 543 с.
- 4 Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 1992. — 86-б.
- 5 Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. — М.: Наука, 1986. — С. 76.
- 6 Айдаров Г., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. — Алматы, 1971. — 272 б.
- 7 Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. — Алматы, 1976. — 239 б.
- 8 Ибатов Ә. Қазақ тіліндегі есімдіктердің тарихынан. — Алматы: Ғылым, 1966. — 69-б.

М.А.Турсунова, З.Н.Жуынтаева

Характеристика падежных окончаний древнетюркских памятников в современных тюркских языках

В статье проанализированы падежные окончания современных тюркских языков в сравнительно-историческом аспекте. Авторами выявлены общие характерные особенности для падежных окончаний в тюркских языках, которые подтверждаются анализируемым языковым материалом. При описании особенностей падежных окончаний на основе исследований по кыпчакской, огузской, карлукской, булгарской и уйгуро-огузской группам языков рассмотрены фонетические варианты окончаний падежей, их история развития, а также некоторые особенности в отдельных языках. С целью выявления общих черт, различий и особенностей падежных окончаний в тюркских языках исследованы материалы памятников древнетюркской письменности, а также приведены сведения по исторической грамматике тюркских языков.

M.A.Tursunova, Z.N.Zhuynntaeva

The characteristic of declensional endings ancient the Turkic of monuments in modern Turkic languages

The article is devoted to the question of a genitive case in modern Turkic languages in comparative-historical aspect. There is in the article analyzed the general prominent features for a genitive case in Turkic languages which is proved by an analyzed language material. The description of features of a genitive case on the basis of researches on kypchak, oguz, bulgar, karluk, and uigur-oguz groups of languages are considered phonetic variants of the terminations of the given case, history of their development, and also some features in separate languages. With the purpose of revealing of the general features, distinctions and features of a genitive case in Turkic languages materials are resulted of monuments of ancient Turk writings, and also are presented data on historical grammar of Turkic languages.

References

- 1 Tomanov M. *Istoricheskaya grammar of the Kazakh language*, Almaty: Mektep, 1988, 264 p.
- 2 Researches on comparative grammar of Turkic languages. P. II. Morphology, Moscow: Prod. Academy of Sciences of the USSR, 1956, 334 p.
- 3 *World languages: Turkic languages*, Moscow, 1996, 543 p.
- 4 Tomanov M. *Comparative grammar of Turkic languages*, Almaty: Publ. Kazakh University, 1992, p. 86.
- 5 Serebrennikov B.A., Gadzhieva N.Z. *Sravnitelno-istoricheskaya grammar of Turkic languages*, Moscow: Nauka, 1986, p. 76.
- 6 Aydarov G., Kuryshzhanov A., Tomanov M. *Yazyk ancient Turkic of written monuments*, Alma-Ata, 1971, 272 p.
- 7 Esenkulov A. *The terminations in the drevnetyurkskikh written monuments*, Alma-Ata, 1976, p. 69.
- 8 Ibatov Ә. History of development of pronouns in the Kazakh language, Almaty: Gylym, 1966. — 71 p.

Zh.D.Rapisheva¹, A.Tazhikeyeva¹ Z.K.Seidahmetova²

¹*E.A.Buketov Karaganda State University;*

²*Karaganda State technical University
(E-mail: r_zhanat@mail.ru)*

About the borrowed terms in modern Kazakh language

In article questions of the translation of the borrowed terms on the Kazakh language are considered. Authors of article on concrete examples show, from what languages the terminological lexicon, and also ways of transfer of the borrowed terms in modern Kazakh language is borrowed. Analyzing the translations of the borrowed terms on the Kazakh language, prove that the Kazakh words, and also the Russian words and words of the Arab-Persian origin are actively used.

Key words: term, terminological lexis, loan term, international term, state language, translation, formation, stabilization.

Terminology is the means of information exchange, a tool in mastering specialty, important factor of communication between people as a way accelerating technical progress.

In a rapid developing reality of life in the XXI century each individual is known through his efficiency, as a professional in the field of special language (branch of science). In this connection the problem of explaining the essence and nature of terms in the educational sphere becomes urgent.

Terminology is the source of information, and also it's the part of lexis closely connected to it and liable to external changes. Through terminology one can get acquainted with periods, reasons of some historical changes, the origin of civilizations and cultural, scientific, technical potential of language.

As a reflection of a special field of human activity and science terminological system shows the extent to which that knowledge and science have been mastered. Nowadays at a time of rapidly changing concepts and constantly evolving terms loan terms play a significant role in developing national terminology.

Terms conveying scientific concepts can be national, interethnic or international. Term words etymologically are international or common to several languages.

Terminological system of Kazakh language had been formed and systemized during 50–70th of the XX century. The conclusion was drawn that this article was somewhat systemized and the fact that loan, i.e. international terms make up 70–80 percent of Kazakh terminology can be proof to this.

According to scholars, terminologist specialists in order Kazakh language to become state language our terminological structure from the point of view of quantitative proportion, i.e. 70–80 percent of terms in our language have to be purely Kazakh words, and the rest 20–30 percent have to be loan words. This 20–30 percent of foreign words cannot spoil lexis and structure, unique features of our language.

According to some scholars our terminology mostly consist of foreign words for not using national language in the scientific sphere and due to subject specialists getting used to accepting ready-made terms from foreign languages instead of being engaged in term creation. Therefore the role of subject specialists in using state language in different spheres of science and technology, and realizing it in term creation are of great importance. To be more precise it depends on them. But not all subject specialists know requirements applicable to terms, peculiarities of the terminological system, systemizing terms from the linguistic point of view. Therefore due to terminology as a science directly connected with linguistics or formed based on linguistics and in spite of the number of subject specialists who contributed greatly to making terms of certain domains and internally systemizing them in a world experience, those terminologists who conducted terminological works (including the theory of terminology science) and studied different issues of terminology science are mainly linguists [1].

The period of penetration of international terms into our language comes together with the time of Alash intelligentsia's existence. This period is characterized by the valuable thoughts on terminology. A group of scholars led by a leader of Alash intelligentsia A.Baitursinuly shared their opinions on the penetration, acceptance and use of international terms in our language. One of the important directions of this period for our society and national language is that intelligentsia accepted foreign words in accordance with the rules of our language.

Though not all the terms formed by Kazakh intelligentsia during 1910–1930, but most of them were dismissed for nothing. One group of such terms again came into use and take place in terminological fund recently after 70–80 years interval. For example nowadays nominations like *салым* (*deposit*), *әдіс* (*method*), *әдістеме* (*methodology*), *кеңес* (*council*), *жасақ* (*troop*), *жанартау* (*volcano*) given in the dictionary of N.Karatishkanuly are taken without any change and widely used as officially confirmed terms. Also some terms occurring there *бәсекешілік* (*competition*) nowadays given as *бәсекелестік*, *әкім* (*administration*) nowadays serves as an equivalent of the word *администратор*, *хаттама* (*bulletin*) equivalent of *протокол*, *жарнама* (*advertisement*) as the equivalent of *реклама* penetrate into our terminological fund with either semantic changes or changes in form [2].

Educated Kazakhs of the 20th of the last century called words borrowed from another languages «alien words», «loan words», «foreign words», «strange words», «unfamiliar words» and treated penetration of these words into our language as obstruction. Nazir Torekululy wrote a book «Foreign words» and Koshke Kemengeruly wrote an article on «Alien words» [3].

Accepting foreign words not as our own and referring to them with adjectives *foreign*, *loan*, *borrowing* reflect attitude of language users and intelligentsia to these words at that period. According to Sh.Kurmanbaiuly from the 30s these namings were called as «international terms» and their commonness for languages of many nations and facilitating communication in the scientific-educational field was emphasized [4].

Though they are called «international» on the level of general linguistics, it is known that these terms are made from languages possessing strong linguistic impact as Latin, Greek, English, German, French and etc. The problem of «international» terms in Kazakh terminology is not a recent issue. It has begun from the end of the XIX century, XX century and refers to a problem that has not been solved yet.

«Deinternationalization» is a process in the terminology science against internationalization of the terminological fund. It's the process of mass replacing international terms with the words in native language that resulted from the historical, political and economic and other conditions and made people borrow ready-made terms from other languages. This phenomenon usually starts when science and education, economy of the borrowing languages are developing and the basis of national state is beginning to strengthen. This phenomenon began to emerge recently after gaining independence. According to the pattern of national state and the place our language takes in social life, i.e. according to the linguistic situation in the country it is noticeable that the process of «deinternationalization» in our country is very slow and weak [5].

Most of the linguistic (loan) terms in our language are Greek, Latin words accepted by means of Russian and remaining portion is Arabic, Persian and Russian words. For instance, Latin words: *бейімделу* (*adaptation*) — *аккомодация*, *кемсіту* (*humiliate*) — *дискриминация*, *үдеме* (*gradation*) — *градация* and etc; **Greek words:** *қолтаңба* (*autograph*) — *автограф*, *кезең*, *мезгіл* (*period*) — *период*, *ақсүйек* (*aristocrat*) — *аристократ* and etc; **English words:** *сұхбат* (*interview*) — *интервью*, *көшбасшы* (*leader*) — *лидер* and etc.; **German words:** *сауыт* (*vessel*), *қап* (*box*) — *футляр*, *азат жол* (*paragraph*) — *абзац*, *бедел* (*authority*) — *авторитет* and etc; **French words:** *ырғақ*, *әуез* (*timbre*) — *тембр*, *сән* (*decor*) — *декор*, *шумақ* (*couplet*) — *куплет*, *таңдаулы* (*elite*) — *элита* and etc; **Arabic and Persian words:** *Koran* — *құран*, *mosque* — *мешіт*, *hadji* — *қажы*, *caliphate* — *халифат*, *hadith* — *хадис*, *chess* — *шахмат*, *shah* — *шах*, *madrasah* — *медресе*.

There are international concepts in our language with their suitable equivalents: *опатор* (*orator*) — *шешен*, *диск* (*disk*) — *табақша*, *колорит* (*colouring*) — *реңк*, *орация* (*ovation*) — *қошемет*, *гонорар* (*honorarium*) — *қаламақы* and etc., there are lots of borrowed terms adapted to the phonetic rules of Kazakh language: *мрамор* (*marble*) — *мәр-мәр*, *артист* (*artist*) — *әртіс*, *роль* (*role*) — *рөл*, *номер* (*number*) — *нөмір* and etc. We can notice increased number of international terms from periodicals and other sources of information. Some of them were translated into Kazakh as they are and have already been formed when terms in national language were paid great attention, while others were used in pairs, and the rest were used in the initial form. For example, *композитор* (*composer*) — *сазгер*, *мелодия* (*melody*) — *әуен*, *презентация* (*presentation*) — *тұсаукесер*, *мода* (*fashion*) — *сән*, *музей* (*museum*) — *мұражай*, *статуя* (*statue*) — *мүсін*; *аранжировщик* (*arranger*) — *аранжировкасын жасаушы*, *өңдеуші*, *реставрация* (*restoration*) — *қайта өңдеу*, *қалпына келтіру*, *шедевр* (*masterpiece*) — *жауһар*, *үздік туынды*, *ирония* (*irony*) — *кекесін*, *тәлкек*, *дикия* (*diction*) — *айқын сөз*, *мақам*, *лимит* (*limit*) — *шек*, *меже*, *реплика* (*replica*) — *қағымпа*, *ілікпе сөз*, *пафос* (*pathos*) — *шаттық*, *шабыт*, *рубин* (*rubine*) — *лағыл*, *лал*, *трафарет* (*stencil*) — *үлгі*, *таптауырындық*; *дирижер* (*conductor*), *нота* (*note*), *натюрморт* (*still life*),

амфитеатр (amphitheater;), *трилогия* (trilogy), *драма* (drama), *ария* (aria), *экран* (screen), *цирк* (circus), *балет* (ballet), *жанр* (genre), *рояль* (piano), *соната* (sonata) and etc.

The word «*терапевт*» (therapist) used in Russian and Kazakh Czechs call «*интерниста*» (internist), French call «*жэнеэралист*» (généraliste) and Spanish call «*тэрапэута*» (terapeuta). If you remember that French «*ширюржэен*» (chirurgien), Italian «*кирупро*» (chirurgo) is given by one more international term «*хирург*» in our language, medical service and treatment will be given in time. What Russian and Kazakhs call «*журнал*» in French is «*ревю*» (revue), in Italian «*ривиста*» (rivista), Spanish «*рэвиста*» (revista), Czech «*часописи*» (časopis) [6].

Lots of factors impact on the adaptation and formation of foreign terms in our language. The role of mass media, books, textbooks and etc. are of great significance in term formation. But we can notice that in recent times variants written in Kazakh are not well formed, for example: *Пекин*, *дискі*, *зауым*, *Жапон* and etc.

Intentionally working on term formation, replacing it with linguistic units in the national language and longing consciously to accept it are the important issues not only within framework of modern terminology, but also on the level of language. The fact that Russian language which underwent the formation process during centuries and now being an office management language is a donor language, i.e. «nourishing» and Kazakh language is a «recipient», borrowing language impacts on a process of translating and using international terms. To be precise, office management terminology of Kazakh language found own equivalents to Russian traditional office management terminology such as *резолуция* (resolution), *печать* (stamp), *командировка* (business trip), *заседание* (session), *совещание* (meeting), *удостоверение* (certificate), *оформление* (documentation), *выпуска* (extract), *рассылка* (distribution), *отправка* (mailing) in Kazakh as *бұрыштама* (resolution), *мөр* (stamp), *мөртабан* (notehead), *иссанар* (business trip), *отырыс* (session), *кеңес* (meeting), *күәлік* (certificate), *рәсімдеу* (documentation), *үзінді* (extract), *жіберілім* (distribution), *жөнелтілім* (mailing) and also there are hundreds of terms penetrated from foreign languages recently, for example *импичмент* (impeachment), *инаугурация* (inauguration), *имидж* (image), *презентация* (presentation), *рейтинг* (rating), *маркетинг* (marketing), *мониторинг* (monitoring), *брокер* (broker). The main duty of ours is to direct, systemize this terminological stream properly selecting it and using for our own need. At the moment our language is undergoing a terminological boom the issue of finding Kazakh equivalents to loan terms still has lots of problems.

According to scholars there are generally two sources of the deficiency of the terminological row of Russian language [7]. Nowadays terms that are called Russian and the three fourths of the words actively used in its scientific and social life are originally foreign and it's known that they were introduced into Russian not according to a certain system but repeating each-other and inaccurately. This fact generated artificial, inappropriate types of homonymous, polysemic and semantic phenomena, increased terminological row and influenced on the incorrect opinion about its scope in the mentioned terminological system. For example, there are many homonyms derived from loan words in Russian *лук* — 1. *weapon*; 2. *plant*; *Брак* — 1. *marriage*; 2. *faulty*; *Бар* — *bar* 1. *small restaurant*; 2. *unit of air pressure*; 3. *part of the car*; 4. *sliding sand on the riverside*. The word *бар* here came into Kazakh and together with meanings *удму/ to go* (*уду/go*) and *имеется/ there are*, number of homonymous meanings reaches six.

There are many several meanings of foreign words and root syllables in Russian that were borrowed without any selection. For example the following syllable *-нат* coming at the end of the word denotes 1. A kind of disease (*невронат*, *психонат*), 2. doctor's specialization (*гомеонат*, *аллонат*); and the syllable *-ит* denotes 1. A person (*одессит*), 2. A type of illness (*бронхит*), 3. A mineral (*малахит*), 4. A lower hyperoxide (*сульфит*). Similar to these syllables *зоос*, *биос* coming from Greek both mean life. Also it is known that the direct meaning of foreign words usually is far from its terminological meaning. For instance, D.S.Lotte saying that *idiom /идиома* denotes *language* (Spanish) and *peculiarity of language* (Russian), and *vianda/вианда* denotes *meal* (Spanish) and *meat* (Russian), he calls such words «translator's false friends». There are many cases when words we accept conditionally and use in one meaning can denote another thing in the source language. For example, the words *смена/ shift*, *митинг/ rally*, *салют/ salute*, *кулуар/couloir*, *реализация/realization*, *комплимент/ compliment*, *линия/line*, *дистанция/distance*, *адрес/address*, *интеллигент/intellectual*, *дирижер/ conductor*, *марш/ march* are said to have another primary meanings in some research works. Due to particular and universal circulation of foreign words in Russian even a single word can denote various notions belonging to different spheres distant from one another and this made some terms possess as many meanings as there are spheres they are used in. For instance, universal terms such as *зона/zone*, *фигура/figure*, *кран/ crane*, *фаза/phase*, *фон/background*, *агрегат/ aggregate*, *дисперсия/ dispersion* shouldn't be translated word-for-word but rather be classified according to their meanings and be

given by a single word. Although meanings are based on different notional signs terms named by one word according to the system of Russian language should be given Kazakh equivalents due to their meaning and not be given with a single word as in Russian. For example, *зона/ zone* should be given with different words as 1. *белдем/ lentil (geol.)*, 2. *аймақ/ region (metal)* and *бухта/ bay* as — 1. *орам/ coil (metal.)*, 2. *қойнау/ bay (geogr.)* [8].

One term was translated differently and used in a different way in various textbooks and scientific works for some time: *консенсус/ consensus* — *бәтуә, мәмле, келісім, жалпы пікір*; *баланс/ balance* — *дәрегей, теңгерім* — *шегерім/ subtraction*, *шегерме, кеміту, жеңілдік*; *спонсор/ sponsor* — *демеуші, мияткер, қолдаушы*; *вклад/ deposit* — *салым, аманат ақша*; *доход/ income* — *кіріс, табыс*; *ценная бумага/ security* — *құнды қағаз; бағалы қағаз*; *приоритет/ priority* — *артықшылық, басымдылық, басым бағыт*; *семья/ family* — *отбасы, жанұя* and etc.

We can see such parity in any specialized field. Also there are some terms used inconsistently in spite of the official confirmation by terminological committee. Even though most of the terms have Kazakh equivalents confirmed by terminological committee, they are not used stably or used with their foreign variants parallelly: *әлеум/ potential (потенциал)*, *мәртебе/ status (статус)*, *көлік/ transport (транспорт)*, *мәтін/ text (текст)*, *сынып/ grade (класс)*.

A lot of important changes, events, news take place in the history of Kazakh language since the time we gained independence. One of the peculiarities inherent to this period is that words borrowed from Arabic revived and gained their terminological feature. Oriental elements used till the October revolution giving way to Russian words came back and began to be used again. As an example we can refer to such renewed terms in the system of modern Kazakh terms: *класс/ grade* — *сынып*, *процент/ percent* — *пайыз*, *аудитория/ classroom* — *дәрісхана*, *лектор/ lecturer* — *дәріскер*, *текст/ text* — *мәтін*, *архив/ archive* — *мұрағат*, *виза/ visa* — *рұқсатнама*, *автобиография/ autobiography* — *өмірбаян*, *таможня/ customs* — *кеден*, *информация/ information* — *ақпарат*, *алфавит/ alphabet* — *әліпби*, *коллектив/ collective* — *ұжым*, *компетенция/ competence* — *құзырет*, *конфискация/ confiscation* — *тәркілеу*, *шкала/ scale* — *шәкіл*, *космос/ space* — *ғарыш*, *проблема/ problem* — *мәселе*, *юстиция/ justice* — *әділет* and etc. The reason of this linguistic phenomenon is that such changes within a language being a spirit of nation are connected with the changes in a consciousness. It became a strict norm to use Kazakh equivalents to the units coming originally from Arabic, Persian which were used in a parallel way.

Transparency of the meaning of term and knowledge of its form contributes not only to mastering science and knowledge, but also to better memorizing it for a long time. It would be a big mistake to ignore this side of an issue [9].

In order to understand informative nature of term we have to bear in mind that it's a naming of special concepts and means of transferring that special information. Resisting a flow of modern information and analyzing them in time, realizing systematically linguistic reflection of the news of science and technology are not easy things to be done.

Using potential of Kazakh language to the maximum is the main element of making a linguistic system that will provide Kazakh society with the information flow coming from all parts of the world. Therefore it's obvious that introducing Latin namings which are considered to be international terms unscrupulously would damage worldview role of terms corresponding to national conception.

Generally there are two sources of forming terminological lexis of any language. One of them is national language and the second one is languages of other nations. According to scholars the former is an internal source of term formation and the latter is an external source. Using these sources is directly connected with the level of development of science and education and the role of national language in social life. However, if we peer into the history of the development of Kazakh terminology dominant impact of extralinguistic factors on its formation is quite obvious [10].

In order to be among languages with developed scientific terminology (there are 60 languages around the world in this list) we have to fulfill much work in systemizing, standardizing terms.

Nowadays in the process of globalization Kazakh people are trying hard to strengthen its economic, political and cultural connections with English-speaking countries. As a result there is increasing number of loan words in Kazakh language. Mastering and studying English words and word combinations penetrating into our language in huge numbers go behind the process of word exchange. Therefore in our opinion we should research the function, ways and methods of conjoining loan words in the accepting language.

References

- 1 Kurmanbaiuly Sh. *A book of a terminologist*, Astana: Yer-Daulet, 2007, p. 6.
- 2 Kenzhemuratova S.K. *Digest*, 2005, p. 12–15.
- 3 Kurmanbaiuly Sh. *Alash and science of terminology (Kazakh terminology of the beginning of the XX century. 1910–1930 years)*, Almaty: Yel-shezhire, 2008, p. 18.
- 4 Kurmanbaiuly Sh. *Scientific principles of the development of Kazakh terminology*, Almaty: Sozdik-Slovar, 2004, p. 96.
- 5 Kurmanbaiuly Sh. *Terminology science*, Almaty: Atlas, 2006, p. 24.
- 6 Ivanov V. *Terminology and borrowings in modern Chinese*, Moscow, 1983, p. 63.
- 7 Aitbayev O. *Kazakh word (Fundamentals of Kazakh terminology)*, Almaty: Rauan, 1997, p. 89.
- 8 Kurmanbaiuly Sh. *Sources of terminological fund formation and ways of term formation*, Almaty, 2005, p. 25.
- 9 Superanskaya A.V., Podolskaya N.V., Vasilyeva N.V. *General terminology: Theoretical issues*, Moscow, 1989, p. 99.
- 10 [ER]. Access mode: www.tilbilimi.kz

Ж.Д.Рапишева, А.Тәжікеева, З.Қ.Сейдахметова

Қазіргі қазақ тіліндегі кірме терминдер жайында

Мақалада қазіргі қазақ тіліндегі кірме терминдердің аударылу барысы, сондай-ақ берілу тәсілдері мен жолдары қарастырылды. Авторлар қазіргі кезеңдегі кірме терминдердің қай тілдерден кіріп жатқанын анықтап, олардың белгілі дәрежеде тұрақтана бастағанын, оларды аудару барысында қазақ сөздері кеңінен қолданылғанын, сондай-ақ араб-парсы, орыс сөздерінің қолданылу ерекшеліктерін нақты мысалдармен көрсетті.

Ж.Д.Рапишева, А.Тажикеева, З.К.Сейдахметова

О заимствованных терминах в современном казахском языке

В статье рассмотрены вопросы переводозаимствованных терминов на казахский язык. Авторами статьи на конкретных примерах показаны, из каких языков заимствована терминологическая лексика, а также способы передачи заимствованных терминов в современном казахском языке. Проанализированы переводы заимствованных терминов на казахский язык, доказано, что активно используются казахские слова, а также русские слова и слова арабско-персидского происхождения.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Құрманбайұлы Ш. Терминтанушы құралы. — Астана: Ер-Дәулет, 2007.
- 2 Кенжемұратова С.К. Халықаралық терминдердің қазақ тіліне ену кезеңі // Жинақ. — Астана, 2005. — 10–20-б.
- 3 Құрманбайұлы Ш. Алаш және терминтану. (XX ғасыр басындағы қазақ терминологиясы. 1910–1930 жылдар). — Алматы: Ел-шежіре, 2008. — 240 б.
- 4 Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. — 198 б.
- 5 Құрманбайұлы Ш. Терминтану. — Алматы: Атлас, 2006.
- 6 Иванов В. Терминология и заимствования в современном китайском языке. — М., 1983. — 205 с.
- 7 Айтбаев Ө. Қазақ сөзі. (Қазақ терминологиясының негіздері). — Алматы: Рауан, 1997. — 240 б.
- 8 Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. — Алматы, 2005. — 238 б.
- 9 Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Общая терминология: Вопросы теории. — М., 1989. — 165 с.
- 10 [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: www.tilbilimi.kz

С.Ә.Рахымберлина, М.Қ.Жүнісова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: sagila_a@mail.ru)***Қазақ ономастикалық кеңістігіндегі бейресми кісі есімдерінің орны**

Мақала қазақ ономастикалық кеңістігіндегі есімдердің түрлерін анықтауға арналған. Автор қазақ антропонимикасындағы ресми және бейресми есімдердің арақатысы, түрлері және өзіндік ерекшеліктері туралы ономаст-ғалымдардың пікірлерін негізге ала отырып, өзіндік көзқарасын білдіреді. Тарихи тұлға есімдерінен келтірілген мысалдар негізінде ресми-бейресми есімдер, негізгі-қосалқы есімдер, лақап-бүркеншік есімдердің ерекшеліктерін көрсетеді. Есімдердің ортақ және өзіндік ерекшеліктерін нақтылай келіп, оларды ажыратудың критерийлерін ұсынады.

Кілт сөздер: ономастикалық кеңістік, антропонимика, бейресми есім, қосалқы есім, лақап есім, бүркеншік есім, антропонимиялық «аталым».

Тіл білімі сөздігінде «ономастикалық кеңістік» ұғымына «нақты бір тарихи кезеңде бір мекенде орналасқан тілдік қауымдастықтың ақиқат және қиял-ғажайып нысандарды атауы үшін қолданатын барлық жалқы есімдердің жиынтығы /кешені/» деген анықтама берілген [1]. Тілші-ғалымдар ономастикалық кеңістіктің өз бойында өткен дәуірлердің белгісін сақтай отырып, халықтың қазіргі кезеңдегі ұғым-түсінігі арқылы көрінетін әлем бейнесі ретінде анықталатынына зор мән береді [2].

Ономастикалық кеңістік өз ішінде антропонимика, топонимика, зоономика, этнономика, теонимика т.б. ономастикалық өрістерге бөлінеді. Ономастикалық кеңістіктің негізін құрайтын ядросы антропонимдер болып табылады. Оған көршілес топонимдер, зоонимдер, теонимдер, мифонимдер т.б. орналасса, прагмоним, фалероним, эргоним т.б. есімдер топтары шеткері (перифериялық) позициядан орын алады. Антропонимдердің өз ішіндегі жағдайға келсек, орталық ядросы болып кісінің төл есімі, оған жақын есімнің квалитативті тұлғалары, фамилия және әкесінің аты орналасса, лақап және бүркеншік есімдер ядродан тысқары аймақтан орын алған. Кеңістіктегі есімдердің орналасуы олардың қолданылу дәрежелерін ғана емес, зерттелу жайларын да айғақтайды. Ядродан неғұрлым сыртқары орналасқан есімдер — зерттеушілердің назарын соңғы кездерде ғана аударып бастаған нысандар.

Антропоним (гр. *адам және есім*) — адамды атау үшін қолданылатын барлық жалқы есімдердің тобы. Олар кісінің төл есімі, тегі (фамилия), әкесінің есімі, лақап есім, бүркеншік есім, қосалқы есім сияқты түрлерге ажыратылады.

Кісі есімдерін атқаратын қызметі мен қолданылу ерекшеліктеріне қарай ресми және ресми емес (бейресми) топтарға бөліп қарастыруға болады. Ресми есімдерге құжаттарда жазылған, мемлекеттік тіркеуде заңмен бекітілген кісінің төл есімі, әкесінің аты, тегі жатса, бейресми есімдерге белгілі бір ортада ғана, көпшілік жағдайда уақытша қолданылатын, таралу ауқымы шектеулі лақап ат, бүркеншік есім және кісінің өз есімінен жасалған не туыстық қатынасты білдіретін құрметтеу, еркелету, жақсы көру мәніндегі қосалқы есімдері жатады.

А.В.Суперанскаяның жалпы есім мен жалқы есімнің айырмашылығы туралы айтқан мына пікірі ресми-бейресми есімдердің арақатысын дәл анықтайды: «Кез келген заттың, яғни объектінің жалпы есімі болатын болса, оның жалқы есім иемденуі міндетті емес. Ал егер де заттың жалқы есімі болса, оның міндетті түрде жалпы есімі бар деген сөз. Бұдан келіп шығатын қорытынды: жалқы есім дегеніміз — затты басқа біркелкі заттардан ажырату, жалпы есімін анықтау, толықтыру үшін қойылған екінші атау» [3]. Яғни адамның бейресми есім түрлерін иемденуі міндетті емес, ал егер де адамның бейресми есімі бар болса, оның міндетті түрде ресми есімі бар деген сөз. Бейресми есімдер — адамның төл есімін толықтыратын, анықтап-ажырататын не жасыратын қосымша атау.

Есімдер ресми-бейресми болып екі топқа бөлінгенімен, трансонимизация құбылысы арқылы бір топтағы есімнің келесі топқа өтуі, сол арқылы халық жадында және тарихта адамдардың заңды түрде бекітілген ресми есіммен емес, бейресми есіммен қалуы жиі кездесетін жағдай.

Ұлтымыздың когнитивтік санасынан мәңгілік орын алған Мөде, Абылай хан, Әйтеке би, Қабанбай, Абай, Шоқан, Сәкен, Балұан Шолақ, Жаяу Мұса, Қаныш, Евней т.б. сияқты тұлғалардың тарихта кейінгі бейресми есімдерімен қалғаны осының дәлелі. Шежірелерде ру, тайпа, халықтың

шығу тегі, таралуы және ерекше оқиғалар мен атақты адамдар, олардың есімдері, көбіне қосалқы не лақап есімдері, олардың қойылу себептері туралы баяндалады. Шежіре ауызша да, жазбаша да таралып отырған. Көне дәуірлерден жеткен жәдігерлер қатарында Рашид-ад-диннің «Жылнамалар жинағы», Захираддин Бабырдың «Бабырнамасы», Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и-Рашиди», Әбілғазы Баһадүрдің «Түрік шежіресі», Жалайыр Қадырғали би Қосымұлының «Шежірелер жинағы» («Тарих-и Ораз-Мұхаммед»), Ш.Уәлихановтың «Қырғыз шежіресі», Ш.Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі», Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Қазақ шежіресі» т.б. атауға болады. Кейінгі кезде жарық көрген С.Толыбеков «Қазақ шежіресі», Ж.Бейсенбайұлы құрастырған «Қазақ шежіресі», бұлардан басқа шежірелік деректер туралы құнды пікірлер Ә.Марғұлан (Шежіре. Қазақ шежіресі //Қазақ совет энциклопедиясы), С.Мұқанов, С.Аманжолов, Ә.Қайдар (Қаңлы (тарихи шежіре) т.б. еңбектерінде көрініс тапты.

Түркі тілдері, оның ішінде қазақ тіліндегі кісі есімдері, олармен қатар немесе орнына қолданылатын есімнің басқа да түрлері туралы алғашқы ой-пікірлерді біз түркі халықтарына ортақ тарихи ескерткіштерден кездестіреміз. Ғалым Ғ.Айдаров «Күлтегін ескерткіші» атты ғылыми-зерттеу еңбегінде тарихи тұлғалар, олардың есімдері жайлы нақты тарихи деректерді келтіреді. VIII ғ. мұрасы болып табылатын ескерткіште кездесетін 20 шақты кісі есімі, негізінен, хан, қолбасшылардың және Күлтегінді жерлеуге қатысқан әр рудан келген өкілдердің есімдері екені айтылады. Бумын қаған, Білге (Могилян) қаған, Ілтеріс (Құтлұғ) қаған, Істемі қағандармен қатар, Нең (иран сөзі, «жақсы, қайырымды») сеңен (әскербасы), Тадықын Чор — түркі әскерінің қолбасшысы т.б. аталады. Есімдерге берілген түсініктемеден олардың кісінің шын есімі емес, лауазым атаулары мен лақап аттары екендігін көреміз [4].

Түркі тілдерінің бірінші салыстырмалы сөздігі және ең бірінші филологиялық зерттеу — XI ғ. ескерткіші — Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ит түрк» сөздігінде 98 антропоним келтірілген. Ғалым аталған еңбегінде: «Қылыч хан — Хақания бектерінің құрметті аты. Бұл қылыштай өткір хан деген ұғымды білдіреді» деген түсініктеме береді. «Ат» сөзінің адамның төл есімі және лақап есім, жасырын ат мағынасында қолданылатынын айта келіп, «Афрасияп — Алып Ертона батырдың нағыз аты <...> Бәкәж — тегіндердің лақап аты. <...> Сөкмән — батырларға берілетін лауазымдардың бірі» деп кісі есімі, лақап есімдерімен қатар лауазым атауларын келтіріп, олардың қойылу уәжіне де тоқталады [5].

XVI–XVII ғасырларда өмір сүрген тарихшы әрі мемлекет қайраткері Қадырғали Қосымұлы Жалайырдың «Жами ат-тауарих», яғни «Шежірелер жинағы» атты еңбегі мол тарихи және ономастикалық материал беретін дереккөз ретінде танылады. Зерттеушілер еңбекті мұсылман дінінің әсері бар шығарма деп таниды. Шежіреде Оғыз ханның алла тағаланың құдіретімен бір жасында өз атын өзі қойғаны, Шыңғыс ханның сегізінші атасы Буданжар ханның екі бауырымен әкелері қайтыс болғаннан кейін «құдайдың құдіретімен... ана құрсағында нұрдан жаратылғаны», сол бабадан Шыңғысханның ұрпағының тарағаны туралы айтылады [6; 28–36]. Еңбектің Шыңғыс әулеті ұрпақтарының шежіресіне қатысты үшінші бөлімінде кісі аттарымен қатар лақап есімдер мол кездеседі. Автор олардың берілу уәжіне қысқаша тоқталып отырады: *Тарқұтай-Қырылтұқ* «Ол Шыңғыс хан арасында көп жаман әрекет ұйымдастырды, дұшпандық қылып еді. Көп жаман пиғылды еді. Мағынасы «*Қырылтұқ*» — «қастық етуші» болады. Өз туысқандарымен де көп дұшпандық етісті» [6; 40]; Шыңғыстың үшінші атасы Қабыл ханның үлкен ұлы *Өкин Тарқан* (мағынасы «укин» — Хұб Сахиб сұлу, қыз суретті деген), кіші ұлы *Тудан-Отчигин* (мағынасы «отчигин» моғолша кіші (кенже) ұлын айтады, яғни ата-анасының оты, жұрты-малы, туар қарасы, үйі, тірлігі кіші ұлына қалады, оны моғол отчигин дейді. <...> Шыңғыстың өз әкесі Исуге-Баһадурдың бес ұлының Темужиннен кейінгісі *Жошы Қасар* есімді еді. Мағынасы «Жошы Қасар» былайша, «қуатты, құрметті деген ұғым. <...> Көп баһадурлық ерлік қылды. Сол жолдан Жошы Қасар атанды» деген түсініктеме беріледі [6; 42–44]. Келтірілген деректер тарихта осындай тұлғалардың болғанын атап қана қоймайды, сол дәуір антропонимиясы: түрлері, құрамы, уәж, этимология мәселелері туралы мол мағлұмат береді.

Антропонимика тарихында Ю.Немет, Л.Рашони, Л.Н.Гумилев, В.В.Радлов, С.Е.Малов, А.Н.Бернштам, Н.А.Баскаков, И.А.Батманов т.б. сияқты шет ел және орыс ғалымдарының ғылыми талдаулары мен пікірлері көрнекті орын алады. Л.Н.Гумилев өзінің «Древние тюрки» атты еңбегіндегі ономастикалық кестеде көне түркі ескерткіштерінде кездесетін хан-сұлтандардың титулдарын және лақап есімдерін жеке-жеке келтіреді: *Бумын, Тегин-шад, Тонг-джабгу-хан* (ұлы жабгу), *Тардуи-шад, Дулу-хан, Ышбара, Тонг шад, Ирбис Ышбара джабгу-хан, Дулу-джабгу,*

Багадур джабғу т.б. титул, *Янды* — Жеңді (лақап есім); Тапу хан — лақап есімі *Патра* (садақа жинайтын будда тостағаны); Баға Ышбара хан — лақап есімі *Барымташы*; Юн ұлығ — лақап есімі *Әуелеген тағдыр*; Түзлік — лақап есімі *Арадыр*; Бахадүр жабғу — лақап есімі *Нушиби баһадүр*; Ілбіс, Ышбара Халлығ — лақап есімі *Қалқыған* [7].

Н.А.Баскаков көптеген орыс фамилияларының түркі есімдерінен не лақап есімдерінен жасалғандығын айтып, оның себебін түркі халықтары мен орыс халқының тығыз қарым-қатынасынан іздейді [8]. Кей зерттеушілердің шығыс халықтарының өмірі мен рухани-мәдени құндылықтарын арнайы мақсатта зерттеген миссионер болғандарына қарамастан, ономастика ғылымының дамуына тигізген еңбектері атауға тұрарлық.

Қазақ кісі есімдерінің қойылу үдерісіндегі әдет-ғұрып, наным-сенімдердің орны туралы Ш.Уәлихановтың зерттеулерінен кездестіреміз. Ғалым «Қазақ шежіресі» атты еңбегінде ел басындағы құрметті адамдардың есімдеріне түсінік беріп отырады: «Ұлағатты ескі сөздерде Жәнібек ақылдылығымен Әз атанған, қазақтар оны Әз Жәнібек дейді. Әз Жәнібектің дана, білгір, шешен биі — Жиренше Шешен болған. Жиренше Шешен айтыпты деген қанатты сөздер қазақ арасында өте көп. Жиренше есімінің ел арасында тапқырлық пен шешендіктің символы болуы, Жәнібек пен Жиренше Шешеннің қосарлана айтылуы тегін болмаса керек» дей келіп, «шешен» сөзінің түп-төркіні *дана*, *ақылды* деген мағынаны білдіретін көне монғол сөзі екенін айтады [9]. А.Байтұрсынов — кісі есіміне тіркесетін анықтауыш-эпитет пен титулдардың ерекшелігін, есімдердің прагматикалық қызметін алғаш байқап, құнды пікір айтушы тұңғыш ғалым [10]. Профессор Қ.Жұбановтың кісі есімдерінің синтаксистік құрылысы, тіркесу қабілеттері туралы ойлары, сондай-ақ жалқы есімдердің жалпы есімге өту үдерісі, ерекшеліктері туралы зерттеулері күні бүгінге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ [11].

Ғ.Мұсабаев есімдердің қосалқы түрлерінің болатыны, олардың кімге берілетіні туралы: «Көне мәліметтерде кісінің аты (есімі) үстіне лақап ат қосқан. Олардың ақсақалдарына, тайпа бастықтарына, батыр-бектеріне, хандарына бала күнінде қойылған есімінің үстіне сайланған күні немесе белгілі бір уақытта лақап ат берген. Біріншіден, атау «ел», «батыр», «ер» «оң», «күн», «ай» деген сияқты болуы немесе белгілі елдің, тайпаның атын немесе жердің, аймақтың аты қосылады екен. Мысалы: Ил (ел) хан, Иле (Иле — өзен аты) хан, Ер Шаньюй Деу Сарын-тағ (өзінің бала күніндегі аты Сарын оған (дәу) тау дегенді қосып айту міндет етілген» деп мәлімдейді [12].

Бейресми топтың көлемді бөлігін иемденуші қосалқы (жанама) есімдердің табиғаты, ерекшелігі, жасалу жолы, лақап және бүркеншік есімдерден айырмашылығы сияқты мәселелер ғалым-зерттеушілердің назарын аудармай қалған жоқ.

Есімдердің аталған топтары жөнінде ономаст-ғалым Т.Жанұзақов: «Қазақ есімдері қоғамда және күнделікті өмірде атқаратын функциясы мен құрылысына қарай бірнеше салаға бөлінеді. Адамның шын атымен қатар лақап, қосалқы есімдердің болуы өмірде бар құбылыс. Қосалқы аттар табиғаты мен түсінігі жағынан лақап аттардан ерекше болғанымен өзара байланысты болып келеді»,— дей келіп, қазақ тіліндегі қосалқы аттардың үш түрлі жолмен жасалатындығын көрсетеді: «Бірінші, ислам дініне сәйкес құраннан қойылған ат және үй ішінде, туған-туыс арасында аталатын ат. Мәселен, Мұханбетрақым — *Мұқамбай* т.б. Екінші, ислам діні бойынша құраннан я кітаптардан қойылған есімдерді қазақылап, қысқарта айту. Мәселен, Ибраһим — Абай, Мұхаметқанафия — *Шоқан*, Сәдуақас — *Сәкен*, Шаймерден — *Шәкен*, Әбдірахман — *Әбіш*, Мағрипа — *Мағыш*, Гүлбаһрам — *Күлташ*, *Күләш* т.б. Қосалқы аттардың үшінші түріне қазіргі кезде кеңінен қолданылып жүргендері жатады. Бұл әдіс бойынша, паспорттағы аттан басқа тұрмыста қолданылатын қосалқы аты болады. Еркін — *Эрик*, Жолдасбек — *Жора*» деп, түркі халықтарында мұсылман діні негізінде құраннан қойылған аттармен қатар, әр адамның таза ана тілінде қойылған есімдері болатындығына тоқталады [13]. Ғалымның қосалқы есімдерді жасаудағы алғашқы екі тәсілді бөлек қарастырып отырғандығын біріншісінің, яғни эмоционалды-экспрессивтік мәнді қысқарған есімдердің, еркелетуге байланысты қойылатынын, екінші топтың бейтарап оним, яғни тек қазақылап қысқартудан туатынын ажырату мақсатынан деп түсінеміз. Біздің ойымызша, аталған екі тәсілді бір ғана топ етіп қарастыруға мүмкіндік бар сияқты. Себебі екеуі де араб тілі арқылы кірген есімдер, екіншіден, екеуіне де жақсы көру, еркелетуден туған жағымды эмоция тән. Үшінші топ қазақша есімдердің қысқартылып қолданылған тұлғалары болып табылады. Бұл топқа да экспрессивтілік тән. Есімдердің қысқартылып қолданысқа түсуі қай кезде де орын алған. Бүгінгі күні де бұл жағдай жиі кездеседі, тек араб тілінен кірген есімдер ғана емес, қазақтың өз төл сөздерінен жасалған есімдер де түрлі эмоционалды-экспрессивтік реңкте қолданылады. Жақсы көру, еркелету мақсатымен кісінің қазақша өз есімінен жасалған қосымша есіммен елге танылған тұлғалар қатарында: *Әйтеке* /Айтық/, *Ақан сері* /Ақжігіт/

т.б. жатса, қазіргі кезде орыс тілінің ықпалымен жасалған *Едико* /Едіге/, *Мадико* /Мадияр/, *Жасик* /Жасұлан/, *Дунчо* /Думан/, *Айка* /Әйгерім/, *Куня* /Қуаныш/ т.б. есімдер бейресми есімнің лақап емес, антропонимиялық «аталым» деп аталатын түріне тән.

Антропонимдердің бейресми тобына жататын эмоционалды-экспрессивтік мәндегі түрлі деминутив есімдердің тілдік табиғаты, қолданылу жүйесі мен ұлттық сипаты М.Д.Мұсабаеваның «Антропонимиялық «аталымдардың» этнолингвистикалық сипаттамасы» атты зерттеу жұмысының арнайы нысаны болды. Зерттеуші осы топқа жататын есімдерді антропонимдік «аталымдар» деп атай отырып, туыстық мағынадағы «аталымдар» мен кісінің төл есімінің түрлі мақсатта қысқартылып қолданылуынан туатын антропонимиялық «аталымдарға» қатысты сөздердің тақырыптық, мағыналық және қолданыс ерекшеліктеріне тоқталады [14].

Тарихи тұлға есімдеріне жүргізілген зерттеу жұмыстары есімдердің біразының арабша не қазақша есімдерді қолданысқа ыңғайлы етіп қысқартудан туғанын көрсетсе, кейбірінің аталуына қандай да бір ерекшелік негіз болған лақап есім екенін көрсетеді.

Ғұлама ғалымдар Сәтбаевтың Ғабдулғани есімінің Қанышқа, Бөкетовтің Ибн-Ғабиден есімінің Евнейге өзгеруінің себебін қарастырып көрейік. Қаныш Сәтбаевтың шәкірті Е.А.Бөкетов ұлы ғалымның есімінің өзгеріске түсуін оның атасы Имантай ақсақалдың мұсылманша сауаттылығымен, діндарлығымен, қазақ қоғамының сол кездегі ерекшелігімен, нәрестеге тек арабша есімдердің берілуімен түсіндіреді. («Как Габдулгани стал Канышем? В этом сказались особенности отношения к детям в кочевых казахских семьях. Родители, достаточно просвященные в религиозных понятиях, давали новорожденным имена строго арабские. Обстоятельства, при которых был наречен Каныш Имантаевич, в памяти близких не сохранились. Однако можно полагать, что имя Габдулгани, слагающееся из слов чисто арабского происхождения, было дано сыну Имантая-аксакала, если не по прямому указанию последнего, то, во всяком случае, не без влияния его, ибо он был довольно начитанным мусульманином»). Ал Евней Арыстанұлының арабша қойылған Ибн-Ғабиден есімінің Евнейге өзгеруінің себебіне ғалымның бауыры Қ.Арыстанұлы төмендегіше түсінік береді: «Әжеміздің Ибн-Ғабиденді қысқартып, Ибнай дейтіні есімде. Біз орыс арасында тұрдық қой. Мектепке алғаш барған күні «Как тебя зовут?» деген ұстазға Евекең «Ибнай» десе керек. Ол кісінің Евней деп жазып алып, құжаттардың солай толтырылып кеткенін кейіннен бір-ақ көрдік» (ауызша сұхбаттан). Демек, сөз болған есімнің екеуі де мұсылман дінінің ықпалымен берілген арабша есімдердің қысқартылып, қазақыланған түрлері.

Қазақтың ұлы ақыны Абай (Ибраһим) мен тұңғыш ғалымы Шоқан (Мұхаммедқанафия) есімдерінің екеуінің де еркелету мақсатында қойылғанымен, араларында айырмашылық барлығы байқалады. Ұлы ақынның есімі жөнінде С.Мұқанов төмендегідей ойын білдіреді: «Абайдың азан шақырып қойған аты — Ибраһим — пайғамбар есімі. Кейін шешесі еркелетіп «Абай» деп кеткен. Қазақта «Абай» — *сақ, көреген* мағынасында қолданылатын сөз. Шешесінің де, халықтың да оны Абай атауы сондықтан болуы ықтимал. Біраз жұрт Абайды «Құнанбайдың Ыбырайы» деп те атаған» [15]. Келесі бір пікір «Есімдер сыры» атты еңбекте келтірілген: «Абай — ел ағасы дегенді білдіреді. Тува тіліндегі *абзыгай* — *от ағасы*, аға, татар тіліндегі *абзыхай*, *ағай* сөздерімен төркіндес» [16]. Ибраһимнің бұл есімге ел ағасы болғанда ғана ие болмағанына, әжесі Зере мен анасы Ұлжанның бала кезінен Абай атандырғанына көңіл аудара отырып, Ибраһим — Ибрай //Ыбырай — Абай тұлғасын кішірейту, еркелету мақсатымен аталған адамның төл есімінен жасалған қосалқы есім, яғни антропонимиялық «аталым», болар деп ойлаймыз. *Ыбырай* /Ибраһим/ Алтынсариннің есімі де бұл ойымызды дәлелдей түседі.

Ал Шоқан есімінің жайы мүлде бөлек. Жазушы-композитор І.Жақанов оның Мұхамедқанафия деген өз есімінің Шоқан аталуына қатысты белгілі архитектор Шота Уәлихановтың: «Естуімше, Шоқан бала кезінде әжесі Айғанымнан бір елі қалмай, қасында тізесіне сүйеніп шоқиып әңгіме тыңдап отыра береді екен. Содан әжесі еркелетіп Шоқаш, Шоқыбай, Шоқан атап кеткен» деген пікірін келтіреді. Осы пікірге біз де қосыла отырып, есімнің берілуіне, біріншіден, естеліктерде сақталғандай, бала кезінде-ақ ойынның соңында кетпей, үлкендердің әңгімесін шоқиып отырып тыңдайтын, әжесінің соңынан шоқаңдап еріп жүрген жас баланың тұлғасы уәж болса, екіншіден, Шоқан есімінің Мұхамедқанафиядан қысқармайтыны тағы белгілі. Халқымыз мұндайда «Адам болар баланың кісіменен ісі бар, адам болмас баланың кісіменен несі бар» дер еді. Осы орайда ұлттық әдебиетімізде өзіндік орны бар жазушы Б.Майлиннің есімі туралы да айта кеткен орынды болар: «Б.Майлиннің азан шақырып қойған аты Бимұхамет. Әжесі не іске болса да бала кезінен бейім екенін аңғарып, әрі қазақтың жақсы көрген сәбиін еркелетіп айтатын әдетіне салып, «Бейімбет» деп кеткен»

[17]. Соған карағанда, Ибрагим — *Ибрай/Ыбырай* — Абай; Сәдуақас — Сәкен; Ғабдулғани — *Қаныш*; Ибн-Ғабиден — *Ибнай* — *Евней* есімдері еркелетуден туған қосалқы есім де, *Шоқан*, *Бейімбет* — лақап есімдер.

Соңғы топтағы лақап және бүркеншік есімдердің өз ішіндегі жағдайға келсек, аталған екі есімнің ара-жігін ажыратуда кедергілердің кездесіп қалатыны жасырын емес. Әрбір есімдер тобының ерекшелігіне қарамастан, бірімен-бірін шатыстыру, екі есім түрінің қайсысына жататындығын анықтауда түсініспеушіліктер бар. Бұл, біріншіден, екі есім түрінің де төл есімге қосымша сипаты болса, екіншіден, екеуіне тән «жалған, шын есім емес» деген қарапайым түсініктің сөздіктерде нақтылануы. Мысалы, «Қазақ тілінің сөздігінде» лақап атқа «жалған есім» [18], ҚТТС-де «жасырын, жалған ат, бүркеншік ат» деген түсіндірме беріледі [19]. Ғылыми-көпшілік әдебиеттер мен баспасөз бетінде мынадай деректердің кездесуінің себебін сондықтан деп ойлаймыз: «Бүркеншік есімдердің төл атауға айналып кеткен мысалын да әдебиет пен мәдениет тарихынан табамыз. Мысалы, «Үкілі Ыбырай» (Ыбырай Сандыбайұлы), «Балуан Шолақ» (Нұрмағанбет Баймырзақұлы), «Албан Асан» (Асан Барманбекұлы) — автордың шын есіміне айналған жанама аттар» [20]. Автордың бүркеншік есімге теліп отырған есімдердің (соңғы есімнен басқасы) шын мәнісінде лақап есім екендігі анық. Өйткені Ыбырайдың да, Нұрмағанбеттің де бұл есімдерді өз қалауларымен тандап алмағандары, екі жағдайда да есімді беруші халық екені ақиқат.

Демек, лақап ат, бүркеншік есім және антропонимиялық «аталымдарды» ортақ белгілеріне қарап бейресми кісі есімдері деп жалпы атаумен қатар, олардың өзіндік ерекшеліктеріне қарап жекелеген түрлерге бөліп қарастырамыз. Олардың арақатысы, айырмашылықтары түрлі критерийлер арқылы белгіленеді.

1. Қосалқы (жанама) есімдер:

- кісінің төл есімінің белгілі бір бөлігін сақтау арқылы қысқартылады;
- әдетте, сәби кезінде қойылып, жақсы көру, еркелету мәнді болып келеді;
- отбасында, яғни күнделікті тұрмыста, қолданылады;
- мағынасы анық болмайды.

2. Лақап есімдер:

- аталушының белгілі бір (жағымды-жағымсыз) қасиетіне байланысты қойылады;
- кісінің төл есіміне қатысты болмайды;
- апеллативтің мағынасы айқын, аталу уәжі белгілі;
- қосалқы есімге қарағанда, таралу ауқымы кеңірек.

Аталған ерекшеліктердің шартты түрде екендігін ескерте кеткен орынды болар, себебі есімнің екі түріне де түрлі эмоциялар тән, екеуі де күнделікті қолданысқа (әсіресе отбасында) ыңғайлы, соған лайықталған. Қосалқы есімдер, әдетте, отбасы не туыстар арасында ғана қолданысқа ие болса (мысалы, Едіге/Едіко, Наурызбай/Нәукен, Мадияр/Мадико), лақап есімдердің таралу ауқымы одан гөрі кеңірек, яғни ауыл көлеміне дейін болуы мүмкін. Жоғарыда аталған тарихи тұлға есімдеріне қатысты деректер қосалқы есімнің де, лақап есімдердің ұлттық-халықтық деңгейге дейін жеткендіктерінің куәсі болып табылады.

Қорыта келгенде, есімдердің бейресми тобына жататын қосалқы, лақап, бүркеншік сияқты түрлерінде кісінің төл есіміне қарағанда, ұлттық сипат, ұлттық мінез-құлық, ұлттық ерекшелік басым болып келеді. Тілден тыс түрлі әсерлерге қатысты туған бейресми есімдер тобының кісінің төл есіміне қосымша есім болып таңылып, кей жағдайда оны мүлде ауыстырып, үнемі қолданыста болғандықтан, ресми сипат алатынын байқауға болады. Бұдан ол есімдер ресми болып кетеді деген пікір тумаса керек. Тарихи тұлға есімдерінің кітаптар мен оқулықтарда берілу тәртібі бұл ойымызға дәлел бола алады: *Абай* (Ибраһим) Құнанбаев, *Шоқан* (Мұхаммедқанафия) Уәлиханов, *Абылай хан* (Әбілмансұр), *Шал ақын* (Тілеуке Құлекеұлы) т.б. Бейресми есімдердің өз ішіндегі жағдайға келсек, бір қарағанда ұқсас көрінетін есім түрлерінің әрқайсысының қолданыста және мағыналық ерекшеліктері барын байқаймыз. Ғалым-этнограф А.Сейдімбековтің сөзімен айтар болсақ, «осынау есімдерден адамның табиғи бітім-жаратылысы мен мінез-құлқы ғана мен мұндалап тұрған жоқ, мұнан халықтың түйсік-танымы, дүниені өз қабылдау ерекшеліктері заңдылықтары бойынша көре білетін көңіл зердесі де айқын байқалады».

Әдебиеттер тізімі

- 1 Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. — М.: АН СССР, 1988. — 192 с.
- 2 Суперанская А.В., Сталтмане В.Э., Подольская Н.В., Султанов А.Х. Теория и методика ономастических исследований. — М.: Наука, 1986. — 256 с.
- 3 Суперанская А.В. Структура имени собственного (фонология и морфология). — М.: Наука, 1969. — С. 38.
- 4 Айдаров Ф. Күлтегін ескерткіші: Зерттеуі. — Алматы: Ана тілі, 1995. — 61–64-б.
- 5 Қашқари М. Түбі бір түркі тілі («Диуани лұғат ит-турк») — Алматы: Ана тілі, 1993. — 25–28-б.
- 6 Жалайыр Қ. Шежірелер жинағы. — Алматы: Қазақстан, 1997. — 128 б.
- 7 Гумилев Л.Н. Древние тюрки. — М.: Наука, 1967. — С. 464.
- 8 Баскаков Н.А. // Антропонимика — М., 1970.
- 9 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. 2-бас. — Алматы, 1985. — 119-б.
- 10 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. — Алматы: Ана тілі, 1992. — 277-б.
- 11 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. — Алматы: Ғылым, 1999. — 409-б.
- 12 Мұсабаев Ф. Қазақ тілі мен грамматикасы тарихынан. — I-б. — Алматы, 1966. — 92-б.
- 13 Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы: лингвистикалық және тарихи-этнографиялық талдау. — Алматы: Ғылым, 1971. — 75-б.
- 14 Мұсабаева М.Д. Қазақ тіліндегі антропонимиялық «атаалымдардың» этнолингвистикалық сипаттамасы: Филол. ғыл. канд. ... автореф. — Алматы, 1996. — 27-б.
- 15 Мұқанов С. Қазақ қауымы: тарихтық және этнографиялық шолу. — Алматы: Ана тілі, 1995. — 275-б.
- 16 Жанұзақов Т., Есбаева К. Есімдер сыры. — Алматы, 1974. — 11-б.
- 17 Бейісқұлов Т. Бейімбеттің 71 бүркеншік аты // Егемен Қазақстан. — 2003. — 26 ақп. — № 45–48.
- 18 Қазақ тілінің сөздігі / Құраст.: Т.Жанұзақ. — Алматы: Дайк-Пресс, 1999. — 443-б.
- 19 ҚТТС. — 7-т. — Алматы: Ғылым, 1983. — 48,49-б.
- 20 Бәйменше С. Псевдоним деген не? // Зерде. — 2003. — № 3.

С.А.Рахымберлина, М.К.Жунусова

Место неофициальных имен в ономастическом пространстве казахского языка

Статья посвящена определению видов имен в ономастическом пространстве казахского языка. Авторами проанализированы взгляды ученых-онимастов о видах и особенностях официальных и неофициальных имен в казахской антропонимике, а также об их взаимосвязи. На основе конкретных примеров выделены группы официальных-неофициальных, основных-дополнительных имен, а также псевдонимов и прозвищ. Охарактеризованы их общие признаки и отличительные особенности, предложены критерии отличия названных групп имен.

S.A.Rahymberlina, M.K.Zhunusova

Place of informal names in onomasticheskyy space Kazakh language

Article is devoted to definition of types of names in onomasticheskyy space of the Kazakh language. The author analyzes views of scientists-onomastov about types and features of official and informal names in Kazakh anthroponimics, and also about them interrelation. On the basis of concrete examples allocates groups of official-informal, main-additional names, also pseudonyms and nicknames. Characterizes their general signs and distinctive features, offers criteria of difference of the names told groups.

References

- 1 Podolskaya N.V. *Dictionary of the Russian onomasticheskyy terminology*, Moscow: Academy of sciences of the USSR, 1988, 192 p.
- 2 Superanskaya A.V., Staltmana V.E., Podolskaya N.V., Sultanov A.H. *Theory and technique onomasticheskikh of researches*, Moscow: Nauka, 1986, 256 p.
- 3 Superanskaya A.V. *Struktura of a proper name (phonology and morphology)*, Moscow: Nauka, 1969, p. 38.
- 4 Aydarov G. *Pamyatnik Kyultegin. Research*, Almaty: Ana tili, 1995, p. 61–64.
- 5 Kashkari M. *Ancient Turkic language («Duani lugat it-turk»)*, Almaty: Ana tili, 1993, p. 25–28.
- 6 Zhalayir K. *Genealogical collection*, Almaty: Kazakhstan, 1997, 128 p.

- 7 Gumilyov L.N. *Ancient Turkic peoples*, Moscow: Nauka, 1967, p. 464.
- 8 Baskakov N.A. *Antroponimika*, Moscow, 1970.
- 9 Ualikhanov Sh. *Favourites. 2 prod*, Almaty, 1985, p. 119.
- 10 Baytursynov A. *Theory of Language*, Almaty: Ana tili, 1992, p. 277.
- 11 Zhubanov K. *Researches on the Kazakh language*, Almaty: Gylym, 1999, p. 409.
- 12 Musabayev G. *From history of the Kazakh language and grammar*, I p., Almaty, 1966, p. 92.
- 13 Zhanyzakov T. *History of the Kazakh names: Linguistic and historical and ethnographic analysis*, Almaty: Gylym, 1971, p. 75.
- 14 Musabayeva M.D. *Etnolingvisticheskaya the characteristic the antroponimicheskikh «nominative» in the Kazakh language*. Cand. phil. sci. ... avtoref., Almaty, 1996, p. 27.
- 15 Mukanov S. *Kazakh society: Historical and ethnographic analysis*, Almaty: Ana tili, 1995, 304 p.
- 16 Zhanuzakov T., Esbayeva K. *Secrets of names*, Almaty, 1974, p. 11.
- 17 Beyiskulov T. *Beyimbet's 71 pseudonyms // Egemen Kazakhstan*, 2003, February, 26, 45–48.
- 18 *Dictionary of the Kazakh language / Originators: T.Zhanuzak*, Almaty: Dayk-Press, 1999, p. 443.
- 19 *Explanatory dictionary of the Kazakh language, 7-t.*, Almaty: Gylym, 1983, p. 48, 49.
- 20 Baymenshe S. *Zerde*, 2003, 3.

ӘОЖ 81. 42:811.512.122.

А.З.Қазанбаева

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: k_ainagul@mail.ru)

Төлеген Айбергенов лирикасы тілінің көркемдігі

Мақалада Т.Айбергенов лирикасы тілінің лингвистикалық табиғаты қарастырылған. Ақын лирикасындағы сөзқолданыстар бейнелігімен, айшықты мәнерлігімен айқындалып, әрбір ұлт тілінің көрінісі болып табылатындығы айтылған. Олардың лексика-семантикалық мәні, стильдік қызметі, мәтін ішіндегі қолданысы берілген. Т.Айбергенов ешкімге ұқсамайтын сөз өрнектерімен ерекшеленіп, образды сөзқолданыстар ақын лирикасының көркемдігін, шынайылығын, мағыналылығын, ерекшелігін көрсететіні лингвистикалық талдау негізінде берілген. Т.Айбергенов өзінің лирикасының тілі арқылы қазақ поэзиясында қолтаңбасын қалдырған ақын екендігі айқындалған.

Кілт сөздер: сөз құдіреті, ұлттық сипат, бейнелі-көркем сөздер, стильдік қызметі, лингвостилистика, шеберлік, поэтикалық тіл, тілдік құралдар, эстетикалық деңгей, сурет-образ, контекст, поэзия, метафоралық қолданыс, семантикалық мән-мағына, экспрессивтік бояу.

Кез келген халықтың сарқылмас мәдени мұрасын танытатын ұлттық тілі екені белгілі. Өйткені «Қай халықтың болса да қоғамдық өсу-өркендеу жолында көтеріле алған биігі мәңгі болып ана тілінде сақталып отырады. Қай халықтың болса да ақыл-ой тереңдігі, сана-сезім сергектігі көп салалармен тармақтала-молыға келіп, тағы да сол ана тілінің алтын қорына қосыла береді. Қай халықтың болса да басынан өткен дәуірлері, қилы-қилы кезеңдері ана тілінде із қалдырмай өте алмайды. Ана тілі дегеніміз — сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі»,— деп академик жазушы, ұлт тілінің тазалығын ойлаған сөз зергері Ғабит Мүсіреповтің осылай шегелеп айтуының қазірге дейін құндылығы жоғары екенін, қанша уақыт өтсе де көкейкестілігін айқын көреміз [1].

Сондықтан ана тіліміздің қадір-қасиетін биікке көтеріп, қастерлей отырып, оның жетілу, даму, толығу, баю процесін жан-жақты зерттеп, жас ұрпақ санасына жеткізу бүгінгі өмір талаптарының бірі десек те болады. Оқырманын ойлантип, санасын сәулелендіретін көркем әдебиет тілінің орны айрықша екені сөзсіз. Эстетикалық деңгейі жоғары, айтар идеясы айқын, мазмұны терең көркем шығарма оқырманға сөз құдіреті арқылы жетеді. Сөз құдіреті арқылы суреткер тілінің әсемдігі, көркемдігі, тілдік құралдар мен тәсілдерді орнымен жұмсап, сөз қазынасын молынан пайдаланып, сөздерді қиыстырудағы ұтқырлығы, шеберлігі, даралығы, өзіндік жаңалығы танылады.

Тілшілер көркем шығарманың тілін лингвостилистикалық тұрғыдан талдай отыра, ондағы тілдік тәсілдер жүйесін қарастырса, ал әдебиетшілер көркем шығарманың тілін зерттеуде «... оның идеялық мазмұнын, сюжеттік тұтастығын, жеке образдар мен характерлердің жасалу заңдылықтарын, осылармен байланысты жазушының кейбір өзіндік шеберлігін талдаумен шектеледі» [2].

«Поэзияға келсек, мұндағы лингвостилистикалық ізденістер мүлде ерекше болмақ. Ең алдымен, поэзияның өзі «тұнып тұрған» образдылық (бейнелілік) болса, сол образдылықты жасайтын құралдар мен тәсілдерді зерттеу міндеті тұрады. Лингвистикалық стилистика көркем сөздің ерекшеліктерін зерттейтін болғандықтан, оған ырғақ, эвфония, поэтикалық синтаксис, сөз арқылы берілетін бейне /словесный образ/ сияқты тарамдарды қамтитын лингвистикалық поэтика кіреді. Поэзия тілін лингвистика тұрғысынан зерттегенде, ең алдымен, ондағы образ жасампаздық мәселесі көзделеді. Ал образ жасампаздық тіл элементтерін жазушының өз қаламында жарата білуі арқылы пайда болады. Сөз — образдардың түрлерін, оның ұлттық бояуын тануда поэзия стилистикасының міндеті» [3], — дейді тіл жанашыры, көрнекті ғалым Р.Сыздықова. Жоғарыда айтылған пікірге сүйене отырып, поэзия тілін зерттеудің өзіндік ерекшелігі және қиындығы бар екендігін айтып кетуімізге болады. Поэзиялық туындыларда сөз өзінің тура мағынасынан гөрі, астарлы мағынада қолданылып, сөз-бейнелер көбінде контексте ашылып, тұтас бір сурет жасап тұрады. Өлең тілінің кереметтілігі сонда, ондағы образдардың тілдік элементтермен сомдалып оқырманға жетуі, жетіп қана қоймай оны ойландыруы, көңілінде түрлі ассоциациялар туғызуы, оның жан-дүниесін жадыратып, сезімін селт еткізіп, рухани деңгейін көтеріп биіктетеді.

Қазақ поэзиясының көгінен өз орынын тапқан озық ойлы таланттарымыз көп. Олар өлең өлкесінде өздерінің шығармашылық бай лабораториясын жасап, шеберліктерін танытып қазақ жыр-қазынасының таусылмас байлығын жасап кетті.

Жетпісінші жылдар поэзиясына зер салатын болсақ, таланттарымыздың санаулысының бірі де бірегейі, лирикалық жырлардың жыршысы болған, тылсым табиғат тілін түсініп қана қоймай, оны шынайы сөйлеткен, саналы ғұмырын жыр-құдіретке арнаған Төлеген Айбергенов болатын. Ақын өзінің «Ақындық» деген өлеңде поэзияның оңайлықпен тумайтындығын, оның жолы ауыр болатындығын, талант, шеберлік, жауапкершілік, ақындық интуиция бәрі өлеңге, құдіретті сөз өнеріне қызмет ететінін айтады.

*Ақын боп өмір кешіру оңай деймісің, қарағым,
Аузында болу бұл өзі сыздаған барлық жараның.
Көкірегіңе құйып ап әлемнің асқақ бар әнін,
Қосудың арналысы бұл тоғыспас жолдар торабын.
Нахақтан күйіп баратса нұрлы күн үшін бір тұтқын,
Кес-кестеп барып кеудеңді оғына тосу мылтықтың.
Қалдырмау үшін ұятқа күнәсіз мынау дүниені,
Жамау қып басу өзіңді аузына барлық жыртықтың.*

Қазақ поэзиясында өзінің поэтикалық шеберлігімен, қуатты лирикасымен, жалпыхалықтық лексиканы ұтымды қолданған, сөз ойнатудағы ерекшелігімен айрықша танылған ақындарымыздың бірі — Төлеген Айбергенов еді. Әрбір суреткердің шығармашылығын танытудағы негізгі сүйенері — тілі. Эстетикалық деңгейі жоғары, айтар идеясы айқын, мазмұны терең көркем шығарма оқырманға сөз құдіреті арқылы жетеді. Сөз құдіреті арқылы суреткер тілінің әсемдігі, көркемдігі, тілдік құралдар мен тәсілдерді орнымен жұмсап, сөз қазынасын молынан пайдаланып, сөздерді қиыстырудағы ұтқырлығы, шеберлігі, даралығы, өзіндік сөз саптауы танылады.

Қазақтың талантты ақындарының бірі — Төлеген Айбергенов өлең өлкесінде поэтикалық тілге бай да құнарлы, образды лирикасымен ерекшеленеді. Ақын өлеңдері көркемдік-эстетикалық жағынан өте жоғары және сөз қолданудағы өзіндік стилі анық байқалады. Ақын өлеңдерінде семантикалық мән-мағынасы мен стильдік бояуы айқын, бір-бірімен үндесе айтылатын әрі бірін-бірі нақтылап, толықтыра түсетін сөзқолданыстардың тобын жинақтап, жүйелеп келтіреді. Белгілі ғалым Р.Ғ.Сыздық: «Поэтикалық тіл әрдайым метафора, эпитет, теңеу сияқты көріктеу құралдарының санымен, тіпті сапасымен танылмайды, суреткердің өз міндетіне алған эстетикалық талаптарына сәйкес болмысты тіл арқылы әсерлі де бейнелі түрде көрсете білуінен танылады», — деп айтуы орынды деп білеміз [4; 8]. Өйткені поэзия тұтастай образды сөздер тізбегінен тұрмайды, ешбір экспрессивтік бояуы жоқ сөздермен, сөз тіркестерімен берілуі де мүмкін. Т.Айбергенов поэзиясында жалпыхалықтық лексика ұтымды қолданылып, көркем де шебер беріліп, оқырман сезіміне ерекше әсер ететінін өлеңдеріне лингвистикалық талдау жасау барысында байқаймыз.

Төлеген Айбергенов — табиғаттың тілін терең түсініп, сөзден сурет салып, образды сөз өрнектерін қолдана білген ақын. Табиғаттың тылсым құпия сырларын суреттеуде тілдік элементтерді ұтқыр қолданып, сөз оралымдарын еркін ойнатып жұмсайды. Табиғат ақын лирикасында адаммен байланыстырылып жанды бейне, динамика ретінде алынады, атап айтар болсақ, *тау, өзен, көл, тас, бұлт, жұлдыз, ай, күн, аспан, жер, жаңбыр, нөсер, жел, жапырақ, гүл, аяз, қар* — заттық ұғымның атауларын бір-бірімен байланыстырып тұтастай гармония жасайды. Табиғаттың құпиясын жырлауда ақын ұлы Абай дәстүрінің жалғастығын танытады, бірақ өзіндік түйсігімен, түсінуімен, қабылдауымен, талғампаздығымен тереңдетіп береді және сөз-образдарды шебер қолдана біледі. Оның табиғат туралы қай өлеңін оқысақ та, жанды бейне көз алдымызда сөз кестелер арқылы өріліп сурет-образ болып тұрып қалады. Осы сурет-образдар ақын суреттеуінде жалпы халыққа түсінікті тілдік элементтер арқылы түзілген. Ақын сөзқолданыстарды ұтымды қолданып, сөз арқылы образ жасайды. Ойымыз дәлелді болу ақын үшін өлеңдеріне тоқталайық:

*Ұқсаған көктегі ай асқан шамға —
Аспанға бейне шоқтан басқан таңба.
Жұлдыздар жез шегедей жымыңдаған
Шашылған ақ шекердей дастарқанға.
Көк әуе — көзі қыздың москвалық,
Бұлт жатыр биік таудан жастық алып.
Қаңтардың қалшылдаған қатты аязы
Барады тәнді үсітіп, тасты қарып.
Суықтан дала жатыр тұмауратқан,
Мұртына теректердің қырау қатқан.
Айналып қуғыншы жел жүгіріп жүр
Әуілдеп үрген иттей құр аулақтан.
Аяздан алма жүзі арайланып,
Жүр әне, күзетші шал қора айналып.
Дәл қазір нені ойлап тұр екен ол,
Телміріп бір нүктеге қарай қалып...*

Жалпыхалықтық лексиканы қолдана отырып, сөзден бояуы қалың картина жасап, табиғаттың тірі көрінісін көз алдымызға алып келеді. Образды сөзқолданыстарды қолданбай-ақ қарапайым лексикалық қолданыстарды барынша шынайы бергенін көреміз. Тәуелсіз табиғаттың объективтік бейнесін поэзияның тіліне бағындыра отырып суреттейді. Сөзқолданыстарын орынды жұмсап әсерлі де мәнерлі етіп жеткізіп берген. Ұғымға түсінікті сөздердің рет-ретімен түзілуі өлеңнің барлық жүгін арқалап, стильдік бояуын қалыңдата түседі. Текстті түзуші тілдік элементтердің қызметі әр шумақта жалғасын тауып ой нақтыланып, айқындалып, сөздердің қолданысынан образды айқын көреміз. Әрі тексттің оқырманға жетуі, ой-санасына әсері дамытыла көрсетіледі. Өлеңдегі табиғат — қозғалысты беруінде поэтикалық тон мүлдем басқаша өрілген. Т.Айбергенов лирикасындағы ерекше көңіл аударатын тілдік қолданыс — құбылтуды өте шебер қолданады. Құбылту дегеніміз табиғат құбылыстарына немесе жалпы жансыз заттарға тірі адамның қылығын, қимыл-әрекетін теліп суреттеу екенін білеміз. Ақынның төрт-ақ жолдан тұратын төмендегі үш өлеңіне назар аударайық:

* * *

*Сыңсиды жел қобызын бұрап тартып,
Қалмады қырға біткен қияақтан түк.
Телміріп тас төбеден ай төнеді,
Аспанда алтын қазан сияқтанып.*

* * *

*Аймалап ерке желі жан денені,
Бозарып қылаң беріп таң келеді.
Малынып шығар күннің шұғыласына
Көк құрақ мың құбылып сәнденеді.*

* * *

*Аяздан тұрған жан жоқ өзін біліп,
Сақтапты тау ғана тек төзімділік.
Шебер қыс көлді ұқсатып бір ғалымға,
Көзіне іліп кетіпті көзілдірік.*

Төрт-ақ жол өлеңге ақын қаншама шынайылықты сыйғызып, сөзден сурет салудағы өзіндік даралығын таныта түседі. Осы жоғарыда берілген шумақтарда көзге ерекшеленіп тұрған тілдік қолданыстар болмаса да, ақын жалпыхалықтық лексиканы шебер сөйлете білген.

Жел қобызын тартып сыңсыса, аспаннан ай төніп қарап тұр. Күннің шұғыласына көк құрақ сәнденіп тұрса, шебер қыс сурет салып тұрғанын байқаймыз. Және ерке жел денеңді аймалап, көк құрақ сәнденеді, яғни адамның іс-әрекеті жансыз табиғатқа телініп, сөзден салынған сурет оқырманын бір тұңғыық ойға жетелейтіні анық. Қашанда табиғатты түсінген, сезінген, аялау керектігін білген ақынның сөз саптауындағы жинақылықты, тілдік оралымдарды ықшам да ұқыпты орнын тауып жұмсағанын байқаймыз.

Ақынның туған жерге деген махаббатын, табиғатты жанындай сүйгенін жалпыхалықтық лексиканы қолдана отырып, өте шынайы жеткізіп бергенін байқадық.

*Күн бикеш көк жиектен құлап кеткен,
Самал жел сыбырлайды құрақты өпкен.
Сүңгітіп тереңіне жұлдыздарды,
Сақырлап қайнап жатыр бұлақ біткен.
Тосшы сен құлағыңды аңдай қалып,
Барады кең дүние әнге айналып
Нар қамыс суылдаса жер бауырлап,
Бақалар тамсанады таңдай қағып.*

Екі шумақтан ғана тұратын өлең мәтінінде ақын табиғат көріністерін суреттеп бере отырып, қазақ тілінің лексикалық байлығын барынша шынайы қолданып, текстегі сөзқолданыстарды әсерлендіре түседі. Сөз-образдар арқылы жанды суретті көз алдымызға алып келеді және қарапайым сөзқолданымдар негізінде табиғатты сөйлетіп, оқырманын алға жетелейді.

Тазалық, мөлдірлік, тереңдік, сұлулықтың символы — бұлақты талай ақын жырлады. Бірақ Төлеген ой мен сезімді ұштастыра отырып, образды сурет жасады. Бейнелі сөздерді қолданбай-ақ, жалпыға түсінікті тілмен ойын дәл, нақты, мәнерлеп жеткізіп берген.

Түнгі бұлақты суреттеуде грамматикалық формаларды (зат есім, сын есім, есімдік, етістік, етістік формаларын) белгілі бір стильдік қызметте жұмсайды. «Күн бикеш көк жиектен құлап кеткен» ерекшеленіп тұрған тілдік қолданыс екенін байқаймыз. Метафоралық қолданысты «күн бикеш» орнын тауып жұмсайды әрі бейнелілікті айқын көрсетіп береді. Әрі сөз ойнатудағы шеберлігін байқатады.

Ақынның «Далада» өлеңінде де табиғаттың тылсым күшін, жанды образдармен суреттеп береді. Бейне бір табиғатқа тіл біткендей күйде боласыз.

*Айна көл тұнып тұрған шарадағы,
Қымызды көз алдыңа келтіреді.
Ұялшақ сәби талдың жағадағы,
Етегін гулеп ойнап жел түреді.
Нұ қамыс жарыса өскен шулап күліп,
Қайтадан түрегелді сұлап тұрып.
Толқыны жардан құлап, аунап тұрып,
Сұңқылдап бұлақ жатыр сыр ақтарып.
Судырлап жатыр орман жалғастырған.
Ауыл мен асқар таудың екі арасын,
Қызыға тыңдап көріп тұрмын қырдан.
Даланың тоқсан тарау операсын.*

Ақын лирикасында экспрессивтік сөздерді, лексикалық қабаттарды, морфологиялық тұлғаларды, синтаксистік қайталауларды, көркемдегіш амалдарды текст түзу үшін ғана емес, мәтіннің стильдік бояуын қалыңдата түсу үшін әрі өлеңнің көркемдік көкжиегін кеңейтіп, эстетикалық өрісін биіктету үшін қолданады. Мысалы, ақын қолданысындағы «Қара орман керек, қап-қара орман, түп орман. Көзіндей менің жарымның» деген жолдарынан орман сөзін үш рет қайталау арқылы интонацияны күшейтіп, әрі орман сөзін сын есімнің (негізгі, күшейтпелі шырай) шырай қолданысы арқылы нақтылап, оқырманының назарын аударта түседі. Осындағы «қара орман» тіркесі ауыспалы мағынада берілген және ну, қалың орман деген тіркестердің синонимі болып тұр. Ақын экспрессивті сөздерді қолдану арқылы өлең мәтінінің стильдік бояуын қалыңдата түседі. Мысалы:

*Көрсең зой, шіркін, бәрін де көзбен көрсең зой,
Жатыр-ау менің жазира далам өлшенбей.
Осынша сазбен ынтызар қылған аймаққа
Бір әсем дария керек-ақ екен дәл сендей.*

Осы қолданыста «шіркін» сөзінің стильдік қызметі ерекше көрініп, мәтінге күшейту қызметін қосып тұрғанын байқаймыз. Және етістіктің өлеңнің басында, соңында екі рет қайталанып келуі де өлеңге айрықша фон бере түседі. Шылау сөздер де өлеңге динамика беріп, текстен жай хабарлау емес, нағыз қозғалыстың бар екенін байқатады, яғни жай шылау сөздердің (*жатыр-ау, керек-ақ*) грамматикалық қызметінен гөрі стильдік қызметі айқындала түскен. Ақын өлең мәтінде-ау, ақ-шылауларын белгілі бір мақсатпен қолданып отырған.

Экспрессивті сөздерді, образды айшықты сөз тіркестерін қолданбай-ақ, ақын төрт жолдан ғана тұратын «Пейзаж» өлеңінде табиғаттың жанды суретін, тамаша көрінісін көз алдымызға алып келеді.

*Көк шықты таудың тарғыл тасын жасырып,
Арықтан сулар жатыр тасып ағып,
Аямай жерге төгіп алтын нұрын
Күн көзі күлімдейді қасын қағып.*

Сонымен қатар «Көктем әуендері» шағын ғана өлеңде көктем көрінісін аса шебер бере отырып, өлеңдегі динамика анық байқалады. Жалпыхалықтық лексика өз орнымен жұмсалып, мәтінге айрықша стильдік фон беріп тұрғанын көруімізге болады.

*Төбеде найзағай жарылып,
Аспанға келді кеп сойқанды.
Қыстағы қаймағы алынып,
Өзеннің күбісі шайқалды.
Шағала шаттана ән бастап,
Көлге кеп үдетті қиқуды,
Кеудесін көтерді тау да асқақ,
Бүршігі үлбіреп гүл тұрды.*

Табиғат пен адам әрекеті бір-біріне жақындастырылып, адамның әрекеті арқылы табиғатқа жан бітіре отырып, өлеңнің эмоциялық әсерін күшейте түседі. Бұл өлең жолдарынан ешқандай да экспрессивтілік, айрықша сөзқолданыстар көрінбейді, бірақ ақын қарапайым жалпыхалықтық лексиканы қолданып өзіндік стилін байқата түседі.

Дыбыстық қайталаулар (*Күн көзі күлімдейді*) өлеңнің түріне ғана емес, мазмұнына да қатыстылығы байқалады. Өлеңнің үніне, әуеніне дыбыстық құрылымның айрықша әсерін көреміз. **К** дыбысымен келген аллитерациялық қолданыс орнымен жұмсалып, дыбыстар гармониясының да өлең тексіне әсерін және стильдік қызметі айрықшаланып тұрғанын байқаймыз. Өлеңнің көркемдігі жекеленген тілдік элементтерден тұрып, күрделі ассоциация тудырады. Т.Айбергенов лирикасын оқып отырғанымызда ерекше назар аударатынымыз, туған жер, табиғат ұғымдары оның творчествосының негізгі өзегі іспетті. Ақын лирикасынан тіл иірімдерін аса сезімталдықпен қолданғанын, сөзді таңдап, тауып жұмсау даралығын көреміз.

Тілші-ғалым Р.Ғ.Сыздық: «Өлең тілін зерттеуде мақсат — шығарма мәтінінде көркемдіктің әйтеуір бар екенін көрсету емес, сол көркемдіктің оқырман сезіміне қалайша әсер ететіндігін дәлелдеу. Өлеңнің көркемдігін оның поэтикалық тілі көрсетеді. Поэтикалық тіл дегеніміз сөзбен түскен әсем кестелер болса, сол кестелерді төгетін амалдардың көрінісін зерттеу лингвистикалық ізденіс үлесіне тиеді»,— ақын тілінің көркемдігін зерттеудің маңыздылығын, қажеттілігін айтады [4; 28]. Ақынның поэтикалық тілі арқылы оның көркемдік әлемі ашыла түсіп, сөзқолданымдар мәтін ішінде айрықша стильдік жүк арқалайды.

Төлеген Айбергенов лирикасының лингвистикалық табиғатын қарастырғанда назар аударатынымыз — оның халық тілінің байлығын, оның мүмкіншіліктерін қаншалықты пайдаланғанын, әдеби тіліміздің дамуына қосқан үлесін, өзіндік қолтаңбасы мен өрнегіне айрықша мән береміз. Жекелеген суреткердің жазу мәнері мен стилін өзгелерден даралап тұратын өзіндік авторлық қолданыстардың қызметі екені белгілі. Т.Айбергеновтың жалпыхалықтық қолданыстағы сөздерді қолданумен қатар жеке авторлық қолданыстарды /оказионализмдерді/ қолданғанын да байқаймыз. Ақын лирикасынан үнемі табиғатпен, өзі өмір сүріп отырған қоғаммен, өмірдегі болып жатқан сан қилы оқиғалармен тонның ішкі бауындай қабысып жатқан, оқырманын ойлантуға, сендіруге мәжбүр ететін ерекше байланысты байқаймыз. Ақын өлеңдерін оқығанда тағы бір

байқайтын ерекшелігіміз, сөзбен суреттелген өмір, тіршілік құбылыстары тұтас бір картинадай өтіп жатады. Осы тұтас картина ұтымды, оралымды, көркем әрі шебер қолданылған тіл нақышы арқылы көрініс береді. Т.Айбергенов өзінің тілін, стилдік бояуын қалыптастырған ақын деп айтуымызға әбден болады.

Шығарма тілінің көркемдігі суреткердің сөзді аз-көп қолдануында емес, әр сөздің орнын тауып көркем жұмсай білуінде. Ақын сөзді қиыстырып, тиісті жерінде ұтымды қолданып қана қоймай, ойдың түсініктілігін, айқындылығын, дәлдігін беру үшін сөз мағынасын сан жаққа құбылтып жұмсайды және жалпыхалықтық лексиканы орынды қолдана алғанын айқын көреміз.

Т.Айбергеновтың поэтикалық тілі ешкімге ұқсамайтын даралығымен ерекшеленеді, сөз құдіреті арқылы ақын көрікті, әсем, сұлу сөз-бейнелер жасап, әрбір сөзді ойнатып жұмсайды. Сөз-бейнелерінің көріктілігі, әсемдігі, сұлулығы, мағыналылығы, айқындылығы — ол қолданған айшықтау-көріктеу құралдарының негізінде жатыр. Троптың барлық түрін керекті жерінде таңдап жұмсап, қазақ лексикологиясының сөз байлығына мол үлес қосып, өзіндік сөз саптаудағы қолтаңбасын танытады. Ақын лирикалық шығармаларында мәтін ішінде контекстік антонимдер, көп мағыналы сөздер, бір-бірінен асырмалатып берілген синонимдер арқылы адам мен оның жеке басындағы сан қилы өзгерістерді, қоғамдағы алуан түрлі оқиғаларды, табиғат құбылысындағы құпияларды байланыстыра отырып ашып береді. Сонымен бірге фразеологизмдердің жаңа авторлық құрылымдарын жасап, олардың бейне жасаудағы және оны ашудағы стильдік қызметін айқындайды. Ақын лирикасындағы сөзқолданымдар, сөз-образдар стильдік құралдардың бәрі де образдылыққа /бейнелілікке/ қызмет етіп тұрғандығын әр өлеңін оқыған сайын көрініп отырады. Төлеген Айбергенов өзінің лирикасының тілі арқылы қазақ поэзиясына, қазақ тілінің лексикалық қазынасының баюына, одан әрі дамуына айтарлықтай жаңалық қосқандығы белгілі болды.

Сөз құдіретін терең сезінген, қастерлеген, тілдік оралымдарды орнымен жұмсаған, аз ғұмырында мол мұра қалдырған талантты ақын жалпыхалықтық лексиканы сөйлете білді.

*Мен күн сайын теңіз боп ақтарылам,
Бұлбұл болып шулаймын бақтарыңнан.
Көктем жаққа аққулар ұшырамын,
Жазираның ақ түтек ақпанынан.
Басқасынан ажалым жетпес менің,
Жауыздықпен өйткені шектеспедім.
Мен жарақат салмаған семсер едім,
Сондықтан жарқылдаймын,
Әйтпесе өтпес те едім,
Өле берсін күншілдер күйігінде,
Өз ғасырым өзімнің иінімде.
Ақ жаңбырлар тоздырған тау сияқты,
Мен өлемін өзімнің биігімде, —*

деп ақын өзі айтқандай, қашанда адамдықтың, ақындықтың биігінде қалады [5]. Сөзбен шындықты айта білген, сөзден сурет салған ақын еді. Жоғарыдағы өлең жолдарынан ақын рухының асқақтығын ғана байқап қоймаймыз, философиясы терең өлең екенін аңғарамыз және ақынның өзіне берген бағасы айқын көрінеді. Бұл сөзбен шындықты айта білген ақындық қабілет ғана емес, ақынның көрегендігі, өзіне жоғары талап қоя отырып, поэзияның құдіретін терең сезіне білуі еді. Сөз құдіретін терең сезініп, әрбір сөздің қолданысына жауапкершілікпен, сезімталдықпен, мәдениеттілікпен қараған талантты биік, талғамы терең ақын. Т.Айбергенов поэзия әлемінде қақтың тілге бай, сөзі құнарлы, образды сөз өрнектерін ұтымды қолданған, кең тынысты лирикасымен танылған ақындарымыздың бірі болып оқырман жүрегінде қалады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Мүсірепов Ф. Уақыт іздері // Авгейдің ат қорасынан бастайық. — Алматы: Жалын, 1977. — 353–363-б.
- 2 Балақаев М., Жанпейісов Е., Томапов М. Қазақ әдеби тілінің мәселелері. — Алматы: Ғылым, 1961. — 85-б.
- 3 Сыздық Р. Сөз құдіреті. — Алматы: Санат, 1997. — 179-б.
- 4 Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. — Алматы: Санат, 1995.
- 5 Айбергенов Т. Аруана — бауыр дүние. — Алматы: Атамұра, 2003. — 208-б.

А.З.Казанбаева

Художественность лирики Тoleгена Айбергенова

В статье рассмотрена лингвистическая природа лирики Т.Айбергенова. Проанализированы авторские употребления, которые отличаются своеобразной манерой выражения национального языка. Определены их лексико-семантическое значение, стилистическая функция и особенности употребления в тексте. На основе лингвистического анализа лирики Т.Айбергенова охарактеризован художественный язык акына. Автором статьи определено особое место, которое занимает акын Т.Айбергенов в казахской поэзии.

A.Z.Kazanbayeva

Artistry of lyrics of Tolegen Aybergenov

In article the linguistic nature of lyrics of T.Aybergenov is considered. The author's uses which differ a peculiar manner of expression of national language are analyzed. Their lexico-semantic value, stylistic function and features of the use in the text are defined. On the basis of the linguistic analysis of lyrics of T.Aybergenov characterizes art language of the akyn. The author of article defines a special place which is taken by the akyn T.Aybergenov in the Kazakh poetry.

References

- 1 Musrepov F. *Time traces* // Will begin time traces with Avgey's stable, Almaty: Zhalyn, 1977, p. 353–363.
- 2 Balakayev M., Zhanpeisov E., Tomanov M. *Problems of the Kazakh literary language*, Almaty: Gylym, 1961, p. 85.
- 3 Syzdyk R. *Sil of the word*, Almaty: Sanat, 1997, p. 179.
- 4 Syzdykova R. *Word of Abay*, Almaty: Sanat, 1995, p. 8–28.
- 5 Aybergenov T. *Aruana — bauyr dunye*, Almaty: Atamura, 2003, p. 208.

ӘОЖ 81'

Е.Е.Түйте¹, А.А.Бялова², Л.Б.Қадырова³¹Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті;²№ 66 жалпы білім беретін орта мектеп, Қарағанды;³Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті
(E-mail: eldos_t_e@mail.ru)**Тілдің шығуы туралы теориялар**

Мақалада тіл білімі ғылымы және оның қарастыратын негізгі мәселелері, адамзат баласы тілінің шығуы туралы теориялар берілген. Тіл жайында анықтамалар, оның негізгі қызметтері, ежелгі дәуірден бастап күні бүгінге дейінгі ғалымдардың тіл туралы айтқан ойлары, көзқарастары мен тұжырымдары жинақталып беріліп отыр. Дүниежүзі тілдерінің санына қатысты мәліметтер де келтірілді. Тілдер санының түрлі болуының себептері айқындалды.

Кілт сөздер: тіл, лингвистика, әлем тілдері, коммуникация, өлі тілдер, тірі тілдер, диалект, монолингвист, микролингвистика, металингвистика, тіл және қоғам, одағай, эмоция, ым-ишара, қоғамдық шарттасу теориясы.

Лингвистика (лат. *lingua* және гр. *tikos* — тіл туралы ілім, немесе тіл білімі) — предлингвистикадан, микролингвистикадан және металингвистикадан құралатын тіл туралы ғылым. Әлем тілдерінің құрылымын, әлеуметтік қызметін, тарихи дамуын және оның жалпы заңдылықтарын зерттейтін ғылым саласы. Адамзаттың сөйлеу тілі тіл білімінің негізгі зерттеу нысаны болып табылады. Адамдар арасындағы өзара түсінісу құралы саналатын кез келген тіл адамзат үшін, қоғам үшін қызмет етеді. Адамзат баласы ерте заманнан-ақ өзіне ең қажетті құрал — тілдің ерекшеліктерін

білуге, ұғуға тырысқан. Соның нәтижесінде тіл туралы ілім пайда болған. Адамның сөйлеу тілі тіл білімінің ғана үлесі емес, ол психология, физиология, логопедия, т.б. ғылымдардың қарастыратын саласы. Тіл білімі жалпы және жеке болып бөлінеді, оны осылайша бөлу зерттеудің мақсаты мен нәтижесінен туындайды. Нақты бір тілдің (мысалы, қазақ) немесе туыстас тілдердің (мысалы, алтай, түркі тілдері) мәселелерін зерттеу жеке тіл білімінің үлесіне тиеді, ал жалпы адам баласының тілінің шығу негіздері, тіл элементтерінің өзара қатысы, тілдің даму себептері мен бағыттары, тағы басқа жайттар жалпы тіл білімінің зерттеу нысаны болып табылады. Лингвистиканың зерттеу нысаны тіл болғандықтан, тіл тарихын зерттегенде, ең алдымен, тілдің шығуы жөніндегі мәселелерге тоқталмай кетпеске болмайды. Себебі тіл білімінің тарихы мен тіл жайындағы алғашқы ойлар адамзат баласы тілінің қандай негізде шыққандығы жөніндегі көзқарастардан бастау алады.

Адам баласының, жалпы адамзаттың дүниеге келіп, ойлау қабілетінің өсіп-жетіліп, сана-сезімінің қалыптасуынан бергі басты қарым-қатынас құралы бұл — тіл. Тілдің шығуы алғашқы адамдардың шығуымен байланысты. Тіл — күрделі құбылыс. Күрделілігі оның пайда болуы мен сан алуан қызметінде жатыр. Тіл дегеніміздің өзі, біріншіден, тарихи қалыптасқан болуы керек, себебі ол бір күннің немесе бір ғасырдың жемісі емес. Сан ғасырлық тарихты бастан кешіп, белгілі бір нормаға түскен, өңделген, жалпыхалықтық сипаты бар құбылыс. Кез келген тілдің бойынан сол тілде сөйлеуші халықтың тарихы айқын аңғарылып тұрады, өйткені тілдегі сөздік құрам қоғамдағы болып жатқан әр түрлі тарихи жағдайлардың есебінен жасалады. Екіншіден, бір географиялық аймаққа кеңінен таралған болуы керек, өйткені белгілі бір территориядағы адамдардың қатынас құралы. Бір тілдің басқа аймақтарда қолданыс табуы, мәселен, ағылшын тілінің АҚШ-та, Үндістанда т.б. ол сол кездегі Ұлыбританияның аталмыш елдерді отарлау саясатына байланысты болып отыр. Үшіншіден, тіл қандас адамдар қоғамына тән болуы керек, осыдан тілдердің семьясы деген ұғым пайда болады. Төртіншіден, тіл адамдар арасында коммуникативтік қызмет атқарады, яғни белгілі бір хабарды, ақпаратты жеткізудің басты құралы. Коммуникативтік қызмет тілдің шығуына себеп болды. Бесіншіден, адам ойын жарыққа шығарады. К.Марксше айтқанда, «тіл — ойдың тікелей шындығы», яғни тіл абстрактілі ойды материалдандырудың (деректендірудің) басты көрсеткіші. Осыдан тіл мен ойдың байланысы келіп шығады. Алтыншыдан, тіл хабарды жеткізу, ойды білдірумен қатар, адамның сезімін де жеткізудің басты құралы болып табылады. Адам өзін қоршаған ортасына байланысты алған әсерін, бір нәрсені ұнату не ұнатпауы сияқты сезімдерін де осы тіл арқылы жеткізеді. Жетіншіден, тілдің атадан балаға мирас ретінде қалып отыратын қасиеті де бар. Кез келген ұлт немесе халық тілінің сақталып қалуы аға буын ұрпаққа байланысты. Мәселен, Ресей Федерациясы құрамында өмір сүретін удмурт халқы бар. Удмурт тілі угро-фин тілдер тобына жатады. Ресей саясатына байланысты удмурт халқының өсіп келе жатқан жас ұрпақ буыны орыс тілінде білім алып, сол тілде сөйлеуде. Аға буын ұрпағы тарихтан жоғалған жағдайда тілдері де өлі тілдер қатарынан әбден орын алуы мүмкін. Сегізіншіден, тілдің белгілі бір дыбыстық жүйесі, лексикалық құрамы және грамматикалық құрылысы болуы керек. Осыдан келіп тілдің келесі қызметтері шығады:

1. Тіл — адамдар арасындағы қарым-қатынастың басты құралы. Бұл — тілдің коммуникативтік қызметі.

2. Тіл — ойды жарыққа шығарудың, сезімді білдірудің басты көрсеткіші. Бұл — тілдің экспрессивтік қызметі.

3. Тілдің атадан балаға мұра ретінде қалып отыру қасиеті. Бұл — тілдің аккумулятивтік қызметі.

Тілдің шығуы туралы мәселені сөз еткенде, екі түрлі нәрсені ажыратып алуымыз керек. Біріншісі, жалпы адамзат баласы тілінің шығуы, екіншіден, жекелеген тілдердің шығуы. Өйткені жекелеген тілдердің шығуы — кейінгі дәуірлердің жемісі. Ал жалпы адамзат баласының тілінің шығуына қатысты шешімін таппаған даулы мәселелер әлі де көп. Себебі бұл мәселеге қатысты бірізді толыққанды пікір жоқ.

Адам баласының тілінің шығуы туралы алғашқы тәжірибелер мен ғылыми болжамдар ежелгі Египеттен басталады. «Ежелгі Египет тарихынан тілдің пайда болуы, оның мән-маңызы турасындағы құпияны ашуға талпынушылықты б.д.д. III мыңжылдықта құрастырылған «Мемфийский философско-богословный трактат» атты еңбектен кездестіруге болады. Бұл трактат біріккен Египет пен Мемфистің (қала мемлекет) астанасының құдайы Птахтың аруағын көтермелеу мақсатында жазылған көрінеді. Онда Птах барлық заттар мен құбылыстарға атау береді, «адамның көру, есту, түйсіну сезімдері ойлауға мәлімет береді және түрткі болды, ал жүрек жасаған мен ойлағанды тіл мен сөйлеу жарыққа шығарады» деген ойлар бар.

Египет тарихында б.д.д. 1400 жылдары жазылған кейбір трактаттарда әлемнің билеушісі — Атон. Ол әр сәбидің аузына сөз салып үйретіп, тілдерді халықтарға үлестіреді деген тұжырымдар бар. Демек, Египетте тіл мен сөйлеудің пайда болуы — құдайлар мен билеушілердің атына танылған деген сөз» [1; 6].

Бұған қатысты тарихтың атасы Геродоттың мынандай дерегі бар:

«Псамметих (б.з.д. 663–610) таққа отырғаннан кейін, қай адамдар, қай тіл ең бірінші шыққан деген мәліметтерді жинай бастайды. Патша қарапайым адамдардың жаңа туған екі нәрестесін алып, оны малыға беріп, қойларының арасында тәрбиелеуін сұрайды. Патшаның бұйрығы бойынша бірде-бір адам балалардың көзінше сөйлемейу керек. Жас нәрестелерді малыш қой қамайтын жерде ұстап, ол жерде оларды өскенше ешкінің сүтімен тамақтандырады. Сөйтіп патша балалар өскенде қай сөзді бірінші айтады деп күтеді. Арада екі жыл өтеді. Бір күні малыш қораға кіріп келген кезде, екі бала малышының аяғына жабысып, екі қолын созып, «бекос» деген сөзді айтады. Болған жағдайды патша естіп, әміршілеріне бұл сөзді қай халық айтатынын білуді сұрайды. Фригиец тілінде бекос «нан» дегенді білдіретінін әміршілері патшаға жеткізеді. Египеттердің болжамы бойынша, ең алғашқы халық тілі фригиецтер болып табылады». Адамдардың өздігінен сөйлей алатынын б.з.д. I ғасырда өмір сүрген рим шешені Квинтилиан да жоққа шығармайды. Ол шөл далада мылқаулар асыраған сир балалары сөздерді айтатын болған, бірақ оларды байланыстырып, сөйлей алмаған дейді. Әрине, бұл айтылғандардың бәрі — адамзат баласы тілінің шығуының дәлелі бола алады деп айта алмаймыз.

Тілдің шығуы жөнінде ежелгі Греция тіл білімінде де сөз етіледі. Гераклит Эфесский (б.з.д. 535–475) пікірі бойынша, атаулар табиғаттан берілген. Атаулар — бар заттардың көлеңкесі [2].

«Тілдің пайда болуы жөніндегі теория IX–XI ғасырлар аралығында араб лингвистикасы мен мұсылман теологиясында ерекше сөз болып, ғалымдар екі лагерьге бөлінді. Біріншісі — тілдің пайда болуын құдай атына танушылар, екіншісі — тілдің шығуын қоғамдық келісім деп білетіндер» [1; 33].

Тілдің пайда болуы, тілдердің неліктен түрлі болатындығы, алғаш пайда болған қай тіл деген мәселелерде армяндар ортағасырлық авторлар секілді Інжілдегі (Библиядағы), оның аңыздарындағы табиғаттың ұлы құбылыстарына атауды құдай берді, ал қарапайым тіршілік иелеріне атауды алғашқы адам — Адам тағайындады деген бағыттарды ұстанды. Г.Татеваци (1346–1410) «Сауалдар кітабы» атты еңбегінде тілдің шығуын бір құдайға телісе, тарихшы әрі грамматист В.Аравелци (XIII ғ.) алғашқы тіл — Адамның тілі — иврит тілі, содан соң халдей, сирия, араб тілдері пайда болды, — деп есептейді [1; 38].

Бірқатар ғалымдар тілді жаратылыстану ғылымдары қатарына жатқызса, енді біреулері оны әлеуметтік ғылымдар қатарына жатқызады. Себебі неде? Өйткені тіл білімінде тілдің шығуына қатысты екі түрлі көзқарас немесе екі түрлі теория бар. Оның бірі биологиялық теория, екіншісі әлеуметтік теория. Биологиялық теорияның жақтаушысы Ф.Бопп (XIX ғ.). Ол: «Адам баласының тілін құдай жаратқан, ол — биологиялық құбылыс», — деп есептейді. Бұл қаншалықты шындыққа жанасатын пікір? Егер де діни тұрғыдан қарайтын болсақ, шындыққа жанасатын сияқты. Бұған қатысты бірнеше аңыз-әңгімелер де жоқ емес. Мәселен, б.з.д. XX ғасырда ежелгі үнділік ведаларда заттарға атауларды құдайдың көмегі арқылы ғұламалар берген делінген. Ал Библияның екінші бабында (Ветхий завет): *«И взял Господь Бог человека, которого создал, и поселил его в саду Едемском, чтобы возделывать его и хранить его. И сказал Господь Бог: не хорошо быть человеку одному; сотворим ему помощника, соответственного ему. Господь Бог образовал из земли всех животных полевых и всех птиц небесных, и привел их к человеку, чтобы видеть, как он назовет их, и чтобы, как наречет человек всякую душу живую, так и было имя ей. И нарек человек имена всем скотам и птицам небесным и всем зверям полевым...»* (Бытие, 2, 15–22). Бұл құранда да осылай. Алла тағала адам баласын топырақтан жаратып, оған өзінің періштелері арқылы зат пен құбылыс атауларын үйреткен.

Тілді құдай немесе билеуші адам жасады деген пікірді мүлдем жоққа шығарушы римдіктер болды. Римдік ақын, материалист-философ Лукреций Карр (б.з.д. I ғ.): «Тілде түрлі дыбыстардың пайда болуына табиғат әсер етті, қажеттіліктен келіп заттарға атау беру туындады», — дейді [1; 26].

Ғылыми тұрғыдан қарайтын болсақ, құдай табиғат пен адам баласын жаратты және бұл екеуінің өзіндік даму заңдылықтары да бар. Әрқайсысы өздігінен дамиды. Тілді де құдай жаратқан болса, оның да өзіндік даму заңдылығы болар еді. Басқаша айтқанда, тіл адамға тәуелсіз болады.



Керісінше, адам болған жерде қоғам болады, қоғам бар жерде тіл болатынын естен шығармау керек. Тіл мен қоғамның байланысы екіжақты. Тіл — адам баласының туындысы. Бұған дәлел ретінде төмендегі аңыз-әңгімелерді келтіріп кетуге болады.

1. *«1920 жыл. Индия жерінде қасқыр үңгірінен табылған екі қыз — Амала мен Камала хикаясы. Қасқыр үңгірінен алынғанда, Амала екі жасар, Камала жеті-сегіз жасар екен. Екеуі де төрт аяқтап жүреді екен. Шығаратын дыбыстары қасқырдың ырылына ұқсайды. Камала түнде ұлиды екен. Күндіз бетін қабырға жаққа қаратып алып, бұрышта отырып ұйықтайды. Кигізген киімді айырып тастайды. Түнде түн қараңғылығын жақсы көреді екен. Алғашқы кездерде оттан, жарықтан, судан өлердей қорқатын болыпты. Камала екі жылдан кейін ғана түрегеп тұруға әзер үйреніпті. Алты жылдан кейін ғана жүруге жарапты. Онда да төрт аяқтап жүгіреді екен. Төрт жыл ішінде алты-ақ сөз, жеті жылда 45-ақ сөз үйреніпті. Амала адам қолына келген соң, біраздан кейін тифпен ауырып өліпті. Ал 7–8 жыл адам қолында — Синх деген священниктің қолында тәрбиеленген Камала, ақыры, нағыз адамдық қалыпқа келе алмапты».*

2. *«1954 жылдың қаңтарында Үндістанның бір қалашығының вокзалы маңынан кір-қожалақ, адам тектес бір тіршілік иесі қолға түседі. Шамасы, ол қасқырлар үйірінен қалып қойған болса керек. Төрт аяқтап қимылдайды. Денесінің бір де жері сау емес, қаптаған тыртық. Бұл — ұл екен. Оған Раму деген ат қойылады. Госпитальға әкелгенде, дәрігерлер мұның қасқырлар ортасында өскен бала екенін анықтапты. Раму етті ишкідей жейді екен, суды итше жалап ішеді, электр жарығына өте сезімтал, ашулы ырылдар шығарады. Ол үш айдан кейін өзін күтушілерге үйрене бастайды, ойыншықтарға қарайтын болыпты. Бірақ баланың ой-қабілеті тіптен төмен, тіптен жетілмеген, дыбысқа бөліп сөйлеу дегенді үйрене алмай-ақ қойыпты. Жаңа өмірге — адамдар арасына келгенімен, Раму қасқыр мен ит көрсе болды, қатты қуанатын көрінеді. Әсіресе, қасқыр десе, жан-тәні қалмайтын. Әдейі зоопаркке, қасқыр клеткасына апарып көрсетсе, қасқырды қатты қызықтап, мәз-мейрам болады екен, солармен бірге клеткада қалмақ ойы болыпты. Раму қасқырлар ортасында 8 жыл болған екен, тіпті 16 жасқа келгеннің өзінде тілге үйрене алмай-ақ қойса керек» [3].*

Бұдан шығатын қорытынды, қоғам болмаған жерде тілдің де болуы мүмкін емес.

Биологиялық теорияны жақтаушы келесі бір өкіл — А.Шлейхер (1821–1868). Ол тілді биологиялық ағзаға теңеп, оның өсімдіктер мен хайуанаттар дүниесінен еш айырмашылығы жоқ дегенді айтады. Бұл да қате көзқарас. Салыстырмалы тұрғыда, тілдің де тірі ағза сияқты пайда болып, дамитыны рас шығар, бірақ тілдің өлуі шарт емес. Тіл білімінде «өлі тілдер» деген термин бар. Бірақ бұл тілдердің қартайып өлуі емес, белгілі бір тарихи жағдайларға байланысты қолданыстан шығып қалуы. Биологиялық ағзадағы қасиет ген арқылы беріледі, тіл ген арқылы берілмейді. Ол қоршаған орта арқылы сіңіріледі. Мәселен, қазақ баласын ағылшын асырап алған болса, ол сол елдің ортасында ағылшынша сөйлейді. Ал жекелеген қасиеттері ген арқылы берілуі мүмкін.

Тілді биологиялық құбылыс деп, жаратылыстану ғылымдарының қатарына жатқызу идеясы Ч.Дарвин (1809–1882) ілімі негізінде пайда болды. Ағылшын натуралисі дыбысқа еліктеу мен одағай теориялары — алғашқы адам баласы тілінің негізі деп есептейді.

Биологиялық теорияның ғылымда белең алған бағыттарының бірі — адамзат баласы тілінің дыбысқа еліктеуден пайда болғандығы туралы теория мен адамның ішкі көңіл-күйі негізіндегі эмоционалдық теория.

Дыбысқа еліктеу теориясын жақтаушы Г.Лейбниц (1646–1716): «Дыбыстардан алғашқы сөздер жасалып, олар заттардың атауына айналды», — дейді. Негізгі еңбегі — «Адам ақылы жөніндегі жаңа тәжірибелер». Шын мәнінде, бұл теория бойынша, адамзат баласы тілінің пайда болуы мүмкін емес. Себебі табиғатта барлық заттар дыбыс шығара бермейді және осыған орай тілдегі барлық сөздер тек

еліктеу сөздерден құралмаған. Тек адам баласының акустикалық, яғни әр түрлі сыртқы дыбыстарды естіп, соны дыбыстауға белгілі бір дәрежеде ғана талпынғандығы рас. Өйткені адам естімесе, саңырау болады. Ал саңырау адам сөйлей алмайды.

Келесі эмоционалдық теорияның авторы — Ж.-Ж.Руссо (1712–1778). Негізгі еңбегі — «Тілдің пайда болуы жөнінде тәжірибе» (1761). Ол: «Эмоцияны білдіретін әр түрлі еріксіз шығарылған дыбыстар зат атауларына айналып, осыдан тіл пайда болды» — дейді. Бұл теория кейін одағай теориясына ұласты. Бұл теорияның жақтаушысы француз жазушысы — Шарль де Бросс (1709–1777) болды. Ол балалар қылығын қадағалай отырып, олардың ең алғашқы шығарған дыбыстары одағайға ұласатындығын аңғарады да, адамзат баласының тілі де одағайлардан шыққан деген болжам жасайды.

Ресейде одағай теориясын дамытқан ғалым Д.Н.Кудрявский. Ол: «Алғашқы сөздер одағайлардан шықты» дегенді алға тартады (XIX–XX ғғ.). Қалай болғанда да, бұл теориялардың шындыққа жанасуы екіталай. Қоршаған ортада заттар мен құбылыстардың барлығы эмоция тудырмайды және тілдегі сөздер одағай сөздер ғана емес. Еріксізден шығарылған эмоциялық күй арқылы (куану, қорқу, қайғыру т.б.) адам баласының дыбыс жасаушы мүшелерінің (артикуляциясы) дамығандығы рас, бірақ тіл осыдан шыққан деп кесіп айта алмаймыз. Бұл теорияны жақтаушылар тілдің, ең біріншіден, әлеуметтік мәнін ескермеді. Тілдің қоғамдық құбылыс екендігіне баса назар аудармады.

Екінші, әлеуметтік теорияның негізгі қағидасы адамзат баласының тілінің шығуын еңбекпен байланыстырады. Л.Нуаре, К.Бюхер: «Тіл адамдардың алғашқы еңбек етуі кезінде шығарған рефлекті айқайларының негізінде пайда болды», — дейді (XIX ғ.). Бұл теория бойынша адамдар еңбек ету кезінде өз жұмыстарын жеңілдету үшін бір-біріне белгі беріп, айқайлайтын болған. Сол айқайдың негізінде тіл пайда болған дегенге саяды.

Томас Гоббс (1588–1679): «Алғашқы адамдар сөздерді өзара келісіп, саналы түрде шарттасып жасаған», — дейді. Бұл пікірді кейіннен Ж.-Ж.Руссо да қолдады. Бұл — негізінен қате теория. Себебі адам баласы (белгілі бір ұжым) қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды келісіп атау үшін (ат қою үшін) тілді қажет етеді. Ешкім ымдап атау бере алмайды. Сондықтан келісіп, шарттасу үшін де тіл керек екендігін естен шығармауымыз керек.

Кеңес үкіметі идеологиясын жақтаушы — лингвист Н.Я.Марр. Оның негізгі теориясы — «Тілдің сатылық даму теориясы». Ол: «Алғашқыдағы ымдық тіл еңбектің арқасында сөйлеу тіліне айналды», — дейді (XX ғ.). Бұл пікір шындыққа жанасады. Алайда Н.Я.Маррдың тілге таптық тұрғыдан сипат беруі — қате тұжырым. Тіл байдың, кедейдің тілі болып ешуақытта бөлінбейді және ол қоғамдық формацияның өзгеруіне байланысты сатылап дамымайды.

Одағай теориясы мен қоғамдық шарттасу теорияларымен байланысы бар келесі теория — ым-ишара теориясы. Өкілі — неміс философы В.Вунд (1832–1920). Бұл теория бойынша, тіл еркін және санасыз негізде пайда болған. Мұны Ж.-Ж.Руссо да қолдайды. Оның ойынша, тіл ым-ишара негізінде пайда болып, уақыт өте келе (адамдар бір-бірімен алыстан немесе түнде еңбек ету кезінде қолайсыз болуына байланысты) дыбыстық негізге көшті [2].

Француз ойшылы Д.Дидро Ж.-Ж.Руссоның теориясын қатты сынап, алғашында қоғам пайда болды, сосын қажеттіліктен тіл шықты. Адам өзінің тілі үшін құдайға қарыздар деп есептеді.

«Ең алғашқы тіл адамдардың бір-біріне көмектесу қажеттігінен туған», — деп есептеді француз философы Э.Б. де Кондильяк. Оның ойынша, анасы баласына көп сөйлемейді, керісінше, баласының анасынан көп сұрауына байланысты алғашқы тілді бала жасаған, — дейді. Бұл болжамға да келісу қиын [2].

И.Гердер «Тілдің пайда болуы жөніндегі зерттеулер» (1772) атты еңбегінде тіл табиғи түрде пайда болды, ол тіл және ойлаудың қарым-қатынасымен тікелей байланысты, халықтар тілдің негізінде ойлауға, ойлаудың негізінде сөйлеуге үйренді, — дейді [1; 80].

Адамзат баласы тілінің шығуы жөнінде құнды пікір білдірген ғалымдар К.Маркс, Ф.Энгельс (1820–1895) болды. Бұл Ф.Энгельстің «Семьяның, жеке меншіктің пайда болуы», «Маймылдың адамға айналу процесіндегі еңбектің рөлі» атты еңбектерінде жан-жақты баяндалады. Олар: «Тіл де сана сияқты басқа адамдармен қатынас жасау мұқтаждығынан және қажеттілігінен туды», — дейді. Шын мәнінде адамзат баласы тілінің шығуы адам қоғамының пайда болуымен тығыз байланысты. Алғашқы адамдар қоршаған орта жағдайына (қатаң климат, аңдардың жеп қоюуы, аштықтан қырылуы т.с.с.) байланысты ру, тайпа болып бірікті. Кейін халық болып, мемлекет құрды. Ұжым болып қалыптасқаннан кейін, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау қажеттігі туды. Әрине, мұның бәрі ойлаудың жетіліп, сананың қалыптаса бастауынан туындады. Ал сана қалыптасқаннан

бастап, адамзат баласының тілі де қоса дамыды. Ол алғашында өте қарапайым болды. Ең бірінші ымдық тіл, содан бірте-бірте дыбыстық тіл пайда болды. Кейін жазу шықты. Мұның бәрі адам баласының эволюциялық дамуымен тікелей байланысты. Ал тілдің нақты қай ғасырда, қай жылда пайда болғандығы жөнінде еш дерек жоқ. Бір білетініміз, адамзат баласы пайда болып, санасының қалыптасуы кезеңінде тіл де шықты.

Жекелеген тілдер жайында айтатын болсақ, бүгінде әлемде қанша тіл бар деген сауал туындайды. Дүниежүзі тілдерінің нақты саны жайында да бірізді пікір жоқ. Дүниежүзі халықтарының тілдеріне қатысты әр түрлі деректер бар:

1. «Халықаралық лингвистикалық энциклопедияның» дерегі бойынша, әлемде 6604 тіл бар (оның 300-і — өлі).

2. «Әлем тілдерінің атласы» атты еңбекте 6796 тіл бар. Француз ғалымдарының зерттеуі бойынша, дүниежүзінде 3000-нан аса тіл бар.

3. Неміс ғалымдарының зерттеуі бойынша, әлемде 5661 тіл бар, оның 4200-і — тірі тілдер, 1400-ден астамы — өлі тілдер.

4. Ал АҚШ конгресі кітапханасының анықтауынша, жер бетінде 7048 тіл бар.

5. 2004 жылғы ЮНЕСКО-ның дерегі бойынша, дүниежүзінде 6809 тіл бар делінген.

Дүниежүзі тілдерінің ұзын саны 3000-нан 10000-ға дейінгі аралықты қамтиды. Оның өзіндік бірнеше себептері бар.

Біріншіден, әлем тілдерінің санын анықтауға қатысты нақты критерийдің жоқтығы. Мысалы, айқын өлшем болмағандықтан, тірі тіл мен өлі тілдің ара жігін ажырату қиын. Жалпы бір адам болса да, ана тілім деп тұрақты сөйлеген тіл ғана тірі тіл деп қабылданады. Тілдердің жер бетінен жылдам жоғалып кетуіне экономикалық және саяси шешімдер қатты ықпал етуде. Соның салдарынан шағын қауымдастық тілдері зардап шегеді. Мысалы, XIX ғасырда Бразилияда 1000-нан астам үндіс тілдері болса, бүгінде олардан тек 200 тіл қалды. Тілдің өлу үдерісін тежеп, көпке дейін сақтайтын — аға ұрпақ өкілдері. Тілдердің өлу үдерісінің бірінші көрсеткіші — монолингвистердің (тек қана ана тілінде сөйлейтіндер) азаюы. Соңғы жылдары дүниежүзі тілдерінің төрттен бірі 1000 сөйлеушіге, тең жартысы 10 000 сөйлеушіге азайған (лингвистердің болжамы бойынша, бұл тілдер жақын арадағы 50 жылда жойылады), сонымен қатар 455 тілді ана тілім деп есептейтіндер саны 100 адамнан аспаса, 310 тіл өлі тіл ретінде танылып отыр.

Екіншіден, әлемнің лингвистикалық картасында жете зерттелмеген аймақтардың болуы. Мысалы; Трансамазонка жол жүйесі іске қосылғалы Амазонка өзенінің аңғарында өмір сүріп жатқан бұрын белгісіз халықтар және тілдер ашылуда, сондай-ақ Орталық Африка, Жаңа Гвинея, т.б. жерлердегі тілдерді қайта тіркеу барысында да жаңа тілдер табылуда. Бұдан басқа, тіпті лингвистикалық зерттеулер жүргізілмеген де елдер бар.

Үшіншіден, кейбір тайпа тілдерінің нақты атауының болмауы. Мысалы, көптеген қауымдастық тілдерінің арнайы атаулары жоқ, атау ретінде сол тайпа өмір сүрген жердің, не өзеннің атауы, т.б. қолданылады.

Төртіншіден, тіл мен диалект арасында шекараның болмауы. Мысалы, Ұлыбритания, АҚШ, Жаңа Зеландия, т.б. жерлердегі ағылшын тілінің түрліше сөздік құрамы, сөйлеу, жазылу, айтылуы жөніндегі мәселелер әлі ортақ шешімін таппаған. Сондай-ақ саяси, діни, әдеби алшақтықтар салдарынан хинди мен урду, бенгал мен ассам, серб пен хорват тілдері жеке-жеке дара тіл деп танылды. Ал қытай тіліндегі диалектілердің бір-бірінен алшақтығы соншалық, сол диалектіні ана тілім деп қабылдап, иероглифті танитындар ғана бірін-бірі ұғады.

Бесіншіден, бүгін бар есептегі тіл ертең болмауы мүмкін, яғни тілдердің өлуі сияқты мәселелер жағдайды қиындатады.

Қорыта айтқанда, адамзат баласының ажырамас бір бөлігіне айналған, әр кезеңде қоғам қажеттігін өтейтін қарым-қатынас құралы ғана емес, ойын жарыққа шығару мен сезімі мен көңіл-күйін жеткізудің басты құралына айналған, атадан балаға мирас болып келе жатқан қаруы — бұл тіл. Тіл — қай кезеңнің, қай уақыттың болмасын айнасы, адамзат қоғамының, мәдениеті мен өркениетінің бастамасы. Адамзат баласы тілінің шығуы адамның адам болып қалыптасқан кезеңінен басталады десек те болады. Тіл ойлаудың негізінде пайда болды. Ойлау еңбек әрекеті нәтижесінде қалыптасты. Үздіксіз ойлаудың нәтижесінде сана қалыптасты. Сана арқылы тіл пайда болды. Әрине, қалай болғанда да құдай адамды жаратты, ал тіл адам баласының туындысы деген дұрыс болар.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Жалмаханов Ш.Ш. Тіл білімінің тарихы. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1999. — 203 б.
- 2 [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: www.langust.ru
- 3 Хасенов Ә. Тіл білімі. — Алматы: Санат, 2003. — 51, 52-б.

Е.Е.Туйте, А.А.Блялова, Л.Б.Кадырова

Теории о возникновении языка

В статье рассмотрены разные теории о возникновении языка человечества, а также становление лингвистики как науки и её основные проблемы. Проанализированы определения языка, его основные функции, мнения и взгляды ученых о языке, начиная с древних времен. Авторами приведены сведения о количестве языков в мире, объяснены причины разновидностей языков.

E.E.Tuyte, A.A.Blyalova, L.B.Kadyrova

Theories about language emergence

In article various theories about emergence of language of mankind, and also linguistics formation as sciences and its main problems are considered. It is analyzed language definitions, its main functions, opinions and views of scientists about language, since the drevnykh of times. The author provides data on quantity of languages in the world, explains the reasons of a kind of languages.

References

- 1 Zhalmakhanov Sh.Sh. *Linguistics history*, Karagandy: Publ. KSU, 1999, p. 203.
- 2 [ER]. Access mode: www.langust.ru
- 3 Hasenov A. *Linguistics*, Almaty: Sanat, 2003, p. 51, 52.

ӨОЖ 81'1:81'36

Э.Н.Ажарбекова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: elvira-2210@mail.ru)

Түркі тіл біліміндегі белгілілік/белгісіздік мәселесі

Мақалада түркі тіл біліміндегі белгілілік/белгісіздік категориясының берілу жолдары қарастырылды. Автор белгілілік/белгісіздік мәнінің түркі тіл біліміне де тән категория екендігін түркітанушылардың зерттеулеріне сүйене отырып, дәлелдеді. Түркі тілдерінде белгілілік/белгісіздік артикльдерінің жоқтығын, бірақ белгілілік/белгісіздік мән басқа амал-тәсілдер арқылы берілетіндігін тілдік деректер арқылы зерттеді. Белгілілік/белгісіздік категориясының қазақ тілінде бар тілдік құбылыс екендігін, табыс жалғаулы сөздің я табыс жалғауынсыз сөздің белгілілік/белгісіздік мәнге ие болуы оларды анықтайтын мүшелерге байланысты екендігін нақты мысалдармен көрсетті.

Кілт сөздер: белгілілік, белгісіздік, түркі тілдері, қазақ тілі, табыс жалғаулы, табыс жалғаусыз, толықтауыш, анықтауыш, синтаксистік қызмет.

Түркітануда белгілілік/белгісіздік — түпкі шешімін таппаған мәселелердің бірі. Ғылыми еңбектерде чуваш, түрікмен, татар, қырғыз, башқұрт, құмық тілдеріндегі белгілілік/белгісіздіктің көрінісі жөнінде И.А.Андреев, П.Азимов, Дж.Амансариев, К.Сариев, М.З.Закиев, Б.Н.Юнусалиев, Н.Ф.Катанов, П.М.Мелиоранский, Н.А.Ашмарин, Н.К.Дмитриев, В.М.Насилов, А.П.Поцелуевский,

А.Н.Кононов, Э.В.Севортян, А.М.Щербак, В.Г.Гузев сынды түркітанушы-ғалымдардың айтқан пікірлері кездеседі.

Түркі тілдерінде роман-герман тілдеріндегі сияқты белгілілік/белгісіздік артикльдері жоқ. Дегенмен, белгілілік/белгісіздік мән басқа амал-тәсілдер арқылы беріледі. Түркі тілдеріндегі септік жалғаулар жүйесі мен олардың синтаксистік қызметі тіл ғылымында қарастырылса да, біздің түркітанушылар белгілілік/белгісіздікті тура толықтауыштың жалғаулы, жалғаусыз келуімен және изафетті тіркестегі анықтауышпен байланыстырады. Алайда бұл мәселе тіл білімінде әлі де болса түбегейлі зерттелмеген.

Түркітанушылардың еңбектерінде тура толықтауыштардың табыс жалғаулы, жалғаусыз болатыны туралы пікірлері ертеден бар. М.А.Казем-Бектің пікірінше, «қимылға қатысты зат белгісіз болғанда және ол етістіктің дәл алдында тұрғанда табыс септік атау септігімен алмастырылады» [1].

«Алтай тілінің грамматикасы» да осы ізбен тура толықтауыштың жалғаулы, жалғаусыз жұмсалудың оның белгілі, белгісіз зат болуынан деп түсіндіреді [2]. Одан кейінгі Н.Ф.Катанов, П.М.Мелиоранский сияқты грамматика авторлары «Алтай тілі грамматикасының» салған даңғыл жолынан ешқайда аумай, сондағы ережелерді шамалы өзгерістермен қайталап келді. Н.Ф.Катанов: «Винительный падеж, оформленный, т.е. с полным окончанием, употребляется вообще тогда, когда речь идет о предмете определенного, явно и мысленно, когда говорящий, желая обратить на него внимание слушающего, ставит на нем в речи ударение» [3].

П.М.Мелиоранский «Краткая грамматика казах-киргизского языка» деген еңбегінде, негізінен, өз әріптестерінің көзқарастарын қолдаған. Алайда ғалым өз тарапынан мынадай тұжырым жасайды: «Можно различать винительный падеж оформленный и неоформленный, т.е. иначе сказать, иногда, именительный падеж употребляется вместо винительного. Это бывает, вообще говоря, тогда, когда слово, стоящее в винительном падеже, не определено или говорящий не хочет обращать на него особого внимания слушателя. Таким образом, употребление оформленного или неоформленного винительного падежа весьма часто зависит от личного взгляда говорящего или пишущего» [4].

Түркітанушылар белгілілік/белгісіздік ұғымын сөйлеушімен, жазушымен байланысты қарайды да, ал тыңдаушыны назарға алмайды. Ал, белгілілік пен белгісіздік категория ретінде танылған басқа тілдердің ғылыми әдебиеттерінде оқушы мен тыңдаушы басты назарға алынады. Мәселен, араб тілінде белгілілік/белгісіздік артикльдер арқылы беріледі. Г.М.Горбучян бұл тілдік құбылысты былайша түсіндіреді: «Белгісіздік — тыңдаушыға таныс емес, ал сөйлеушіге таныс. Сонымен қатар белгілілік/белгісіздік бұл тыңдаушыға қатысты» [5].

Түркітанушы Н.К.Дмитриев зерттеушілердің жоғарыдағы пікірлеріне қанағаттанбай, бұл сұраққа басқаша жол іздейді. Ең алдымен ол белгілілік/белгісіздікті «категория» деп таниды. Егер бұдан бұрын белгілілік/белгісіздік белгілі және белгісіз болумен (известное или неизвестное) қатысты делінсе, Н.К.Дмитриев: «Если обозначаемое именем явление было предметом нашего опыта, и таким образом, известное нам, такое имя считается грамматически определенным и в функции прямого дополнения употребляется с показателем винительного падежа. Если предмет нам сообщается впервые и мы о нем до этого не знали, то предмет считается грамматически неопределенным и в функции прямого дополнения не получает показателя винительного падежа» [6; 3], — деп жазады. Н.К.Дмитриев бұл ұғымды құмық және башқұрт тілі грамматикасында одан әрі кеңейте түсіндірді. Ол: «В кумыкском языке (как и во всех тюркских) существительные разделяются на такие, которые уже были предметом нашего опыта и потому теперь являются для нас известными и определенными, и на такие, которые вводятся рассказчиком впервые и потому являются для нас неизвестными предметами нашего опыта» [7].

XX ғасырдың аяқ шенінде белгілілік/белгісіздік мәселесіне өзгелерден гөрі ұқыпты қараған түркітанушылардың бірі Н.А.Ашмарин болды. Ғалым 1902 жылы шыққан «Опыт исследования чувашского синтаксиса» деген еңбегінде басқа авторлардай тура толықтауыштың жалғаулы, жалғаусыз жұмсалуды тек белгілілік/белгісіздіктің тұңғық түкпіріне итере салмай, чуваш тілінде олардың қандай жағдайда жалғаусыз жұмсалатынын, қандай жағдайда жалғаулы болатынын ашуға көп көңіл бөліп, өте құнды материалдар жинаған.

Тура толықтауыштардың жалғаулы жалғаусыз жұмсалуды жайында жоғарыда аталған түркітанушы-ғалымдардың көзқарасы соңғы жылдарға дейін сол қалпында барлық түркі тілдеріне ортақ негізгі грамматикалық ереже ретінде қолданылып келеді. Мысалы, ұйғыр тілін зерттеушілердің бірі В.М.Насилов жоғарыдағы заңдылықты тура толықтауыштың екі түрлі тұлғада жұмсалудың мызғымайтын берік іргесі есебінде түсіндіре келіп былай дейді: «Таким образом, винительный падеж

выражает объект действия. Он образуется двояко: если объект действия определенный, он приобретает суффикс *-ні*; если объект неопределенный, он подобно именительному падежу, представляет основу имени» [8, 42]. Бірақ бұл ереженің барлық жағдайда қолданыла бермейтінін аңғарып, түркітанушы ақыр аяғында: «Винительный падеж в разговорном языке иногда употребляется без аффикса *-ні* и при определенном объекте» [8; 43], — дегенді айтады.

Профессор А.П.Поцелуевский «Основы синтаксиса туркменского литературного языка» атты еңбегінде жоғарыдағыдай пікірді айтумен қатар, белгісіздіктің мынадай жағын сөз етеді. «Когда прямое дополнение имеет при себе артикль неопределенного вида, оно, как правило, употребляется без показателя винительного падежа» [6; 217], — дейді. Солай дей тұрып, ізінше: «Однако слова с неопределенным артиклем *бир* иногда могут все-таки принимать показатель винительного падежа» дегенді мойындайды. Бірақ ол профессор А.П.Поцелуевскийге басқа ой салмайды, оны да баяғы белгілілікке апарып жатқызады: «Если предмет, известный читателю или слушателю, известен рассказчику (автору) либо лицу, о котором идет речь», — дегенде *бір* сөзі тіркесіп айтылған тура толықтауыштың жалғаулы болу себебі етіп көрсетеді.

Чуваш тілін зерттеуші ғалым И.А.Андреев: «Как и в других тюркских языках, именно существительные в чувашском языке различаются по признаку определенности и неопределенности. Наиболее яркое выражение это категория находит при обозначении прямого объекта. Если объект неопределенный, он обозначается основным падежом: *эпе кенек вулатан* — «я читаю книгу»; *платниксем сурт товассе* — плотники строят дом». Определенный же объект обозначается дательным падежом: *эпе кукенекене вуласа тухром* — «я прочитал эту книгу»; *платниксем вал сурта керкунеччен туса петерессе* — «плотники до осени построят тот дом» [8; 48]. Түрікмен тілін зерттеушілері П.Азимов, Дж. Амансариев, К.Сарыевтар табыс септігінің жалғауы түбірдің соңғы дыбысы дауыссыз дыбыстармен аяқталса *-ы*, *-и* тұлғаларында, ал дауысты дыбыстармен аяқталса, *-ны*, *-ни* тұлғаларында жалғанатынын айта келе, белгілі объект табыс септігінде жұмсалатынын айтады. Сондай-ақ, ғалымдардың пікірінше, егер тура толықтауыш белгісіз объектіні білдірсе, онда ол негізгі септік жалғауында жұмсалып, баяндауыштың алдында орналасады. Мысалы: *китабы гетирдим* — «я принес (известную тебе) книгу» — «мен (саған белгілі) кітапты әкелдім» — белгілі объект табыс септігінің *-ы* формасын жалғаған. *Мен хат язжак* — «я напишу письмо» — «мен хат жазамын» — белгісіз объект [8; 97]. Ал М.З.Закиевтің пікірінше, татар тілінде белгілілік табыс септігінің жалғауымен, белгісіздік табыс септігінің жалғауынсыз беріледі [8; 143].

Сондай-ақ түркі тілдерінде белгілілік/белгісіздіктің берілу жолын сын есім мен есімдіктерге байланысты қарайды. Жоғарыда аталған татар тілінің зерттеуші М.З.Закиев белгісіздік зат есімге «*бер*» (бір) сан есімінің тіркесуі арқылы, ал белгілілік «*теге*» (сол) сілтеу есімдігі арқылы жасалады деп санайды [8; 143]. Қырғыз тіліндегі белгілілік/белгісіздіктің берілу жолы да дәл осы тәрізді. Түркітанушы Б.Н.Юнусалиев белгілілік/белгісіздіктің берілу жолын былайша сипаттайды: «Неопределенность передается при помощи слова *бир* (один) выступающего не только в своем прямом значении количественного числительного, но и как показатель неопределенности: *бир адам* (какой-то человек). Определенность передается морфологическим путем — при помощи аффиксов принадлежности, а также синтаксическим — при помощи указательных местоимений: *балам* (мой ребенок), *бұл бала* (этот ребенок)» [8; 489].

Қазақ тіл біліміндегі белгілілік/белгісіздік мәселесі жөнінде синтаксистің маманы М.Балақаев мынадай ой айтады: «В тюркских языках нет артикля, обозначающего определенность-неопределенность, но понятия такие есть. Например, в казахском языке числительное *бір, біреу* (один),...*деген бір (-еу)* часто употребляется в предложении, когда говорящий выражает имена в неопределенном свете, со значениями «некий», «какой-то». Например: *Біздің үйге Омарбек деген біреу келді* (К нам пришел некий Умарбек). *Мен Темірбек деген бір кісіні шақырып келдім* (Я вызвал какого-то человека по имени Темирбек). Хотя особо артиклетипического слова для обозначения определенности нет, указательные местоимения *бұл, сол, осы, ол* и другие употребляются для выражения этого значения. Однако вопрос о том, являются ли ОНО особой грамматической категорией в тюркских языках, остается нерешенным» [9]. Демек, бұл пікірден байқайтынымыз — белгілілік/белгісіздіктің қазақ тіл біліміне тән тілдік құбылыстардың бірі екендігі.

Жоғарыда сөз етілген түркі тілдеріндегі табыс жалғаулы, жалғаусыз тура толықтауыштың белгілілік/белгісіздікке қатысы жөніндегі түркітанушылардың пікірлері қазақ тіл білімінде де қарастырылады.

Қазақтың тілтанушы-ғалымы М.Балақаев П.М.Мелиоранскийдің сөздің табыс жалғаулы не табыс жалғаусыз болуы сөйлеушінің жеке көзқарасына қатысты болады деген пікіріне: «Грамматиканың жалпыға ортақ заңын ондай жеке кісінің еркімен байланыстырудың дұрыс болмайтыны өзінен-өзі түсінікті», — деп ой айта отырып, «қазақ тілінде тура толықтауыштың екі түрлі тұлғада жұмсалуды тек заттың белгілі, белгісіздігімен түсіндіруге болмайтындығын және кейде белгілі, айқын деген заттар жалғаусыз айтылады да, мүлде белгісіз ғой деп ұсынылатын заттар (объектілер) табыс жалғауында айтылатындығын сөз етеді. М.Балақаев Н.К.Дмитриевтің белгілілік/белгісіздік терминдерін даралық (единичность), ортақтық (коллективность) ұғымдарымен байланыстыра қарау керектігі жөніндегі пікірін қостай келе, белгілілік пен белгісіздіктің ара жігін айырудың бұл жолы қазақ тілі үшін де орынды болатындығын айтады. «Тек жалғаусыз айтылатын сөздің алдында *бір*, *бұл* тәрізді белгілілік пен белгісіздік анықтауышы жоқ сөздердің түбір күйінде де, көптік жалғауында тұрып та ортақ (коллективный) белгісіздік мағынада жұмсалуды күмән келтіруге болады. Біріншіден, көптік жалғаудағы сөздер *мен аттар көрдім* болып табыс жалғаусыз айтылмайды, не *жылқы көрдім* деген жалпылық, ортақтық мағынадағы сөзбен айтылады, не *аттарды* деп табыс жалғауында айтылады: *аттарды байлады*, *аттарды суғар* т.б. Бірақ оларда бірыңғай, біркелкі, не әр түрлі *ат* екендік мағына жоқ, тек көптігі ғана ұғынылады. Екіншіден, *кітап*, *ат*, *отыз*, *от* тәрізді жалпылық мағынадағы көптік ұғымда, белгісіздік мағынада жұмсалады дейтін зат есімдер тура толықтауыш қызметінде солай жалғаусыз айтылатын жерлері бар: *ағаш*, *шаш*, *қалпақ* дегендер тәрізді көптік жалғауды жалғамаса да жалпылық, көптік мағынада жұмсалатын сөздер, кейбір сөйлемде белгісіздік ұғымда болғанмен, табыс жалғауда айтылуы мүмкін. Мысалы: 1. *Ол маған қарай бір қалпақты лақтырып кеп жіберді.* 2. *Ол шашты майлап өріп тастапты.* 3. *Қалың ағашты аралай жүгірдік.*

Әрине, бұл сөйлемдердегі *қалпақ*, *шаш*, *ағаш* деген тура толықтауыш қызметіндегі сөздер жалпылауыш зат болғанмен, сол сөйлемдерде оларды жалғаусыз айтуға болады. Неге олай? Әлде олар белгілі заттар ма? Жоқ, белгісіз ұғымды (тіпті, бірінші мысалда белгісіздіктің белгісі *бір* деген сөз де бар) толықтауыштар. Сонда да олардың табыс септеуінде айтылуы сөйлемнің экспрессивті қалыпта екендігімен, тура толықтауыштарға екпін түсіріле, басқа сөздерден гөрі басым мағынада жұмсалудымен байланысты. Осылар сияқты, жоғарыда айтылған, негізінде дұрыс берілген схемаға сыймайтын басқа мысалдарды қоспағанда Н.К.Дмитриевтің белгілілік/белгісіздікке грамматикалық мән беріп, оларды даралық, ортақтық деп айыруы бұл мәселені дұрыс шешу жолындағы елеулі ғылыми табыс екені даусыз. Бірақ ондай белгілі толықтауыштарға жататын заттар, Н.К.Дмитриевтің айтуы бойынша, тәжірибеміздің предметі ретінде бізге бұрыннан таныс — белгілі болса, олар толықтауыш қызметінде жалғаулы болады, егер зат туралы бізге бірінші рет айтылған болса, егер оны бұрын білмесек, тура толықтауыш қызметіндегі ондай зат жалғаусыз болады деген пікір қазақ тілінің фактілерімен қабыса бермейді [6; 217].

Қазақ тілі грамматикасының авторлары да тура толықтауыштың жалғаулы, кейде жалғаусыз жұмсалыу себебін сол белгілілік/белгісіздік мәннің тезіне салып түсіндіреді. М.Балақаев: «Қазақ тілінде де белгілілік (дефинитивность — определенность) пен белгісіздік (индефинитивность — неопределенность) категорияның синтаксистік амалы болатынын байқаймыз. Сол амалмен тура толықтауыш бірде жалғаулы, бірде жалғаусыз айтылып, жалғанса — белгілі, жалғанбаса — белгісіз болатыны бар» [10; 148], — деп тұжырымдайды.

Алайда ғалым М.Балақаев бірқатар сөздердің мысалы табыс жалғауда айтылуында белгілілік ұғым болса, бірқатар сөздердің табыс жалғауда тұрып тура толықтауыш болуында ондай айырмашылық жоқ болып шығатындығын аңғарады да, былайша тұжырым жасайды: «Біздіңше, жоғарыда айтылған сөздердің тура толықтауыш қызметінде үнемі жалғаулы болуының негізгі себебі олардың мағыналық мазмұнының белгілі болуында емес, ол сөздердің синтаксистік негізгі қызметінің өзгешелігінде болу керек [10].

Шындығында табыс жалғаулы, табыс жалғауынсыз сөздің бойынан белгілілік/белгісіздік мәндерін байқау қиын. Мысалы: *Домбыраны алғанда малдас құрып отырған қақпақ жауырынды батырдың көптен домбыра ұстамай, найза ұстаған қолы тосаңсып, саусақтары кібіртіктеп қалған секілденді. Әрбір жақсы адамның жақсылық тапқанына рахаттанып күлсең, оның жақсылықты жақсылығынан тапқандығын гибрат көріп күл.* Алғашқы сөйлемдегі *найза*, *домбыра* сөздері, екінші құрмалас сөйлемнің бағыныңқы сыңарындағы *жақсылық* сөзі табыс септігінің жалғауынсыз берілген. Мұнда табыс септігі жасырын тұр (*домбыраны ұстаған қол*, *найзаны ұстаған қол*, *жақсылықты тапқанына*). Алайда бұл сөйлемдердегі табыс жалғауынсыз сөздердің бойынан

белгілілік не белгісіздік мәндерін табу қиын. Мұндағы табыс септігінің жасырын келуі сөздердің синтаксистік қызметіне байланысты болса керек.

Сондай-ақ «*Әйгерім әнін үзгенше, Абай қыбыр етпестен мүлгіп тыңдады, тек Әйгерім тоқтағаннан соң үйге кірді (М.Әуезов); Олардың ойларын бұзғысы келмей, Кенжегара жасқанған болып жалына бастады*» деген сөйлемдердегі *ән, ой* сөздерінің табыс септігінде жасалуы сөздердің белгілілік не белгісіздік мәнде берілуінде емес. Бұл сөйлемдердегі тура толықтауыш қызметіндегі сөздер тәуелдік жалғаулы сөздер (*ән-і-н, ойлар-ы-н*). *Ән, ой* сөздері сөйлемдегі басқа сөздерге қарағанда, айтушыға, тыңдаушыға субъектілік, грамматикалық белгісі бар сөздер және бұл сөздер тура толықтауыштық қызметін айқындау үшін табыс септігінде жалғанады. Егер табыс септігін жалғамасақ, бастауыш қызметін атқаруы мүмкін (*әні үзгенше, ойлары бұзғысы келмей*). Бұдан шығатын қорытынды — табыс жалғаулы сөздің де, табыс жалғаунсыз сөздің де белгілілік я белгісіздік мән бере алмайтындығы. Біздің ойымызша, табыс жалғаулы сөздің алдында анықтауыш мүше болса ғана, ол белгілілік мәнге ие болады, ал белгісіздік мәндегі сөз болса, белгісіздік мәнге ие болады. Мысалы: *Кенет лаулап жанған бір жалынның жарығымен жасауылды байқап қалып, тура ұмтылғанда, анау қолындағы мылтықты кезеп, атып жіберді. Атағы шықпаған, бірақ бір әнін естіген, өзін білетін адамдар тегіс оның болашағынан үлкен үміт күтетін* (М.Мағауин). Алғашқы сөйлемде екінші сөйлемге қарағанда белгілілік мән басым. Себебі, табыс септігіндегі *мылтық* сөзін *қолындағы* сөзі анықтап тұр. Ал екінші сөйлемде белгісіздік басым. Себебі *бір* есімдігі табыс жалғаулы *ән* сөзіне белгісіздік мән үстейді.

Демек, табыс жалғаулы сөздің я табыс жалғаунсыз сөздің белгілілік/белгісіздік мәнге ие болуы оларды анықтайтын мүшелерге байланысты. Егер белгісіздік мәндегі сөз тұрса, табыс жалғаулы сөз белгісіздік мәнде болады. Егер анықтауыш мүше белгісіздік мән бермейтін өзге сөздерден болса, табыс жалғаулы сөз белгілілік мәнде болады.

Сонымен, түркі тілдерінде белгілілік/белгісіздік мәселесі — нақты жауап алмай келе жатқан мәселе. Десе де, тілдік айғақтарға қарасақ, бұл белгілілік/белгісіздік мән түркі тілдеріне де тән құбылыс.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Казем-Бек М.А. Общая грамматика турецко-татарского языка. — Казань, 1846. — С. 381.
- 2 Грамматика алтайского языка. — Казань, 1969. — С. 142.
- 3 Катанов Н.Ф. Опыт исследования урянхайского языка. — Казань, 1903. — С. 783.
- 4 Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казах-киргизского языка. — СПб., 1897. — С. 15.
- 5 Горбучян Г.М. Теория артикля и проблемы арабского синтаксиса. — М., 1973. — С. 34.
- 6 Дмитриев Н.К. Строй турецкого языка. — М., 1939. — 247 с.
- 7 Дмитриев Н.К. Грамматика кумыкского языка. — М., 1940. — С. 172.
- 8 Язык народов СССР. — П-т. Тюркские языки. — М.: Наука, 1966. — 584 с.
- 9 Балақаев М.Б. Қазақ әдеби тілі. — Алматы: Ғылым, 1984. — 60-б.
- 10 Балақаев М.Б., Сайранбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. — Алматы: Санат, 2003. — 151-б.

Ә.Н.Ажарбекова

Проблема определенности/неопределенности в тюркском языкознании

В статье рассмотрены и проанализированы факты выражения определенности/неопределенности в тюркских языках. Тюркологами выявлено, что такая семантика может выражаться посредством дополнения с показателями и без показателя винительного падежа. А в казахском языке дополнения с показателями и без показателей винительного падежа не выражают значения определенности/неопределенности. На материале казахского языка автором показано, как значение определенности и неопределенности слов с показателями и без показателя винительного падежа зависит от определяющих их членов предложения.

Definiteness/uncertainty problem in Turkic linguistics

In article the facts of expression of definiteness/uncertainty in Turkic languages are considered and analyzed. For Turkic linguistics the category of definiteness/uncertainty is a question unresolved. By turcologists it is revealed that such semantics can be expressed by means of addition with indicators and without indicator of an accusative case. And in the Kazakh language of addition with indicators and without indicators of an accusative case don't give value of definiteness/uncertainty. On a material of the Kazakh language the author shows, how value of definiteness and uncertainty of words with indicators and without indicator of an accusative case a zavisist from sentence parts defining them.

References

- 1 Kazem-Beck M.A. *General grammar of the Turkish-Tatar language*, Kazan, 1846, p. 381.
- 2 Grammar of the Altai language, Kazan, 1969, p. 142.
- 3 Katanov N.F. *Experience of research of uryankhaysky language*, Kazan, 1903, p. 783.
- 4 Melioransky P.M. *Short grammar the Kazakh — the Kyrgyz language*, Sankt Petersburg, 1897, p. 15.
- 5 Gorbuchyan G.M. *Theory of an article and problem of the Arab syntax*, Moscow, 1973, p. 34.
- 6 Dmitriyev N.K. *Stroy of the Turkish language*, Moscow, 1939, p. 247.
- 7 Dmitriyev N.K. *Grammatika of the Kumyk language*, Moscow, 1940, p. 172.
- 8 *Language of the people of the USSR, II vol. Turkic languages*, Moscow: Nauka, 1966, 584 p.
- 9 Balakayev M.B. *Kazakhsky literary language*, Almaty: Gylm, 1984, p. 60.
- 10 Balakayev M.B., Sayranbayev T. *Modern Kazakh language*, Almaty: Sanat, 2003, p. 151.

ӘОЖ 81'

К.О.Сапарова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: kamma1976@mail.ru)

Еліктеуіш сөздердің сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілдер арқылы жасалуы

Мақалада морфология саласында бұрыннан сөз болып келген еліктеуіш сөз табының жасалу жолдары сөзжасамдық жүйе тұрғысынан қарастырылды. Морфологияда еліктеуіш сөз табының жасалу жолдары грамматикалық мағына, форма тұрғысынан қарастырылып келсе, сөзжасамдық жүйеде бұл сөз табының мағына түрлері мен сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалатынына назар аударылады. Сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі нәтижесінде сөздердің лексикалық мағынада ауысатыны, түрленетіні сияқты мәселелер нақты мысалдармен дәлелденді.

Кілт сөздер: қазақ тілі, еліктеуіш сөздер, сөзжасам, сөз, морфология, сөз таптары, грамматика, сөзжасамдық ұя, сөзжасамдық тәсіл, лексика.

Қазақ тілі әлемдегі бай тілдердің біріне жатады. Тілдің лексикасының үнемі дамып толығып отыруы экстралингвистикалық факторлармен де тығыз байланысты. Тіліміздің сөздік қорының баюындағы негізгі қызметті қазақ тілінің сөзжасам жүйесі атқарады. Сөзжасам жүйесіндегі тіл көне заманнан бері үнемі толығып, дамып, күрделеніп, әбден қалыптасқан заңдылықтар арқылы жүзеге асты. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап тіл білімінде қарастырыла бастаған сөзжасам туралы көптеген еңбектер, зерттеулер жүргізіліп, соның нәтижесінде сөзжасам лингвистикалық зерттеудің лексикамен және морфологиямен терезесі тең жеке сала ретінде қалыптасты. Оның ерекшелігі сөздердің арасындағы байланыс, қатынас лексика-семантикаға, морфологияда формаға келіп тірелсе, ал сөзжасамда семантикаға да, формаға да екі жақтан бірдей қатысты болып келеді.

Сөзжасам жүйесі әр дәуірдің жаңалығымен бірге де толығып отырады. Осы салада еңбек сіңіріп жүрген ғалымдар қауымының ізденістерін бір арнаға тоғыстыру, тіл мамандарының ғана емес, ана тілін ардақтаған, сөз байлығын түгендеген әрбір азаматтардың монографиялық еңбектерінен көруге болады. Ертедегі әдеби мұраларымызда, бай ауыз әдебиетімізде қолданылған, бірақ қолданыстан шығып қалған әр сөзді мағынасымен қолдана білу үшін жинақтап, болашақ ұрпаққа ұғындыру, тіл мәдениетін көтеру, көнерген, ескірген сөздердің бәрін бірдей қолданыстан шығарып тастамай, әр сөзді жарасымдылығымен орнын тауып қолданып, тілімізді әрлендіру сөзжасам қорын кеңейтеді.

Сөзжасам саласында сөзжасамның тәсілдері, сөзжасамның мағына түрлері арқылы сан түрлі сөздер жасалып, қазақ тіл білімінде сөз таптарының осы уақытқа дейін ғылыми түрде ашылмай келген көптеген қырлары қазіргі таңда зерттеу нысанына айналып отыр. Соның бірі — еліктеуіш сөздер. Негізінен еліктеуіш сөздеріне қатысты қазақ тіл білімінде әлі де болса түрлі пікірлер айтылып келеді. Әсіресе оның бейнелеуіш түріне қатысты мәселе. Ескеретін бір жағдай еліктеуіш сөздерді морфологиялық тұрғыдан мағыналық топтарына қарай дыбыстық және бейнелеуіш деп бөлгенімен, бейнелеуіш турасында оларды қимыл-сын үстеулерімен шатастырушылық туралы талас мәселелер күні бүгінге дейін толастамауда. Мұның басты себебі еліктеуіш сөздерді морфологиялық тұрғыдан ғана емес, сөзжасам саласынада зерттелмей келуінде.

Әр сөз таптарының ерекшеліктеріне байланысты сөзжасамға қатысу қабілеті әр түрлі. Басқа сөз таптарына қарағанда, зат есім, сын есім, етістіктер сөзжасам процесінде әлдеқайда белсенді түрде қатысса, ал сан есім, еліктеуіш сөздер, одағай сияқты сөз таптарының сөзжасамдық мүмкіндігі төмендеу. Шылауға келетін болсақ, оның сөзжасамдық элементтері де жоқ. Осыған қарап қазақ тіліндегі барлық сөз таптарының мүмкіндігі бірдей еместігін байқауға болады.

Еліктеу сөз табы семантикалық тұрғыдан екіге бөлінеді: дыбыстық еліктеуіш сөздер және бейнелеуіш сөздер. Екеуінің атқарар қызметіне қарай өзіндік ерекшеліктерімен айқындалады. Дыбыстық еліктеуіш сөздер табиғаттағы, қоршаған ортадағы, күнделікті тіршілікте кездесетін неше түрлі алуан дыбыстардың тілде барынша дәл берудегі еліктеуден тұрса, ал бейнелеуіш сөздер семантикалық мағыналары сол табиғат пен қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың сыртқы бейнесін іс-әрекетін көзбен көру арқылы туатын түсініктердің атаулары болады. Сонымен қатар олардың семантикалық тұрғыдан ғана емес, фонетика-грамматикалық жағынан да өзіндік айырмашылықтары бар. Басқа елдің де тіл грамматикаларында да еліктеу сөзін екіге бөлу фактілері бар. Орыс тілінде подражательные слова болса, ал еліктеуіш пен бейнелеуіш сөздерді звукоподражательные и образоподражательные, немесе звукоподражательные и звукообразные, слова деп бөліп қарастырады. Бұл термин түркі тілдеріне алғаш орыс тілінен келіп кірген болса керек. Осы еліктеу сөздерінің екі түрінің айырмашылығына тоқталатын болсақ, еліктеуіш сөздер қандай да бір дыбыс атауын дәл жеткізуге тырысса, ал бейнелеуіш сөзде ештеңеге еліктемей тек әсерлі, ерекше етіп суреттеп, мәнерлі түрде бейнелейді.

Сөзжасам жүйесінде әбден қалыптасқан негізгі үш тәсіл бар, олар:

- 1) синтетикалық;
- 2) аналитикалық;
- 3) лексика-семантикалық.

Тіліміздегі бар сөздер мен сөзжасамдық жұрнақтарды қандай тәртіпте қолданудың заңдылықтарын қалыптастырған осы тәсілдердің рөлі жоғары.

Ертеден қордаланып жинақталған тіліміздегі барлық сөздер мен сөзжасамдық жұрнақтарды қандай ретпен қолданудың заңдылықтарын қалыптастыратын осы тәсілдердің рөлі айтарлықтай айқындалған. Осы үш тәсілдер бойынша еліктеу сөз табының жасалуы, сөзжасам тұрғыдан қандай заңдылықтармен жасалатыны жөнінде тіл білімінде қалыптаса бастаған жүйелі іздері көп. Оны осы сөзжасам жүйесімен айналысқан А.Ысқақов, Н.Оралбаева, О.Тоққожаева, тағы басқалардың сынды еңбектерінен көруге болады. Аталған ғалымдар еңбектерінен тілдегі туынды сөздердің белгілі сөзжасам тәсілдерінің қалыптасқан жүйесі бойынша сөзжасамдық жұрнақтарды туынды сөз жасау үшін қалай, қандай тәртіпте қолданудың жолдары осы тәсілдер арқылы берілгенін көруге болады.

Еліктеуіш сөз табының сөзжасамын теориялық тұрғыдан зерттеуді бастаудың қажеттілігі туралы мәселесі туындап отыр. Қазақ тіл білімінде еліктеуіш сөздер өзге сөз таптары сияқты семантикалық ерекшеліктері бар, грамматикалық сыр-сипаты айқын, фонетика-морфологиялық құрылымы жағынан өзіндік орны бар әрі өзге сөз таптарынан оқшауланып тұрады. Әрі еліктеу сөз табы қазақ тілінде біршама зерттелген, талқыланған және оның түрлері еліктеуіш пен бейнелеуіш сөздердің қазақ тіліндегі дербес сөз таптық болмысы негізделіп, лингвистикалық статусы қалыптастырылып, атқарар

рөлі, яғни мағыналық құрылымы, сөйлемдегі синтаксистік қызметі, морфологиялық, коммуникативтік-прагматикалық қасиеттері, айқындалған. Сондай-ақ еліктеу сөз табынан туған басқа да сөз таптары да сараланған.

Бірақ еліктеу сөз табы сөзжасам саласында әлі терең зерттелмеген ашуы жетіспей тұрған бір теориялық мәселелері жеткілікті. Бұған дейін тек жеке монографиялық еңбектерде морфологиялық деңгейде қарастырылып келді. Қазақ тіл білімінде еліктеу сөз табына жеткілікті түрде мағыналық тұрғыдан талдау жасалынса да олардың сөзжасам жүйесіндегі атқарар рөлі мен сөйлемдегі синтаксистік қызыметі қарастырылмаған. Оның сөзжасамдағы мағыналық құрылымын, морфологиялық, синтаксистік және коммуникативтік-прагматикалық қасиеттерін айқындауға жеткіліксіз болып отыр.

Лексика-семантикалық тәсіл де тілдің сөзжасам жүйесінде ертеден бері қызмет етіп келе жатыр. 1989 жылғы «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты ұжымдық еңбекте осы сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі кеңінен қарастырылған.

Тіл жүйесінде омонимдердің бірнеше түрі кездеседі. «Көп мағыналы сөздердің жеке мағыналары арасындағы байланыстың үзілу нәтижесінде пайда болған омонимдердің екі тобы болады. Олардың бір тобы лексика-грамматикалық омонимдер болса, екінші тобы лексикалық омонимдер деп аталады. Лексика-грамматикалық омонимдер — бір мезгілде бірнеше сөз табының қызметінде қолданылатын, генетикалық тұрғыдан туыспайтын омонимдер. Лексикалық омонимдер — бір сөз табының құрамына кіретін, генетикалық тұрғыдан туыстас омонимдер» [1; 194].

Синтетикалық тәсілде сөз негізіне сөзжасамдық жұрнақтың жалғануы арқылы жасалу жолдарын көрсетсе, ал сол сөздерді анықтайтын тәсілді синтетикалық дефиниция қазақ тілі түсіндірме сөздіктерінде қызмет атқарады. Сөзтізбеге алынған сөздердің мағынасын ашудағы (дефиниция берудегі) тәсілі туралы, филология ғылымдарының докторы М.Малбақовтың тілімен айтқанда, әл-Фараби сөздік бірліктің абсолюттік құндылығына қатысты белгісіздікті басқа сөздердің (синонимдердің, антонимдердің) немесе сөз тіркестерінің (жай, күрделі) көмегімен жойған [1; 51]. Осыдан келіп сөздік бірлікке берілетін анықтамалар түрлері кеңінен пайдаланған, олар: сипаттамалық анықтама, синонимдік анықтама, терістеуші және антонимдік анықтама.

Ал сөзтізбеге алынған сөздердің мағынасын ашудағы, яғни дефиниция берудегі тәсілі туралы мына секілді анықтама бар: «Синтетикалық дефиниция — белгілі бір дүниетанымның, құндылықтардың жүйесіне, белгілі бір ұғым немесе түсініктің құрамына енетін зат, құбылыс немесе қатынастырды бір-бірімен өзара салыстыра бағалаудан келіп шығатын, тәжірибеге, қауымның ортақ білігіне негізделіп жасалатын анықтама» [1; 279].

Сөздік қор, сөздік құрамның дамуына сыртқы себептер мен қоса ішкі себептер, яғни, ішкі тілдік құбылыстар, сөз мағынасының кеңеюі деген мәселелер (этимологиялық құбылыстар) әсер етеді де, соған сай жаңа сөздердің пайда болуына ықпал жасайды. Мысалы: *сарт етті, сарт саудаласты, кілт бұрылды, белім кілт етті, нота кілті, кілт ете қалғыш* т.б. Аталған сөздердің мағынасы «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» былай беріледі:

САРТ I екі заттың қатты соқтығысынан шығатын дыбыс. **♦ Сарт ете түсті [қалды]:** а) *бір нәрсе сарт етіп қатты тиді; ә) сап ете қалды, тез жетті. Сарт еткізді [етті]* — *тарс ете қалды.*

Сарт II (Көне) *саудагер, бақалшы* [2; 711].

КІЛТ I *Құлыпты, есікті сандықты ашып-жабатын ашқыш; 2. ауысп. Белгілі бір нәрсені бұрап бекіту не босату үшін жұмсалатын құрал; 3. Бір нәрсенің түсініп-білудің, іске асырудың тетігі, түйіні.*

КІЛТ II *муз. нота жолының басында тұрып, нотаның мәнін айқынқындайтын белгі.*

КІЛТ III *шұғыл, тез. ♦ Кілт етпе: а) бел, аяқ буындарының ауруы; ә) аяқ астынан лезде өкпелегіш. Кілт етті — өкпеледі, ренжіді* [2; 437] т.б.

Синтетикалық дефинициялардың бір түрі — анықталатын лексикалық бірлікті оның өзін тудырған қимыл, әрекеттің нәтижесі немесе бір бүтін нәрсенің, құбылыстың бөлігі, бөлшегі ретінде көрсететін генетикалық дефинициялар. Генетикалық дефинициялармен түсіндірме сөздіктегі математикалық, физикалық және техникалық терминдер түсіндіріледі [1; 13].

Ж.Сарбалаевтың еңбегінде: «Біздің ойымызша да, сөзжасамның сөз болып отырған амалын «лексика-грамматикалық тәсіл» немесе «конверсиялық тәсіл», деп тану сөзжасамның бұл түрінің табиғаты мен мазмұнына толық сәйкес келеді» деп басқаша атауды ұсынған [3; 15]. Сонымен қатар синтаксистік тәсілдің сөзжасамның конверсиялық жолына қатысуына қарай былай деп ойын

тұжырымдайды: «Синтаксистік тәсілде мұнда (конверсияда) сөздердің функциясының өзгеруінен, сөздердің тұрақталған позициясынан басқа функцияда жиі қолданыстарынан танылады.

Ж.Сарбалаев конверсияның сөзжасамын бір жолы ретінде: «Жалпы тіл білімінде сөздердің бір лексикалық-грамматикалық категориядан екінші бір лексика-грамматикалық категорияларға ауысулары «конверсия» (ағылшын тілінен алынған термин: *conversion* — айналу) деп аталады да, ол сөзжасамның бір жолы ретінде танылады» [3; 16].

Кейінгі қазақ тіл білімінде сөзжасамның жеке сала ретінде бөліне бастауына байланысты былай делінген: «Лексика-семантикалық тәсіл арқылы сөздің жаңа мағынаға көшуіне байланысты сөз бір сөз табынан екінші сөз табына ауысады, оны ғылымда конверсия деп атайды. Конверсия жолымен жаңа жасауы — өте көп тараған тәсіл, оның ішкі ерекшеліктері де бар» [4; 208]. Қазақ тіл білімінде осылайша сөзжасам аясында, оның бір тәсілі ретінде қаралатын конверсия құбылысының сөзжасамдық қасиетімен функционалдық-грамматикалық сипатын да жоққа шығаруға болмайды.

Осы сала бойынша А.И.Бахараев, Л.И.Удалова, С.А.Соколов, Н.Г.Корлэтяну, А.Ф.Ғаниев, С.А.Беглярова, Г.А.Абдурахманов және тағы басқа ғалымдар айналысқан.

1989 жылғы «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты ұжымдық еңбекте осы сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі кеңінен қарастырылған. Сөз сөйлем ішінде түрлі мағына беруіне әр түрлі көп мағынаға ие болады. Оның дыбыстық, морфемдік құрылымы сақталып тек жаңа мағынаға ие болады. Тіл білімінде мұндай құбылыс прономинализация (сөздердің бір сөз табынан екіншісіне айналуы) деп аталады. Белгілі бір сөздердің жаңа мағынаға ие болуы, көп мәнді, ең бастысы, омонимдік қатарға келуі арқылы жасалады және сөздердің о бастағы мәнін жоғалту не болмаса әлсірету барысында басқа бір сөз табының қатарынан танылуға жол береді. Тіл жүйесінде омонимдердің бірнеше түрі кездеседі. «Көп мағыналы сөздердің жеке мағыналары арасындағы байланыстың үзілу нәтижесінде пайда болған омонимдердің екі тобы болады. Олардың бір тобы лексика-грамматикалық омонимдер болса, екінші тобы лексикалық омонимдер деп аталады. Лексика-грамматикалық омонимдер — бір мезгілде бірнеше сөз табының қызметінде қолданылатын, генетикалық тұрғыдан туыспайтын омонимдер. Лексикалық омонимдер — бір сөз табының құрамына кіретін, генетикалық тұрғыдан туыстас омонимдер» [1; 194]. Ал кейінгі қазақ тіл білімінде сөзжасамның жеке сала ретінде бөліне бастауына байланысты былай делінген: «Лексика-семантикалық тәсіл арқылы сөздің жаңа мағынаға көшуіне байланысты сөз бір сөз табынан екінші сөз табына ауысады, оны ғылымда конверсия деп атайды. Конверсия жолымен жаңа жасауы — өте көп тараған тәсіл, оның ішкі ерекшеліктері де бар» [4; 207–208].

Еліктеуіш сөз табы өзіндік сөзжасамдық жүйесі бар сөз табы және бұл еліктеуіш сөз табы негізінен өте ертеден қалыптаса бастаған. Еліктеуіш сөз табының өзіндік сөзжасам элементтері, модельдері, типтері бар. Сонымен бірге еліктеуіш сөзінің өзіндік сөзжасамдық тәсілдері бар. Мұның барлығы қазақ тіл білімінде белгілі бір заңдылықтар нәтижесінде жүзеге асады.

Конверсиялық тәсіл сөз тудыру, тіл білімінде өте кең қолданылады. Ж.Сарбалаевтың «Сөзжасам мәселелері» атты оқу құралында осы конверсиялық тәсілді зерттей келе ағылшын тілінің сөз жасау жүйесінде ең өнімді, актив тәсіл деп, Л.А.Уримцеваның деректеріне сүйене отырып, қазіргі ағылшын тілінің лексикалық құрамындағы конверсияланған сөздердің саны жеті мыңнан асып жығылады» деп сараптама жасаған [3; 4].

Лексика-семантикалық тәсіл арқылы сөз тудыру тілдегі сөз таптарының бір-біріне ауысуына сүйенеді. Белгілі бір сөз таптарындағы сөздер өзінің бастапқы лексика-грамматикалық категориясынан қол үзіп, екінші бір лексика-грамматикалық категорияға ауысады. Уақыт өте келе басқа сөз табынан ауысып келген сөздер өзі енген сөз табының категориялық мағынасы мен грамматикалық ерекшелігін қабылдап, сол категорияға сіңіп кетеді. Осылайша, тілдің грамматикалық жүйесінде тұлғалануы бірдей болғанмен, категориялық мәне мен грамматикалық сипаты әр түрлі сөз табына қатысты болып келетін лексика-семантикалық омонимдер пайда болады. Мысалы:

ТАҚ I *зат есім.* жұппен алмасып келіп отыратын сан (1, 3, 5, 7 т.б.) *Қыс пен жаз, күн мен түн, тақ пен жұп, жақсылық пен жамандық — болды сегіз* (Абай).

ТАҚ II *зат есім.* патша, хан, корольдың, яғни монархтың, салтанат кезінде отыратын орны, билікке ие болу белгісі. *Патша тақтан түскен соң, Көрдім елді тасыған* (Ж.Ж.).

ТАҚ III *үстеу.* дәл, нақ. *Бір жігітке тақ қырық-елу сойыл қарсы келген болу керек* (М.Ә.) [5].

ТАҚ: *үстеу тақ етті* 1. Сарт еткен тақылдап естілген дыбыс. 2. *Сақ етіп, дәлме-дәл тіл қатты* [2; 775]. Осы соңғы айтылған *тақ* сөзі еліктеуіш сөз табында тұр.

Бір сөздің бірнеше мағынада қолданылуы түркі тілдерінде де көп мағыналы қосымшалар көрінісінің нәтижесі екенін байқауға болады. Қазіргі қазақ тіліндегі бірқатар түбір сөздің екі жарылып, бір жағы түбір күйін сақтап, лексикалық мағынасынан ажырамай, бұрынғы қалпын ұстанып қалғандары болса, оның екінші компоненті лексикалық мағынасын жойып қосымшаға айналған. Мұны «шақ» сөзінің мағыналық өзгешеліктерінен айқын көруге болады. Түсіндірме сөздік және омоним сөздіктерінде бұл сөз мынадай мағыналарды береді:

ШАҚ I зат есім. белгілі бір шамамен мөлшерленетін бір нәрсенің мерзімі, мезгілі, кез. *Балалық шақта тыныштық, сірә, болушы ма еді? — деді Келдібай* (Ғ.С.).

ШАҚ II сын есім. *лайық, құйып қойғандай дәл. Өзіне шақ күн көрісі, өзіне шақ қуанышы бар* (Ғ.М.).

ШАҚ III үстеу. *әрең, сәл. Аспанда ай шақ қана көрініп, күңгірт сәулесін жерге түсіруге ерініп тұрған сияқты* (С.О.).

ШАҚ IV сын есім. *қысқа, ықшам, шағын. Қайратым мәлім, Келмейді әлім, Мақсұт алыс, өмір шақ* (Абай) [5; 184].

ШАҚ: шақ етті — 1. Бір нәрсенің екінші нәрсеге тақ етіп тиген дыбысы. 2. ауысп. Адамның бірденеңе дереу ашу шақырып, бастырмалата жөнелуі. Бұл орайда еліктеуіш сөз табы қызметінде тұр.

Осы «шақ» деген *уақыт, мерзім* деген сөздің тура (номинативтік) мағынада кездесетін негіздің сөзжасамдық ұясында «шақ етті», яғни кенет, *оқыс дыбыс деген* қолданылатын еліктеу сөзі кездеседі. «Шақ» сөзі ешбір грамматикалық өзгеріске түспей-ақ контекстік мағына көмегімен *күзен тісін ақситып шақ етті* немесе *шақ-шақ етіп маңайына кісі жолтар емес* деп қолданыла береді. Бұл қолданыста ол бастағы мезгіл үстеу ретінде қолданып жүрген «шақ» (*балалық шақ* т.б.) контекстік мағына көмегімен еліктеу сөзіне айналып отырған туынды сөз қатарына жатады.

Ескеретін бір мәселе, көріп отырғандай, соңғы келтірілген: *Шақ: шақ етті* — 1. *Бір нәрсенің екінші бір нәрсеге тақ етіп тиген дыбысы* деген мағынасы, сөз жоқ, дыбыстық еліктеу сөзі. «Шақ» сөзінің бұл мағынасы басқалармен салыстырғанда омонимдік құбылысқа жатады. Себебі «шақтың» көрсетілген басқа мағыналарынан, әр кірген соң сөз табы жағынан да мүлде ұқсамайтын — байланыстың қатынастарын үзген мағына. Бұл, әрине, омонимдік құбылыс нәтижесінен, яғни сөзжасамның семантикалық тәсілі нәтижесінде пайда болған дыбыстық еліктеу сөзі. Осыған ұқсас мына мысалға көңіл бөлсек: *Тостағандай бота көзі жарқ ете қалды* [6]. Осындағы *жарқ* деген сөздің мағынасы адамның табиғатына сай емес. Адам көзі жарқылдамайды, оның жүріс-тұрысы да бұл сөздің мағынасына сай келмейді. Жарқылдайтын нәрсе күнге шағылысқан айна немесе жалтырайтын зат түрлері.

Мәселен, *Көлбай ұшып барып, қонышынан екі жүзді сапыны жарқ еткізіп суырып алды* [7]. Осы екі мысалды салыстыра отырып қарастыратын болсақ, адам жарқыл шығармайды (дене мүшелер, яғни табиғаты). Оның іс-әрекетіне, қасиетіне байланысты ауыс мағынада қолдана алуы мүмкін. Сонда адамға байланысты қолданылған *жарқ* сөзі көп мағыналы сөзге жатады да, ал оның тура «номинативтік» мағынасы еліктеуіш сөзі болып табылады. Ал екінші сөйлемдегі *жарқ* — ол затқа тән қасиет. Зат жарқылдайды, жарыққа шағылысып сәуле шығарады. Сөзжасамның семантикалық нәтижесінде сол негіз қалпы тұрғысынан көп мағыналыққа ие болып отыр. Кейбір кезде олар омонимдік құбылыс қатарына да енуі мүмкін (егер бастапқы тура мағынасынан мүлдем мағыналық қатысын үзсе).

Осы мысалдардағы дегендердегі бірінші сөйлемде *шақ, шақ-шақ* сөзі затқа, тасқа соғылған кездегі дыбыстың жаңғырығын білдірсе, ал екінші сөйлемдегі *шақ* сөзі адамның ашу үстіндегі сезімін сипаттап тұр. Осылайша «шақ» еліктеу сөзі қолданысына қарай мағынасын бірінші сөйлемде үстеу, екінші сөйлемде егістік сөз табы болып өзгертіп тұр.

Сөзжасам жүйесінде негіз сөздің лексикалық мағынасына жаңа сөздік лексикалық мағынасына арқау болады, сонысымен де тілде бір лексикалық мағына екінші лексикалық мағынаның негізінде жасалады. Сөздің мағынасының негізінде туынды сөздің жаңа сөздің мағынасы жасалады.

Сөздің айтылу интонациясына қарай беретін мағынасы да түрлі болады. Мәселен, сөйлемдегі айтылу мағынасына қарай зат есімге де, еліктеуішке де жататын мына сөздерді алайық.

Зат есім
Қор (болды)
Тап (күресі)
Дарға (асты)
Қыз (бала)

Еліктеуіш сөздер
Қор (ете түсті)
Тап (берді)
Дар (ете түсті)
Қыз-қыз (қайнады)

Шөп (шанты)

Мұнда зат есім мағынасындағы сөздер жай, қоңыр сөзімен айтылады да, еліктеуіш сөздер жұлып алғандай дауыс екпіні қатты шығады [8]. Бұдан еліктеуіш сөздерде интонациялық құбылу шеңбері кең екенін аңғарамыз.

Шөп (ете мүсті)

Ш.Ш.Сарыбаевтың «Қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздер» атты еңбегінде дыбыстың, қимылдың баяу немесе тез, жылдам болуына байланысты еліктеуіш сөздердің интонациясы екі түрге бөліп қарастырған болатын. Яғни, бірінші түрінде, егер дыбыс жұлып алғандай жылдам, шұғыл, тез шықса, онда еліктеуіш сөздің айтылу интонациясы да соған орай тез, шұғыл болады. Мысалы: *гүрс етті, шаңқ етті, дүрс етті* т.т. Сол сияқты қимыл жай, созылыңқы болмай, шұғыл болатын болса, онда еліктеуіш сөздердің айтылуы да тез, шұғыл болады. Мысалы: *селк етті, сап етті, шап берді* т.б. Ал, екіншіден, егер дыбыс шұғыл болмай, созылыңқы шықса, онда сөздер де созылыңқы интонациямен айтылады [8; 16]. Мысалы: *қор-р ете мүсті, ши-и-иқ ете мүсті*.

Сөздік қорымыздың ұдайы дамуынан ана тіліміздің күші мен құдіретін сезінуге болады. Туған халқымыздың ертеден-ақ бағдарлап, сөз өнерін бар өнердің басы деп санады. Қазақ халқының тіл байлығы жер бетіндегі бай тілдердің біріне жатады. Оның бай сөздік құрамы қаншама ғасырлар бойы қалыптасқан. Сөзжасам жүйесіндегі көптеген тілдік құбылыстар, заңдылықтар сонау көне түркі тілінен бастау алған. Оған куә ретінде Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі грамматикалық заңдылықтар негіз болады.

Сөздік қор ұдайы даму үстінде үнемі толығып, басқа тілден енген сөздермен болсын, өмірдің әр саласына қатысты жаңалықтармен бірге келген сөздермен болсын жаңа ұғым туғызып, олар тілде жаңа сөздер, атаулар қалыптастырады. Бірақ ол тілдегі сөздік қордың көбеюінің негізгі жолы емес. Тілдің ішкі мүмкіндігіне байланысты тілдегі бар сөздер мен сөзжасамдық жұрнақтар арқылы, яғни сөзжасамдық тәсілдер арқылы, туынды сөздер жасалады. Бұдан тілдегі туынды сөздердің көне заманнан бері қарай қолданылып келе жатқан сөзжасамның негізгі үш тәсілі синтетикалық, аналитикалық және лексика-семантикалық тәсілдер арқылы іске асады.

Сөзжасам жүйесі әр дәуірдің жаңалығымен бірге де толығып отырады. Осы салада еңбек сіңіріп жүрген ғалымдар қауымының ізденістерін бір арнаға тоғыстыру, тіл мамандарының ғана емес, ана тілін ардақтаған, сөз байлығын түгендеген әрбір азаматтардың монографиялық еңбектерінен көруге болады. Ертедегі әдеби мұраларымызда, бай ауыз әдебиетімізде қолданылған, бірақ қолданыстан шығып қалған әр сөзді мағынасымен қолдана білу үшін жинақтап, болашақ ұрпаққа ұғындыру, тіл мәдениетін көтеру, көнерген, ескірген сөздердің бәрін бірдей қолданыстан шығарып тастамай, әр сөзді жарасымдылығымен орнын тауып қолданып, тілімізді әрлендіру сөзжасам қорын кеңейтеді.

Сөздік қорымыздың ұдайы дамуынан ана тіліміздің күші мен құдіретін сезінуге болады. Туған халқымыздың ертеден-ақ бағдарлап, сөз өнерін бар өнердің басы деп санады. Қазақ халқының тіл байлығы жер бетіндегі бай тілдердің біріне жатады. Оның бай сөздік құрамы қаншама ғасырлар бойы қалыптасқан. Сөзжасам жүйесіндегі көптеген тілдік құбылыстар, заңдылықтар сонау көне түркі тілінен бастау алған. Оған куә ретінде Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі грамматикалық заңдылықтар негіз болады.

Еліктеу сөздері негізінен ертеден қалыптасқан тілдік құбылыс, өзге сөздер сияқты тілдің даму барысында біртіндеп өз құрамын жетілдіріп, әр халық көркем әдебиеттерінде, ауызекі тілдерінде қалыптасып, қордаланған дүние.

Сөзжасам жүйесінің тілде атқаратын қызметімен оның маңызы тілдің сөздік қорын байытып сол арқылы оның икемділігін арттыратын қандай күрделі ой болса да, оны нақтылы, дәл жеткізуге мүмкіншілігі мол құдіретті тіл болып қалыптасуына негіз болатындығы. Тілдің лексикасының үздіксіз даму үдерісі экстралингвистикалық факторларымен тығыз байланысты. Адам санасының өсуіне байланысты, қоғамдағы өзгеріске сай жаңа заттар мен ұғымдар пайда болады да, олардың жаңа атаулары да тілде көрініс береді. Басқа тілден енген сөздер тіл байлығы мен сөздік қорды ұлғайтқанымен, негізгі қызметті белгілі бір тілдің сөзжасам жүйесі атқарады. Сол сияқты, қалыптасқан негізгі сөзжасам жүйесі заңдылықтары қазақ тілі үлесіне тисе, басқа тілдерден енген сөздер тек тіліміздің сөздік қорын байыта түседі.

Жаңа сөз жасау сөзжасам жүйесінің қалыптасқан заңдылықтары арқылы ғана жүзеге асып, сөзжасамдық элементтердің белгілі бір сөз табына қатысы айқындалып, олар белгілі бір сөз табының көрсеткіші саналады.

Сөзжасамның жасалу тәсілі әр түрлілігі оның мағына түрленуіне де әсері мол. Сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілінде сөз атқарар қызметіне байланысты, мағынасына қарай бір сөз

табынан екінші сөз табына өтеді. Сөздердің лексикалық мәні өзгеріске түседі. Тіл білімінде сөзжасамдық мағына туралы көптеген зерттеулер нәтижесінде ғалымдар пікірі әр түрлі. Яғни бір топ ғалымдар жиынтық мағына, келесі бір топ айырма мағына деп қарастыруда.

«Сөзжасамдық айырма деп негіз сөз бен одан жасалған туынды сөздің арасындағы мағыналық айырмашылық аталады. Жиынтық мағына деген бағыттағы ғалымдар сөзжасамдық мағына деп негіз сөз бен жұрнақтың мағынасының қосындысынан шыққан мағынаны атайды» [4; 209].

Еліктеуіш сөз табының мағынаны жасауға қатысатын бірден-бір қажет ететін сөзжасамдық бірлік. Күрделі сөздерде негіз сөз бен сөзжасамдық жұрнақ туынды сөз жасайтын болса еліктеуіш сөз табының туынды мағына жасаушылар деп аталады, өйткені оларсыз туынды сөз жасалмайды. Осы тұрғыда олар еліктеуіш сөз табының сөзжасамдық бірліктері деп танылады. Сондықтан еліктеуіш сөз табының туынды мағынасын сөзжасамдық бірліктердің мағыналарының жиынтығы деп қарауға ғылыми негіз бар.

Туынды мағына оның құрамындағы тұлғалар оның мағынасын жасаушылар арқылы анықтай аламыз. Дегенмен туынды сөздің мағынасын негіз сөзбен салыстыру арқылы дәлелдеуге болады, яғни салыстыру арқылы туынды сөздің мағынасы негіз сөзден түрліше екенін немесе сөзбен туынды сөздің мағынасында белгілі бір өзгешелік барын байқаймыз.

Туынды сөздің мағынасын көптеген ғалымдар екі түрлі бағытта зерттеп жүргенімен бір ғана мақсат туынды сөздің мағынасын анықтау үшін жұмыс жүргізеді. Еліктеуіш сөздердің туынды сөздерінің мағынасын анықтауда осы екі бағыттағы зерттеушілердің екеуін де басшылыққа алған жөн. Ол үшін бірінші негіз сөзбен туынды сөзді салыстыра отырып, негіз сөз бен туынды сөз арасындағы айырмашылықты табу қажет. Бұдан негіз сөз бен туынды сөз арасындағы кейбір айырмашылықтарына қарай бұл екеуінің екі сөз екенін анықтауға болады.

Туынды сөз құрамындағы негіз сөз бен жұрнақтың еліктеуіш сөз табының сөзжасамдық мағынасын жасауға қатысы анықталады. Еліктеуіш сөз табының сөзжасамдық мағына туынды сөздің құрамындағы тұлғалардың мағынаның қосындысы деген ұғым бойынша негіз сөз бен туынды сөздің мағына жасауға қатысы анықталады.

Тіліміздегі туынды сөздің барлығы да тілде бар лексикалық бірліктердің негізінде жасалып, тек сөз жасауға қатысатын лексикалық бірліктің мағынасы басқа бір лексикалық мағынаның жасалуына негіз болуымен ерекшеленеді. Яғни туынды сөздің жасалуына міндетті түрде лексикалық мағынасы бар сөздің қатысуы шарт болып табылады. Сонда ғана лексикалық мағыналы сөз екінші сөздің мағынасына негіз бола алады.

Тіл білімінде сөзжасамдық бірліктер әр түрлі, олардың бір-бірімен қатысы да алуан түрлі. Еліктеуіш сөздің сөзжасамдық мағынасына бұл жағдай әсер ететіні сөзсіз. Осы тұрғыдан сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі қолданылуына қарай бір-бірімен қарым-қатынасын анықтау, оның туынды мағынаны айқындауға көмектеседі.

Қорыта келгенде, сөзжасам саласындағы лексика-семантикалық тәсіл де тілдің сөзжасам жүйесінде ертеден қызмет етіп келе жатыр. Соңғы уақытта сөзжасамдық тұрғыдан бір сөздің ешбір жұрнақсыз сөз табына меншіктілігін ауыстыру құбылысын қарау басым бағыт алды. Лексика-семантикалық тәсіл арқылы сөз тудыру тілдегі сөз таптарының бір-біріне ауысуына нақты мысалдар келтірілді. Яғни, белгілі бір сөз таптарындағы сөздер өзінің бастапқы лексикалық мағынасынан қол үзіп, екінші бір лексика-грамматикалық категорияға ауысады.

Осылайша, тілдің грамматикалық жүйесінде тұлғалануы бірдей болғанмен, категориялық мәні мен грамматикалық сипаты әр түрлі сөз табына қатысты болып келетін лексика-семантикалық омонимдер пайда болады. Тіл байлығын дамытуда, жаңа ұғым, жаңа сөз атауы пайда болуымен сөздік қор толығып отырады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Малбақов М.* Бір тілді түсіндірме сөздіктердің құрылымдық негіздері. — Алматы: Ғылым, 2002. — 367 б.
- 2 *Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.* — Алматы: Дайк-Пресс, 2008. — 968 б.
- 3 *Сарбалаев Ж.* Сөзжасам мәселелері. — Алматы: Арыс, 2002. — 152 б.
- 4 *Қазақ грамматикасы.* — Астана: Елорда, 2002. — 784 б.
- 5 *Белбаева М.* Қазақ тілінің омонимдер сөздігі. — Алматы: Мектеп, 1988. — 169-б.
- 6 *Есенберлин І.* Маңғыстау майданы. Аманат: Романдар. — Алматы: Жазушы, 1978. — 73-б.

- 7 Мұратбеков С. Жабайы алма: Повесть. — Алматы: Атамұра, 2002. — 76-б.
- 8 Сарыбаев Ш.Ш. Қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздер. — Алматы, 1960. — 15-б.

К.О.Сапарова

Образование подражательных слов лексико-семантическим способом словообразования

В статье рассмотрены способы и пути образования, а также словообразовательные свойства подражательных слов, известных в современной морфологии. Морфология рассматривает пути образования подражательных слов с учетом их грамматического значения и формы; в то время как словообразование делает акцент на смысловые типы и способы, образующие новые слова. Автором проанализированы подражательные слова, образованные лексико-семантическим способом словообразования.

K.O.Saparova

Formation of imitative words by lexico-semantic way of word formation

In article ways and education ways, and also word-formation properties of the imitative words known in modern morphology as one of full-fledged independent parts of speech are considered. The morphology considers ways of formation of imitative words taking into account their grammatical meaning and a form; while word formation places emphasis on semantic types and the ways forming new words. The author analyzes the imitative words formed in the lexico-semantic way of word formation.

References

- 1 Malbakov M. *Structural bases torlkovykh of dictionaries*, Almaty: Gylym, 2002, 367 p.
- 2 *Explanatory dictionary of the Kazakh language*, Almaty: Dayk-Press, 2008, 968 p.
- 3 Sarbalayev Zh. *Word formation problems*, Almaty: Arys, 2002, 152 p.
- 4 *Kazakh grammar*, Astana: Elorda, 2002, 784 p.
- 5 Belbayeva M. *Dictionary of homonyms of the Kazakh language*, Almaty: Mektep, 1988, p. 169.
- 6 Esenberlin I. *Mangistau maidany. Amanat. Novels*, Almaty: Zhazushy, 1978, p. 73.
- 7 Muratbekov S. *Zhabayy alma. Story*, Almaty: Atamura, 2002, p. 76.
- 8 Sarybayev Sh.Sh. *Imitative words in the Kazakh language*, Almaty, 1960, p. 15.

ӘОЖ 94 «19»-058,237 (574)

Р.С.Каренов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: rkarenov@inbox.ru)

**XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары ұлы өкілдері бірінің
ғылыми және ағартушылық қызметі**

Халел Досмұхамедовтың қайтыс болғанына 75 жыл толуына орай

Мақалада XX ғасырдың басындағы өткір саяси оқиғаларда айтулы рөл атқарған Халел Досмұхамедұлының өмірі мен шығармашылық қызметі суреттелген. Оның әрдайым маңызды оқиғалардың бел ортасында жүргендігі, қазақ мемлекеттілігінің дамуында маңызды рөл атқарған үдерістерге қатысқандығы ерекше бейнеленген. Оның ғылыммен және ағартушылықпен сәтті шұғылғандығы, Қазақ ағарту институтын басқарғандығы, «Сана» журналында редактор болғандығы, философия, тарих, медицина, мәдениет туралы кітаптар жазғандығы, Қазақ мемлекеттік университетін ашуға қатысқандығы баяндалған. Халел Досмұхамедовтың өмірі қайғылы болғандығы, алайда оның туған елі үшін үлкен із қалдырғандығы пайымдалған: оның еңбектері Қазақстан мемлекеттілігіне маңызды үлес қосқандығы, ал жазғандары қазіргі кезге дейін үлкен аңыз бен мағынаға толы екендігі туралы сөз қозғалған. Қысқа болса да, Отан игілігі үшін атқарған мол еңбегі мен жарқын өмірі оның бекер өмір сүрмегендігін дәлелдейді.

Кілт сөздер: тұлға, өмір жолы, негізі, ескерткіш, шығарма, саяси-рухани, фольклортану, баспагерлік қызмет, энциклопедист-ғалым, оқулықтар.

Kipicne

Қазақ жұртының мәдени-тарихи шежіресінде тәуелсіздікке ұмтылған ұлт-азаттық қозғалыстар мен күресті сипаттайтын деректер жеткілікті екені белгілі. Солардың басында жүрген, елдік туын жоғары ұстаған дауылпаз ақындар (Махамбет, Шәкәрім, Сұлтанмахмұт т.б.), көсемдер (Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов т.б.), ғалымдар (Х.Досмұхамедұлы, М.Тынышбаев, Ә.Ермеков т.б.) сияқты дарабоз тұлғалар болды. Олардың ерлігін, ел үшін атқарған ерен еңбегін деректейтін сөзі қалды. Тіл арқылы сақталған осы рухани қазынаның ұлт үшін, оның болашағы үшін мәні мен маңызын халқымыздың аяулы перзенті, мемлекет, қоғам және саясат қайраткері, біртуар тұлға Х.Досмұхамедұлы «Қазақ-Қырғыз білім комиссиясынан» атты мақаласында былайша анықтап, өзінің шығармашылығына арқау еткен: «Бұл дүниеде адам баласы таңданатын іс қылып өткен ірі адамдар бар. Бұл адамдардың аттары атадан балаға ұмытылмай келе жатыр. Түрлі данышпандар, шешендер, шеберлер, батырлар, ақындар, билер, тағы басқалар көп өткен. Осындай адамдар өзіміздің қазақ-қырғыз арасында аз болмаған. Өз жұртына жұмыс қылып, еңбек сіңірген адамдарды қадірлеу — елдіктің белгісі» [1; 50]. Ғалымның бұл сөзінің нақты дәлелін біз Исатай, Махамбет, Баймағамбет, Жалаңтөс батыр, Мұрат Мөңкеұлы, Шернияз т.б. туралы мазмұны нақты деректелген, жан-жақты пайымдалған ақпаратты-танымдық мұрасынан көреміз. Шын мәнінде, қазақ ұлты үшін сондай дара тұлғаның бірі — Халел Досмұхамедұлының өзі.

*Профессор Халел Досмұхамедұлының өмір жолындағы
белесті-белесті кезеңдерінен қысқаша деректер*

Халел!.. Бүгінде бұл есімді естігенде, әрине, мынадай сауалдар туындайды. Сан қилы пікірлерге желі болап тартылған, өскен ортасына, ел-жұртына қадірлі болған Халел Досмұхамедұлы кім еді? Өткен жолы, Отанына, қазағына сіңірген еңбегі қандай?

Осындай сұрақтарға жауап ретінде, біз Халекеннің өмір жолындағы белесті-белесті кезеңдеріне қысқаша тоқтала кеткенді жөн көрдік:

- Халел Досмұхамедұлы — халқымыздың көк байрағы көгімізде желбіреуіне атсалысқан, сол үшін тоталитарлық өктем саясаттың құрбаны болған, аумалы-төкпелі заманда мұң мен зардың, айтыс пен тартыстың, өмір мен өлімнің бел ортасында жүрсе де азаматтық тұлғасына дақ түсірмеген қазақ зиялыларының бірі. Мамандығы дәрігер бола тұрса да, қоғам өмірінің сан салалы мәселелеріне араласқан көп қырлы дарын, саяси және қоғам қайраткері, тарихшы, табиғаттанушы, тілтанушы, әдебиетші, ауыз әдебиетінің сирек үлгілерін жинап, насихаттаушы, шебер аудармашы;

- ол 1883 жылы қазіргі Атырау облысы, Қызылқоға ауданындағы Тайсойған құмында дүниеге келген;

- Халел он балалы Досмұхамед отбасының жетінші болып көрген қызығы, ұлдан (Хасен, Халел, Құлбайыс, Құлымжан) екіншісі еді. Кішкентайынан ауылдағы молладан хат танып, одан соң жергілікті орыс-қазақ мектебіне оқуға түседі. Тайсойған құмының Сорқуыс атты мекенінде айналасына мәлім «Машақ ауылы» деген қоныс болған. Машақ би — Досмұхамедтің әкесі, Халелдің атасы, сол себепті де, кейбір құжаттарда Халекен «Машақов» болып та жүреді. Машақ әулеті Кіші жүздегі он екі ата Байұлының Беріш тармағынан, оның ішінде — Жайық — Беріштен тарайды. Жайық — Беріштің шартарапқа кең танылып, аты шыққаны — атақты Алдар би және оның немересі, Исатай — Махамбеттердің тілеулес серігі — Байнақ би. Сол Алдар бидің шөбересі, Байнақ бидің ұлы Машақтың бел баласы, Досмұхамедтен үлкені — Дәулетүмбет (1848–1907) алғашқы оқыған азаматтың бірі. Үйшіктен орысша-қазақша училище ашқан. Мұрат ақынның атақты «Оқудан қайтқан жігітке хат» деген өлеңі осы Дәулетүмбетке арналған. Ондағы:

*Құдықтың жаңа шыққан көзі емессің,
Бұлақтай ата-бабаңда билік болған.
Зәкөнін екі жұрттың тегіс білсең,
Дәмем бар адаспас деп қысаң жолдан.
Ерназар — беріш құтпаны, атаң — Алдар,
Белгісі хас жақсының халқын қамдар.
Асылдың азбай жүрген тұқымысың,*

*.....
Шырағым, адаспас деген үмітім бар.
Бір таңға үш шошынған ата-бабаң,
Астана қарындастың қамын ойлап*

*.....
Халқымның адасқанын бастамасаң
Біліктен не пайда бар кеудең толған? —*

деген жолдар тек Дәулетүмбет, Досмұхамедтер емес, барша әулеттің елге қызмет етуге жаралғандығынан хабардар етеді. Осы оқыған ағаның нұсқауымен 1894 жылы, он бір жасында, Халел Орал қаласындағы әскери реальді училищенің дайындық класына қабылданып, онда орыс тілін тез меңгеруімен, зеректігімен танылады. 1902 жылы оны үздік бітіріп, тағы бір жыл дайындық класында оқып, 1903 жылы алыс астана — Петербордағы Императорлық Әскери — медициналық академияға латын тілінен қосымша емтихан тапсырып түседі... Міне, осылайша құмда өскен Алаш ұлының шыңға өрлеу баспалдағы басталады [2];

- 1909 жылы Әскери-медициналық академияны алтын медальмен бітіріп шығады. Сол жылы Досмұхамед дүниеден озады. Аяулы әкеден біржолата айырылу оған оңайға соқпайды. Бірақ тағдыр маңдайға солай жазған. Жұмысты әуелі Пермь губерниясындағы Марсан бөлімшесінің 2-ші атқыштар батальонына кіші дәрігер болудан бастап, кейін Орал казак-орыстары бөлімшесіне ауысады. Ал 1913 жылдан бастап Темір уезінде бөлімшелік дәрігер болады;

- 1917 жылы Ресейдегі Ақпан төңкерісінен кейін қазақ даласында Жалпықазақ съездерін ұйымдастырып, өткізуге жұмыстанады. 1917 жылы мамырда Мәскеуде өткен Бүкілресейлік

мұсылмандар съезіне қатысады. Елінің егемендігін, дербестігін аңсаған мақсатпен ол қазақтың зиялылары Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Әлихан Бөкейханов, Жанша Досмұхамедов, Міржақып Дулатов, Мұхаметжан Тынышбаев және тағы басқалармен бірге 1917 жылғы желтоқсанның 5–13-і аралығында өткен Жалпы қазақ-қырғыз құрылтай съезінде жарияланған қазақ-қырғыз өлкелік автономиясының — «Алашорда» өкіметінің туын көтеріседі. Өкінішке орай, осынау сынапша құйқылжыған аумалы-төкпелі кезеңде олар ауызбірлік таныту орнына үшке бөлініп, бытырай жіктеледі. Қазақ зиялылары әрқайсысы әр жақта ұйым құрады. Мәселен, олар Омбыда «Бірлік», Қызылжарда «Талап», Ақтөбеде «Жас тілек», Павлодарда «Ғылым», Зайсанда «Қазақ жәрдемі» деген ұйымдарды құрған. Міне, осылардың салдарынан алашордашылардың өмірі ұзаққа бармады, бар болғаны жыл жарымдай өмір сүреді. Ғалымдарымыздың бір ауызға келген пікірлеріне қарағанда [3], Алашорда үкіметі 1918 жылдың ортасынан 1919 жылдың желтоқсан айына дейін өз жұмысын атқарады;

- 1918 жылдың 18–21 мамырында Жымпиты қаласында өткен Орал өңірі қазақтарының 4-ші съезінде Қазақстанның бүкіл Батыс өңіріне ықпал етерлік ұлттық-территориялық құрылым — «Ойыл уәлаяты уақытша үкіметін» жариялауға қатысады. Сол жылы қыркүйектің ортасында Кеңес үкіметіне қарсы күштердің Уфа дирекциясын жариялау мәжілісіне жиналған Алашорда қайраткерлері бұл құрылымды қолдап, оған «Алашорданың батыс бөлімшесі» деген ат береді. Осы кезеңде Досмұхамедов Алашорданың атты әскерін ұйымдастырып, Самарадағы Комуч үкіметінен қару-жарак алуға, Ұлттық банк ашуға, баспахана, «Еркін қазақ» газетін шығаруға көп еңбек сіңіреді;

- 1919 жылы Кеңес үкіметін амалсыз мойындаған соң, Қазақ өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитеттің қаулысына сәйкес халықтан окшауландыру мақсатында, Алаш қозғалысының белсенді мүшелерінің бір тобымен Ресейдің орталық губерниясына жіберіледі;

- 1920 жылы Түркістан Республикасы Халық ағарту комиссариаты жанынан Түркістан халықтарының оқу-ағарту, мәдени мұқтаждықтарын өтеу үшін арнайы ұйымдастырылған Білім комиссиясының мүшелігіне, кейін төрағалығына сайланады;

- 1920–1921 жылдары Ташкенттегі Физикалық әдіспен емдеу институтында, Қазақ педагогикалық институтында мектеп дәрігері, Орта Азия университеті факультетінің хирургиялық емханасында ординатор;

- 1922–1924 жылдары Түркістан Денсаулық сақтау халық комиссариаты алқасының мүшесі және емдеу-санитарлық бөлімінің меңгерушісі; 1923 жылы Орта Азия Мемлекеттік баспа коллегиясының, Қазақ мемлекеттік баспасы Шығыс бөлімінің мүшесі; 1925 жылы меңгерушісі; 1926 жылы осы баспа басқармасының мүшесі және меңгерушісінің орынбасары қызметтерінде болады;

- 1922–1925 жылдар аралығында мәдениетті көркейту үшін құрылған «Талап» қауымының басқармасына басшылық етеді; 1924 жылы Ресей ҒА-ның Орталық өлкетану бюросының корреспондент мүшесі болып сайланады және Түркістан Халық ағарту комиссариаты атынан Орынборда өткен қазақ білімпаздарының, Мәскеуде өткен Бүкіл-ресейлік денсаулық сақтау қызметкерлерінің съездеріне қатысады;

- 1927 жылы Қазақ педагогикалық институтының доценті болып бекітіледі; 1929 жылы өзі профессор болып істейтін, халқымыздың алғашқы жоғары оқу орны Қазақ педагогика институтының негізінде Қазақ мемлекеттік университетін ұйымдастыру жөніндегі комиссияның төрағасы, оның бірінші проректоры болып тағайындалады;

- отызыншы жылдардың басында Кеңес үкіметі ұйымдастырған қуғын-сүргін саясатында тұтқындалып, 1932 жылдың 20 сәуірінде ОГПУ үштігінің шешімімен Воронеж қаласына 5 жылға жер аударылады. Ол жерде Денсаулық сақтау және гигиена институтында бөлім меңгерушісі, балаларды емдеу-сақтандыру амбулаториясы меңгерушісінің орынбасары, Оңтүстік-Шығыс теміржол санитарлық бөлімшесінің дәрігер-эпидемиологі қызметін атқарады;

- 1938 жылы жалған саяси айыппен екінші рет тұтқынға алынып, әуелі Мәскеуге, кейін Алматыға әкелінеді; 1939 жылдың 24 сәуірінде әскери трибуналдың үкімімен ату жазасына кесіледі, сол жылдың қыркүйегінде түрме ауруханасында өкпе туберкулезінен қайтыс болады [4];

- 1939 жылғы әскери трибуналдың үкімі 1958 жылы ақпанның 11-індегі КСРО Жоғарғы сотының әскери коллегиясының шешімімен бұзылып, Х.Досмұхамедұлының ісінде қылмыстық белгісі болмауы себепті күшін жояды және ол толық ақталады. Осыдан кейін сол жылғы «Здравоохранение Казахстана» журналының № 10 санында ол туралы тұңғыш рет А.Мамаевтың «Х.Д.Досмұхамедов — врач и ученый» деген мақаласы жарияланады [5; 7].

Сонымен, айналып-үйіріліп келгенде, кештеу болса да әділдіктің туы желбіреді деуге қапысыз негіз бар еді. Бірақ ғалымды туған халқына қайта таныту осымен аяқталып, «жылымық кезең» біткен соң, ол туралы айтуға да, жазуға да тыйым салынып, еңбектері кітапханалардың арнайы қорларында жасырын ұсталып келді. Бұған бір-ақ себеп бар еді. Ол — елінің ертеңін ойлап, «Алашорда» қозғалысының басшыларының бірі болуымен ғана туындаған [6].

Тек еліміз егемендік алғаннан бері XX ғасырдың 30–50-жылдарындағы тарихтың қатесін түзетуге көп күш салына бастады. Өйткені кезінде ұлт зиялыларын ойландырған елдің елдігін, ұлттың бірлігін, жердің тұтастығын сақтау, қазақ халқын өркениетті елдер қатарына қосу, ең бастысы қазақтың ұлттық мемлекетін құруға әрекеттенуі бүгінде шындыққа айналып отыр.

Тәуелсіздікке қол жеткен жылдар ішінде Халел Досмұхамедұлының еңбектері мен есімі де ел-жұртына қайта оралды. Қайта құру лебімен шаңырақ көтерген «Ана тілі» баспасы алғашқы кітаптарының бірі ретінде Х.Досмұхамедұлының «Аламан» жинағын жарыққа шығарып, шын мәнінде, сірескен сенді бұзды. Енді халқы Халел еңбектерін іздейтін, жоқтайтын күн туды. Аймақтық Халел Досмұхамедұлы қоры құрылды. Ғұмыр жолы мен шығармашылығы зерттеліп, конференциялар өткізілді, тұрақты «Халел оқулары» ұйымдастырылды, жоғары және орта оқу орындарында стипендиялар тағайындалды.

Елді мекендер мен университетке, Алматыда орталық көшеге есімі беріліп өлмес, өшпес өмірін қайта жалғастырды.

*Халел Досмұхамедұлы — қазақ тілінің табиғаты
туралы жүйелі еңбек еткен ғалым*

Алаш арыстарының ана тілімізге — қазақ тіліне арналған ойлары, тіл жолындағы күрестері күні бүгінде тағылым алар іс. Олар тіліміздің фонетикасы, лексикасы, грамматикасы, әдеби тілі мен стилистикасы, оқу әдістемесі мен терминологиясын ғылым ретінде қалыптастырды. Олардың еңбектерінің алуандығы Алаш зиялыларының ізденімпаздығы мен терең білімпаздығын танытады. Алаш қайраткерлерінің ойларынан туған ережелер, теоремалар, атаулар, терминдер күні бүгінге дейін өміршеңдігін жоймай, ел қажетіне жарап келеді.

Х.Досмұхамедұлы да кезінде терминология, әліпби, емле туралы пікірталастарға өз пікірін беріп отырған. «Қызыл Қазақстан» журналында (1926, № 11) шыққан «Шетелдік сөздер туралы» деген мақаласында Нәзір Төреқұловтың қазақ орфографиясы мен терминологиясы туралы кітабына («Жат сөздер» деп аталатын еңбегіне) сын жаза отырып, тіл келешегі жайлы батыл тұжырымдар айтқан. Кейін мұны дамытып, кеңейтіп жазып «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» деген ғылыми-зерттеу еңбекке айналдырған.

Бұл арада атап өтетін бір жай, Халел Досмұхамедұлы дәрігер бола тұра, қазақ лингвистикасынан өзекті мәселе жөнінде ой қозғағанда, сол дыбыстық жүйені анатомиялық-физиологиялық ғылыми деректерге сүйене отырып, өз ойының тереңін қазақ тілінің табиғатында бар заңдылықты аша түсуге жетік пайдаланғанын байқаймыз.

Халекен өз кітабында өзге тілдерден енген терминдерді пайдалануға мықтап сақ болу керектігін, оның қазақтың дыбыс үндестігін (*сингармонизм заңы*) бұзатындығын, сондықтан терминдерді тілімізге енгізгенде елестіріп, қазақ тілінің үндестік заңына бағындырып, қазақша баламасын тауып қолдану қажеттігін тайға таңба басқандай ескертеді: «Осы күнгі қазақтың әдебиетінде шеттен кірген сөздер өте көбейіп кетті. Төңкерістен соңғы шыққан журнал-газеталардың іші толған жат сөз. Білім, оқу әдебиеті де жат сөзге байыды. Заманымыздағы көркем әдебиетіміз де жат сөздерден құр емес.

Оқытушыға да, үйренушіге де, үгіттеушіге де, жазушыға да, білімдіге де, білімсізге де, шешенге де, ақынға да жат сөзсіз күнелте алмайтын заман туды.

Топан суындай қаптап, тілімізді жат сөздер басып бара жатқан мезгілде ескерілмей ұмытылуға айналған тіліміздің бір негізгі заңын еске салғымыз келеді.

Түрік тілі — жалғамалы тіл. Жалғамалы тілдегі сөздердің түбірі өзгермейді. Сөз аяғына жалғанған қосымшалар арқылы өзгереді. Қазақ-қырғыз тілі — түрік тілінің бір тарауы. Сондықтан қазақ-қырғыз сөздері де түбін өзгертпей қосылған жалғауменен өзгереді. Бұл заң «Тіл — құралдан» белгілі.

Қазақ-қырғыз сөзінің түбірі не соламайымен жуан, не соламайымен жіңішке айтылады.

Жалқы сөздің түбіріндегі дыбыстардың біреуі жуан болып, біреуі жіңішке болып, еш уақытта естілмейді. Қазақтың негізгі жалқы сөзінің түбірінде жуан дыбыстар мен жіңішке дыбыстар араласып

ұшырамайды. Бір сөздің ішіндегі дыбыстардың бәрінің бірдей дауыспен (не жуан, не жіңішке) ұйқасып айтылуын білім тілінде «сингармонизм» дейді. Сингармонизм деген сөз, қазақша айтқанда, үндестік, ұйқастық деген мағынада» [1; 82].

Ғалым тілдің дыбыс жүйесіне қатысты өзекті заңдылықты зерттеу барысында, ең алдымен оның практикалық мәніне назар аударғаны байқалады. Ол сингармонизм заңын, яғни дыбыс үндестігі, түркі тілдес халықтардың тіліндегі тамаша қасиет екендігін ғылыми байламмен дәлелдейді, бірақ түрік тілдерінің көбі бұл айрықша қасиетін жоғалтып алғандығын айтады: «Сингармонизм түрік тілінің айрықша өзіне біткен қасиеті. Түрік тілдерінің көбі (Стамбул түріктері, Қазан ноғайы, сарт — өзбек, тағы талайлар) түрік емес халықтардың сөзін көп алғандықтан, жат жұрттарға көп араласқандықтан, осы айрықша қасиетінен айрылып қалып отыр. Осы күндерде қазақ-қырғыз секілді шет жұрттармен жарытып араласпай, нағыз түріктікті сақтаған елдердің тілдерінде ғана сингармонизм заңы өзгермеген» [1; 82].

Өз ана тілін ерекше сүйіп, оған қамқоршы болам деп талпынған ұлтжанды ғалым тілдің қоғам өмірінде, оның ішінде ғылым-білім саласында атқарар рөлін жоғары қойған. Бірде: «Мәдениеттің негізі — білім. Білімге тіл арқылы жетіледі. Білімді жұрттардың тілі бай болады» [1; 81] десе, енді бір жерде: «Тілді бұзбай ұстарту, шеберлету, байыту ақындардың мойындарына артылған зор борыш» [1; 88], немесе «Елді ықтиярына жібермей шатастырып отырған әуелі молдалар, сонан соң біз — оқығандар. Жолтосбай болып біздер жат сөздің әбден сіңіп кетуіне кедергі болып жүрміз.

Жамила, Ләйлә, календар, фебирал деп оңды-солды елдің құлағына құйып, балаларға үйретіп тіл бұзуға себеп болып жүрміз.

Оқығандарға енді мұны қою керек. Тілді бұзу емес, тілді ұстарту жолына түсу керек» [1; 97] деген сияқты ана тілі туралы тебіреніп айтқан өзекжарды сөздері жастарға өнеге боларлықтай, ана тілін сыйлап, әспеттеп, қадірлеп, оның қамқоршысы болуға шақыратын ұшқыр, ұлағатты сөздер.

Х.Досмұхамедовтың әдеби тіл туралы, оның негізі, баю жолдары туралы айтқан пікірлері де зерттеушіге ой салатын пайымдаулар. Өткен ғасырда қазақ тілінде басылып шыққан кітаптардың біразы таза қазақ тілінде емес, татар, араб-парсы сөздері араласқан кітаби тіл дәстүрімен жазылған қойыртып тілде жарық көргені белгілі. Х.Досмұхамедов мұндай тілді «шатақ» тіл деп атаған. Ол қазақты осы шатақ тілден сақтап қалған үш себеп-жағдайды санамалап көрсетеді: 1) көшпелі салт; 2) бай, ауызша айтылып жүрген ел әдебиеті; 3) Ыбырай Алтынсарин мен Абай Құнанбайұлы сияқты шын қамқоршы болған, нағыз әдебиет тіліне жол салған оқымысты жігіттердің болуы. Халекен әдеби тілдің («әдебиет тілінің») негізі жалпыхалықтық тіл болу керектігін бірнеше жерде айтып кетеді. «Қазақтың әдебиет тілі жаңадан басталды Елдің қара тілі әдебиет тілімізге негіздікке алынды. Әдебиет тіліміздің табаны дұрыс салынды деуге болады» [1; 91], — деп жазады.

Ғалым тілдің тазалығын, оның нормасын, халықтық негізін сақтауда мектеп пен баспаның рөлін бірінші қатарға қойып қарастырған. «Мектеп пен баспаның тілі дұрыс болса, елдің тілін көркейтіп, байытып, гүлдендіреді. Мектеп пен баспада қолданған тіл шатасқан тіл болса, ол ел сорлы ел, мұндай елдің тілі бұзылмай қалмайды» [1; 91], — деп, тіл бұзарлыққа қарсы шыққан Халел әдеби тілімізді байытудың екі жолын көрсетеді: «Осы күнгі әдеби тіліміз өте қарқындап өсіп барады. Бір жағынан, өз сөзінен сөз тудырып байыса, екінші жағынан жат сөздерді кіргізіп байып барады» [1; 91].

Х.Досмұхамедов қазақ тіліне сырттан сөз алу және оны талғаусыз қабылдай беруге үзілді-кесілді қарсы пікір айтады: «Жат сөздерді қолданғанда тіліміздің заңымен өзгертіп, тілімізге ылайықтап алу керек. Жат сөзді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады... Жат сөздерді өзгертпестен алып, бастапқы жат қалыбымен тілге сіңіреміз дегендік — шатасқандық. Бұл жолда жүрген адамдар тілімізге орасан зиян келтіреді» [1; 92].

Өкінішке орай, мұндай шатасу халқымыздың басында, оның өмірінің әр саласында болғанының біз бұл күндегі тірі айғағымыз. Ал ғұлама ғалымның: «Ана тілін жақсы біліп тұрып бөтенше сөйлесең, бұл — күйініш. Өз тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей беру — зор қате. Бұл оқығандардың һәм оқушылардың есінен шықпау керек» [1; 99], — деуі бүгінде өз мәнін жоймаған қағида.

*Х.Досмұхамедұлының Мұрат Мөңкеұлының шығармашылығын
алғаш зерттеп, мұраттанудың негізін қалауы*

XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген ақындардың ең көрнектілерінің бірі — Мұрат Мөңкеұлы. Ол өмір сүрген 1843–1906 жылдар арасындағы 63 жыл ішінде Орал казак-орыс

әскерлерінің қазақ жерін басып алуы күшейе түсті. Қазақтардың өзен бойына қоныстануына тыйым салынды. Жақын маңда болғаны үшін әрбір мал басына көп мөлшерде ақы төледі.

Мұрат Мөңкеұлы — өзі өмір сүрген замандағы қарама-қайшылықты, озбырлықты ойсырата жырлаған орақ тілді ақын. Сол себептен ол ресми идеология кертартпа бағыт ретінде бағалаған «зар заманның» ақыны атанып, шығармалары ұзақ жылдар бойы қапасқа қамалды.

Мұрат Мөңкеұлын өзге ақындармен салыстарғанда ол ғұлама білікті білімпаздығымен, тарихи тарамдарды терең танытындығымен, ру-жіктің арасына дақ түсірмей айқын айыра алатындығымен ерекшеленеді. Бар шығармаларының көгенжібі көркем пәлсапалық ой түйіндеріне бай әрі ақындармен айтысында да мұның бәрін шеберлікпен шендестіре пайдаланып, қапысы келгенде қарсыласын сан соқтырып отырған. Оның ақындық шеберлігін танытқан шығармаларының бірі — «Үш қиян». Бұл — отаршылдықты әшкерелеген ақынның өз қоғамына көзқарасын бейнелеген поэма-толғау. Тақырыбы жағынан «Үш қиянмен» берік үндесетін «Сарыарқа» толғауы да Мұраттың ақындық қуатын, көркем сөздің хас шебері екендігін айқындаған шығарма. Ақынның «Қазтуған», «Қарасай-Қазы», «Шәлгез» жырлары Мұрат мұрасының ішіндегі шоқтығы биік дүниелер болып саналады. Сондай-ақ оның терме жанрында да қалдырған мұралары әбден жеткілікті. «Жалғаншы пәни жалғанда», «Аттан сұлу болар ма?», «Арғымақ сайлап не керек?», «Өлім», «Қыз» сияқты тебіреністі термелері қазіргі күнге дейін жүрегі ояу, көңілі сергек қауымның аузында жүргені ақиқат [7; 7].

Мұрат Мөңкеұлы қазақ халқының айтыс өнеріне көп үлес қосты. Ақиық ақынның Жылқышы, Жаскелең, Жантолы, Бала Ораз, Тыныштық, Ізім шайыр сияқты жыр жүйріктерімен айтыстары сақталған. Ол Ноғайлы дәуірінің алтын қазынасы — «Қырымның қырық батыры» жыр циклін бүгінгі күнге жеткізушілердің бірі [8].

Әдебиет зерттеушілері, ақын жазушылар әр жылдарда Мұрат мұралары туралы әр түрлі пікірлер айтқан. Бірақ ақынның шығармашылығын алғаш зерттеген, оның мұрасын жүйелеп, өлеңдеріндегі қайшылықтарға баға беріп, мұраттанудың негізін қалаған Халел Досмұхамедов. Ол Мұрат ақынның шығармаларын топтап, 1924 жылы Ташкент қаласынан «Мұрат ақынның сөздері» деген атпен кітап бастырып шығарған. Халекен бұл еңбегінде ақынның шығармаларының тіліне жоғары баға берген: «Мұрат сөздерінің елге тиген әсері өте күшті. Мұраттың сөзі өте қадырлы саналған, ел ішіне көп жайылған. Мұратты білмейтін Бөкейлікте, Оралда, Маңғыстауда адам жоқ десе де болғандай. Он тоғызыншы ғасырдың екінші бөлімінен соң шыққан қара ақындардың көбі Мұраттың шәкірттері. Міне, қысқаша айтқанда, Мұраттың өлеңдерінің ішкі маңызы. Өлеңдердің сырт жағына келсек, Мұраттың тілі әдебиетімізге негіз болған ел әдебиетінің тілі. Мұраттың өлеңдерінде қазақтың ел әдебиетіндегі жыр, толғау, айтыс, мақтау, хат, асқақ, жоқтау секілді өлеңдерінің бәрі бар. Әдебиет тарихына Мұраттың сөздерінің керектігі шексіз нәрсе» [1; 104–105].

Сонымен бірге Халел Мұрат Мөңкеұлы туралы әр түрлі басылымдарға «Мұрат ақын» (Сәуле, 1924, № 5, 8–11-б.), «Қазақтың ел әдебиетінен алынған сөздер» (Ташкент, 1926, 186–187-б.) деген мақалалар жариялап, Мұрат ақынның «Қалмақ қарғысы» (Сана, 1924, № 2–3, 118–119-б.), «Үш қиян» (Сәуле, 1924, № 6, 12–17-б.), «Қыз» (Сәуле, 1924, № 6) атты жыр-толғауларын жинап, бастырған [9; 43].

Халел Досмұхамедұлының қажырлы еңбегінің арқасында Мұраттың мұрасы қазақ халқыны толық жетіп, сақталды. Мұраттың жыр-толғаулары қазір әдебиетшілер, фольклоршылар, тарихшылар, археологтар, этнографтар, философтар, географтар үшін алтын көмбе болып отыр. Өйткені оның «Үш қиян», «Сарыарқа», «Қазтуған» жыр толғаулары — тұнып тұрған тарих.

Әйгілі Алаштың арысы Х.Досмұхамедовтан кейін Мұрат Мөңкеұлы шығармаларына тереңірек тоқталған М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев, М.Жолдыбаев, Қ.Жұмалиев, С.Мұқанов, Ы.Дүйсенбаев, Х.Сүйіншәлиев сынды белгілі ғалым-жазушылар. Осының арқасында ақын шығармалары 1946–1947 жылдарға дейін мектеп оқылықтарына енгізіліп келді. «Қарасай-Қазы» жыры 1943 жылы жеке кітап болып шықты. Мұраттың өлең-толғаулары «Үш ғасыр жырлайды», «Бес ғасыр жырлайды», «Ай заман-ай, заман-ай» жинақтарына, айтыстары әр жылдарда шыққан айтыс жинақтарына енгізілді. Мұрат ақынның шығармалары 1940 жылы Мәскеуде басылған «Песни степей» атты қазақ әдебиетінің антологиясында (жалпы ред. басқарған Л.Соболев), 1978 жылы Ленинградта басылған «Поэты Казахстана» атты жинақта (құраст. М.Мағауин) жарық көрді [10].

Осылайша мұраға жанашыр әдебиетші-ғалымдардың бірнеше буынының әр жылдардағы жүйелі ізденістері арқылы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілінің соңында қалдырған мұрасының жоқ-жітігі

түгелденді. Х.Досмұхамедұлынан басталған мұраттану үрдісі мұратанудың бір саласы болып қалыптасты. Рухани тамырын тереңге жайған бұл дәстүр алдағы уақытта да жалғаса бермек.

*Халелдің Исатай мен Махамбет сынды хас
батырларға сөзден ескерткіш орнатуы*

Халел бала кезінен Исатай — Махамбеттің ерлігі мен істерін, көркем сөзін көнекөз қариялар аузынан естіп, халқымыздың қайғы-мұңын жырлап, отаршылдық саясатқа өлең-толғауларымен қарсы шыққан және сол өлкенің гауһар жырларын («Қырымның Қырық батыры» жырлар циклі) аманат етіп жеткізген Мұрат Мөңкеұлының жырларын тыңдап, таным бұлағын суарып, рухына сіңіріп өскен.

Сондықтан да ғылыми ізденіс жолына түскенде ел басына түскен сын сағатта халқының рухын асқақтата көтеріп, қол бастаған Исатай мен Махамбет сынды хас батырлардың есімдерін ең алғаш рет ардақ тұтып, сөзден ескерткіш орнату, сол арқылы күллі қазақ оқырмандарына таныстырудың абыройлы үлесі Халекеннің еншісіне тиді. Оның «Тайманұлы Исатайдың қозғалысы турасында қысқаша мағлұмат» атты мақаласы [1; 51–81] осының дәлелі. Бұл шығармада қос арысты дүниеге әкелген туған-өскен ортасы, тұқым-зәуазаты, елдің саяси-әлеуметтік тыныс-тіршілігі жан-жақты баяндалған. Әрине, Х.Досмұхамедұлының мәдени тарихымыздағы «Ерен еңбегі не?» дегенде, алдымен ойға оралары — әдебиетіміздің классигі Махамбетті «тірілткені». Өз еңбегінде ғалым Исатай батырдың жеке басы тарихын әңгімелей отырып, Махамбет сынды көтеріліс жаршысы туралы мынадай сыни пікірін айтады: «Өтемісұлы Махамбет батыр бастан аяққа дейін қасында жүрген, жауымен жауласып, дауымен дауласып, өлімге басын қиған Исатайдың қанды көйлек жолдасы...

Исатай жұртты ақылмен, дәлелмен, түрлі әдіспен соңына ерткен адам болса, Махамбет көпті қыздырып, көңілін аударып ертетін адамның түрі болған. Исатай ақсақалдармен, бас адамдармен ақылдасып, кеңесіп отырғанда, Махамбет айналасындағы үйлерде, ауылдарда қыдырып жүріп өлең айтып, домбыра тартып, жұртты қыздыратын еді дейді-мыс. Махамбеттің мінезі сотқар, қалжыңқой, бетің-көзің демей ойына келгенін айтып салатын батыл болған. Жауласқан мезгілде өте батыр, айлакер болған. 1838 жылы қауыстың 23-ші күні бөкейлікте Бекайдар деген жерде Исатайды отыз жолдасымен орыстың отряды қамайды. Махамбет жолдастарымен мылтық атып, садақ атып, найза жұмсап отрядты қайырып, Исатайды екі жолдасыменен шығарып жібереді. Исатай құтылған соң, Махамбет жолдастарымен орыстан қашады. Қуғыншылар соңынан қалмай қуып Махамбетті ұстауға таянады. Сонда Махамбет астындағы бұлық көпшікті жарып жіберіп, ішіндегі мамықты жақындап қалған қуғыншылардың көзіне шашып жіберіп құтылып кетеді.

Махамбеттің мінезі Исатайдыкі секілді көптің басын құрастырып, бүтін елді соңынан жүргізетін мінез емес. Махамбет жақсы үндеуші (агитатор), жақсы бастықтың қолында өте ыңғайлы қолбасы. Ананы-мынаны істеп келге табылмайтын адам. Махамбеттің осындай екендігі тарихты тексергенде, елдің аузындағы әңгімені тыңдағанда көрініп тұр.

Исатай өлген соң-ақ Махамбет көпті ерте алмады. Исатайдың құрастырған елінен айрылып қалды. Бұған Исатайдың өлімі себеп болды. Көптің тауы қайтты. «Жорықтың алды оңбаған, арты да оңбас» деген пікір жұртты меңгерді.

Махамбеттің мінезі де, Кенесарының жолдасы Наурызбайдың мінезі де тексере келгенде бір-біріне өте ұқсас келеді. Екеуінде де ерлік бар да, көпті ертетін тәсіл аз...

Ісін аяқтаймын деп Исатайдан кейін Махамбет біраз уақыт әуре болып жүреді. Бірақ елді біріктіре алмайды. Исатайдың жолдастарын, оның ішіндегі Махамбет секілді бастықтарын ұста деген өкіметтің қатты бұйрығы шыққан. Махамбет ел ішінде жүре алмайтын болған. Махамбеттің ақыры ұсталуына көзі жеткен соң бай ұлының адамдары, басы Үбі, Байнақ дегендер болып Махамбетті зорлап, Баймағамбет сұлтанға алып барады. Баймағамбеттен өкіметке ұстап бермейтін қылып ел ішінде жүре беруіне рұқсат алып береді. Билердің сөзін қабылдаған соң, Баймағамбет батырды үйіне шақырып танысады. Батыр үйге қару-жарағын тастамай кіреді. Баймағамбет батырдан «бір-екі ауыз өлең айтыңыз» деп өтініш қылады. «Менің сөзім сізге жақпас» деп батыр айта қоймайды. Баймағамбет қайта-қайта өтініш қылады. Сонда Махамбет Исатайды жоқтап, Байекені боқтап, белгілі өлеңін айтады. Байекенің қасындағы жас төрелер батырдың сөзіне ашуланып қызған екен, «бұлай айтпаса Махамбет батыр бола ма, батырдың сөзін көтермесем мен хан болам ба?» деп Байеке оларды тоқтатыпты-мыс. «Ұялғаннан кірерге жер таба алмадық. Ханның бетіне қарай алмадық, кеткенше асық болдық» деп ертіп барушылар талай айтқан екен-мыс.

Кітаптың жазылу мақсатын Махмұт: «... Мен түркілердің зерек қабілет иелерінің бірі, әрі ұрыстағы шебер найзагері болғандығымнан, олардың шаһарлары мен далаларын түгел кезіп шықтым. Түрік, түрікмен, оғыз, жігіл, яғма, қырқыстардың сөздері мен сөйлеу мәнерлерін зерттеп, қажеттісін пайдаландым. Әрқайсысының тілі мен салты санама әбден қалыптасты. Соларды мұқият зерттеп, арнайы әліпбелік тәртіпке келтірдім. Мәңгілік ескерткіш, әрі таусылмас әдеби-көркем мұра болып қалсын деген ниетпен түркі елдерінің сөздігін жасап, кітапқа «Түркі сөздерінің жинағы» деп ат қойдым» [2; 9–10], — деп анықтаған.

М.Қашқари «Диуанды» жинап жазу үшін қаншама күш-жігер жұмсағаны жайында былай деп жазған: «... Көпшілікке түсінікті болуын ескеріп, арабша атауларды қаз-қалпында келтірдім... Әрбір тайпаның тілінен сөз жасауға болатын түбір сөздерін ғана алдым. Мақсатым — талаптанушыларға тура бағыт көрсетіп, болашаққа кең жол ашу. Ниеттес жандарды мәңгілік риза ету ғана.

Түркі халықтарының атамзаманнан көрген-білгендерін баяндайтын бәйіт жырлары мен қайғылы және қуанышты күндерде айтатын терең мағыналы мақал-мәтелдерінен мысалдар келтірдім. Бұл кітапты пайдаланғандар кейінгілерге, олар өздерінен кейінгілерге жеткізсін деген ниетпен тағы біраз табылмайтын тіркестерді пайдаландым. Сөйтіп, бұл кітап ұрпақтан ұрпаққа халықтық мұраны қаз-қалпында жеткізу мақсатымен қиянға қанат қағып, әсемдік әлем — мәңгілік өмірге біржолата жолдама алды» [2; 10].

Даңқты ғалым өз еңбегінің қанша күшке түскендігін, мақсатын осылайша баяндаған.

*М.Қашқаридың өмірбаянына қатысты және «Диуани
лұғат ат-түрк» жайында қысқаша мәліметтер*

М.Қашқаридың өмірбаянына қатысты мәліметтер өте жарытымсыз. Оның өмірі жайындағы мәлімет өз кітабында айтқан азын-аулық хабардан әрі аса қоймайды:

- Махмұттың дәл қай жылы туып, қанша жыл өмір сүргендігі әзірше белгісіз. Бұл жөніндегі жалғыз дерек — оның өзі айтқаны ғана. Кітабының аяғында ол: «Бұл кітап мені өлімге бір табан жақындатты», — деп жазады. Бұл, бір жағынан, автор өзінің тарихи еңбегін жазуға ұзақ жылдар бойы еңбек еткенін дәлелдесе, екінші жағынан — оның біраз жасқа келгендігін де көрсетеді. Олай болса Махмұттың туған кезі сол XI ғасырдың басы болса керек;

- Қашқаридың туған жылы жөнінде қазір түрлі көзқарастар бар. Мәселен, А.Егеубаев «Диуанның» жазылған уақытына сүйене отырып, 1029–1038 жылдар аралығында туған болуы керек деген пікір айтады. Дегенмен, көпшілік ғалымдар 1008 жылы туған деп есептейді [3; 6]. Яғни, М.Қашқари ұлы еңбегін 70-ке маңайлап, әбден жетіп-пісіп тұрған шағында аяқтаған сияқты. Оның жөні бар. Сөздік құрастыру қыруар уақыт кетіруді керексінеді. Мысалы, Владимир Даль «Толковый словарь живого великорусского языка» атты еңбегін табандатқан 53 жыл құрастырған;

- ғалымның қайтқан уақыты жайлы да 1090, 1101, 1105 деген үш түрлі жыл көрсетіліп жүр. Ал туған жері Қашқар, Баласағұн деген деректер бар. Ол кездегі дәстүр бойынша, оқымыстының аты-жөніне әдетте туған жерінің атауы алынатын. Махмұт аты-жөніне шағын қала Барсханды алмай, өзі есін біліп, сауатын ашқан, екінші жағынан, сол кездегі ірі саяси-мәдени орталықтардың бірі болған Қашқар қаласын алған сияқты [4; 35];

- ғалымның соңғы жылдарындағы өмірі жайындағы пікірлер де бір-бірімен қарама-қайшы түсіп жатады. Бұл жөнінде тарихи жазбаларда басы ашық ешнәрсе айтылмайды. Кей деректерде 1080 жылы Бағдаттан өзінің балалық шағын өткізіп, алғаш білім нәрімен сусындаған Қашқар қаласы маңындағы Опал елді мекеніне келіп қоныстанғандығы, осы жерде Мұхаммәдия медресесін құрып, 10 жыл ұстаздық жасаған соң 1090 жылы 97 жасында дүниеден өткендігі айтылады. Ендігі бір деректерде 89 жасында Опалға келіп 8 жыл дәріс берген соң 1105 жылы қайтыс болып, өз медресесі маңындағы зиратқа жерленгендігі келтірілген. Қазіргі таңда Опал ауылының солтүстік батысында 4 километр жерде Қашқаридың кесенесі орналасқан. Оның жатқан зираты кесененің оңтүстігіне қарай 20 метр жердегі төмпешікте көрінеді. Онда 1008–1105 жылдар аралығында өмір сүргендігі жазылған [3; 6];

- Қашқаридың атын бізге, біздің заманымызға жеткізген оның ұлы мұрасы «Диуани лұғат ат-түрк». Сондықтан М.Қашқари жайындағы, оның тарихи ғылымдық ерлігі жайындағы мәселені — сол еңбегі, оның мәні мен маңызы, онда сөз болған, шешуін тапқан ғылымдық мәселелерден бөлектеп қарауға болмайды. Осы екеуін бірлікте алып, жарыстыра әңгімелегенде ғана бұдан 900 жылдай бұрын өмір сүріп, еңбек еткен ұлы ғалымның нағыз бейнесін көз алдымызға әкеле аламыз [5; 47];

- 1057 жылы Қашқари Памир тауларын асып өтіп, Түркістан аймағына келеді. Мұнда оның түркі тайпаларының тіліне, ауыз әдебиетіне, мәдениетіне деген үлкен қызығушылығы оянып, болашақта жазатын ұлы еңбегіне осында материал жинақтай бастағанға ұқсайды. Сондай-ақ Иранға, одан Иракқа барып, араб және парсы тілдерін үйренгендігі, тіптен медреселерде ұстаздық жасағандығы да айтылады. 20 жылға жуық түркі тайпаларының тілі, әдебиеті, мәдениеті, өмір-салты мен әдет-ғұрыптары жайында мол материал жинақтаған Қашқари 1072 жылы Бағдатқа келіп, даңқты шығармасын осы жерде аяқтайды [3; 6];

- «Диуани лұғат ат-түрк» хиджра есебімен 464 жылдың бесінші айының алғашқы күні (қазіргі жыл санау бойынша 1072 жылдың 25 қаңтарында) жазыла басталған, 466 жылдың алтыншы айының 10 күні (1074 жылдың 10 ақпанында) аяқталған. Ғалым өз шығармасын халифа әл-Муктәдиге (әл-Муктадига) арнап құрастырған [6]. Бұл жөнінде «Диуанның бас жағында ол: «Маған шексіз абырой, сарқылмас-түгесілмес қайнаркөз болсын деген тілекпен осы кітапты жазып шықтым да, бір Тәңірге сиынып, оған «Диуани лұғат ат-түрік» деп ат қойдым. Қасиетті Пайғамбардың мақамында отырған, Хашими тегінен және Аббас ұрпақтары әулетінен шыққан Тәңірдің халифасы Әбул-Қасым Абдуллаһ ибн Мұхаммед әл-Муктәди Биәмриллаһқа сыйға тарттым» [3; 6], — дейді;

- ғұлама ғалым бұл кітапты Бағдат (Бағдад) оқымыстысы Әбдірахман әл-Басридің (VIII ғ. өмір сүрген) «Китабул айни» атты еңбегі негізінде түзген. Қашқаридың бұдан басқа «Китап-и-джавахир аннахв фи лұғат ат-түрк» («Түркі тілдері синтаксисінің құнды қасиеттері туралы») атты еңбегі болған. Бірақ кітап біздің заманымызға жетпеген [7; 409];

- өкінішке орай, Сөздіктің түпнұсқасы жоғалған. Сондықтан да ғалымның кітабы бүгінгі күнге Қашқари өлгеннен соң 200 жылдан кейін оны көшіріп жазған сириялық Мұхаммед ибн Әбубәкірдің (Абулфатхтың) арқасында жеткен. 1266 жылдың тамыз айында «Диуани лұғат ат-түрк» түпнұсқасынан көшіруші былай деп жазған: «Әуелі Сава, кейін Шам (Дамаск) қаласының тұрғыны Мұхаммед ибн Әбубәкір ибн Әбілфатих (оны Тәңірі жарылқасын) осы кітапты түпнұсқасынан көшіріп, 664 жылы оныншы айдың жиырма жетінші жексенбі күні бітірді» [8; 59];

- Еуропада М.Қашқаридың еңбегі туралы алғашқы хабарлардың бірі 1904 жылы Венгр академиясының лингвистикалық жинағында жарияланады [9; 38];

- 1915 жылға дейін «Диуани лұғат ат-түрктің» бірде-бір нұсқасы табылмаған-ды. Әйтсе де, талайлардың қолы жетпей, көзбенен бір көрудің өзі арман болған асыл мұра Түркияның бұрынғы экономика министрі Нафыз бейдің кітап сөрелерінің бірінде көп кітаптың бірі ретінде шаң басып жатқан болатын [3; 6];

- 1915 жылы Мұхаммед ибн Әбубәкірдің (Абулфатхтың) 1266 жылы жасаған «Диуанидің» көшірмесі Стамбул базарында ескі заттарды сатушының арбасынан табылады [7; 409];

- М.Қашқари еңбегі шын мәнінде зерттеу нысанына айналған уақыт — оның үш томдық түпнұсқасының 1915–1917 жылдары Стамбулдағы Ахмет Рифат баспасынан шыққан кез. Үш томнан (сегіз кітаптан) тұратын еңбекте 6800 түркі сөзі ғылыми жүйеге түсіріледі;

- үш томдық «Диуани лұғат ат-түрк» кітабы жарыққа шығысымен-ақ М.Қашқари және оның бұл атақты еңбегі туралы хабар бүкіл дүниені аралап кетті. Түркі халықтары өкілінің — ХІ ғасырда аса жоғары ғылыми дәрежеде жазған атақты еңбегі бүкіл дүние жүзі ғылымында күтпеген үлкен жаңалық болды. Жаңалық болатыны — бұған дейінгі белгілі мұралардың бәрі де арнайы филологиялық немесе тарихи этнографиялық зерттеулер болмай, дидактикалық сарында жазылатын-ды. Бір себептен, ол дәуірде филологиялық немесе этнографиялық зерттеулер жазуды күтудің өзі тарихи жағдайлармен есептеспегендік тәрізді болып көрінетін еді. Күтпеген жаңалық болатын тағы бір себебі — түркі халықтарының өкілі сол дәуірде осыншалық білімдар болады дегенге ресми батыс ғылымы сенбейтін, өйткені, олардың ойынша: түркі халықтары тек көшпенділер, сондықтан олардың арасында ғылымға бейімділік болу мүмкін емес. Оларды өркениетпен таныстырып, сауаттылық ізін салған тек қана Батыс деп есептелетін. Сөйтіп, «Диуани лұғат ат-түрктің» жарыққа шығуы ғылым дүниесінде аса үлкен оқиға болып бағаланады;

- 1940–1941 жылдары «Диуанидің» ең алғашқы түрік тіліндегі аудармасы жарық көреді. Бұл аударма ұзақ жылдар бойы көптеген еңбектердің жарық көруіне арқау болып қана қоймай басқа тілдердегі аудармаларына да негіз болады;

- Өзбекстан ғылым академиясы баспасынан 1960–1963 жылдары «Түрки сөзләр Дивани» деген атпен 3 томдығы жарық көреді. Аударып баспаға дайындаған Салих Муталлибов;

- 1955 жылы ағайынды Мұхаммед Пейзи мен Әхмет Зияи, 1963–1966 жылдары еңбекті қазіргі ұйғыр тіліне аударып шықса да, Шығыс Түркістандағы саяси тұрақсыздық салдарынан жарияланбайды;

- 1970 жылы белгілі түркітанушылар Қашқари «Диуанының» 900 жылдығын атап өтті. 1971 жылы Ферғанада (Өзбекстан) өткен «Диуани лұғат ат-түрктің» 900 жылдығына арналған конференция материалдары Баку қаласында шығып тұратын «Советская тюркология» журналына түгел енді. Ташкент, Уфа, Алматы, Фрунзе (қазіргі Бішкек) түркітанушыларының пікірлері, ғылыми еңбектері жарық көрді. Түркі тілді халықтар өзінің ең ежелгі филологы М.Қашқаридың «Диуанын» еш ұмытылмас ортақ ескерткішінен санап, оны ең асыл мүлкі деп тани бастайды [10];

- 1971 жылы Мәскеуде жарық көрген И.В.Стеблеваның «Развитие тюрских поэтических форм в ХІ веке» атты кітабында «Диуандағы» өлеңдердің поэтикалық формалары ұқыпты зерттеледі [10; 88];

- өткен ғасырдың 80-ші жылдарында Қашқаридың еңбегі Шыңжаң ұйғыр автономиялық облысы Ғылыми академиясы жанынан құрылған кеңес мүшелері тарапынан аударылып, 1981–1984 жылдар аралығында баспадан жарық көреді. 2002 жылы осы еңбектің негізінде қытай тіліндегі аудармасы жасалады;

- 1982–1985 жылдары арасында ағылшын тіліне аударылып, Гарвард университетінде «Mahmud al-Kashgari Compendium of Turkic Dialects (Diwan Lugat at-Turk)» деген атпен жарық көреді;

- жәдігерді тұңғыш рет қазақ тілінде сөйлетіп, баспаға дайындаған белгілі ақын, ғалым Асқар Егеубаев еді. 1997–1997 жылдары оның аудармасында Алматының «Хант» баспасынан жарық көрген «Түрік сөздігі» атты үш томдық, түрік тілдері жүйесінде қазақ тілі қандай орын алатынын толық анықтап алуға жол ашады;

- ұлы кітапты орыс тіліне толық аударған филолог-ғалым Зифа-Алуа Әуезова. Ол Қашқаридың еңбегін аудару кезінде нендей тың дүниелерге кезіккені туралы былай баяндайды: «... Мен 1999 жылы «Диуани лұғат ат-түркті» аударуға тілек білдірдім. Нәтижесінде аудармаға бөлінген арнайы грантты ұтып алдым... Аудару кезінде көптеген жайттерге қанықтым және тың жаңалықтарға кезіктім. «Қазақ әдеби тілі ХVІІІ–ХІХ ғасырларда қалыптасқан» деген кеңестік риторика бекіткен нұсқауға, оның өзінде орыс мәдениетінің ықпалымен қалыптасқан пікірге қарамастан, ХІ ғасырдағы «Диуани» еңбегіндегі өлеңдер, мақал-мәтелдер қазақ тілінің қазіргі мамандарына ешқандай аудармасыз түсінікті болатын үлкен көлемдегі сөздер мен мәтіндерден тұратындығын баса айтқым келеді. Бір атап өтерлігі, бұл мәтіндер тек ХІ ғасырға ғана тиесілі емес. Махмұд Қашқари өз еңбегіне одан да ежелгі кезеңге жататын мәтіндерді қосып отырған. Меніңше, автордың «Диуани» еңбегін жазудағы көздеген басты мақсаты — барлық мұсылман әлемін түркі тайпалары әлемімен біртұтас қарастыру және солай таныстыру болған сияқты. ХІ ғасыр Селжүктер әулетінің батыс түркі тайпалары үшін зор жеңісті кезең болды. Себебі, олардың жаулап алған жер көлемі де, халифаттағы саяси мойындалуы да айрықша еді. Дәл осы бір кезеңде Қарахан әулетінің шығыс түркі тайпалары да

өздерінің Орталық Азиядағы ұстанымдарын нығайта түсті. Яғни, екі тайпа да өздерінің тұрмыстық мәдениеттері мен сыртқы болмыс-бітімдерінің айырмашылықтары мен өзгешеліктеріне қарамастан, түркі тілдерінде сөйлейтін болған. Екі тайпа одағының басшылары өздерін мұсылманбыз деп жариялады. Сондай-ақ олар өздерін «дар уль-Исламның» ортақ құндылықтарын сақтаушы ретінде таныта бастады. Түркі интеллектуалды элитасының өкілі ретінде Махмұд Қашғари үшін «дар уль-Исламды», оның жаңа қорғаушылары, яғни, түркілердің тілі мен мәдениетімен таныстыру айрықша маңызға ие болған. Сондықтан «Диуани» еңбегі араб тілінде жазылды. Ал ондағы түркі сөздері, мақалдар, аңыздар мен өлеңдер араб тіліне аударылған. Түркі грамматикасы да араб тілтану тұрғысынан түсіндірілген. Қазіргі таңда «Диуани лұғат ат-түрк» — түркі мәдениеті мен тілі туралы ең танымал жүйелі өлеңдердің ішіндегі ең көнесі болып есептеледі» [11];

- 2004 жылы ұлы тарихи еңбекті профессор Хүсейн Дүзгүн бір томдық етіп парсы тіліне, 2006 жылы Рамиз Ескер әзербайжан тіліне аударып бастырған;

- 2008 жылды ЮНЕСКО ғұлама ғалымның туғанына 1000 жыл толуына орай «Махмұт Қашқари жылы» деп жариялаған болатын [8; 62].

Жоғарыда келтірілген деректерге біздің қосарымыз, түрік, қазақ, орыс, ұйғыр, өзбек, әзербайжан, қытай, венгр, ағылшын, парсы тілдерінде жарияланған «Диуани лұғат ат-түрктің» аудармалары әлі күнге дейін қыруар кандидаттық және докторлық диссертациялар мен іргелі зерттеу еңбектеріне арқау етіліп келеді.

«Диуани лұғат ат-түрк» сөздігінің зерттелуі

Махмұт Қашқаридың өмірбаянына байланысты нақты мәліметтер аз болғанымен, оның соңына қалдырған үлкен еңбегі — «Диуани лұғат ат-түрк» сөздігі аз зерттелген жоқ:

1. М.Қашқариды ең алғаш зерттеген қазақ ғалымы Халел Досмұхамедов. Ол 1923 жылы «Шолпан» журналының 6–7 сандарында «Диуани лұғат ат-түрк» атты мақала жариялаған. Халекен М.Қашқаридың кітабының бас жағында түрік халықтарының асыл қасиеттері мен тілі, әдебиеті, мәдениеті, мінез-құлқы, түр-түсі туралы жазғандарын түгелдей аударып, мақаласына енгізген.

Х.Досмұхамедұлының мақаласы заманауи өзектілігімен, ғылыми тереңдігімен және тарихи-рухани мұраға деген үлкен жанашырлығымен ерекшеленеді. Түркияда А.Рифат эфәнді бастырған үш томдық М.Қашқари сөздігін жаһандық соғысқа байланысты алдырта алмағандығын, енді ғана қолына тигеніне риза бола отырып: «Түрік азаматтарының білімге, түрік ұлтының тілі мен әдебиетіне мынадай назар салғандықтарына қуанышымыз қойнымызға сыймай отыр», — дейді ғалым. Одан әрі: «Бірақ сондадағы бұл кітаптың басылуы өзінің жақсылығымен осы күнге дейін Түркияда басылған бұрынғы кітаптардан айырылып тұр. Қатесін түзетуге артықша назар салғандық, жете қарап бастырғандық, қолдан келгенше түп (оригинал) кітаптың суретін сақтауға ыждаһат қылғандық... Түркияда кітап басуға осындай артық назар салуды көріп, біздің қуанышымыз екі есе болып отыр» [12], — деген жолдардан оның мұраға деген махаббат-ыждағаты, баспагер-редакторлық тәжірибесінің молдығы сезіліп тұрады. Осы сын-рецензия есепті көрінетін, ал шындығында толымды зерттеу еңбегінде Х.Досмұхамедұлы түркі тілінің тарихын сөз ете отырып, өзін диапазоны кең тарихшы ғалым ретінде көрсетеді.

Х.Досмұхамедов Махмұттың «Диуанындағы» деректер негізінде үлкен зерттеу жазбақы болған. Ол жұмыстың жоспарын жасап, өз мақаласына енгізген. Бірақ ғалым ойын жүзеге асыра алды ма, алмады ма, белгісіз [13].

2. Белгілі шығыстанушы Броккельман «Диуанды» неміс тіліне аударып, 1928 жылы Лейпциг қаласында бастырып шығарды. Броккельман бұл еңбекті аудару кезінде шығармадағы жеке сөйлемдердің бәрін альфавит тәртібіне келтірді. Ал неміс ғалымы Фриц Хаммел Сөздікте (Жинақта) ұшырасатын мақал-мәтелдерді неміс тіліне аударып, өз алдына жеке кітапша етіп бастырды [14; 142].

3. «Диуанды» кең көлемде зерттеген ғалымдардың ең алғашқысы — көрнекті түрік филологы Басым Аталай. Ол «Диуани лұғат ат-түрк» кітабын Осман түріктерінің қазіргі тілінде тәржімалап, жүйелеп, жарыққа шығарды.

4. Қашқари еңбегінің әдеби маңызы жайлы неміс оқымыстысы М.Хартман «Диуани лұғат ат-түрк» — халықтық әдебиеттің үлгісі, соның негізінде құрылған» дейді де, осыдан екі-ақ жыл бұрын жазылған Ж.Баласағұнидің «Құдадғу білікті» («Бақыттылық жайлы ілім») — сарай әдебиетінің нұсқасы деп тапқан [8; 61].

5. Шығыстанушы, профессор А.Халидов Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түркін» құрастыру үстінде Исхақ әл-Фарабидің «Диуан әл-адабын» басшылыққа алғанын, өзіне үлгі еткені жайлы

айтады. Оны ол нақтылы мысалдармен дәлелдей де алған. А.Халидов әуелі екі еңбектің құрылыс, құрылымы да бірдей екендігіне көңіл аударады. Ол екі тарлан шығармасындағы алғысөздерді аударып, салыстыра қарап ой түюді оқушылардың өз еншісіне қалдырған (Халидов А.Б. Словари Исфаха ал-Фараби и Махмуда ал-Кашгари (из истории лексикографии в Средней Азии X–XI веков). — Письменные памятники и проблемы истории культуры народов Востока. XXI годичная научная сессия ЛО ИВ АН СССР, 1987, ч. IV. — М., 1987). Шынында да Исфаха әл-Фараби мен М.Қашқари еңбектеріндегі алғысөздер мен олардың өз туындыларының құрылыс, мазмұнын сипаттайтын тұстары тым ұқсас. Мұның өзі, сөйтіп, Махмұт бабамыздың «Түркі сөздерінің жинағын» құрастыруда Отырар ғалымының кітабын өзіне үлгі еткен, одан үйренгені күмән тудырмайды. Егер Исфаха әл-Фараби өз еңбегінде араб тілін марапаттап, оны оқуды, үйренуді ұсынса, Махмұт, керісінше, араб халықтарына түркі тілінің де ұлы тілдер санатына жататынын айтып, дәлелдеуге тырысқан [15].

6. Махмұт Қашқари еңбегінің энциклопедиялық мән-мағынасы жайында айта келіп, белгілі түрколог А.Н.Кононов өз ойын былайша түйіндейді: «Мұнда XI ғасырдағы түріктердің өмірі туралы: олардың материалдық мәдениетінің бұйымдары, тұрмыс жайлары туралы... этнонимдері мен топонимдері, ру-тайпалары туралы туыстық және жекжаттық терминдері туралы, түркі қызмет адамдарының титулдары мен аттары, тағам-сусындардың аттары туралы, үй жануарлары мен жабайы жануарлар және құстар, мал шаруашылығы терминдері туралы, өсімдіктер мен дәнді дақылдары туралы, астрономиялық терминдер, халықтық календарь, айлардың және аптадағы күндердің аттары туралы, географиялық терминология мен номенклатура туралы, қалалар туралы, аурулар мен дәрілердің аттары, анатомиялық терминология туралы, металдар мен минералдар туралы, әскери, спорт және әкімшілік терминологиясы туралы, түрлі тарихи және мифтік қаһармандардың есімдері туралы, діни және этникалық терминология туралы, балалардың ойындары мен ермектері және тағы басқалар туралы көп жағдайда бірден-бір деректеме болып табылады» [16].

7. Орыс ғалымы А.Щербак: «Махмұт Қашқаридың «Диуаны» — автордың әдебиет жөніндегі білім деңгейі тұрғысынан алғанда, теңдесі жоқ еңбек. «Диуанның» сөздік деп аталуы оның мазмұнына аздық етеді, өйткені, онда түркі грамматикасы, лексикасы, фонетикасы және тайпалары, географиялық жағдайы және тағы басқа маңызды, өзіндік ерекшелікке ие, кең ауқымды мәліметтер берілген» [4; 35–36], — деп, еңбекті аса жоғары бағалады.

8. «Диуани лұғат ат-түркті» тек лингвистер ғана емес, әдебиетшілер мен философтар да зерттеген. М.Қашқариды зерттеген атақты ғалымдар қатарында Г.Бергштроссер, В.В.Бартольдт, С.Е.Малов, С.Муталлибов, А.Алиев, Е.Фозилов, Имин Турсун, Құрбан Вали, Осман Мирсултан, Қ.А.Байрамов, Ж.И.Жафаровтарды атауға болады. Араб лингвистерінің арасынан мысырлық академик Махмуд Фаһми Хижази кең көлемде мақалалар жариялады.

9. М.Қашқариды зерттеген бүгінгі қазақстандық ғалымдарды атасақ, олар: Ә.Құрышжанов, Ә.Дербісалиев, В.У.Махпиров, Х.Сүйіншәлиев, А.Егеубай, Қ.Бекетаев, Ә.Ибатов, Б.Атабай, тағы басқалар. Профессор Х.Сүйіншәлиев «Диуани лұғат ат-түрктегі» өлең-жырларды зерттесе, Сөздіктің қазақ толық аудармасын жасаған ақын А.Егеубай «Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірдегі көркемдік жүйесі» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғаған. Ал Қ.Бекетаев, Ә.Ибатов «Диуандағы» Орта Азия мен Қазақстанға қатысты мағлұматтарды сүзіп, Сөздіктегі мақал-мәтелдер мен өлең-жырларды аударып, «Түбі бір түркі тілі» деген кітап шығарды.

Түріктанушы-ғалым В.У.Махпиров «Диуандағы» ономастикалық атауларды зерделеп, бірқатар құнды пікірлер айтқан. Б.Атабай «Диуанның» лексикасын зерттеп, бірнеше мақалалар жариялады [17].

10. Махмұт Қашқари Сөздігіндегі кейбір өлең-жырлар мен мақал-мәтелдерді белгілі ақын Фариза Оңғарсынова қазіргі қазақ тілінде сөйлетіп, 1983 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жариялады.

Түркі халықтарының мекен-жайлары мен тау-теңіздері

Түркі тілдес халықтардың этникалық тарихын және олардың мекендеген жерлерінің тарихи географиясын зерттеуде М.Қашқаридың «Диуани» еңбегінің алатын орны өте зор.

Аталмыш Сөздікте 175 жер-су, қала, қыстақ, ауыл атаулары және кейбір атаулар мен аттардың шығу тарихы жөнінде қызықты деректер, аңыздар бар [18].

М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегінде кездесетін топонимдерге, яғни жер-су аттарына, шолу жасасақ, мыналарды аңғарамыз [2; 13–18]:

1. Ауыл атауларына келсек: «Алуш — Қашқардағы ауыл»; «Қызылоз — Қашқар тауындағы қыстақ»; «Артуч — Қашқарда осылай аталатын екі ауыл бар»; «Азғыш — бір жердің аты»; «Уран — Рұм елінің шығыс шекарасына жақын жер»; «Бугур — Күшәр шаһары мен Ұйғыр елінің арасында орнатылған қарауыл мекеме. Бұл жер шекара болып есептеледі».

2. Шаһар аттарына тоқталсақ: «Уч — атакты шаһар»; «Атуқ — Таластың жанындағы шаһар»; «Сулми — Ұйғыр елінің шаһары, Зұлқарнайын салдырған»; «Ашычан — Шынға баратын жолдағы жолаушылар түнеп өтетін шаһар»; «Барчук — Афрасияб салдырған шаһарлардың бірі»; «Сабран — Оғыз шаһары»; «Сіткун — Оғыз шаһары»; «Булғар — Түріктердің көпшілікке машһүр шаһары»; «Кашмир — Түркі елдерінің шетіне орналасқан шаһар. Тәңір жарылқаған Сүлеймен пайғамбар салдырған»; «Суғнақ — Оғыз шаһары»; «Қарачук — Оғыздың Фараб шаһарының жанама аты»; «Жучу — Түркі шаһарларының бірі»; «Қазойын шаһары — Афрасиябтың қызы Қаз салдырған. Бұл сөздің негізі «Қаз ойыны — Қаздың ойыны». Қыз үнемі сонда тұрып, серуен құрған»; «Шу — Баласағұнға жақын шаһар»; «Қуйас — Барсағанның төменгі жағындағы шаһар»; «Қожу — Ұйғыр елінің шаһары»; «Жанбалық — Ұйғыр елінің шаһары»; «Орду — Баласағұнға жақын шаһар». Сонымен, «Диуани лұғат ат-түрікті» оқи отырып, Талас маңында Атуқ, ал Баласағұнға жақын жерде Орду секілді шаһарлар да болғанын біліп отырмыз.

3. Ғалым бабаның осы күнге дейін тілімізде қолданылып келе жатқан «канд (кент)» сөзі мен соған байланысты айтқан деректері де сонылығымен есте қалады: «Канд — кент, шаһар. Қашқар шаһары Ордакент деп аталады. Бұл Хан тұратын орда — астана деген ұғымды білдіреді. Шаһардың ауасы таза болғандықтан, Афрасияб сонда тұрған. Бұл шаһар төменгі Шынға жатады.

Канд — Оғыздар мен оларға жақын жерлерде жасайтын халықтардың тілінде Ауыл деген сөз. Түркі халықтарының көпшілік тілінде Шаһар. Ферғана шаһарына Өзканд деп ат қойылған. Бұл Өз шаһарымыз деген мағынаны білдіреді. Үлкен болғандықтан, Сәмізканд деп аталатын шаһарды парсылар Самарканд дейді».

4. Сөздікте таулар мен жұлдыздардың аттары да кездеседі: «Арантуз — Таразы жұлдызының қосымша аталуы. Ай аттарының бірі де осылай аталады»; «Алтунқан — Ұйғыр еліне жақын тау. Баурайында көшпенді түркі халықтары өмір сүреді. Зұлқарнайын осы жерде жеңіліс тауып, түркі хақанымен келісім-шарт жасасқан»; «Арғу — екі таудың арасы»; «Мизан — Қаракұс жұлдызының қосымша аты»; «Бақырсоқым» — Мірріх (Марс) жұлдызының аты. Қызарғанда мысқа ұқсайды»; «Иәтіген — Жетіқарақшы жұлдызы».

5. Ғалым Ташкент жайлы: «Ташқан — Шаша шаһары. Әсілі Ташкенд — Тас шаһар болатын. Әбубәкір әл-Қаффал әл-Шаши осы шаһарда туып-өскен», — деп жазады. Сайрам туралы: «Сайрам — Исбижаб аталатын Байза шаһарының аты. Сайрам деп те аталады», — дейді.

6. М.Қашқари Талас — Тараздың (Тираздың) екі шаһар екеніне тоқталған: «Талас — Тираз деген атпен машһүр болған екі шаһар. Біріншісі Улуғ Талас — Үлкен Талас, мұсылмандардың шекарасына орналасқан. Екіншісі Кәми Талас — Кіші Талас деп аталады».

7. Зертеушінің Сөздігінде мынадай өзен аттары кездеседі: «Усмитарым — Ислам елінен Ұйғыр еліне ағып баратын үлкен өзен. Сол жерде құмға сіңіп кетеді»; «Қызыл — Қашқар шаһарын жарып өтетін өзен»; «Тазгун — ағыны қатты бір өзен»; «Иабакү сууы — Қашқар тауларынан басталып, Ферғана мен Өзкент шаһарларына қарай ағатын өзен»; «Қазсууы — Ілеге құятын өзен. Афрасиябтың қызы Қаз осы өзеннің бойына шаһар салдырып, өзінің атымен осылай Қазсууы деп атаған»; «Йуну — өзен. Афрасиябтың ұлы осы өзеннің бойына шаһар салдырып, өзінің есімімен Барман деп атаған»; «Туман — Қашқар шаһарын жарып өтетін өзен»; «Қашаөкүз — Хотан шаһарының екі жағынан өтетін өзен. Біреуі Урунқашөкүз деп аталады. Бұл жерден тұнық ақ түсті асыл тас алынуына байланысты солай аталған. Екіншісі Қарақашөкүз деп аталады. Бұл жерден мөлдір қара түсті асыл тас алынады; «Тауышғанөкүз — Ош шаһарына қарай ағатын өзен».

8. Қашқари еңбегінде Қазақстан аумағындағы кейбір географиялық атаулар бар. Мәселен, «Ақсай — бір жердің аты»; «Ақтерек (Ақтәрәк) — Яғма елінің Ила (Іле) өзеніндегі өткел»; «Қарнак — Оғыз шаһары (Оғыз қалаларының бірі)».

Еділ жайлы ғалым былай дейді: «Атыл — Қыпшақ еліндегі өзен (Еділ). Бұлғар (Каспий) теңізіне құяды. Бір саласы орыс елінен бастау алады».

Іле өзені туралы: «Ила — өзен (Іле). Екі жағалауында түркі тайпаларының яғма, тохси рулары мен жігілдердің бір тобы өмір сүреді. Бұл өзен түркі елдерінің Жайғуны».

«Артыш — Иәмәк даласындағы өзен (Ертіс). Көп салалы бұл өзен сондағы бір көлге барып құяды. Өзен шын мәнінде «Артыш суы — Ертіс суы» деп аталады. Әртішмәк етістігінің түбірі

«Әртіш — Ерту» болады. Судан тез өту үшін бәстесіп, маған ер. Қайсымыз бұрын өтер екенбіз деген мағынаны береді», — дейді ол.

Мұның өзі түркі әлемінің ортағасырлық жәдігерінің қазіргі топонимика үшін орасан зор маңызды екендігін дәлелдейді.

Қорыта айтқанда, Махмұт Қашқари — түркі халықтары ішінен шыққан тұңғыш топонимист. Оның түркі халықтарының мекен-жайлары мен тау-теңіздері туралы айтқан мағлұматтары ерекше көңіл аударарлық.

Махмұт Қашқари түркі халықтары ішінен шыққан тұңғыш картограф ретінде

«Диуанның» негізгі ерекшеліктерінің бірі ретінде еңбектің беттерінде орын алған әлемнің картасын атап өтуге болады. Ғалым жасаған дөңгелек карта әлем бейнеленген ежелгі түркі харықтарының тарихындағы бірінші карта деп бағаланады. Әлбетте, осыдан 1000 жыл бұрынғы шарттардағы жағрапия ғылымының мүмкіндігі тұрғысынан баға берер болсақ, қолмен сызылған әлемнің тұңғыш картасы өте жоғары деңгейде әзірленген.

Картаның бір түріктің қолынан шыққандығының айғағы ретінде мына нәрселерді айтуға болады: Ең әуелі түрік қағандарының мекені болған Баласағұн шаһарын жердің кіндігі етіп алып, қалған елді мекендерді осы қаланың ыңғайына қарай орналастырған және бағыттар Орхон жазбаларындағыдай ежелгі түркі дәстүрі бойынша анықталған. Түркілер мекендеген аймақтардағы шаһарлар мен елді мекендер, таулар мен өзендер, көлдер мен теңіздер бүге-шүгесіне дейін анық көрсетіледі. Сондай-ақ түркілер мекендеген аймақтарды белгілеуде өте аз қатеге жол берілуі картаның бір түркінің қолынан шыққандығының дәлелі деуге болады.

Сонау Рұмнан Машынға дейінгі түркі тайпалары мекен еткен жерлерді қағаз бетіне бедерлеп шыққан ғалым, олардың әрқайсысына сипаттама береді. Олардың жер көлемі, қай аралықтарды мекендейтіні, тілі, географиялық ерекшеліктері жайында сөз етеді. Осылардың барлығы анық көріну үшін жердің пішіні тәріздес етіп дөңгелек шенбер ішіне орналастырғанын айтады. Міне, бұл Коперниктен 5 ғасыр бұрын-ақ жердің шар тәріздес дөңгелек екендігі түркілер үшін жаңалық болмағанын, мұны жақсы білгендігін көрсетеді.

Қашқаридың бұл картасы Жапонияны әлемдік карта бетіне түсірген әлемдегі тұңғыш карта болуымен де ерекшеленеді. Ғалым Жапонияны «Жабарка» деген атаумен шығыстағы бір арал ретінде көрсеткен. Жапония әлемдік карта бетіне Қашқари картасынан аттай 400 жыл өткен соң ғана барып түскен-ді [3; 7]. Бірақ бүгінге дейін картаның сыры толық ашылмай келеді.

Түркі халықтары мен тайпалары

Ғалымның түркі тайпалары мен халықтары жайлы жасаған шолулары [2; 18–24] өзіндік сонылығымен ерекшеленеді. Ол өз шығармасын «Түрік» атымен атап және сол еңбегінде «Түрік» жөнінде егжей-тегжейлі тоқталған.

Махмұдтың ойынша, түркілер — Тәңірдің сүйікті құлы, оларды тәңірі жебеп, басқалардан артық қадірлейді. Ол былай ой толғайды: «Түрік — Тәңір жарылқаушы Нұһ пайғамбардың ұлының есімі. Бұл есімді оған Тәңірдің өзі қойған. Оның ұрпақтары да түрік деп аталады. Мысалы, «Рұм» сөзі Тәңір жарылқаған Ысқақ пайғамбардың Иса, Иса пайғамбардың ұлы Рұмға есім болғанындай, бүкіл Рұм әулеттерінің аты болып келеді».

Бірде Ұлы Тәңір былай депті: «Менің бір тайпа қосыным бар. Оларды Түрік деп атап, күншығысқа қоныстандырдым. Кейбір тайпаларға ренжісем, түріктерімді қарсы аттандырамын!»

Бұл жағдай Түріктердің басқалардан ерекше екенін көрсетеді. Сондықтан Түріктерге Тәңірдің өзі арнайы ат қойған. Жер жүзінің ең биік, ауасы таза бөлегіне қоныстандырып, «Өз қосыным» деп атаған. Оған қоса түріктер көрікті, өндері ұнамды, жүздері мейірімді, әдепті, үлкендерді құрметтей білетін кішіпейіл, уәделерінде берік тұратын мәрт және сол сияқты көптеген жақсы қасиеттерге ие болған ашық-жарқын жандар», — деп жазады ғұлама.

М.Қашқари еңбегінде былай дейді: «Түркі халықтары негізінен жиырма тайпа. Әрбір тайпаның бірталай ұсақ рулары бар. Олардың саны Ұлы Тәңірдің өзіне ғана аян. Мен солардың негізгілерін ғана жаздым.

Оғыз түріктерін білуге құмарлық аса көп болғандықтан, олардың тектері мен малдарына басатын таңбаларына дейін нақтылап көрсеттім. Рұм өлкесінен тараған тәртіп бойынша шығыстағы түркі тайпаларының тұратын мекен-жайларына дейін анықтап жаздым. Рұмға бәрінен жақын орналасқан тайпа бажанақ, онан кейін қыфжақ, оғұз, иәмәк, башғырт, басмыл, қай, яба-ку, татар, қырқыз

тайпалары. Қырқыздар Шынға жақын орналасқан. Онан бері жігіл, тохси, яғма, оғрақ, жарұқ, жомұл, ұйғұр, таңұт, хытай тайпалары. Хытайды Шын деп атайды. Онан соң тауғаж, бұларды Машын дейді. Бұл тайпалар оңтүстік пен солтүстіктің арасында өмір сүреді. Олардың мекен-жайларын картада арнайы көрсеттім».

Сонымен, ғалым тайпаларды екі топқа бөліп батыстан шығысқа қарай орналасу тәртібі бойынша санап шыққан.

Оғыздардың құрамына ежелгі тайпалар ретінде негізінен түркіленген Сырдария алқабы мен Арал-Каспий далаларын мекендеген этникалық топтар және Жетісу мен Сібірдің жартылай көшпелі, көшпелі рулары кірді. Оғыздар бірнеше тайпаға, тайпалар бірнеше руға бөлінді. М.Қашқари оғыздар бастапқыда 24 рулы ел болғанымен, XI ғасырда оның екі руы бөлініп кетіп, тек мынадай 22 рулар қалғандығын ескертеді: Қынық, Қайығ, Байундур, Йуа-Йыуа, Салғұр, Афшар, Бәктілі, Бугдуз, Байат, Йазғыр, Аймур, Қарабөлук, Алкабөлік, Ігдір, Урәгір-Йурәгір, Тутырка, Улайундлуғ, Тугәр-Тігәр, Бажанак, Чувулдар, Чәбни, Чаруклуғ. М.Қашқари осы аталған жиырма екі рулар жайында былай дейді: «Жоғарыда санап өткендерім оғыздардың түпкі негіздері. Бұл рулардың тағы біраз ұсақтары бар. Әңгімені қысқарту үшін оларды жазып отырмадым. Жоғарыда айтылған рулардың аттары оларды жаратқан өз бабаларының есімдері. Кәдімгі арабтардың Бано Сәлім — Сәлімнің ұлдары, Бано Хафажа — Хафажаның ұлдары деп атайтындары сияқты. Олар да өз тектерін арғы ата-бабаларына қарай жүргізеді».

X–XI ғасырларда ғұмыр кешкен түркі тайпалары жайлы дәл осылай жүйелі айтқан авторлар некен-саяқ. Сол себепті де ғалымның бұл жазбалары біз үшін маңызды мағлұмат.

X–XI ғасырларда Оғыз мемлекеті әлсірей бастады. Наразылықты селжүк көсемдері тиімді пайдаланып, Жент қаласын басып алды. Ал қыпшақ тайпаларының соққыларынан соң Оғыз мемлекеті біржола күйреді. Қыпшақтардан ығысқан оғыздардың едәуір тобы Шығыс Еуропа мен Кіші Азия жерлеріне өгіп кетті де, кейбір тобы Қарахан мен Селжүк билеушілерінің қоластына көшті. Қалғандары XI ғасырдың ортасында түркітілдес Дешті Қыпшақ тайпаларының арасына тарады. Оғыз руларының атаулары Қазақ руларының, Кіші жүз, Орта жүз тайпаларының атауларында сақталып қалды [19]. Сөз соңында айтарымыз, М.Қашқари атаған тайпалар ішінен тек қыпшақтар (қыфжақтар) мен түрікмендер (оғыздар немесе оғуздар), башқұрттар (башғырттар) мен татарлар, қырғыздар (қырқыздар) мен ұйғырлар (ұйғұрлар) болмаса, қалғандары түркілердің ірі тайпаларына қосылып, бірігіп, кірігіп, ақыры, тарих сахнасынан ығысып кеткені мәлім.

Түркі халықтарында жиі кездесетін есімдер мен құрметті лауазымдар

«Диуани лұғат ат-түрк» еңбегінде жиі кездесетін кісі есімдері берілген [2; 25–28]:

1. Ерлердің есімі: *Атыш, Утуш, Әби, Әрув, Өтәмші, Сәлім, Бано, Болуч, Кулuch, Тутуш, Отар, Тоқуш, Тәкіш, Қабан, Қутан, Бәглән, Қаушыт, Бәктур, Қатмыш, Бадруқ, Булғақ, Бәгі, Суңуш, Бурслан, Қалалдуруқ. Чауа* — жастарға қойылатын есім.

2. Әйелдерге қатысты есімдер: *Қосығ* — қатындарға есім етіп қойылған сөз; *Қатун* — Афрасиябтың қыздарының құрметті есімі; *Қаз* — Афрасиябтың қызының есімі; *Узук* — қатындарға берілетін құрметті жанама есім. Саф алтындай ақкөңіл қатын Алын узук деп аталады. Тәні мен жаны меруерттей таза қатынды Әртіні узук деп атайды. Бұл құрметті жанама есімдер чігілдің қатындарына ғана арнап қойылған.

3. Белгілі тарихи тұлғалар есімі: *Афрасияб* — Алып Ертона (Ер Тоңға) батырдың нағыз аты; *Мухаммед Чақыр Тонқа* — ханның аты-жөні; *Низамидин Тоған тегін* — ханның ұлының аты; *Түрік* — Тәңір жарылқаған Нұх пайғамбардың ұлының аты; *Қусайын* — қашқарлық Халифтың ұлы, білімдар имамның аты; *Қылыч хан* — Хақания бектерінің құрметті аты; *Табар* — қыпшақтың ханы Ынал Оздың ұлының есімі; *Құлбақ* — түркі әулиелерінің бірінің есімі. Баласағұн тауларында жасайды екен; *Салжук* — Салжук сұлтандардың бабаларының есімі; *Қаңлы* — қыпшақтың ең ұлы адамының есімі; *Йалынуқ* — Адам Әлейсаламның есімі.

4. Сөздікте құрметті лауазымдар келтірілген: *Өгә* — тегінен бір дәреже төмен берілетін лауазым; *Сағун* — қарлұғ тайпасының үлкендеріне берілетін атақ; *Тархан* — исламияттан бұрын Бек мағынасында қолданылып келе жатқан лауазым; *Сөкмән* — батырларға берілетін лауазымдардың бірі. Мұның мағынасы соғыста сапты бұзып, жауды талқандаған жігіт демекші; *Йафғу* — хақаннан екі дәреже төмен, халық арасынан шыққан көрнекті кісіге берілетін лауазым; *Қара* — Хақанияның хандары Қара деген лақамен аталады; *Йуғуруш* — түркілердің халық арасынан шығып, уәзірлік

дәрежеге көтерілген адамы; *Чувы* — хотандықтардың салты бойынша хақаннан екі дәреже төмен тұратын кісіге берілетін атақ.

5. «Тегін» сөзінің түпкі төркіні туралы. Бұл сөздің түпкі төркіні — *Құл*. Түр-түсі күмістей құлды — Күміш тегін, батыр құлды — *Алб* тегін, құтты аяқ, майлы аяқ құлды — *Құтлұғ* тегін деп атаған. Бертін келе бұл сөз тек қана хақанның балаларына бағышталып қалды. Тіпті кейбір жыртқыш құстардың атымен қосарланып та қолданылатын болды: Чағры тегін — *Қаршыға* тегін, Куч тегін — *Күшті* тегін. Бұл сөздің Афрасиабтың ұлдарына қалай көшкеніне келер болсақ, олар өздерінің аталарын аса құрметтеп, ерекше, теңдессіз көретін. Сондықтан олар кез келген іспен атасына жүгіне қалса немесе хат жазса, өздерін мүлдем төмен ұстап, «Құлыңыз оны былай істеді, Құлыңыз бүгін мынандай іс бітірді» дейтін. Кейін бұл сөз олардың өздеріне атақ, жанама есім болып қалды. Басқа құлдардан олардың атын ерекшелеу үшін тегін сөзі қосып айтылатын болды. *Тарым* — тегіндерге (Шаһизадаларға), Афрасиабтың әулетінен тараған ханымдар мен барлық үрім-бұтақтарына арналған құрметті сөз. Хақанның ұлдарынан басқалар қандай мәртебеде болса да, бұл құрметті сөз оларға қолданылмайды. Хан әулетінен тараған ақсүйек ханымдарға ғана арнап «Алтын тарым» сөзі қолданылады», — деп жазады ғалым өз еңбегінде.

Түркі халықтарының жыл қайыруы

Түркілер он екі жылды он екі хайуанның атымен атаған. Балаларының жасы мен өткен күндердегі соғыс тарихын, сол сияқты түрлі есте тұрар шақтарды жырлардың айналуымен есептеген.

М.Қашқаридың көрсеткеніндей, бұның шығу тарихы былай болған: «Түркі хақандарының біреуі өзінен бұрын болған бір соғыстың тәсілін үйренбекші болады. Бірақ сол соғыстың болған жылын анықтауда мықтап қателеседі. Осы жағдайға байланысты хақан халқымен кеңес өткізіп, былай дейді:

— Тарихты анықтауда қалай қателессек, келешек ұрпақтарымыз да дәл солай қателеседі. Сондықтан біз он екі ай мен аспанның он екі бұрышына негізделіп, әрбір жылға ат қоялық. Бізден кейінгі жыл есебі сол жылдардың айналыс тәртібімен есептелсін. Сөйтіп, бұл іс өзімізден кейінгілерге мәңгілік естелік, өнеге-мұра болып қалсын!

Бұл ұсынысын халқы қостаған соң Хақан аңға шығып, барлық аңды Іле өзеніне қарай қууды бұйырады. Бұл өте үлкен өзен еді. Халық тәмам аңды қуып келгенде, олар қорыққанынан суға қойып кетеді де, алғашқы он екісі өзеннен жүзіп өтеді. Солардың аты жылдарға есім болып қойылады. Өзеннен бірінші болып өткен Тышқан жыл басы болып саналады. Одан кейінгілер төмендегідей тәртіппен аталады:

1. *Сычған иылы* — *Тышқан жылы*.
2. *Уд иылы* — *Сиыр жылы*.
3. *Барыс иылы* — *Барыс жылы*.
4. *Тауышқан иылы* — *Қоян жылы*.
5. *Нәк иылы* — *Ұлу жылы*.
6. *Йылан иылы* — *Жылан жылы*.
7. *Йунд иылы* — *Жылқы жылы*.
8. *Қой иылы* — *Қой жылы*.
9. *Бічін иылы* — *Мешін жылы*.
10. *Тақағу иылы* — *Тауық жылы*.
11. *Ит иылы* — *Ит жылы*.
12. *Тоңуз иылы* — *Доңыз жылы*.

Доңыз жылына жеткеннен кейін Тышқан жылы қайта басталады. Осы кітапты 466 жылдың наурыз айында аяқтағанымда Жылан жылы кірген еді. Сол жылы өтіп, 467 жылға қадам басқанда Жылқы жылы кірді. Мінеки, жыл есебі мен көрсеткен тәртіппен осылай жүргізіле береді» [2; 29–30].

Түркілер осы жылдардың әрқайсысында бір қасиет бар деген. Олардың пайымдауларында, Сиыр жылы кірсе, ұрыс-жанжал көп болады. Себебі сиыр — бір-бірімен көп сүзisetін мал. Тауық жылы кірсе, азық-түлік көбейеді. Өйткені, тауықтың жемі — дән. Ұлу жылы кірісімен жауын-шашын көбейіп, астық бітік өседі. Себебі ұлу суда өмір сүреді. Доңыз жылы кірсе, қар қалың жауып, суық қатты болады. Өсек-аяқ көбейеді. Осы сияқты әрбір жылда түркілер бір нышан бар деп есептеген. Көшпелі өмір сүретін түркілер жылды төрт маусымға бөліп, әр үш айды бір атпен атайды. Жылдың өтуін сол тәсілмен белгілейді. Мысалы, наурыздан кейінгі көктемнің алғашқы айы — Лақ айы, келесі айды Үлкен лақ айы деп атайды. Бұл айларда лақ марқаяды, семіреді. Бұдан кейінгі айды Ұлы ай дейді. Бұл

ай жылдың ортасына келеді. Бұл уақытта жердің жүзі жеміске толып, мал әбден семіреді. Ақ көбейеді.

Түркі халықтарының тағамдары мен шараптары

Ғалым өз Сөздігінде тағам мен шарап аттарын да сипаттайды. Түркі халықтарының басты тағамдарына мыналар жатқызылған [2; 30–32]:

1. *Қағут* — тарыдан жасалынатын тамақ. Оның жасалу жолы мынандай: тарыны әбден қайнатып, кептіріп алған соң диірменге ұн қып тартады да, шекер мен май араластырып, жүкті қатындарға береді.

2. *Тоб* — бидайды суға қайнатып, арпаның қамырына араластырып, ыстық жерге қояды. Бабына жетіп піскенде алып жейді.

3. *Бухси* — бұл тамақ бидайдан жасалады. Қайнатып алынған бидайға бадам дәнін қосады. Оған бал мен сүтті араластырып құйып, ашытады. Дайын болғанда бидайын жеп, суын ішеді.

4. *Тутмач* — түріктердің атакты тағамдарының бірі. Бұл тамақ Зұлқарнайынның кезінде пайда болған екен.

5. *Қақурған* — қаттама. Май жағып, тандыр мен ошақтағы қазанға қарып пісірілетін нанның бір түрі.

6. *Қара етмәк* — нанның бір түрі. Ол былай жасалады: етті езілгенше пісіріп алған соң сары май мен шекерге араластырып, қойылғанша қайнатады. Сонан соң жейді.

7. *Жұқмын* — жаппа нанның бір түрі. Жұқа етіп жайып, қазанға қарып пісіреді. Өте сіңімді нан.

8. *Көмәч* — күлге көміп пісірілген нан.

9. *Қузмән* — көмбеш нан.

10. *Тоқуч* — тоқаш нан.

11. *Сузмә* — сүзбе, қатық.

12. *Қатма йуға* — майға пісірілген жұқа қаттама нан.

Сөздікте мынадай сұйық ішімдіктер мен шараптардың аттары келтірілген [2; 32–33]:

1. *Уғут* — бидайдан шарап жасау үшін қолданылатын ашытқы. Бұл ашытқы бірнеше дәрі-дәрмектің қосындысынан жасалады да, арпа жармасынан екшеп алынған ұнға араластырылып, қамыр жасалады. Сонан соң қамырды көмбеш-көмбеш етіп бөліп, кептіреді. Бидай мен арпаны қосып қайнатып, оған кептірілген көмбештің біреуін ұнтақтап себеді. Сонан соң бидай мен арпаның қоспасы таза ыдысқа құйылып, үш күн бүркелініп тасталынады. Мұнан соң он күн күбіге құйылып ашытылады. Әбден ашуы жетілген соң су қосып, тазалап сүзіп ішеді.

2. *Манду* — түрік шарабы. Ол былай жасалады. Жүзім шырынын күбіге ашытып, оған таза арақ қосып, бір түн тұрғаннан кейін шарап болып шығады. Бұл ең жақсы шарап.

3. *Қумлақ* — қыпшақ елінде өсетін өсімдік. Оған бал араластырып, шарап жасайды. Сол өсімдік кімнің ыдысына түссе, оның өзі жортуылға шыққанда өзен-теңіз толқынданып, қайық-кемесі шайқалып, ішіндегілер ғаламат апатқа тап болады.

4. *Тутғуч* — үлкен тамақтың алдында тәбет ашу үшін ішілетін сұйық ішімдік.

Түркі халықтарының мақал-мәтелдері

М.Қашқари еңбегі түркі тілдес тайпалар ішінен ғалым жинаған өткір мақал-мәтелдерге, афоризмдерге өте бай. Шығармада ежелгі түркілердің, сол сияқты қазақтардың әлеуметтік-экономикалық, мәдени, саяси қатынастары көрінетін халық даналығы жинақталған.

Халықтың мұндай даналық сөздері адамдардың сан ғасырлық өмір тәжірибесінен туатыны мәлім. Мақал мен мәтелге айналып кеткен ғибрат сөздер — өмірдің қыры мен сырына әбден қанығып барып жасалған қорытынды пікірлер секілді болып келеді.

Автор сөздерге түсінік беруде 262 мақал-мәтелді пайдаланған. Мақал-мәтел атауы ол кезеңде «сав» терминімен берілген. Халықтың тұрмыс-тіршілігі, наным-сенімі, өмірлік тәжірибесі, айшықты ойы қысқа да нұсқа шұрайлы тілмен бейнеленеді және түркі халықтарының көпшілігіне ортақ болып келеді. Мақал-мәтелдердің көтерген тақырыбы да сан алуан [20].

Енді «Диуани лұғат ат-түркте» кездесетін осындай мақал-мәтелдерден бірнеше мысал келтірейік:

1. «Әдептің басы тіл» [2; 39].

2. «Інген ыңыранса, бота боздар» [2; 40].

3. «Адам үрленген қап, Ауызы ашылса — бос қалар» [2; 43].

4. «Тай өссе, ат тынығар, Ұл өссе, әке тынығар» [2; 43].
5. «Қарияның сөзі бекер болмас, Жалғыз шыбық бақша болмас» [2; 51].
6. «Бақыттың белгісі — білім» [2; 52].
7. «Ақылды сөз алтын табаққа жеткізер» [2; 54].
8. «Күздің келуі жазда білінер» [2; 59].
9. «Түйенің өзі үлкен болғанымен, құмалағы кішкентай» [2; 66].
10. «Арыстан қартайса, тышқанның інін аңдыр» [2; 68].

Мұндай мақал-мәтелдер бүгінгі қазақ әдеби тілінде дәл осы күйінде, ал кейде сәл ғана өзгерген түрінде кеңінен қолданылады. Сонымен, қазіргі қазақ тілінде айтылып жүрген мақал-мәтелдердің бірқатары сонау көне заманның куәгері болып табылады. «Диуани лұғат ат-түрктегі» осындай мақал-мәтелдерге қарап, бұдан он ғасырдай бұрын айтылған даналық ойлар бүгінгі күнге дейін өзінің алғашқы мән-мағынасын жоғалтпағанын көреміз [14; 153].

Мысалы:

1. «Көрпеден артық көсілген аяқ үсер» [2; 59]. Мұны қазақ кейіндер «Көрпеңе қарай көсіл» деп жетілдірген.
2. «Айламен арыстан ұстар, Күшпен құрт та ұстай алмас» [2; 37]. Мағыналық баламасы: «Білікті бірді жығар, білімді мыңды жығар». Адам ақылын, әдіс-айласын орынды жұмсай білсе, алынбайтын камал жоқ.
3. «Адам аласы ішінде, Жылқы аласы сыртында» [2; 37]. Бұл біреудің ойымен келіспейтіндігін жасырып, ішіне сақтайтын адамдарға қаратыла айтылған.
4. «Аш не жемес, Тоқ не демес» [2; 36]. Мағынасы — тұрмысы нашар адам күнделікті өмірін, күнкөрісін ойласа, молшылықта өмір сүріп жатқан адам еріккенінен ойына келгенін істейді.
5. «Қонақ келсе, құт келер» [2; 38]. Мағынасы: қонақ он несібесімен келеді, бірін жеп, тоғызын қалдырады. Қонағын құдайдай күтетін — қазақтың сөзі.
6. «Әмірлерге өкпелеп, әскерлерге сөйлемедік» [2; 66]. Мағыналық баламасы: «Битке өкпелеп, күпіңді отқа жақпа». Ақылды адам болмашыға реніш білдірмейді.
7. «Екі бура үйкенісер, Ортасында сона жаншылар» [2; 42]. Мағыналық баламасы: «Екі түйе сүйкенсе, арасында шыбын өледі».
8. «Екі қошқардың басы бір қазанда піспес (қайнамас)» [2; 71]. Екі елдің лауазымды басшылары өзара қырғиқабақ көзқараста болып, соңы соғысқа ұласса, нәтижесінде қарапайым халық зардап шегуі мүмкін.
9. «Ауылда лақ туса, Арықта оты өнер» [2; 35]. Қазақтың «Қой егіз туса, шөп басы айырық шығадысы».
10. «Адаспайтын аңшы болмас, Жаңылмайтын данышпан болмас» [2; 64]. Пенде болған соң адам баласы қателеседі. Өте ақылды, өмірден алған тәжірибесі мол, көрген-білгені, оқып-тоқығаны көп адам ғана қателеспеуі мүмкін.
11. «Құлан құдыққа түссе, Құрбақа айғыр болар» [2; 65]. Қазіргі тілімізде: «Құлан құдыққа түссе, Құлағында құрбақа ойнар».
12. «Алушы — арыстан, Беруші — тышқан» [2; 36]. Қарызын талап етуші адам құдды арыстанға, ал төлем төлеуші кембағал қорыққанынан тышқанға ұқсап кетеді. Бұл мақал дәл соларға арнап айтылады.
13. «Арпасыз ат қыр аса алмас, Арқасыз батыр әскер басқара алмас» [2; 41]. Бұл мақал ағайын-туғандардың бір-біріне мейірімділігін білдіру үшін айтылады. Және де адамдар әрқандай істе бір-біріне жәрдемдесіп жүруге үндеп айтылады.
14. «Жалғыз қаздың үні шықпас» [2; 71]. Қазіргі тілімізде: «Жалғыздың үні шықпас, Жаяудың шаңы шықпас».
15. «Кең тігілген тон тозбас, Кеңесілген іс бұзылмас» [2; 69]. Бұл мақал бір іс істегенде өзім білермендікке салынбай, үлкендермен ақылдасып, кеңесіп отыруға шақырып айтылады. Қазіргі тілімізде: «Кеңесіп пішкен тон келте болмас».
16. «Жақұты бар жанға жасыл түспес» [2; 61]. Асыл тас әр түрлі болады. Адамдар оны жүзікке көз етіп салады. Сондай жүзікті (жақұт жүзікті) саусағына салған адамға ешқашан жасыл түспейді. Тіпті, оның табиғи қасиеті соншалықты, бөзге орап отқа тастасаң, бөз де, тас та жанбайды. Бұл тәжірибеден өткізілген. Егер әбден шөлдеген адам сол жақұтты таңдайына салса, шөлін басады.
17. «Көсеуі ұзын болса, қолы күймес» [2; 53]. Бұл мақал қолғабыс жасайтын бала-шағасы көп жан рахат өмір сүреді деген мағынада қолданылады.

18. «Құрғақ қасық ауызға жарамас (жақпас), Құр сөз құлаққа жараспас (жақпас)» [2; 49]. Қазіргі тілде: «Құрғақ қасық ауыз жыртар».

19. «Жанжал шықса, ағайын ақылдасар, Жау келсе, ел тебіренер» [2; 37]. Бұл мақал әрбір іске сергек қарап, қай кезде де ұйымшыл болуға үндеп айтылады.

20. «Жақсы адамның сүйегі шірігенімен, аты қалар» [2; 70]. Бұл мақал ел арасында адамдарды жақсылық жасауға үндеп айтылады.

Сөздікте өзгерісті объективті, бағытталған және қайталанбас процесс ретінде қарастыру кездеседі [2; 64]:

*Адам мәңгі жасамас,
Көрге кірсе — кері қайтпас.*

Еңбекте сан мен сана және өлшем категорияларының диалектік түсінік нобайы байқалады [2; 70]:

*Бір-бірлеп мың болар,
Тама-тама көл болар.*

Бұл мақал аз болса да әрқандай затты қабылдап алу керек деп насихаттайды.

Табиғат құбылыстарының себеп-салдар жүйесінде байланысты екенін мына мақалдардан көруге болады [2; 43]:

*Қураған ағаш иілмес,
Қураған шыбық түйілмес.*

Бұл мақал көп қолданылып, ескірген зат орнына қайтып келмейді деген мағынада қолданылады. Немесе [2; 51]:

*От түтінсіз болмас
Жігіт жазықсыз болмас.*

Халық даналығы көрініп тұрған құбылыстардың жалпы қасиеттерін көрсетумен шектелмей, қайта оларды жан-жақты зерттеп, мән-мағынасын жете білуге шақырады.

Мына мақалдардың қазіргі заманмен қаншалықты үндес екендігі айтпаса да түсінікті [2; 34]:

*Заман өтер, кісі тоймас,
Адам баласы мәңгі қалмас.*

Немесе [2; 33]:

*Құс қанатымен,
Ер атымен ұшады.*

Махмұд Қашғари еңбегінде бұлардан басқа да толып жатқан мақал-мәтелдер оқушысын әділдікке, ар-намысты жоғары ұстауға, махаббатқа адал болуға, мейірімділікке, ізгілікке үндейді.

Жалпы «Диуанға» кірген тұспал мәтел сөздер орта ғасыр көшпенділері мен тұрғын халықтарының сана-сезім тұрғысы, дүние танымдары, ой түйіндері, салт-сана, кәсіп тәсілдері болып танылады.

Түркі халықтарының бәйіттері

Түркітану магистрі Ж.Әбілдаев Махмұт Қашқаридың «Түркі сөздігіндегі» түркі халықтарының бәйіттеріне кеңірек тоқталып, өз ойын былайша түйіндейді: «Бәйіт терминіне келер болсақ, ол орта ғасырлық түркі поэзиясына араб-парсы әдебиеті арқылы енген. Жалпы, бәйіт — өлең түрі емес, өлең бірлігі. Араб-парсы әдебиетінде екі тармақтан тұратын шумақты бәйіт деп атайды. Ал түркі поэзиясында бәйіт қолданылмаған. Біздің өлең өрнегіміз әрқашан төрт тармақты шумақтан, яки төрттіктерден, түзілген. Сондықтан бәйітпен жазылған өлең түрі түркі поэзиясы тарихында өтпелі кезең болып саналатын XI-XII ғасырларда енген деп тұспалданады. Бәйітпен жазылу үлгісі алғаш Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігінде» кездеседі» [21].

Сайып келгенде, «Диуани лұғат ат-түркте» 242 шумақ өлең, жыр кездеседі. Жырларда (бәйіттерде) ел ішіндегі рулық, тайпалық қақтығыстар; тарихи адамдардың ерліктері; қаһармандық, ақиқат, тағдыр, тіршілік туралы ой-толғамдар; табиғат суреттері; адамның әр түрлі көңіл-күй сезімдері толғанады:

1. Сөздікке енгізілген өлең-жырлардың мазмұнына бойлай білген кез келген оқырман оның танымдық-тәрбиелік мәнін терең түсіне алады. Мәселен [2; 90]:

*Атымен Тәңірімнің білім жидым,
Өмірдің көңіліме сырын түйдім.
Гүліме таудың таза суын құйдым,
Мәртебем сонан менің биіктетті.*

2. Алғашқы қауым адамдарының тіршілік көзі аңшылық болғаны баршаға мәлім. «Түркі тілдері жинағында» халық ауыз әдебиетінің аңшылық жайындағы өлең-жырлары жиі ұшырайды [2; 92]:

*Ит жүгіртіп, құс салып,
Аңшылықтан сыр танып,
Ақшақарда түлкі алып,
Сейілдеп бір қайталық.*

Немесе [2; 79]:

*Жігіттер жеміс өсер жайқалатын,
Көңіл де тынса жұмыс жай табатын.
Адамға аң аулауда ой салатын,
Қайталық серуендеп желпініп бір.*

3. Ғалымның пайымдауынша, әлем мәңгі жасайды, ал ондағы нақты құбылыстардың басы мен аяғы болады. Оған дүние ешқандай сыртқы күштерге бағынбайтын нақты шындық жиынтығы ретінде көрінеді [2; 99]:

*Адамдар мәңгілікке туылмаған,
Күн, жұлдыз аспанда ол суынбаған.*

4. Ғалымның пікірінше, құт-береке қонақпен бірге келетіндіктен, қонақ — жақсылықтың белгісі. Ол былай дейді [2; 74]:

*Қонақты қарсы алғын, асыңды күттірме,
Қуана жар салғын, бір затын зыттырма.*

Немесе [2; 72]:

*Тоныңды асып тастама,
Асыңды бер басқаға,
Қонағыңды жасқама,
Даңқыңды ол жаяды.*

5. Мына төрт жол [2; 95]:

*Күніне жаздың жайлы сеніп қалма,
Абайсыз жаман іске еніп, талма.
Бастайды ізгі ниет ерікті алға,
Сөйлеуге жақсы сөзді әдеттенгін, —*

оқырманын өлеңмен әркез дұрыс жолмен жүріп, дұрыс өмір сүруге үндейді.

6. Сондай-ақ [2; 96]:

*Жаны кедей адамның құлқыны бір толмайды,
Оны ешқашан күшіпенен толтыруға болмайды.*

Немесе [2; 99]:

*Дүниеге құнықсаң сені орға жығады,
Данышпандар шыныққан оның мәнін ұғады, —*

деп қашанда нәпсіңді тыя білу керектігін ескертеді.

7. Ал [2; 79]:

*Парасатпен жалықпастан үйренсең зор білімді,
Көрсетесің дандайсымай сынақта асыл сырыңды.*

Немесе [2; 88]:

*Білімдінің қасына бар күнде балам ерінбей,
Төмен тұрып үйрен толық тәкәппар боп көрінбей, —*

деп білім-ғылым үйренуге шақырады.

8. Шынайы рақатқа бөлейтін білім көкжиегіне жету туралы ғалым былай дейді [2; 89]:

*Махаббаттың мейіріне нәзік жаның иеді,
Оның ыстық теңізіне бойың балқып күйеді.
Білім деген мәуелі ағаш өз жемісін береді.*

9. М.Қашқари жинаған өлеңдердің ішінде табиғат суреттері де кездеседі [2; 83]:

*Жаз шығып, түйін тастап, бұр ашылды,
Аспаннан түрлі гүлге нұр шашылды.
Құс сайрап, сай-саладан су тасыды,
Сұлулық көзді тартты таңғажайып.*

Немесе [2; 92]:

*Көктемде құстар сайрайды,
Жарасып жердің қаймағы.
Құрт, құмырсқа ойнайды,
Ініне шығып, еркіндеп.*

10. Сөздікте ғашықтардың бір-бірінен айырылысып қалғанда айтқан сөздері жүрек тебіренерлік [2; 96]:

*Махаббаттың дерті мені қинады,
Күндіз-түні жүрегімде тулады.
Толғанудан жаны да бір тынбады,
Көшіп кеткен жұртын көріп жарымның.*

Немесе [2; 97]:

*Сүйген жарым кетіп еді сапарға,
Көңілім менің оған берік байланған.
Онсыз жерде жүре алмадым қатарда,
Қайғысынан басым зеңіп, айналған.*

11. Сөздікте кездесетін кейбір өлең үзінділерде қазақтың жер, су аттары нақ қазіргі күйінде аталады. Мысалы [2; 73]:

*Тау-даланы жайқалтқан Еділ суы,
Көлшік-көлдер маңайда оның буы.
Ақ шортандар жүзеді айдынында,
Жағалары көз тартқан қалың нуы.*

Бұлардан басқа үзінділерді де көптеп келтіруге болады. Ертiс, Мыңлақ (Мыңылақ), тағы басқа атаулар қазақ жер, суларының аты екені ешкімді таңдандырмайды [2; 76]:

*Аңызақтан әуе айналып жерге түсті,
Таратты опасыз дос қалың күшіті,
Үрейлі сонан халық күйге түсті,
Жау қолы Қара Ертістен өтпекші боп.*

Немесе [2; 83]:

*Құрметте, білімдінің сөзін тыңда, жігітім,
Үйреніп парасатын, ақта әділ үмітін.
Аттардың жал-құйрығын жеңілдеттік,
Түн қатып жау шебіне келіп жеттік.
Бөгелмей өткелдерден жеңіл өттік,
Мыңлақтың басын алдық адамының.*

12. М.Қашқари «Үлкенді сыйласа, құт болар» [2; 45], «Адамның қадірі тіршілігінде» [2; 68] дей келе, өз ойын былай түйіндейді [2; 89]:

*Төрт түлік пен алтын, күміс байлығыңа сүйенбе,
Білімсіз ол бос дүние жарамайды сүйеуге.*

«Диуани лұғат ат-түркте» эпикалық жанрдағы көлемді жырлардан келтірілген үзінділер де бар. Мәселен, «Аңшылық» және «Қыс пен жаздың айтысы» нақ осындай көлемді эпикалық туындылардан алынған үзінділер болса керек.

Түркі тілінің ерекшеліктері туралы

М.Қашқари еңбегін сегіз бөлімге жіктеген: 1) «Хамза»; 2) «Сәлім»; 3) «Мұзоаф»; 4) «Мисал»; 5) «Үш әріпті сөздер»; 6) «Төрт әріпті сөздер»; 7) «Ғұнналлылар»; 8) «Сүкіндік, екі үндес қатар келген сөздер». Еңбектің осылайша жүйеленуінен сол кездегі Шығыс, нақтырақ айтқанда, араб филологиясының жетістіктеріне сүйенгендігі байқалады [4; 36].

Ғалымның шығармасы филологиялық тұрғыдан жазылған. Еңбектің жүйелілігі, ондағы мәселелердің ғылыми тұрғыдан аса маңыздылығы мен дәлдігі авторды өз заманының аса ірі оқымысты есебінде танытады [5; 48–49]:

1. «Түрік тілдері сөздерінің сөздігі» ең алдымен лексикографиялық мұра есебінде көңіл аудартады. Қашқари сөздерді реттеп беруде өзіне тән тәсіл қолданады. Ол ең әуелі аз әріптерден құралатын сөздерді береді де, одан әрі әріптің санына қарай дамытып отырады. Онда антоним мен синоним сөздер, омоним сөздер мен метафоралар, диалектілік сөздер бас-басына ажыратылып

түсіндіріліп отырады. Ал мұндай жүйеге келтіру, байқампаздық Қашқари заманындағы лингвистика үшін аса бір ірі табыс еді. Автор ескірген сөздерді, шеттен келген сөздерді сөздікке енгізбедім деп мәлімдейді.

2. М.Қашқаридың маңызды ғылыми пікірі — жаңа сөздер мен сөздердің жаңа мағыналарының пайда болуы жайында айтқандары. Оның айтуынша, жаңа сөздер мынадай тәсілдер арқылы пайда болады:

а) жаңа сөздер бұрыннан қолданылатын түбірге қосымша жалғану арқылы ғана пайда болмайды. Сонымен қатар жаңа сөздер бұрыннан белгісіз қолданылу ыңғайында да, сөздерді қарсы мәнде қолдану арқылы да пайда болады;

ә) Махмұд Қашқаридың айтуынша, жаңа сөз жасалудың екінші бір жолы — сөз мағынасының тарылып, кеңеюі болатын тәрізді. Бұрын бүтіннің бір бөлшегін ғана білдіретін сөздер келе-келе бүтіннің өзін білдірсе, бүтінді білдіретін сөздер кейде сол бүтін заттың бөлшегін ғана білдіретін болып қалыптасады. Ал, кейде сөздер өздері білдіретін заттар мен құбылыстардың ерекшелігіне байланысты да жаңа мән алып, жаңа сөз есебінде қалыптасады дейді.

3. Махмұд Қашқари еңбегінің мазмұнына зер сала отырып, оның тек жетік лексикограф ғана болмай, түрік тілдерінің фонетикалық заңдылықтарын да жетік білгендігін байқаймыз. Ол өз Сөздігінде фонетикаға арнайы тоқтамайды. Бірақ жеке сөздерінің ерекшелігіне, тайпа тілдерінің бір-бірінен дыбыстық айырмашылықтарына байланысты фонетикалық заңдылықтарды да қамтып отырады.

4. Грамматикалық құрылысты баяндауда Махмұд Қашқари өзі зерттеп отырған тілдер жүйесін барынша терең білетіндігін, тілдік құбылыс атаулының бәрінің де заңдылығын терең білетіндігін байқатады. Ол түбір, туынды түбірлерді ажыратып түсіндіреді. Сөздерді грамматикалық және семантикалық мәніне қарай екі үлкен топқа бөледі: есімдер, етістіктер. Есімдердің байырғы, түбір түрлерін, сондай-ақ етістіктің қосымша арқылы жасалған түрлерін айырып көрсетеді.

5. Махмұд Қашқари еңбегінің түркология үшін маңызы тек осы айтылғандармен бітпейді. «Диуани лұғат ат-түрк» — түркі тілдерінің тарихи диалектологиясының алғашқы негіздері салынған еңбек. Махмұд Қашқари түркі тілінде сөйлейтін тайпалар тілінің бір-бірінен дыбыстық ерекшеліктерін, белгілі бір тайпа тіліндегі бір дыбыстың екінші бір тайпа тіліндегі қай дыбысқа сәйкестігін де айта отырады.

6. Сонымен қатар Махмұд Қашқари бұл еңбегінде түркі тілдерінің алғашқы классификациясын береді. Түрік тайпаларын екі топқа (солтүстік және оңтүстік) бөліп қарауы — түркология тарихындағы алғашқы классификация еді.

7. Махмұт түркі тайпаларының қолданатын тілдеріне түсініктер беріп, оларды былайша топтап танытады: а) «ең таза тіл — тек қана бір тілді біліп парсылармен араласпайтын, жат жұртқа барып-келіп, қарым-қатынас жасамайтын адамдардың тілі. Екі тіл білетін және шаһар халықтарымен араласып тұратын халықтардың тілінде шұбарлық бар. Соғдақ, канжак, арғу тайпалары дәл сондай екі тіл білетіндерге жатады»; ә) «ұйғырлардың тілдері таза түрікше. Олардың өзара сөйлесетін тағы бір тәсілдері бар. Жиырма төрт әріптен құралатын жазуды пайдаланады. Кітап пен хат-хабарларын сол жазумен жазады»; б) «қырғыз, қыпшақ, оғыз, тохси, яғма, чігіл, оғрақ, жарұқ тайпалары тек түркі тілімен ғана сөйлейді. Иәмәк пен башқұрт тілдері оларға жақын»; в) «тілдің ең жеңілі — оғыз тілі. Анығы — тохси мен яғма тілдері. Іле, Ертіс, Еділ, Ямар өзендерінің өңірлерінен Ұйғыр шаһарларына дейін жасайтын халықтардың тілдері де сондай анық. Ең ауыр тіл — Хаканияның орталық өңіріндегі халықтарының тілдері»; г) «Испиджаб қаласынан сонау Баласағұнға дейінгі барлық Арғу шаһарларындағы халықтардың тілдерінде шұбарлық бар» [2; 11–12], — дейді автор.

Сонымен, М.Қашқаридың келтірілген пікірлері, оның кең тынысты ғажайып ғалым екендігін әбден танытады. Өзі туып өскен түркілер елін жете біліп қоймай, сол халыққа деген өзінің ерекше ықылас-ниетін де ашық айтады. Ғалым сол түркілер үшін аянбай еңбек етіп келгенін және солардан жанын аямайтынын білдіреді.

Түркі халықтарының тілінде көп қолданылатын сөздер

М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк» атты еңбегінен қазіргі қазақ тілінде де, басқа түркі-тілдес халықтардың тілінде де сақталған көптеген сөздер мен ұғымдарды кездестіреміз. Мысал келтірейік:

М.Қашқари
ун

Қазіргі қазақ тілі
үн, дауыс

алб	алып, батыр
ир	жер
оң іш	оң іс, дұрыс іс
угұт	үгіт, насихат
өкуз	өгіз
атыш	атыс
уруш	ұрыс
улуғ	ұлы
очақ	ошақ
ойун	ойын
іңір	жарық пен қараңғылықтың түйісетін сәті
ахсақ	ақсақ
оттуз	отыз
эрте	ерте
қылыч	қылыш
туман	тұман
сыбызғу	сыбызғы
кәк	кек
алтун	алтын
қулун	құлын

Ал, енді «Түркі халықтарының тілінде көп қолданылатын сөздер» [2; 178–191] деген айдармен берілген тараушадағы *ат, ет, ит, үш, от, ой, он, ін, аз, із, ақ, ай, ау, ата, ара, ана, іні, алаң, айтылды, алдады, қыз, тоқ, тіл, жігіт, төрт, қызыр, қымыз, балық, қабақ, білік, қызыл, қарға, қалқан, балдыз, сырмақ, тарғыл, сарқынды, барды, тізді, қазды, сынды, тауар, сатылды, ол, сілкінді, сөз* секілді сөздер арада мың жыл өтсе де қазақ тілінде еш өзгеріссіз, бастапқы қалпында қолданылып жүргенін байқаймыз.

Көптеген зерттеушілердің пікірінше [22], қазіргі қазақ тілі басқа түркі халықтары тілдеріне қарағанда ежелгі түркі тіліне көбірек ұқсайды. Сондықтан келешекте қазақ тілі барлық түркілердің біртұтас тілінің негізін құра алуы мүмкін.

Түйін

Қорыта келгенде айтарымыз, «Түрік сөздігі» түрік тайпаларының ойлау, сезіну мәнерінің бірлігін паш етеді. Бүгінгі түркітілдес елдердің әрқайсысының игілігі үшін қызмет ете беретін еңбек.

«Диуани лұғат ат-түрктегі» әдеби ескерткіштерді жан-жақты зерттей келіп, мынадай түйін жасауға болады. Халық ауыз әдебиетінің өзінің тақырыптық жағынан да, идеялық тұрғысынан да сол кездің өзінде-ақ мейлінше дамып жетілгені даусыз. Қазіргі уақытта «Диуани лұғат ат-түрк» түркі тілдерін зерттеген филологиялық еңбек, түркітанудың қайнар бұлағы ретінде бағаланады. Бүгінгі таңдағы түркітану саласындағы ғалымдар бұл еңбекке соқпай өте алмайды. Олар әрбір пікірін «Диуани лұғат» арқылы дәйектеп қуаттауға тырысады. Сондықтан да тіл тарихына қатысты жасалған әрбір зерттеуде міндетті түрде Қашқаридың есімін кездестіреміз. Себебі Қашқари түркітану ғылымының негізін қалаушы, түркі әлемінің ең алғашқы филологы. Араб тілінің мысы басып, дәурені жүріп тұрған шақта түркі тілі, мәдениеті, тыныс-тіршілігі, рухани құндылықтары жөнінде сол араб тілінде еңбек жазып қана қоймай, араб мәдениетінің ошағы Бағдат қаласына барып, халифқа тарту етуі Қашқаридың түркілікті насихаттаушы ұлы миссионер екендігін көрсетеді. Ол түрік тілін тек арабтарға ғана емес, бүкіл өзге ұлт өкілдеріне үйретуді, танытуды, тіпті сүйгізуді көкседі. Түрік тілінің араб тілінен бірде-бір кем түспейтінін, түркілердің де жер бетіндегі халықтардың ең бір тектісі, тәңір сүйер жақсы қасиеттерге толы ұлы халық екендігін дәлелдеуге тырысты.

Қорыта айтқанда, Махмұд Қашқаридың теңдесі жоқ бұл шығармасы біздің еліміздегі түркі-тілдес халықтардың бәріне бірдей ортақ асыл қазына. Түркі тілдерінің сөздігі тілдік, әдеби, тарихи, этнографиялық, т.б. тұрғыдан мейлінше бай мұра болып табылады. Сонымен, болашақта да ХІ ғасырдағы түркі әлемінің энциклопедиясы іспеттес «Диуани лұғат ат-түрк» түркілік мәдениетінің мәңгілік ескерткіші болып қала бермек.

Ғұлама ғалымның ұлы еңбегі тек түркітану ғылымына ғана емес, күллі түркі әлемінің рухани өміріне нұрын шашып тұрған жарық жұлдыз іспеттес.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Умарова Г.С., Шарабасов С.Ф. Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық. — Астана: Фолиант, 2007. — 86, 87-б.
- 2 Қашқари М. Түбі бір түркі тілі («Диуани лұғат ит-турк»). — Алматы: Ана тілі, 1993. — 192 б.
- 3 Садықбеков Қ. Махмұд Қашқари және «Диуани лұғат — ит-Түрік» // Түркістан. — 2012. — 1 қараша. — 6–7-б.
- 4 Ысқақұлы Д. Түркі әлемінің рухани жұлдыздары // Жалын. — 2014. — № 1. — 35–40-б.
- 5 Мұсылман ғалымдары / Баспаға әзірл. Д.Тоқмырза. — Алматы: «Шапағат-Нұр» баспасы, 2006. — 104 б.
- 6 Тарихи тұлғалар: Танымдық-көпшілік басылым / Құраст.: Б.Тоғысбаев, А.Сужикова. — Алматы: «Алматыкітап» ЖШС, 2006. — 89-б.
- 7 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. — 6-т. / Бас ред. Б.Аяған. — Алматы: «Қазақ энцикл. Бас ред.», 2004. — 696 б.
- 8 Қазақ халқының тарихи тұлғалары: Қысқаша анықтамалық. — 1-кіт. — Алматы, 2011. — 304-б.
- 9 Шайшаев Ә. Араб әрпімен түркі тілінде жазған // Жұлдыздар отбасы: Аңыз адам. — 2013. — № 12(72). — 38-б.
- 10 Сүйіншіәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық. — Алматы: Санат, 1997. — 100-б.
- 11 Әуезова З.-А. Шығыстануды таңдауыма әкем ықпал етті // Егемен Қазақстан. — 2011. — 14 қырк. — 5-б.
- 12 Әнес Ф., Сейтімұлы Ә. Халел тұғыры // Егемен Қазақстан. — 2013. — 10 желт. — 8-б.
- 13 Керімов Ә. Халел қайран қалдырды // Ана тілі. — 1993. — 15 сәуір. — 4-б.
- 14 Келімбаев Н. Ежелгі дәуір әдебиеті: Оқулық. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 264 б.
- 15 Дербісалиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары (тарихи-филологиялық зерттеу). — Алматы: Рауан, 1995. — 142-б.
- 16 Кононов А.Н. Махмуд Кашгарский и его «Дивану лугат ат-турк» // Советская тюркология. — 1972. — № 1. — С. 12.
- 17 Мұхитдинов Р. Қашқариды ең алғаш зерттеген қазақ ғалымы — Халел Досмұхамедұлы // Жұлдыздар отбасы: Аңыз адам. — 2013. — № 12(72). — 12–13-б.
- 18 Қортабаева Г. «Түрік сөздігінде» белгілі тұлғалардан Афрасиабтың да аты кездеседі // Жұлдыздар отбасы: Аңыз адам. — 2013. — № 12(72). — 44–45-б.
- 19 Жалмаганов Ш. Қарахандықтар өздерін түркі және Афрасиаб шаңырағы санаған // Жұлдыздар отбасы: Аңыз адам. — 2013. — № 12(72). — 21–24-б.
- 20 Қалиев А. «Түрік сөздігінде» мақал-мәтелдер мол қамтылған // Жұлдыздар отбасы: Аңыз адам. — 2013. — № 12(72). — 48-б.
- 21 Әбілдаев Ж. «Диуани лұғат ат-түркте» 242 шумақ өлең-жыр, 200-ден астам даналық сөз кездеседі // Жұлдыздар отбасы: Аңыз адам. — 2013. — № 12(72). — 46–47-б.
- 22 Әлжанов Қ.М. Қашқари дүниетаным айшықтары // Қазақ даласының ойшылдары (IX–XII ғғ.). — Алматы: Ғылым, 1995. — 121-б.

Р.С.Каренов

Слово об основоположнике тюркской филологии Махмуте Кашкари и о его непревзойденном произведении «Диуани лугат ат-турк»

Исследована жизнь и творческая деятельность гениального филолога XI столетия, первого создателя словаря тюркского языка, ученого-энциклопедиста Махмута Кашкари. Дана оценка его главному произведению «Диуани лугат ат-турк», поднявшего на высокую планку авторитет тюркского языка. Отмечено, что «Словарь тюркской словесности» посвящается не только вопросам совершенствования языка, но и содержит решение многих проблем различных наук своего и последующего времени. Уделено внимание многочисленным исследованиям зарубежных и отечественных ученых, посвященным анализу жизни и творчества Махмута Кашкари. Доказана значимость книги Кашкари не только для развития тюркского народа и его языка, но и для изучения культуры всего исламского мира. Подчеркнута важность рассмотрения в будущем творческого наследия великого ученого молодым поколением филологов.

The word about the founder of Turkic philology Mahmut Kashkari and his unsurpassed work «Diواني lugat at-turk»

Life and creative work of the genius philologist of XI century, the first founder of the dictionary of Turkic language, the scientist-encyclopedist Mahmut Kashkari are investigated. The assessment to his main work «Diواني lugat at-turk», lifted on a high level authority of Turkic language, is given. It is noted that «The dictionary of Turkic literature» is devoted not only a question of improvement of language, but also contains the solution of many problems of various sciences of present and subsequent time. The attention to numerous researches of the foreign and domestic scientists devoted to the analysis of life and creativity of Makhmut Kashkari is paid. The importance of the book of Kashkari not only for development of the Turkic people and its language, but also for studying of culture of all Islamic world is proved. Importance of consideration in the future a creative heritage of the great scientist with young generation of philologists and for further spiritual enrichment of all people of the East is emphasized.

References

- 1 Umarova G.S., Sharabasov S.G. *History of the Kazakh literature: The textbook*, Astana: Foliant, 2007, p. 86, 87.
- 2 Kashkari M. *Tyrkic language having a uniform basis («Diواني lugat at-turk»)*, Almaty: Ana tili, 1993, 192 p.
- 3 Sadykbekov K. *Turkestan*, 2012, November 1, p. 6–7.
- 4 Iskakuly D. *Zhalyn*, 2014, 1, p. 35–40.
- 5 *Scientists of the Islamic world / For publishing house by D.Tokmurza*, Almaty: «Shapagat-Nur» Publ., 2006, 104 p.
- 6 *Historic figures. Informative-popular editions / Originators: B.Togysbayev, A.Suzhikova*, Almaty: «Almatykitap» LLP, 2006, p. 89.
- 7 *Kazakhstan: National encyclopedia*. Vol. 6 / Chief editor B.Ayagan, Almaty: The main edition of «The Kazakh encyclopedia», 2004, 696 p.
- 8 *Historic figures of the Kazakh people: Short reference book. The first book*, Almaty: «Oner» publ. house, 2011, 304 p.
- 9 Shashayev A. *The star Family: Person legend*, 2013, 12 (72), p. 38.
- 10 Suyunshaliyev H. *History of the Kazakh literature: Textbook*, Almaty: Sanat, 1997, 928 p.
- 11 Auyezova Z.-A. *Egemen Kazakhstan*, 2011, September, 14, p. 5.
- 12 Anes G., Seytimuly A. *Egemen Kazakhstan*, 2013, December, 10, p. 8.
- 13 Kerimov A. *Ana tili*, 1993, April 15, p. 4.
- 14 Kelimbetov N. *Literature of the ancient world: The textbook*, Almaty: Ana tili, 1991, 264 p.
- 15 Derbisaliyev A. *Stars of the Kazakh steppe (historical and philological research)*, Almaty: Rauan, 1995, p. 142.
- 16 Kononov A.N. *Soviet turkology*, 1972, 1, p. 12.
- 17 Mukhitdinov R. *The star Family: Person legend*, 2013, 12 (72), p. 12–13.
- 18 Kortabayeva G. *The star Family: Person legend*, 2013, 12 (72), p. 44–45.
- 19 Zhalmaganov Sh. *The star Family. Person legend*, 2013, 12 (72), p. 21–24.
- 20 Kaliyev A. *The star Family: Person legend*, 2013, 12 (72), p. 48.
- 21 Abildayev Zh. *The star Family: Person legend*, 2013, 12 (72), p. 46–47.
- 22 Alzhanov K.M. *Thinkers of the Kazakh steppe (IX–XII centuries)*, Almaty: Gylm, 1995, p. 121.

С.Б.Жұмағұл, М.М.Еримова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: sagymbai.zhumagul@mail.ru)***Сәбит Дөнентайұлының саяси-әлеуметтік лирикасы**

Мақалада XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің айтулы тұлғасы Сәбит Дөнентайұлының саяси-әлеуметтік лирикасы қарастырылды. Поэзиясындағы елдік мәселелер отаншылдық рухтағы Алаш әдебиетінің көркемдік-эстетикалық арнасымен сабақтастықта сараланды. Ел азаттығын, ұлт теңдігін, рухани кемелденуін арқау еткен поэзиясы талданады. Саяси-әлеуметтік лирикасының отаршылдық дәуір шындығын танудағы көркемдік маңызы, идеялық арқауы екшелді.

Кілт сөздер: Алаш әдебиеті, акын поэзиясы, саяси-әлеуметтік лирикасы, елдік мәселелер, отаршылдық дәуір шындығы, ұлт азаттығы, ұлт теңдігі, рухани кемелдену.

«Біздерде жігер, намыс бар ма, қазақ?» — деп отаршылдық езгідегі туған халқының намысын қайраған Сәбит Дөнентайұлының саяси-әлеуметтік лирикасы XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің елдік мәселелермен сабақтас тақырыптық-идеялық өзегін тануда маңызды орын алады.

Ақынның шығармашылық ізденісінің қайнар көзі ұлт тәуелсіздігін мұрат тұтқан отаншылдық рухтағы Алаш әдебиетінің көркемдік-эстетикалық арнасымен сабақтасып жатыр. «XX ғасыр басындағы қазақ қоғамы жағдайында білімді және саналы азаматқа ұлтшылдық ұстанымында болмау мүмкін емес-тін» [1]. Ресей империясы қысымында жаншылған ұлттық сана-сезімді ояту, қазақ халқының азаттығы, әлеумет қамы Сәбит Дөнентайұлы поэзиясының басты өзегін құрайды.

Елдік мәселелерді темірқазық етіп алған ақынның ең алғашқы өлеңдері Алаш санасына азаттық пен азаматтық рухындағы ұлттық сезім, ағартушылық пен адамгершілік ізгі қасиеттерді дарытқан «Айқап», «Қазақ» басылымдарында жарияланды.

Ояну дәуірі ұлт әдебиетіне әлеуметтік, қоғамдық маңызы зор күрделі саяси-әлеуметтік мәселелерді алға тартты. Көркемдік дамудағы дәстүр жалғастығына орай әдебиеттегі ағартушылық, демократтық, гуманистік ой-пікір өзегі Алаш рухындағы ұлттық идеямен жаңғыра түсті. «Құл болған халықтан туып, құлдықтың қорлық, зорлығын көріп отырып қазақ қалам қайраткерлері қаламын ұлтының ауырын жеңілдету, ауруын азайту жолына жұмсамасқа мүмкін емес; кемшілік көрген жұрттан туып, кемшіліктен құтқаруды мақсат етіп, ылғи сол жолда жұмыс қылған қалам қайраткерлері жұртшыл, ұлтшыл, яғни халқына жаны ашитын, халқының жаны ауырғанда жаны бірге күйзелетін, бауырмал болмасқа тағы мүмкін емес» [2] болатын. М.Ж.Көпейұлының «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», М.Дулатұлының «Оян, қазақ!», А.Байтұрсынұлының «Маса», Ш.Құдайбердіұлының «Қазақ айнасы», Е.Бұйриннің «Ызын», Ғ.Қараштың «Бала тұлпар», «Қарлығаш», «Аға тұлпар», Н.Наушабайұлының «Алаш», М.Жұмабайұлының «Шолпан», С.Дөнентайұлының «Уақ-түйек» жинақтары халықты ояту, ел азаттығы, ғылым-білімге ұмтылу сынды ұлттық сезімнен туған өміршең тақырыптарды терең жырлаумен сырлы әдебиеттің әлеуметтік арнадағы азаматтық үнін барынша үстей түсті.

Сәбит Дөнентайұлының «Уақ-түйек» жинағына (Уфа, 1915) енген өлеңдерінің басты арқауын ұлттық бірлік, халық қамы және әр азаматтың еліне адал қызмет ету идеялары құрады. «Ондағы өлеңдерінің бәрінде ұлтшыл оқығандармен ойын, өрісін біріктіріп, сол кездегі алға тартылған негізгі мәселелерді ұлтшылдарша жырлады» [3].

*Қызмет көрсет халқыңа,
Игі ат қалсын артыңа,
Діндесіңді бауыр тұт,
Қарамай қазақ, сартына
Аз нәрсеге мас болып, —
«Мен пәлен» деп шалқыма,
Пайдалы басқа өнерден,
Ұлт керегі дегеннен,
Жан қиналып жолында,
Бас кетсе де тартынба [4; 38].*

«Замандастар» өлеңіндегі қуатты ой Сәбит ақындығының азаматтық ұстанымындағы елдік қасиеттерді танытады.

Ақын ұлт бірлігіне сол халықтың жеріне, еліне ие болуы және келер замандағы жасампаздығының басты қасиеті, өлшемі деп қарайды. Бірлік жай ғана тірліктің емес, ұлттың ұлт болып ұйып, асқақтауының алтын арқауы.

*Әуелі етіп бірлік басыңды қос,
Содан соң әр мұраттан қалмассың бос.
Жеке дақ үнің шықпас, ісің бітпес,
Жан қорқып, жалғыз құрай көрініп қос.
Таласты алалықпен тастамасаң,
Бір күні туған жерге айтарсың «қош»
Бірлікпен илеу салған құмырсқа да,
Қазағым, ісің оңбас бірікпей қос («Бірлік») [4; 51].*

Алаш ұранды әдебиеттің алтын арқауы — ұлттық идея. «Ұлттық идея — талай ұрпақтың еңбегімен, қуаныш, қайғысымен сараланған дүние. Бұл қайталанбас байлық өмірге ұлттық, өзіндік тарихи болмысымен келген, сол себептен де ол ұлттық дүниетанымның айнасы» [5]. Осы ілкі қасиеттерді шығармашылығына сіңірген Сәбит ақын «Бірін бастап, бірін тастап, ұлт ісімен ойнама» («Жүрекке»), — деп бүгінгі тәуелсіздік талабымен астасып жатқан мәңгілік қағиданы ту етіп көтерді. Сондықтан ақын туған халқына «Заман кімдікі?» деген ой сала отырып, «Қазақтың білгендеріне», «Қазақтарға қарап», «Жер», «Ақыл», «Ой», «Бірлік», «Қайда кеткен?» атты өлеңдерінде елдік мәселелерді өткір жырлайды.

Ұлт зиялыларының саяси күрес жолындағы қайраткерлігіне сенім артқан ақын олардың халық мүддесін көздеген іс-әрекетін қолдау — барша қазақ баласына абыройлы міндет екенін толғайды.

*Қазақтан шыққан білгендер,
Халқыңды өрге сүйреңдер!
Қазаққа да туды «ай», «күн»,
«Жарық мұнда, жүр» деңдер.
Бақытымызға берді алла,
Сіздердейін кемеңгер
«Сөзді ұғарлық адам жоқ,
Не ғыламыз» демендер
Еңбек кетпес далаға,
Жығылғанын демей бер,
Тарт қолынан, ет жәрдем,
Оттан шықсын күйгендер.
Оңсын милләт десеңіз,
Алалықты сүймеңдер.
Түзу жетсін мақсатқа,
Арттарыңнан жүргендер.
Бұл сөздерді тек көрмес,
Қазағын шын сүйгендер («Қазақтың білгендеріне»).*

XX ғасыр басындағы қазақтың ұлттық әдебиетіндегі жәдитшілдік, милләтшілдік тақырыптың қоғамдық және көркемдік ой-пікірдегі маңызын зерттеуші Д.Қамзабекұлы «XX ғасыр басындағы әдебиетте милләт (ұлт) тақырыбының ерекше жырлануы кездейсоқ емес. Ұлт хұқының жоқ болуы, елдің басқалардан артта қалуы осы тақырыпты күн тәртібіне шығарды. Әдебиет пен тіл — милләтті сақтау мен дамытудың қайнар көзі ретінде ұғынылып (мұны ұқтырған тарих тәжірибесі еді), елдікті жойып алмау мәселесінде руханият үлесіне қомақты жүк артылды. Бұл орайда ұлт қаламгерлерін тағдырдың асау толқыны тұншықтыра алғаны жоқ. Олар күрделі кезеңде халықты біріктіретін, рухын көтеретін, жолдан адастыра алмайтын сөз айта алды» деп жазады. Міне, сол үрдіс Сәбит Дөнентайұлының саяси-әлеуметтік лирикасында өз көрінісін тапты.

Ұлтын шын сүйген ақын қоғам дертін, дәуір шындығын елдің әлеуметтік мәселелерінен туындайтын қайшылықтарымен суреттеп, замана көшінен кейін қалған туған халқының қайғы-қасіретіне үңіледі. Кешегі өр рухты текті бабалар қанындағы ілкі қасиеттердің өз замандастарының бойынан табылмай азып-тозуына налып, қоғамдық себебі мен әлеуметтік салдарына жауап іздейді.

*Бұрынғы ер жүректі батыр қайда?
Түріңнен басқа пияғың ұқсамайды,
Өзіңнің «адам» деген атың қайда? («Қайда кеткен?») [4; 43].*

Адамдыктан, қазақтықтан арылмай аталар дәстүрінің ерлік жолына деген адалдық, асқақтық ұғымын ұрпақ санасында жаңғырта түседі. Жұмыр жердегі жаһан халқының тіршіліктегі жанталасын айтқанда, бейқам елінің тағдырына күйзеледі, тұмынды болашағына көз жүгіртеді. «Солардың арасында жасап тұрып, Жалғыз-ақ біздің қазақ қарап өлген» («Жер»).

Сәбит ақын «Соңғы сөз» өлеңінде ұлттың оянуына, әлеуметтік серпілісіне, қоғамдық дамуына өз кесір-кесапатын тигізіп отырған надандық деп біледі.

*Қазақ біздің түпке жеткен надандық,
Надандықтың шеңгеліне қамалдық.
Сол еркенің арқасында болып тұр,
Болса бізде не секілді жамандық.
Сайлау деген бір жақсы ырыс табылып,
Бірлік деген бәлекеттен тазардық.
Ұйым болып шын ұмтылсақ ғылымға,
Не орын бар қазақ бүйітіп азарлық?
Лажын тап, надандықтан безудің!
Бәрекелді, әне сонда адамдық («Соңғы сөз») [4; 63].*

«Қазақтарға қарап» өлеңіндегі көркемдік-эстетикалық жүйе ақынның азаматтық ұстанымындағы мұрат-мақсат айқындығын танытады. Ол халқының көкірек көзін ашу, өмір салтын өзгерту, надандықтан арылту, заманға сай ілгерлеуіне ақ жол көрсету.

*Қамалған қараңғыда, қалың қазақ,
Қайратсыз, қамсыз құрып қалдың, қазақ.
Қарулап, қуатсызды қуаттандыр,
Құрдан-құр қампитқаниша қарын, қазақ.
Қулардың құлқынына құм құйылсын,
Қайдағы құлдың қайғырт қамын, қазақ.
Қайтеді қайырылыссаң қарындасқа,
Қасармай, қақырайып қырын қарап,
Құннан да, қадірден де қалдың құр қол —
Құнт қылмай қуып құлқын құлды қанап.
Қайғырып, қатып қабақ, қамықпай құр,
Қимылда, құныңды қу, қадағалап.
Қақпанға қапылыста қақтығарсың,
Қадамда қиқаңдамай қадақ-қадақ!
Қауым ең қорқақ қоян, қара қазан
Қиының қыйсынар ма құдірет қалап? [4; 89].*

Сондықтан ақын «Жүрекке», «Талап», «Балалық» өлеңдерінде замандастарының әлеумет ісіндегі жауапкершілігін, намысын, жігерін, талабын қамшылайды. Ұлт игілігінің ұйытқысы боларлық кемел іске үндейді, ар-ождан тазалығын жоғары қояды. «Жүрекке» өлеңінде елдік үшін атқарылар имани істерде бас кетсе де қиындықтарға мойымау керектігіне ар-ождан биігінде келеді. Ел мен жерге деген ақын Сәбит сүйіспеншілігі азаматтық парыз, қарыз ұғымдарына қашанда терең мән беріп отырғанын көрсетеді.

*Шын жыласаң,
Мың сұрасаң,
Жетерсің бір мақсатқа...
Қайда барсаң,
Ойыңа алсаң,
Қор болмассың, жұртыңды
Өлсең бірге өл, тар болмас көр,
Ұжданыңнан айрылма! [4; 69,70].*

Ақын ұлтқа қызмет ету қасиетті ұғым, сондықтан жайдақ сөз, менменсіген кеудесоктықтан аулақ болу керектігін және адам баласын ақиқат жолынан адастырар азғындықтан, екіжүзділіктен бойды аулақ ұстау қажеттігін «Қайтіп қарғыс алмайсың?», «Ұлтшылға» өлеңдерінде орынды ескертеді.

Сондықтан арлы да намысты ақ жүрек азаматтарға сенім артып, қорғансыз ұлтына пана, жаншылған әлеуметке тұтқа болуға шақырады. Тарих толқынындағы ұлтының тағдырына жауапты тұлғаларға жүктеліп отырған міндеттерді толғайды.

Ақын өлеңдеріндегі үзілмес желі — қазақ қамы, қазақ халі, қазақ бірлігі, қазақ азаттығы. Ғалым Е.Ысмайылов атап өткеніндей, «...Қазақ халқын, өзінің замандастарын ұлттық оянуға, өнер-білімге, талапты, жігерлі іске шақырады». Мұның бәрі ұлт мұраты деген қасиетті ұғымды Сәбиттің қаншалықты биікке көтергенін дәлелдейді.

Қазақ халқының отарлық дәуірдегі басты қайғы-қасіреті кір жуып, кіндік кескен жерінен айрылуы еді. «Қазақ ақындарының ел басына түскен зар мен мұңды, туған жердің қайғысын жырламағаны сирек. Барлығы да атамекен қоныстан айрылғанға өкініп зар иледі. Бақытсыздықтың ең үлкені осы деп біледі» [6]. Бұл реттен алғанда ата-бабадан мирас болып келген қазақ жерінің жат қолында кеткен мүшкіл халінің жырлануы Сәбит өлеңдерінде заңды көрінісін тапты.

*Тұншығып әлім бітті, есім шықты,
Бұрқылдақ жердің кез боп шаңдауына («Менің жайым»).*

*Егін жыртып тақырға,
Бейнет кетіп далаға,
Қатқыл, тастақ татырға,
Құр қол тұрмыз ақырда («Сыр»).*

XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының отаршылдық қысымдағы кескін-келбетін шынайы суреттеуді дйттеген ақын «Менің жайым», «Заман кімдікі?», «Жер», «Өз-өзіме» өлеңдерінде әлеуметтік өмірдің теңсіздігіне, қамсыз қазақтың қайғысына үңілді. Азулы уақыттың тепкісіне қарсы тұрар амал тауып, заман ағысына сай тіршілік қамына кірісу керектігін алға тартады, әлеуметтік бейқамдықты сынайды.

*Бір жарым миллиардтан көбірек жан,
Шамасы мыңнан аса тіл сөйленген,
Солардың арасында жасап тұрып,
Жалғыз-ақ біздің қазақ қарап өлген («Жер»).*

*Бұл заман байқағанға күштінікі,
Азулы, тырнақты мен тістінікі. («Заман кімдікі?»).*

*Қолың жетпей өксік өмір құр бекер,
Ен далада еркін өскен сайраңға.
Көздің жасын көретін жан болмай тұр,
Еткен зарың, түкке тұрмай айлаң да,
Тырып еткенің сатулы боп заман тұр:
Кедейден іс, қарас болмай байдан да («Өз-өзіме»).*

Ақын қай өлеңінде болмасын отаршылдық саясаттан туындаған озбырлықты шынайы суреттейді. Содан өрістеп отырған халықтың мүшкіл халін, ауыр тағдырын айтып, елдің ертеңгі күні не болмақ деген ауыр сауалды әлеумет талқысына салады.

«Өгей ұл» өлеңінде өмірдің әділетсіз тепкісіне, ауыр азабына түскен жетімнің аянышты өліміне терең саяси-әлеуметтік астар дарытады. Жетім бала бейнесі арқылы отарлық қысымдағы қазақ халқының өгейлік көріп отырған шарасыз да мүшкіл халін аңғартады. Ал «Биік тау» өлеңінде отаршыл патша саясын амалсыз паналаған туған халқының шарасыз кейпін, бодандық бұғауында жаншылған тағдыр талқысын ой елегінен өткізеді. Асау жүрек лүпілінде ел ертеңіне, болашақ тағдыр-талайына деген алаң көңіл аласұрады.

*Біз келдік биік таудың панасына,
Жиһанның сыймай сақара даласына.
Құйын мен жел, дауылдан аман-есен,
Биік тау, бізді сақтап қаласың ба?
Тынышты алып төбемізге тас құлатып,
Әлде өзің тырнағыңды саласың ба?
Келген тау панасына оны қылса,
От болып есіл жүрек жанасың да!*

С.Дөнентайұлы туған халқының азаттығын мұрат тұтқан және де сол еркіндікті ел санасында жаңғыртуды қашанда ту еткен ақын. Осы жағынан алғанда ақын «Сыр» өлеңінде «Болатын күн туар ма, Не қылсақ та ырқымыз» деп халық бостандығын алар күнді арман еткен болса, өз кезегінде «Бостандық» өлеңі империялық езгідегі елдің азаттыққа жеткен тарихи сәттегі қуанышын, шаттығын реалистік суреттеуімен назар аудартады.

*Тілекті бүгін хақтың берген күні,
Көл дария көздің жасын көрген күні.
Талайдың тіршіліктен қол сермеген,
Қайғысын тас-талқан ғып бөлген күні.
Құл болған екі аяқты айуандардың
Қатарға адам болып енген күні.
Ғаламға аузын ашқан айдаһардың,
Мерт болып мақсатының өлген күні.
Ақ деп қан, шаһит деп жан, өлсек енді,
Шын болсын әлеуметтің берген күні.
Алланың азат құлы екеніне,
Әркімнің көзі жетіп сенген күні [4; 118].*

Кешегі патша езгісіндегі халқының азаттыққа жетудегі Ақпан төңкерісінің маңызына «Ризамыз» өлеңінде ерекше екпін жасайды.

Сәбит шығармашылығын бағалауда кешегі кеңестік идеология оның Алашордаға қатысты азаматтық ұстанымынан және де осы мәселедегі елдік арқауы өткір өлеңдерінен саяси қателік тапқан болатын. Ақиқатына жүгінсек, ақын Алаш автономиясының мұратын қолдап, өзінің өршіл рухты өлеңдерімен тілектестігін білдірді. «Сарыарқа анамызға», «Адаспаспыз» өлеңдері азаттық пен еркіндік аңсаған Алаш туы асқақтаған тарихи күндері туған-ды. Сол арқылы қазақтың жеке ел болуын, Алаш туын асқақ ұстауын ұрпақ санасына құйды. Азаттықтың ақ жолын ұстанған халықтың елдік заңғарындағы мақсат-мұратына еш адаспай жететініне кәміл сенді.

«Алаш қозғалысының тарихы — отандық ғылым үшін қазақпен бірге жасайтын мәңгілік тарих. Ұлтының мәңгілігін ойлаған ұлы азаматтардың жүріп өткен жолын, ерлікке татырлық еңбектерін бағалау — есі бар ұрпақтың жадынан шықпайтын қастерлі борышы» [7]. Бұл реттен алғанда Алаш қайраткерлерінің қазақ мемлекеттігін қалпына келтірудегі тарихи қызметін «Адаспаспыз», «Сарыарқа анамызға» өлеңдерімен әдіптеген ақын отаншылдық рухтағы поэзиясымен Алаштың елдік пен ерлік жолын нұсқады.

*Біз бәйгеге ат қосамыз «Алаш» деп,
Аянбай шап, «егей түс» пен «талас» деп.
Барды аптап, тілеп тұрмыс құдайдан,
Иә, жасаған, аруақ көтер, бақ аш деп! («Адаспаспыз»).*

*Хан болған Бөкей, Жәңгір, Абылайың,
Ер болған Кенесары, Науызбайың.
Сықылды Төле, Едіге биің өтті,
Көп қозғап ескі дертті не қылайын.
Туғыздың нелер сұлтан, арыстанды,
Өткіздің талай бағылан, серке санды.
Басыңда сол бір дәурен тұрған шақта,
Кім саған көз алартты, беттей алды («Сарыарқа анамызға»).*

Алаштың азаттығы мен теңдігі жолында жанын берген жау жүрек ердің тау тұлғасын, азамат ердің баласынан айырылған елдің мұңы мен қайғысын ұлттық сана биігінде жоқтауға құралған ұлтшылдық сипаттағы «Тұңғыш құрбан» мақаласы, «Алаштың алғашқы құрбанына» өлеңі Сәбит Дөнентайұлы мұрасының қандайда болмасын құрмет пен марапатқа лайық екенін жаңа бір қырынан толықтыра түседі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 «Алаш» қозғалысы / Құраст.: Е.Тілешов, Д.Қамзабекұлы, И.Нұрахмет. — Алматы: Сардар, 2008. — 210-б.

- 2 Алаштың тілдік мұрасы. Мақалалар жин. / Құраст.: С.Шүкірұлы, Е.Тілешов. — Алматы: «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2009. — 87-б.
- 3 Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. — 7-т. — Алматы: Ғылым, 2002. — 452-б.
- 4 Дөнентаев С. Шығармалар. — Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1957. — 464 б.
- 5 Айталы А. Ұлттану. — 2-бас. — Алматы: Арыс, 2003. — 242-б.
- 6 Ысмайылов Е. Әдебиет жайлы ойлар. — Алматы: Жазушы, 1968. — 168, 169-б.
- 7 Тілешов Е. Алаштың жолы. (Алғысөз орнына) // «Алаш» қозғалысы / Құраст.: Е.Тілешов, Д.Қамзабекұлы, И.Нұрахмет. — Алматы: Сардар, 2008. — 15-б.

С.Б.Жумагул, М.М.Еримова

Социально-политическая лирика Сабита Донентайұлы

В статье рассмотрена социально-политическая лирика известного казахского поэта начала XX века Сабита Донентайұлы. Проанализированы идейно-эстетические грани творчества поэта в контексте национальной идеи и идентичности движения Алаш, а также тематика и проблематика социальной поэзии, основным стержнем которой была идея национальной свободы, национального равенства, духовного пробуждения казахского народа. Дана художественная оценка социально-политической лирики, где отражаются актуальные и злободневные проблемы казахского общества данной эпохи.

S.B.Zhumagul, M.M.Erimova

Socio-political lyrics of Sabit Donentayuly

The article deals with socio-political lyrics of famous Kazakh poet of the early twentieth century Sabit Donentayuly. The ideological and aesthetic facets of the poet in the context of the national idea and identity of Alash movement as well as the topics and problems of social poetry, which were the basic core of the idea of national freedom, national equality, the spiritual awakening of the Kazakh people, are analyzed. The artistic assessment of the socio — political lyrics, which reflects the actual and saturated problems of the Kazakh society of the epoch, is given.

References

- 1 *Movement «Alash»* / Originators: E.Tleshov, D.Kamzabekuly, I.Nurakhmet, Almaty: Sardar, 2008, p. 210.
- 2 *Language heritage Alash. Collection articles* / Originators: S.Shukirula, E.Tleshov, Almaty: «Kia» lingvostranovedchesky innovative center, 2009, p. 87.
- 3 Auezov M. *50-volume collected works*. — 7-vol., Almaty: Gylym, 2002, p. 452.
- 4 Donentayev S. *Compositions*, Almaty, 1957, 464 p.
- 5 Aytaly A. *Ulltanu, 2-nd edition*, Almaty: Arys, 2003, p. 242.
- 6 Ysmayylov E. *Thoughts of literature*, Almaty: Zhazushy, 1968, p. 168, 169.
- 7 Tleshov E. *Alash's way (instead of the preface) // The Movement «Alash»*. Originators: E.Tleshov, D.Kamzabekuly, I.Nurakhmet, Almaty: Sardar, 2008, p. 15.

Е.Қазиұлы

Шыңжаң оқу-ағарту институты, Қытай Халық Республикасы
(E-mail: jandosmagulov@mail.ru)

Қытай жазушысы Лау Шы мен Қаусылқан Қозыбайұлының жасампаздық шеберлігіндегі салалас ұқсастықтар туралы

Мақалада Лау Шы мен қазақ әдебиетінің негізін қалаған Қаусылқан Қозыбайұлының шығармашылықтарындағы дәуір сипатын, кейіпкер характерін, ұлттық, қоғамдық салт-сананы бейнелеу және сөз саптау өнері жақтарындағы ұқсастықтарды тауып салыстыра отырып, екі жазушының жасампаздық, шеберлік өнерін көрсеткен.

Кілт сөздер: Лау Шы мен Қаусылқан, жасампаздық өнер, салыстыру.

Жұңго қазіргі заман әдебиетінің белді жазушыларының бірі Лау Шы мен еліміздің осы заманғы қазақ әдебиетінің негізін қалаған жазушылардың бірі Қаусылқан Қозыбайұлы жасампаздық өнерлерімен жұртқа белгілі жазушыға айналған. Біз ұзақ уақыт оқытушылықпен шұғылдану барысында осы екі жазушының жасампаздық шеберліктеріндегі кейбір ұқсастықтарды байқап салыстыра зерттеп келеміз. Басын ашып алатын бір жайт, бұл екі жазушының ортасында ықпалдастық қатынас өмір сүрмейді, яғни қолымызда Лау Шының Қаусылқанға ықпал жасағандығы жөнінде дерек жоқ. Сондықтан екі жазушының туылған кездегі отбасы жағдайы, алған тәрбиесі қатарлардың деңгейлестігі ұқсас құбылысты тудырған деген ойдамыз.

Лау Шы Бейжиндегі бір кедей қала тұрғыны отбасында дүниеге келген кезде, әкесі Чин патшасының қала қорғанын қорғайтын төмен дәрежелі әскері, отбасы ішер асқа жарымай отырған еді. Қаусылқан Қозыбайұлы Толы ауданының Жайыр тауындағы кедей малшы отбасында дүниеге келгенде әкесі мінер ат пен ішер асқа жарымай отырған кедей еді. Лау Шы жеті жасында жеке мектепте оқиды, он жасында жаңаша бастауыш мектепке түседі. 1912 жылы Бейжиң қалалық 3-орта мектепке емтихан тапсырып қабылданады, бірақ отбасы қиыншылығына байланысты оқудан қол үзеді. Келесі жылы үкімет қаражатымен оқитын Бейжиң педагогикалық мектебіне емтихан тапсырып қабылданады. Қаусылқанның алған тәрбиесі де Лаушының алған тәрбиесі секілді жүрдім-бардым болған, Қаусылқан он жасында ауылдағы діни мектепте оқыған, он екі жасында жаңаша бастауыш мектепке түсіп оқиды. Отбасының кедейлігінен бірде мал соңында, бірде үзіп-жұлып оқып жүріп, бастауышты әрең бітіреді, осылайша кедейліктің кесірінен білім алу сапарын аяқтайды. Келесі жылы Үрімшідегі үкімет қаражатымен оқитын моңғол-қазақ педагогикалық мектебінде 1939 жылдан 1944 жылға дейін оқиды. Лау Шы мектеп бітірген соң бастауыш мектепте мұғалім және бастауыш мектеп меңгерушісі болып істейді. Ал Қаусылқан мектеп бітірген соң аудармашылық, мұғалімдік және сахналық шығармаларда қосымша рөл ойнау міндеттерін өтейді. Осындай деңгейлес тіршілік пен деңгейлес алған тәрбие жазушылардың жазу стилін, тіл өнері жағындағы ұқсастықты қалыптастырған болуы мүмкін [1–5].

Екі жазушының әдебиет босағасын аттаған кезіне қарайық: Лау Шы 1914–1918-жылдар аралағында Бейжиң педагогикалық мектебінде оқып жүрген кезінде әдебиетке әуестеніп, өлең және шалқымалар жазған, бірақ көбі жарияланбаған. Қаусылқан бастауыш мектепті бітірген соң әдеби әуескерлікке бой ұрады, әсіресе халық ауыз әдебиетіне тән жанрлардан ертегі, хисса, дастан, айтыстарды қызығып тыңдайды, әрі жатқа оқиды. 1939–1944-жылдары Үрімшідегі моңғол-қазақ педагогикалық мектебінде оқып жүрген кезінен бастап өлең, шағын хабар, мақала жаза бастаған, бірақ сол кездегі қазақша шығатын газет-журналдар тым мардымсыз болғандықтан жарияланбаған. Жоғарыдағы салыстырудан екі жазушы 16, 17 жастары шамасында әдебиетке әуестеніп шағын, жеңіл жанрларға қалам тарта бастағанын аңғарамыз.

Екі автор әуелгі жасампаздықтарын поэзиядан бастап, прозадан табыс төріне шыққан. Лау Шы «4-май» қозғалысынан бұрын шағын өлеңдер мен шалқымалар жазып жүріп, 1922 жылғы «Кішкентай қоңырау» атты тырнақалды әңгімесінен бастап прозалық шығарма жазуға ауысқан, телегей теңіз мол шығармалары және Бейжиңнің тар көшелеріндегі жерлік ерекшелікке бай образдарымен оқырман көңілінен орын тапқан. Ал Қаусылқан азаттықтан бұрын белгілі демократиялық көзқарасы бар ақын

еді, азаттықтан кейін 1954 жылғы «Шағылған төсек» комедиясынан бастап прозалық шығарма жазуға ауысып, мұқалмас көркем образдарымен оқырман көңілінен орын алды.

Екі жазушы да шығармаларында өз дәуірлерінің ірі уақиғаларын толық қамтыған. Лаушы шығармалары көне астана Бейжиңде туылған ірі оқиғалар мен барлық тіршілік мазмұнын қымтай қамтып, ірі қаланың жалпы қоғамдық картинасын көрнектілендіріп, өз дәуірінің мәндік ерекшелігін бейнелеген. Мәселен: «Қызыл ту астында» атты романында У Шуи заң өзгерісінен кейінгі Чин патшалығы үстемдік еткен қоғамның құлдырауын, «Кешкен күндер» Шанхай төңкерісіне басшылық еткен буржуазия табының ымырашылдығынан төңкерістің сәтсіздікке ұшырағандығын, «Лаужаңның философиясы», «Жаузының айтқандары» сияқты романдарында «4-май» қозғалысы кезіндегі феодалдық сананың тамыры тым тереңдігі, «Түйе шияңзы» романында 20-жылдардағы милитаристік қалаймақан соғыстың зардабы, «жаңа дәуірдің көне трагедиясы», «Ажырасу» сияқты романдарында 30-жылдардағы гөміндәң үкіметінің шіріктесуі және тыңшылық үстемдігінің рақымсыздығы, «Бір семьядағы төрт ұрпақ» романында жапон басқыншыларына қарсы соғыс кезіндегі жауланған аудан халқының машақаты мен оянуы бейнеленген. Қаусылқанның шығармаларына келсек: еліміздің азаттық қарсаңындағы және азаттықтан кейінгі қоғамдық өзгерістердің бел-белеңдері мен ірі уақиғаларын дәуір рухы жалындаған өңіп-өшпейтін айшықты образдармен бейнеледі. Мәселен, азаттықтан бұрынғы басым көп өлеңдерінде жапон басқыншыларына қарсы соғыс тұсындағы отаншылдықты, «Алғашқы адымда» әңгімесінде еліміздің социалистік өзгерту қимылының дабыралы жылдарындағы — жеке меншік түзімін социалистік жолмен өзгертіп, коллективті кооперацияластыру қимылы, «Он жылдықтың озаты» әңгімесінде еліміздің зор секіру қимылы, «Рас па, әке» сияқты әңгімелерінде «төрттік төбенің» еліміздің салтанатты өмірін торғайдай тоздырып, сана саласы жақтан салған ауыр жарақаты бейнеленген. Біз жоғарыдағы салыстырудан Лаушы шығармалары таяу заманның соңғы мезгілінен қазіргі замандағы қоғамдық елеулі өзгерістер барысындағы Бейжиң халқының рухы күйінің шежіресі екендігін, ал Қаусылқан шығармалары азаттық қарсаңы мен еліміз азат болған алғашқы мезгіліндегі елеулі өзгерістер мен оқиғалар барысындағы қазақ халқының рухани күйінің шежіресі екендігін аңғарамыз.

Сау Юи: «Дүниедегі әрқандай әдебиетші мәлім бір сатыдағы кейіпкерге қанық болғанымен, Лау Шы мырза сияқты өмірдегі барлық кейіпкерлерді қымтай жазуы мүмкін емес», — деген. Бұдан біз Лау Шы шығармаларында көне астананың барша жандарын, әсіресе төмен сатыдағы адамдарды қалыс қалдырмай баяндағандығын аңғарамыз. Қаусылқанның образ жарату шеберлігі жөнінде Әуелқан Қалиұлы былай дейді: «Өмір Бөгенәйінің алуандығынан, бұл Бөгенәйді жете тани алғандығынан, қалам қуатының тайпала түсуінен, Қаусылқан созумен бір қыдыру типтік образдар — таныс, бейтаныс адамдар жаратты, таптық ерекшеліктері толық жинақталған, меншікті қасиеті еркін дараланған, басқаша айтқанда, белгілі ортақтығы мен белгілі даралығы айқын әйгіленген кейіпкер характерін жасау — Қаусылқанның әңгіме жасампаздығындағы ел мойындайтын табыс деуге болады». Бұдан Қаусылқан қаламы жаңа өмірдің кең тынысын, әр кезеңін аралағанын, қоғамдағы өзгерістердегі әр түрлі адамдарды қалыс қалдырмай кескіндеп отырғандығын байқаймыз. Осылай болғандықтан, екі автордың жасаған образдарының характерлері ұқсап кетеді. Мәселен: Лау Шының «Ма фамилалылардағы» масырын, «Көне дүкеннің атындағы» Чиян кожайын, Қаусылқанның «Шағылған төсек» комедиясындағы Өрікбай, «Алғашқы адым» әңгімесіндегі Құдияр, «Қырықбай» комедиясындағы Қырықбай қатарындағы ортақ характер — ескі дәстүрдің бұғауынан құтыла алмай, жаңа заттан, жаңалықтан ат бойын ала қашқан характерлерімен ұқсаса, екі автор да осы кейіпкерлерінің төңірегіне дәуірдің алға ілгерлеуін, дәуір ауқымына ілескен жаңа адамдар мен нәрселерді қойып суреттеген. Тағы Лау Шының «Мысықтар қаласында» романындағы Мысық адамы мен Қаусылқанның «Рас па, әке» әңгімесіндегі сары құлақ Дуижаны — өз мүделері жолында ар-ұяттан безіп мысықша монтансыған характерлері арқылы реал өмірдегі келеңсіз жайттарды сықақ еткен және ажуалаған.

Екі жазушының шығармаларының жерлік бояуы күшті берілгендіктен де оқырмандарын баураған. Лау Шының өмірінің үштен екі бөлігі Бейжиңде өткен. Көне астана оның махаббаты мен қарғысын ұштап көркем тіршілікке жүкті қылды. Сондықтан оның шығармаларындағы кейіпкер, оқиға, көрініс-орта, салт-сана, тіл әуені түгелдей бейжиңдік түс алған. Қаусылқан да қазақ сахарасында туып ер жеткен жазушы, сондықтан оның шығармаларында да кейіпкер, уақиға, көрініс-орта, салт-сана, қолданған сөздері түгелдей қазақ сахарасынан келген. Лау Шы шығармалары көркемөнер қазынасы, яғни Бейжиң этнографиясының мұражайы, делінсе, сыншыларымыз Қаусылқан шығармалары «қазақ өмірі жөнінде оқырмандардың түсінігін тереңдетті» дейді. Лау Шы

шығармаларынан қоғамдық салт-сананың реңді суретін аңғарғандай боламыз. Айталық, қияқ күріш мерекесі, қарбыз мерекесі, ас тәңіріне табыну, неке, босану, тілек тілеу, қонақ шақыру, тарту-таралғы ұсыну сияқты көне бейжиңдіктердің салты, барабаншы, мойын бұраушы, кірпіш жалмаушы, жұдырықшы сияқты көне Бейжиңның әр түрлі кәсіптері, әр саладағы қала тұрғындарының тіршілік дағдылары Лау Шының қаламынан қалыс қалмай, шебер суреттелсе, Қаусылқан Қозыбайұлы «Кім жазалы» деген дастанында Ақжол інісінің жесірін алғалы күйеу болып келген күнгі кештегі ауыл тіршілігінен оқырман қазақтың этнографиялық суретін көргендей болады. Бұның сыртында Қаусылқанның қайсыбір шығармасын алатын болсақ, идеялық мазмұнымен бірге, ұлттық бояуымен де баурайды. Мәселен, сауысқанның шықылы, жолаушыға мініс болатын аттың аттану алдындағы құмалақтары, үкінің күлкісі сияқтылар арқылы қазақ халқының салт-санасы, діни нанымдары бейнеленген.

Шығарманың тілі шығарманың ойын жетілдіретін, оқырманын баурайтын, қоғамдық ықпалын күшейтетін қару. Екі жазушы жанды, таза халық тілін әдеби тілдің керегіне жаратқандығы үшін «тіл атасы» деген құрметке ие болған. Екі жазушы да халық ауыз тіліндегі істі, нәрсені әсерлеу, кейіптеу сынды көркемдеу амалдарын қолданып шығармаларын айшықтай түседі. Мәселен, Лау Шының «төбесінен сорғалаған тер моншағы табанына бір-ақ құйылды» мен Қаусылқанның «Дәметкеннің Шәріпке мақұл болуы бұлттан алыс» сияқты әсерелеулері; Лау Шының «жайшылықта алма, нашпыт, талшын, жаңғақтар жуас көрінгенімен, мен дорбаға саларда барлығына аяқ бітіп тұс-тұсына қашадысы» мен Қаусылқанның «сөз шортан болып шауып жүр» сияқты кейіптеулері орынды қолдануымен, өз ұлттарына тәуелді ерекшеліктерімен қабысып шығармаларына айшық әперген.

Екі жазушының шығармаларындағы ортақ ерекшелік — кейіпкерлерін бірер ауыз сөйлету, ерекше Бөгенәйі, өзгеше психологиялық мінездері арқылы оның қоғамдық орны, білім-санасы, кәсібі жақтардағы характерлік ерекшелігін толық көрнектілендіреді. Мәселен: Лаушының «Шайхана» драмасында Таң Тиезуидің шайхана қожайынына айтқан «бір шыны шай берер болсаң, сынық жармақсыз-ақ қолыңа қарап бал ашып берер едім» деген сөзінен-ақ оның тіл-жағына сүйеніп жан бағатын «балшы» екенін аңғарамыз. Қаусылқанның «Алғашқы адымда» әңгімесіндегі Жапалақтың «дәретім болмаса да мына жаңа тілегім үшін тәйем соғып болса да намаз оқиын» деп, жүгініп отыра қалып шанды бұрқылдата жөнелген әрекетінен оның күйгелек, құрапыйшыл характерлері толық ашылған. «Көктем күндері» әңгімесіндегі Биқайшаның «қызыл саулық болғаныңнан айналайын, қара тоқал болғаныңнан айналайын, ақ серкеш болғаныңнан айналайын» деп жағы сенбей бәйек болуынан оның дүниеқор, жекелік десе жанын салатын характері толық бейнеленген.

Портретная характеристика адресата является циклообразующим компонентом. О портрете адресата из первого стихотворения мы больше ничего не узнаем. Во втором стихотворении поэт обращается к адресату один раз на «Вы»:

*Чье сердце — Ваше ли, мое ли —
Летело вскачь.*

Кроме этого местоимения и общей тональности, второе стихотворение с первым ничего не связывает. Это стихотворение построено как внутренний монолог, но в то же время «я» обращено к адресату — другому. В высказываниях поэта неизменно наличествует ожидание ответа от него:

*И все-таки — что ж это было?
Чего так хочется и жаль?
— Так и не знаю: победила ль?
Побеждена ль?*

Поэт подчеркивает наличие адресата, направленность цикла к другому, не «я»:

*... что наши жизни разны ...
... Чье сердце — Ваше ли, мое ли —
Летело вскачь.*

Синтаксические конструкции также подчеркивают постоянную обращенность. Цветаева в каждое стихотворение цикла включает диалог, соответственно его оформляя:

— Вы счастливы? — Не скажите! — Едва ли!..

В этом цикле лирическая героиня обращается и к себе. Она задает вопросы, не обращенные к адресату. Ответы на эти вопросы не приводятся. Данная конструкция затрудняет разграничение между самой лирической героиней и адресатом. Это связано с активизацией читательского восприятия. Сама Цветаева об этом пишет так: «А что если чтение — как не разгадывание, толкование, извлечение тайного, оставшегося за строками, пределом слов <...>. Чтение — прежде всего — сотворчество <...>» [4]. В третьем стихотворении поэт сосредоточивает внимание на своих чувствах, переживаниях. Адресат в этом стихотворении отсутствует. Стихотворение объединяется в цикл только интонационно. В четвертом стихотворении возвращается местоименное обращение к адресату — «Вы». В трех строфах стихотворения поэт обращается к адресату пять раз:

*Вам деваться было лень ...
... — А каждый Ваш грядущий день ...
... Особенно смущало Вас ...
... — А каждый Ваш грядущий час ...
... Вы это сделали без зла ...*

В пятом стихотворении появляются элементы портрета адресата: «... Волос рыжеватый мех ...». Адресат последовательно приобретает образ «Снежной Королевы». Весь роман лирической героини с адресатом, так или иначе, сопровождается мотивом холода. Он является сквозным в цикле «Подруга». Хотелось бы заметить, что в цикле «Стихи к Блоку» мотив холода является также сквозным.

Четвертое стихотворение:

... Идти так поздно в ночь и холод ...

Пятое стихотворение:

*... Как пуля, как снежный ком
Куда-то промчались сани ...
... И был жесточайший бунт,
И снег осыпался бело ...*

Шестое стихотворение:

*... Как весело сиял снежинками
Ваш серый, мой соболиный мех ...*

Десятое стихотворение:

*... И нежно в моей ладони
Помедли осколок льда.*

В шестом стихотворении прослеживается мотив холода. Поэт снова обращается к адресату на «Вы». Обращают на себя внимание следующие портретные характеристики адресата:

*Как всеми рыжими лошадками
Я умилялась в Вашу честь.
(Ссылка на волосы адресата рыжего цвета).
Как Вашей брошечки эмалевой
Мне губы холодил цветок.
Как я по Вашим узким пальчикам
Водила сонною щекой ...*

В седьмом стихотворении лирическая героиня обещает адресату подарить «браслеток, и цепочек и серег!» в знак любви к нему. В этом стихотворении поэт в первый раз говорит:

*Как из-под тяжелой гривы
Блещут яркие зрачки!
— Спутники твои ревнивы? —
Кони кровные легки!*

Цикл назван «Подруга». Заглавие реализуется в сюжетной последовательности стихотворений. В данном лирическом цикле Цветаевой явно проявлено эпическое начало. Комментарии к данному лирическому циклу сообщают следующие факты: «Первоначальное (1920) заглавие цикла — «Ошибка». Настоящее заглавие дано в 1940 году. Цикл обращен к Софии Яковлевне Парнок (1885–1933) — поэту, литературному критику, переводчице. Цветаева познакомилась с ней осенью 1914 года, их дружба, продолжавшаяся до начала 1916 года, сыграла важную роль в жизни Цветаевой. Летом 1915 года А.К.Герцык писала М.А.Волошину: Из письма (письма Цветаевой к Герцык) поняла, что Марина, наконец, выходит из своего замкнутого круга, — большое страдание постигло её и выковывает из её души новую форму. В её новых стихах это ещё почти не отражается — как всё переходное, бездомное — они стали неловки, утратили свою наивную отчетливость. Но я верю в её будущее» [5].

В восьмом стихотворении поэт дает полное портретное описание адресата. В стихотворении нет ни одного обращения.

Далее поэт обращается к адресату на «ты» и описывает его. Между лирической героиней и адресатом произошли глобальные изменения в отношениях:

*Платье — шелковым, черным панцирем,
Голос с чуть хрипотцой цыганскою,
Все в тебе мне до боли нравится, —
Даже то, что ты не красавица!
... Не цветок, — стебелек из стали ты,
Злее злого, острее острого,
Увезенный — с какого острова?*

Десятое стихотворение двучастное. Поэт в нем снова обращается к адресату на «Вы». Об адресате мы узнаем то, что у него были духи «White rose и чай». Впервые в этом стихотворении идет внешнее описание как лирической героини, так и адресата, они вместе:

*Мы были: я — в пышном платье
Из чуть золотого фая,
Вы — в вязаной черной куртке
С крылатым воротником.*

В одиннадцатом стихотворении поэт обращается к адресату на «ты». Можно сказать, что именно здесь начинается спад романа:

*Видишь крестик кипарисовый?
— Он тебе знаком! —
Все проснется — только свистни
Под моим окном!*

В двенадцатом стихотворении поэт говорит в прошедшем времени об отношениях с адресатом:

*Повторю в канун разлуки,
Под конец любви,
Что любила эти руки
Властные твои ...*

Лирическая героиня гневно говорит о том, «Что твоя душа мне встала / Поперек души», «Счастлив, кто тебя не встретил / На своем пути!».

В тринадцатом стихотворении лирическая героиня говорит адресату о том, что существует много разных женщин и задает ему вопрос:

.... — *Зачем тебе, зачем
Моя душа спартанского ребенка?!*

В четырнадцатом стихотворении поэт снова возвращается к местоимению «Вы». Но не обращается к адресату, поэт ведет монолог с самим собой.

*Я вижу: мачта корабля,
И Вы — на палубе ...
Вы — в дыме поезда ... Поля
В вечерней жалобе ...*

.....
— *Благословляю Вас на все
Четыре стороны!*

В пятнадцатом стихотворении лирическая героиня снова обращается к адресату на «ты», перечисляет все то, что любил адресат в других женщинах, и спрашивает:

— *Что от меня останется
В сердце твоём, странница?*

В цикле «Подруга» мы наблюдаем лирический сюжет. Лирический сюжет у М.Цветаевой формируется по своим законам. В его основе — не внешняя событийная канва, а внутреннее состояние, которое воплощается не только в выраженном слое эмоций, интонаций, но и в подтексте или, так называемом, «скрытом» сюжете, где «те реальные события, которые стоят за событиями цикла, намек или прямое указание на которые, содержатся в текстах стихотворений».[6] Можно сказать что первое, второе, третье стихотворения говорят нам о любви лирической героини к адресату. В четвертом стихотворении состоялась их встреча. В пятом стихотворении поэт показывает конкретное время и место, где лирическая героиня видела адресат с другой:

*Сегодня, часу в восьмом,
Стремглав по Большой Лубянке,
Как пуля, как снежный ком
Куда-то промчались санки.*
.....
*Мир — весел и вечер лих!
Из муфты летят покупки ...
Так мчались вы в снежный вихрь,
Взор к взору и шубка к шубке.*

В шестом стихотворении они снова встретятся:

*Как по рождественскому рынку мы
Искали ленты, ярче всех.*
.....
*Как руку Вы мою оставили,
Сказав: «О, я ее хочу!»
С какою бережностью вставили
В подсвечник — желтую строфу...*

Но к девятому стихотворению затухает роман, и лирическая героиня с адресатом изображаются порознь:

*Ты проходишь своей дорожкой,
И руки твоей я не трогаю,
Но тоска во мне — слишком вечная,
Чтоб была ты мне — первой встречною.*

В последующих стихотворениях цикла лирическая героиня просто вспоминает о романе с адресатом.

В трехстихотворном лирическом цикле «Москве» мы видим те же циклообразующие принципы, что и в более объемных циклах: присутствует нумерация стихотворений, хронология (цикл «Москве» (1917) состоит из трех стихотворений, которые были написаны за два дня: 9 декабря (первое стихотворение) и 10 декабря (второе, третье стихотворения) 1917 года), а также внутреннее состояние, ко-

торое воплощается не только в эмоции, интонации, но и в подтексте. «Под «Рыжеволосым Самозванцем», «Гришка-Вор» поэт подразумевает Григория Отрепьева, Лжедмитрия I. Морозова Федосья Прокопьевна (1632–1675) — боярыня, родственница жены царя Алексея Михайловича, раскольница; несмотря на заточение и пытки, осталась верной старообрядчеству, умерла от голода в Боровске, в земляной яме. «Не позабыли огненного пойла» — имеется в виду пожар Москвы 1812 года. «Стрельчиха» — возможно, образ картины В.И.Сурикова «Утро стрелецкой казни»; стрелецкие бунты конца XVIII века были жестоко подавлены Петром I» [7].

Но главным циклообразующим фактором является присутствие адресата — Москвы. Этот цикл можно сравнить с более ранним циклом «Стихи о Москве» (1916), где поэт показывает город во всей его красоте, он светел, предстает как средоточие всех путей, сердце Родины. Но очень скоро жизнь «в дивном граде сем» неузнаваемо переменится. Именно это мы видим в анализируемом нами цикле «Москве» (1917). Поэт показывает совсем другую Москву — разоренную, страдающую, потерявшую многих своих сыновей:

— Голубчики, где твои? — Нет корму.
— Кто унес его? — Да ворон черный.
— Где кресты твои святые? — Сбиты.
— Где сыны твои, Москва? — Убиты.

Поэт переживает за судьбу родной Москвы. С отчаяньем и нежностью обращается Цветаева к адресату, называя его: «княгинюшка», «красавица», «разумница», «голубка».

...Где спесь твоя, княгинюшка? — Разумец,
Красавица? — Разумница, где речь?
...Что же делаешь, голубка? — Плачу.
— Где же спесь твоя, Москва? — Далече.

Из приведенных цитат явно видна диалогическая форма — поэт задает вопрос адресату и тут же отвечает ему. В третьем стихотворении цикла нет обращений к адресату, он изображается со стороны. Для поэтического мышления Цветаевой характерен свой способ подхода к отражению явления: показ его через чувственное переживание, впечатление, желание не рассказать, а изобразить словом, умение отстранённо посмотреть на вещь, предмет изображения. «Цветаева, вобрав в себя вещь, предмет, явление, стремится показать их суть в триединстве звука — слова — смысла. Ее интегрирующее поэтическое сознание преобразует данный миг, стихию какого-либо действия в лирическую эмоцию, которая начинает жить в структуре стиха, становится сюжетообразующим фактором — рождаются целые картины лирического переживания»:

Жидкий звон, постный звон.
На все стороны — поклон.

Крик младенца, рев коровы.
Слово дерзкое царёво.

Плётки свист и снег в крови.
Слово тёмное Любви.

Голубиный рокот тихий.
Чёрные глаза Стрельчихи.

Анализ лирических циклов М.Цветаевой позволяет выделить адресат в качестве одного из циклообразующих принципов. Лирические циклы М.Цветаевой, обращенные к конкретному адресату, приобретают ораторское звучание. Это предполагает выстроенную композицию, где главная мысль, прозвучавшая в первом стихотворении цикла, повторившись, утверждается в последующем.

Список литературы

1 Цветаева М.И. Стихотворения и поэмы / Вступ. ст., сост., подг. текста и прим. Е.Б.Коркина. — Л.: Сов. писатель, 1990. — 800 с. (Библиотека поэта. Большая серия).

- 2 Дарвин М.Н. Русский лирический цикл: проблемы истории и теории. — Красноярск, 1988. — С. 13.
- 3 Петкова Г.Т. Лирический цикл в творчестве М.Цветаевой (проблемы поэтики) // Филол. науки. — 1994. — № 3. — С. 14.
- 4 Цитата по: Зубова Л.В. Поэзия М.Цветаевой. (Лингвистический аспект). — М., 1981. — С. 5.
- 5 Коркина Е.Б. Примечания // Марина Цветаева. Стихотворения и поэмы. — Л.: Ленингр. отд., 1990. — С. 703.
- 6 Кирюнина Т.Б. Сюжет, деталь и способы символизации в лирическом цикле М.Цветаевой «Лебединый стан»: Автореф. дис. ... канд. филол. наук. — М., 2000. — С. 502.
- 7 Коркина Е.Б. Примечания// Марина Цветаева. Стихотворения и поэмы. — Л.: Ленингр. отд., 1990. — С. 717.

Ж.С.Ақышева

М.Цветаева поэзиясындағы адресаттың циклқұрушы қызметі

Мақалада М.Цветаева поэзиясындағы лирикалық циклдың жанрлық формасы қарастырылды. Автор көркем мәтіндегі адресаттың маңызы мәселесіне тоқталды. Нақты лирикалық циклдардың материалын талдау негізінде адресаттың байланыстыру қызметін көрсету мақсаты көзделіп, циклдағы айтылған ой формасының мағынасы анықталды. Дәйексөздер мақаланың негізгі тұжырымдары мен түйіндерін нақтылай түсті.

Zh.S.Akischeva

Tsikloobrazuyushchy function of the addressee in M.Tsvetaeva's poetry

This article is devoted to a genre form of a lyrical cycle in M.Tsvetaeva's poetry. The author addresses to a problem of value of the addressee in the art text. In work the purpose to show fastening function of the addressee on a material of the analysis of concrete lyrical cycles is set. The author addresses to value of a form of the statement in a cycle. Quotes illustrate and confirm basic provisions of article. Article is addressed to specialists philologists.

References

- 1 Tsvetaeva M.I. *Poems and poem / Vstup. art., sost. podg. text and note E.B.Korkina*, Leningrad: Sovetskiy pisatel, 1990, p. 800 (Library of the poet. Big series).
- 2 Darwin M.N. *Russky lyrical cycle: history and theory problems*, Krasnoyarsk, 1988, p. 13.
- 3 Petkova G.T. *Filol. sciences*, 1994, 3, p. 14.
- 4 The quote on: Zubova L.V. *Poeziya of M.Tsvetaeva. Linguistic aspect*, Moscow, 1981, p. 5.
- 5 Korkina E.B. *Notes // Tsvetaev's Marine. Poems and poems*, Leningrad: Leningrad office, 1990, p. 703.
- 6 Kiryunina T.B. *Syuzhet, a detail and ways of symbolization in M.Tsvetaeva's lyrical cycle «Swan camp»*: Avtoref. yew. ... edging. *filol. sciences*, Moscow, 2000, p. 502.
- 7 Korkina E.B. *Notes // Tsvetaev's Marine. Poems and poems*, Leningrad: Leningrad office, 1990, p. 717.

Ж.А.Кенжебекова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: jib_a_k@mail.ru)*

Мәди Бәпиұлының мәдени мұрасы және азаматтық ұстанымы

Мақалада көркем туындыдағы сал-сері бейнесі қарастырылған. Қазақ қоғамында өзіндік орны бар тарихи тұлға Мәди Бәпиұлының ұлттық болмысы, «сал-сері» атанған болмыс-бітімі туралы ғылыми ой қорытылған. Мақала авторы қазақ халқының өзгеге ұқсай бермес даралық қасиет-сипаты, ұлттық болмыстан бастау алатын ерекшелігі ғасырлар бойы қалыптасқан сал-серілік дәстүрінен ерекше байқалатынын дәлелдеді.

Кілт сөздер: сал-сері, мәдени мұра, тарихи тұлға, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, қазақ қоғамы, ұлттық әдебиет, ұлттық болмыс, ұлттық руханият.

Еліміз егемендік алып, тәуелсіз ел болғалы қазақ әдебиеті өткен тарихымыздың еленбей қалған тұстарын зерделеп, ақтаңдақ беттерін ашып, бүгінгі күн тұрғысынан талдауға қол жеткізді. Бұл үрдісті дамытуда қазіргі қазақ прозасының алар орны ерекше. Егер ұлттық әдебиетіміздің тарихында ХХ ғасырдың 60-жылдарынан басталатын кезеңді ерекше бір өнімді кезеңге жатқызамыз. Сол кезеңдегі әдеби үрдістің басым бөлшегін тарихи сипаттағы шығармалар құрайды екен. Алайда шамалы уақыт болса да санада пайда болған сілкініс пен серпіліс өз жемісін берді.

Қазақ қаламгерлері өз шығармалары арқылы ұзақ мерзім бойы салтанат құрған ұлттық болмысқа, ұлттық болмыс аясындағы салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа зерделеу жүргізді. Белгілі бір тарихи оқиға, құбылысты бейнелегенде оны сол тұстағы қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, саяси жағдаяттардан, рухани өмір санасынан бөліп алып қарау мүмкін емес. Уақыт өткен сайын халқына қадірі мол ерекше тұлғаларға деген ықылас-ынтаның арта түсуі заңды құбылыс.

Қазақ сал-серілерінің соңғы тұяғы аталған, ақын, әнші, композитор, сері, әрі батыр, әрі шешен Мәди Бәпиұлының тарихты таразылаған, әдебиетке жаңаша көзқараспен зерделеген ұрпақ үшін орны ерекше. Ешкімге ұқсамайтын Мәдидің өр тұлғасы, өжеттігі, халық ортасынан табылар тектілігі мен парасаттылығы жазушы Ә.Әбішевтің «Найзағай», «Жаралы сұңқар» романдарында сомдалған. Бұл ретте Мәди Бәпиұлы жайлы мұрағат материалдарын қарап, зерттеп жүрген ғалым З.Тайшыбай былай дейді: «Жасынан өжет, бірбеткей әрі сері Мәдиді Қақабай өз баурына тартқысы келгені де рас. Бірақ Мәдидің қарсы шабар өрлігін, сауыққой серілігін ағасы ұнатпай, төмен ұстап, тізгіндегісі келген. Ел ішінде дәл Қақабайдай болмаса да, бір кісідей беделді, сыйлы азаматтың бірі Мәди екені де мәлім. Бұл арада сонау Құрманғазы мен Шернияз, Ақан сері мен Біржан сал, Жаяу Мұса, Балуан Шолақ пен Иманжүсіп тағдырларын еске алсақ та артық болмас. Бұлардың әрқайсысы қазіргі түсінігімізге сыймайтын ерекше мінездің адамдары, азаткерлік дәстүрдің туын көтерген даланың дүлділ тұлғалары еді» [1; 156].

Тарихи тұлға Мәдидегі көркем туындыда азамат, күрескер, ақын, сазгер ретінде қалыптасу үрдісі баяндалған «Шырқай салған әнімен табиғатты тамсандырып келе жатқан Мәди...» [2; 87].

Мәдидің кескін-келбеті, сөзі, жүріс-тұрысы да сәнді. Бір көрген адам өзіне сұрақ қойып, таң қалдырады. Бұл кім? деген әр сұрақ көркем туындыда Мәди образын толықтырып, басқа қырынан көрсетеді.

«Апыр-ау, жүзінен нұр, тілінен бал тамған бұл кім болды екен?» [2; 87].

Жауынгер, ер жүрек Мәди ағайын арасындағы алауыздықтан жапа шекті. «Тағдырдың қаңбағы болған оның енді қай шығанға қарай домалары белгісіз, өзінің нендей ойға бекінгені де белгісіз, әйтеуір жаралы жолбарыстай ашынып, айдынданып алыпты, жалындырмаса жауына жалынатын түрі жоқ» [2; 88].

Мәди қай кезде де бұқара халыққа жақын, өз тектілігін көрсетіп, қай істе болмасын кесіп айтып, нақты шешім қабылдайды. Өзіне тағылған жалған жалаға ар-намысымен қарсы шығып, күреседі, қол байлау болып отырған заманыма налиды: «Мен әруақты бабаларымның әулеті болсам да, кеудесін кек тескен сорлымын. Олар — көп, мен — жалғыз. Намысыма сондайлардың оғы тиген мен бір жаралы жанмын».

Қазақ қоғамында сол кезеңде етек алған саясат туралы М.Дулатов «Қазақ» газетінде былай деп жазады: «Степной положениенің IV-нші статьясы бойынша Дала уалаятының генерал-губернаторына

өкіметке сенімсіз (саяси) һәм мал ұрлаушы қазақтарды бес жылға жер аударуға ерік берілген. Сол себепті Ақмола, Семей облыстарында жер аудару деген нәрсе соңғы жылдары өте күшейіп тұр. Сотқар адам бұзықтыққа салынып, халыққа зиян келтіріп, шаруасын күйзелтетін болса, лайықты жазасын тартпасын деп ешкім ара түспейді. Бірақ өсек байланған адамның ақ-қарасын жете тексеріп, қара болса — кінәсін мойнына аударып, нахақ болса — ақталуы үшін дәлелін көрсетуге жол беру — әділдіктің барып тұрған маңдайы...

Жер аударылған қазақтар ақ болсын, қара болсын, бір-ақ күні өзінің абақтыға жабылып қалғанын біліп қалады. Көбі не үшін екенін де білмеді. Бұлардың біразы жұртқа белгілі, анық болғанымен, көбі дұшпандарының астыртын шағымымен, яки билеушілердің назарында қалумен бақытсыздыққа душар болған нахақтар» [3].

Дәуір талабына өзіндік үн қоса білген әдеби қаһарман — Мәди күрескер ретінде қоғамға ықпал етті.

*Атыңнан айналайын, Қарқаралы,
Сенен бұлт, менен қайғы тарқамады.
Сайыңнан сайғақ құрлы сая таппай,
Мен болдым бір қашқын жан Арқадағы.*

Он жыл сергелдеңге түсіп, «жалған жала» жабылған Мәдидің тағдырына қоғамдағы саяси жағдай әсерін тигізбей қоймады. 1905 жылы қазақ жерінде де патшаға қарсы наразылық күшейді. «Заты Мәдидің «ісінің» шұғыл басталып, бері бірден теріс бұрылуына, әуелдегі бес жыл жер аударудың он жыл қуғын-сүргінге айналып асқынуына Ресей империясындағы саяси жағдайлар тікелей себеп болған. Жалпыға мәлім, Жақып Ақбаевтар 1905 жылы, Ахмет Байтұрсыновтар 1909 жылы ұсталып, қамалып, сотталып жатқан аласапыранға Мәдидің «ісі» де дәл келіп қалған. Сол жылдары қазақтың бүкіл көзі ашық, көкірегі ояу, оқыған, озық азаматтары бір шеті Архангельскі, Якутия, ішкі Ресей аудандарына жер аударылған болатын» [1; 159].

Қазақтың біртуар асыл тұлғаларына қара күйе жағылып, азаттықты аңсаған азаматтар атылып, отаршылдық саясаттың құрбанына айналды.

«Кеңестік коммунистік жүйенің тұсында Ресейдің отаршылдық-озбырлық саясатының сыртқы сұлбасы өзгергенімен, ішкі-пиғыл нитетінің баяғы жыртықшылық қалпымен өзгермегені мәлім. Озбыр жұртыңыз қазақтың рухани әлемін жасаған асыл перзенттері ұлт мақтанышына айналып кетуден қауіптеніп, оларды құстаналаудан, қара күйе жағудан танбады. Біржан сал, Ақан сері жынды, Шәкәрімді банды, Жаяу Мұса, Балуан Шолақ пен Әсетті қашқын, Иманжүсіп пен Мәдиді қарақшы-барымташы атандырған тексіз тобырды қолдап, кейінгі ұрпаққа теріс ақпарат беруге тырысты. Бір ескертетін жағдай, осылардың ішінде Біржан, Ақан және Жаяу Мұсадан басқасы, ата жау жұмсаған жауыздардың қанды қолынан жазым болыпты. Бұл кездейсоқтық емес, жоспарлы зұлым саясаттың «табысы» екендігі баршаға аян» [4; 5].

Мәдиді ашындырған, намысына тиген ағайынның алауыздығы, жалған жаласы, таныс-тамырлық етек алған әділетсіздік. Мәди жасып, жаншылмады. Әділдік қашанда жеңбейтініне көзі жеткен күрескер өмірінің соңына дейін өз ұлтының рухани көсемі, серісі болды. Ертеңгі күнді алыстан болжаған батыр іштен шыққан жауына сенген жоқ, аштық жайлаған халқының қамын ойлады.

«Е, шырағым, бақытсыз елді қашанда бассыздар билейді, ел сорына да ол да болыс бола қалғанды. Мені айдалсын деп мөр басқан жеті болыстың бірі, менің өшігерім сол жетеудің ішінен өзімнің ағам Қақабай мен Текеш» [2; 52].

«Адам табиғатына уақыт ағымы мен қоғамдағы ірі өзгерістердің тигізер әсер-ықпалы айрықша. Адам қоғамнан сырт тұруы мүмкін емес. Сондықтан да адамның рухани-психологиялық болмысын дәуір ерекшелігіне сай бағамдау арқылы біз көркем шығармадағы қаһарманның нақты тарихи тұлғасына баға бере аламыз» [5].

Мәдидің ақындығы мен сазгерлігін, әншілігі мен күрескер батыр екендігі, жеке басының адамшылығы, сері мен батырға тән аңғалдығын, оның өр тұлғасы, болмыс-бітімі айқындап тұрғандай.

*Сұрасаң руымды Қаракесек,
Досымнан дұшпаным көп қылған өсек.
Дұшпанның құдалаған жаласынан
Бір күнде қу қара жер болды-ау төсек.*

«Жалпы шынайы тарихтағы Мәди тұлғасы өте күрделі, сан қырлы болған. Әр таланттың ғұмырнамасында тектілік, ата-бабадан тамыр тартқан гендік қасиет үлкен роль атқарады десек, бұл

жағының арғы атасы әулие тұрпаттас Қаз дауысты Қазыбектен басталатын Мәди тұқым-нәсілі атақты би-сұлтандар Өскенбай, Құнанбайдан алты шынжыр жалғастырған ұлы Абай мен Абылай хан тұқымы Шоқанды еске түсіреді.

Ол әрі әнші, әрі композитор, әрі ақын, әрі халықтың ерке серісі, әрі балуан-жауынгер, ең бастысы — әділетсіздік пен зорлыққа қарсы найза сілтеп, шоқпар ойнатудан күрескер. Қырғи тілді шешендігі, оң қолынан мөрі тамған іскерлігі өз алдына» [6].

Мәдидің кеудесінде жауынан алмаған кегі бар, ол — қара халықтың кегі. Ол қашанда дұшпаннан кек алу жолында күресті. Жазықсыз біреуді шабу үшін де байланған бас жоқ. Ашыққан елді қырғыннан құтқару үшін Түнекбайды шапсақ та, онда елдің кегі бар, ол кек қайтпай кеудедегі шер тарқамайды.

«Мәди туралы деректі немесе көркем туындылармен танысқанда оның жалғыз жортқан жортуылшы емес екеніне көз жеткіземіз. Ол еш уақытта өз серіктестерін жау қолына қалдырмаған. Жиырма екі болыстың ақсақал-қарасақалының арызымен Мәдидің жиырма жеті серігі Қарқаралы абақтысына қамалған екен. Сонда ер Мәди уезге келіп, өзі беріліп, жолдастарын босатып жіберіпті. Текті Мәдидің:

*Көп үшін өзім келіп қолға түстім,
Білмеймін не боларын ақырын істің.
Ерім деп еркелеткен, еркінсіткен
Қайран ел, көзден жас боп бір-бір ұштың, —*

деп толғанғаны да шын оқиғаны дәлелдей түсетін тәрізді» [6].

Адам қоғамнан тысқары дами алмайды. Ұлттық мүдде үшін күрескен Мәди тұлғасы ұлттық мінез-құлықты дара сипатымен көрсете алды. Халық ортасында Мәдидің күрескерлік рухы, азаматтық тұлғасы қалыптасты. Мәди тағдыры — қазақ ұлтының тағдыры. Қазақ халқының жарқын болашағын ойлаған күрескер, сері Мәди парасаттылығы, жан әлемі қазақ қоғамындағы орын алған өнер адамдарының тағдырына ұқсас сыр шертеді. Образ қоғамдағы адам проблемасын туғызды. «Адам болмысы дегенде оның табиғаттан шығу тегі, қоғамдық өмірі және жеке даму туралы мәселелер жиынтығы еске түседі. Бұл мәселелер өмірдің өзі тәрізді әрі көне, әрі жаңа. Ұрпақтар үздіксіз өзгереді, ол әрбір тарихи заман қоғамдық өмірдің мән-мағынасын өз ұғымымен болашаққа жеткізеді. Әр дәуірдің өкілдері мынадай маңызды да, мәңгі сұрақтарға жауап беруге тырысады: «Адам дегеніміз не?... Адам не істей алады? Ол не істеуі керек? Не үшін өмір сүреді?» [7].

Мәди жанының тазалығы — өнер адамдарының болмысында кездесетін табиғи құбылыс. Ағайынның жаласынан жапа шеккен Мәди өр мінезімен, батылдығымен бір кезеңнің шындығын дәріптейтін кесек тұлға. Оның кеудесін кек кернеді, жаралы сұңқар қанатын самғап алысқа ұша алмай назаланды.

«Кек... кек!.. Тірлікте салар ұранымның да, өлерде айтар иманымның да аты — кек. Көкте де құдай, жерде де құдай, әр құдайдың қолында алуан түрлі бұғау бар. Сол бұғаулардың бірінен соң бірі қармап әнімді де, сәнімді де жалмапты. Мына бір сырқаттың қырсығынан әлім де қалмай барады. Жаралы сұңқар самғап өскен аспанын аңсап, мен айқаспен өткен күндерім мен түндерімді аңсаймын. Арман көп, дәрменім жоқ» [2; 331].

Ұлттық руханиятта өзіндік рөлі бар Уақыт, Адам, Қоғам категориялары тұрғысында Мәдидің ұлттық болмысы ұры-барымташы, немесе қолы кісендеулі қылмыскер, емес, тарих қойнауынан ғасырдан ғасырға жарқырап көрінетін ұлт мақтанышына айналды. Ғылыми деректер мен мақалаларда Мәди жайлы пікірлер, ғылыми тұжырымдар жаңа заман еншісінде таразыланып әділдігін көрсетіп отыр.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Тайшыбай З. Атыңнан айналайын, Қарқаралы // Жұлдыз. — 2006. — № 4.
- 2 Әбішев Ә. Бес томдық шығармалар жинағы. — Т. 5. Найзағай: Роман. Жаралы сұңқар: Повесть. — Алматы: Жазушы, 1983. — 476 б.
- 3 Дулатов М. Жер аудару // Қазақ. — 1913. — № 9.
- 4 Балташұлы Е. Мәдитанудың кейбір мәселелері // Орталық Қазақстан. — 2005. — 9 шілде.
- 5 Жарылғапов Ж. XX ғасыр соңындағы қазақ прозасының идеялық-эстетикалық мәселелері: Оқу құралы. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2003. — 163-б.
- 6 Омарбекұлы М. Қазақ нояндарының соңғы тұяғы // Орталық Қазақстан. — 2005. — 2 шілде.
- 7 Молдабеков М. Адам құпиясы және қабілеті // Ақиқат. — 1993. — № 3. — 22-б.

Ж.А.Кенжебекова

Гражданская позиция и культурное наследие Мади Бапиулы

В статье рассмотрен образ сал-сери в художественном произведении. Охарактеризована национальная природа личности, известной в истории казахского общества, сал-сери Мади Бапиулы. Автор статьи показано богатое духовное наследие казахов, не похожее на других, и национальные черты характера, проявляющиеся в традициях сал-сери.

Zh.A.Kenzhebekova

Civic stand and Madi Bapiuly's cultural heritage

In article images sal-seri in a work of art are considered. The national nature of the personality known in the history of the Kazakh society, sal-seri Madi Bapiula is characterized. The author of article proves that the Kazakh people have the rich spiritual heritage not similar to others and that especially brightly national traits of character are shown in traditions sal-seri.

References

- 1 Taishybai Z. *Zhuldyz*, 2006, 4.
- 2 Abishev A. *Five-volume composition, 5 vol., Lightning: Novel. Wounded falcon: Story*, Almaty: Zhazushi, 1983, 476 p.
- 3 Dulatov M. *Kazakh*, 1913, 9.
- 4 Baltashuly E. *Central Kazakhstan*, 2005, 9, July.
- 5 Zharylgapov Zh. *XX century's Kazak prosaic idea-aesthetics' problems. Education means*, Karaganda: KSU publ., 2003, 163 p.
- 6 Omarbekuly M. *Central Kazakhstan*, 2005, 2, July.
- 7 Moldabekov M. *Akikat*, 1993, 3, p. 22.

ӘОЖ 82.0

Н.М.Әбдуова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: princes_naz@mail.ru)*

Өлең-шежіренің өзекті қырлары

Мақалада өлеңмен шығарылған шежірелік шығармалардың мәні мен маңызы, әдебиеттегі алатын орны жан-жақты айқындалған. Шежіренің фольклорлық сипатта дәлелді түрде көрсетіліп, мазмұнына қарай жүйелеудің жолдары анықталған. Сонымен қатар шет елдердегі қазақ ақындарының мұраларындағы шежіре шығармаларға әдеби талдау жасалған. Танымал ақындардың бірі Ақыт қажы Үлімжіұлының шығармаларына талдау жасалынып, шежіреге байланысты туындыларына айрықша мән берілген.

Кілт сөздер: шежіре, ру, фольклор, ұлттық болмыс, әдебиет, ұрпақ, тарих, мәдениет.

Сан ғасырлы тарих қойнауынан өңдеуге түссе де өзегін үзбей жалғастылығын тауып келе жатқан асыл қазыналарымыздың бірі шежіре екендігі белгілі. Мәдениеттің, әдебиеттің, тарихтың дамуына, өсіп-өркендеуіне шежіренің де қосқан өзіндік үлесінің бар екендігін мойындамасқа болмайды. Өркениетті ел болу үшін өзіндік өзің тануың керек, басқаларға да таныта білгенің дұрыс. Осы салада жұмыс жүргізген адамға шежіренің жан-жақты демеуші болары сөзсіз. Деректі деректе шалдығып, тарих қойнауының көлеңкесінде қалған көмескі көріністерге көз жеткізу үшін шежіренің

шымылдығын ашқан жөн. Ғалым А.Сейдімбековтың: «Шежірешілдік көшпелі қоғамдағы әрбір қазақ үшін теңізшінің қолындағы компас сияқты қажеттілік болған» деп пайымдауы сондықтан. Олай болса, өткен өмірімізді толық танып білу үшін әдебиетіміз бен мәдениетімізді жан-жақты дамыта түсу үшін шежірені шұқшия зерттеудің маңызы зор болмақ.

«Шежіре» деген сөздің өзіне зер салып қарайтын болсақ, дәуірдің ұзақ жолында қалыпқа түсіп, төл тіліміздің түлегіндей қолданылып келе жатқанымен, түпкі төркіні араб сөзінен шыққандығы белгілі. «Шаджарат» деген сөздің қазақшалағандығы мағынасы *бұтақ, тармақ* болады. Оның біздің тілімізге қай кезде енгендігі жайында тап басып айтатын нақты дерек әзірге жоқ. ҚазССР-нің қысқаша энциклопедиясында шежіре туралы былай делінген: «Халықтың шығу тегін, таралуын баяндайтын тарих ғылымдарының бір тармағы. Ру-тайпалардың өрбуін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген, қалыптасқан ресми шежіре мәдениетті елдердің бәрінде де кездеседі» [1; 54]. Бұл келтірілген үзіндіні шежіреге берілген анықтама деп қарауға болмайды, түсіндіру, ұқтыру деп қабылдаған жөн. Ал, нақты анықтамасын беру үшін арғысы А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамбетұлы, бергісі Ш.Ыбыраев, А.Сейдімбеков сияқты зерттеушілердің еңбектерін оқып барып, ой қорыту керек.

Қазіргі кезде шежіре жайлы зерттеу еңбектерден гөрі, жарыққа шыққан шежірелер әлдеқайда көп. Осыларды оқыған адамның шежіре сөзінің қолданылу аясының ауқымды, кең екендігін аңғарары хақ. Көпшіліктің ұғымында шежіре белгілі бір рудың немесе елдің ата-бабасын жіктеп-жіліктеп тарататын жүйелі түзілім. Әрине, бұл түсінікті жоққа шығаруға болмайды. Шежіренің негізгі өзегінің осы екендігі де рас. Бірақ күннің өзінен гөрі, сәулесінің қызуының пайдалы екендігін ескерер болсақ, шежіренің де сипатын, саласын, байланысын, мазмұнын тұтастандыра отырып зерттеген жөн болмақ.

Күнделікті өмірдегі сөйлеу тілімізде «шежіре» сөзін қолданудың үш түрлі аясы бар екендігін аңғарамыз. Біреуін жоғарыда атап өттік. Яғни ата-бабамыздың таралуын көрсететін кесте. Сондай-ақ өткен өмір өткелдерін көкейіне тоқыған, көпті көрген, көне көз қарияларды «шежіре қарт» деп те айтады. Бұл жерде «шежіре» сөзі «тарих» деген ұғыммен үндесіп тұр. Яғни, тарихымыздың жан-жақты хабары бар. Ойына мол мәліметтерді жинақтаған және оны арнасымен жеткізе білетін ақсақалдарымызды құрметтеп осылай атаған. Ауыз екі сөйлеу тіліміздегі келесі бір қолданыс «шежірешіл қария» деген тіркес. Бір қарағанда, бұл «шежіре қарт» деген ұғыммен мәндес, мағыналас секілді болып көрінеді. Ал, ой елегінен өткізіп салмақтар болсақ, соңғы тіркестің шешендер, ақындар жайында, олардың соңында қалдырған мол мұралары турасында кеңінен қозғап сыр шертетін әңгімешіл адам туралы айтылатындығын аңғаруға болады. Міне, сөйлеу тіліміздегі «шежіре» сөзінің осыншама тармақталып, тарамдалып кететініне көз жеткізгеннен кейін зерттеу жұмыстарымызда да оны жан-жақты, кең көлемде алып қарастыруға тура келеді.

Көптеген зерттеуші-ғалымдарымыз шежіре жайлы ой салатын келелі-келелі ғылыми пікірлер айтқан болатын. Айтарымыз, тұщымды да тұжырымды болу үшін біраз пікірлерді келтіре отырып, байлам жасағанымыз жөн. Ғалым А.Байтұрсынов өзінің «Әдебиет танытқыш» деген еңбегінде шежірені қара сөздің бір түрі әуезе тобына жатқыза келіп, былай дейді: «Шежіре — өткеннен дерек беретін сөздің бір түрі. Шежіреде уақиғадан гөрі, өткендердің түс, туысы көп айтылады. Сондықтан шежіре уақиға сарынымен емес, уақыт, туыс сарынымен айталатын әуезе тобына жатады. Шежіре болған уақиға жайынан сөйлесе, себебін, мәнісін айтпай, тек мағызды түрде айтса, екінші жерде сұйылтып ұсақ-түйекті сөз қылады. Бір жерінде рас болған оқиғаны суреттесе, екінші жерде тек жұрт аузындағы әуезе болған өтірік-шынды әңгімелерді сөйлеп кетеді» [2]. Ғалым бұл жерде осы пікірі арқылы шежіренің өзіне тән белгілерін ашып, сипатын айқындап, ажыратып беріп отыр. Ғалым-зерттеуші Х.Досмұхамедұлы: «Рулар мен жекелеген тұлғалар туралы аңыздар халық әдебиетінің шежіре» аталатын үлкен бір бөліміне кіріспе қызметін атқара алады. Әрбір қазақ өз руын, атасын 7–10 буынға дейін таратып айтып бере алады. Ақсақалдардың ішіндегі ерекше зеректері көптеген рулардың, тіптен бір жүздің немесе үш жүздің басқа да туыстас түрік жұрттарының шежіресін тарқата алады. Дәл осындай хандар шежіресі де бар. Өлеңмен жазылған, поэма түріндегі шежірелер де ұшырасады» [3], — деп нақты ғылыми тұжырым жасаған. Мұнда екі мәселеге айрықша назар аударғанымыз жөн. Алғашқысы шежірені халық әдебиетінің бір бөлімі ретінде қарауы болса, екіншісі поэзия түріндегі шежіренің де болатындығы. Сондай-ақ ғалым Ш.Ыбыраев шежірені салтқа қатыссыз фольклорлық тобына жатқызады [4]. Міне, жоғарыдағы келтірілген үзінділер мен ой-пікірлерден мынадай нақты байлам жасаймыз. Шежіре — фольклордың ертегі, аңыз, хикая тәрізді үлкен бір саласы. Ол тарихпен тығыз байланыса отырып, дамыған, өскен, өркен жайған.

Шежіренің бойынан төмендегі сипаттарды байқауға болады. Біріншіден, құрастырған, шығарған авторының ұмыт болып, халықтық мұраға айналуы. Екіншіден, бірден-бірге ауызша көшіп, ел ішіне

кеңінен тарауы. Үшіншіден, сан ғасырлар бойына көптің талқысы мен айтушылардың ой елегінен өтіп, өңдеуге, өзгеріске түсіп сұрыпталуы, сомдалуы. Төртіншіден, қай уақытта, қай кезде шыққандығын тап басып айтудың мүмкін еместігі. Бесіншіден, бір рудың шежіресінің өзінің бірнеше варианттары кезеседі. Міне, осы аталған ерекшеліктердің барлығы фольклорға тән ортақ белгілер екендігі айдан анық. Қандай саланы алып қарасақ та, өзіне тән өзегінің болатындығын білеміз. Мәселен, эпикалық туындылардың негізгі өзегін оқиға дейтін болсақ, лирикалық шығармалардың өзегі — халықтың тұрмыс-тіршілігі, көңіл-күйі. Сондай-ақ шежіренің өзегі — ата-текті тарату жүйесі. Тарих дерекке сүйенеді. Аңыз-әңгімелер, хикаяттар, әпсаналар оның кейбір тетіктерін ашуға септігін тигізгенімен, негізгі сұрақтарына толымды жауап бере алмайды. Шежіре де дәл солай. Мәселен, көптеген шежірелерде Қаркесектен (Болатқожа) Ақша, Түйте туады делінеді. Қосымша мәліметтерді пайдалана отырып, Болатқожаның өмірде болғандығын дәлелдеуге болады. Ал, Ақша, Түйтені балалары ма, әлде бірнеше атадан кейін келіп шыққан ұрпағы ма, кесіп айту мүмкін емес. Шежіренің осындай сипаттары біздің жоғарыдағы айтып кеткен пікірімізді айғақтай түсері хақ.

Ғалым А.Сейдімбеков: «Шежірешілік — құрғақ хронология немесе адам аттарының жалаң тізімі емес» [1; 45], — деп атап көрсеткен болатын. Өте орынды айтылған пікір. Егер шежіренің астарын ашар болсақ, тарау-тарау ғажайып өрнектерді көреміз. Тарихи мәліметтер, ата-бабамыз жайлы аңыздар, шебер тілді әңгімелер ата-тек кестесімен, өрілген бұрымдай тұтастанып үйлесім тапқан. Шежіренің осындай мазмұнын байытатын, өз алдына жеке бір дүние етіп көрсететін тұстарын елемей, ата-тегімізді тарататын жүйе ретінде ғана алып зерттейтін болсақ, оның сыры мен сипатын, тамаша табиғатын ашу мүмкіндігінен мақұрым қалған болар едік.

Осындай шежірелік халық ауыз әдебиетінен де байқауға болады. Эпикалық туындылардың ішінде ерекше орын алатын саланың бірі — қаһармандық эпос. Барша халыққа танымал «Алпамыс батыр» жырының алғашқы өлең жолдарына назар салып көрелік:

*Бұрынғы өткен заманда,
Дін-мұсылман аманда,
Жиделі Байсын жерінде,
Қоңырат деген елінде
Байбөрі деген бай болыпты* [5; 86].

Жырдағы Қоңырат — рудың аты. Байбөрі деген байдың осы рудан екендігі баяндалып тұр. Соның нәтижесінде келтірілген үзіндіде шежірелік сипаттың жатқандығын аңғара аламыз. Көзімізді нақтырақ жеткізу үшін «Арқалық батыр» дастанына үңілесек:

*Ел еді егіз жатқан Керей, Найман,
Шығады сөз болмаса мизан қайдан.
Қазақтың хан билеген заманында,
Болыпты қазақ, қалмақ барымта алған* [5; 283].

Немесе

*Арқалық жастан шыққан бағалы ерім,
Бәйімтей деген мен бір ағаң едім.
Нәліқара, Ботақара, Төлеңгіттен,
Хабарды жетсін деген ала келдім* [5; 286].

Дастанның алғашқы бастауларында осындай түйдек-түйдек тіркестер арқылы, ру атауларын қолдана отырып, батырдың шыққан тегін тыңдаушы қауымға жеткізіп отырған. Олай болса, ғалымның біз келтіріп отырған жоғарыдағы пікірінің дұрыстығын, шежірелік мәліметтердің кіріспеді айрықша қолданылғандығын және оның халық ауыз әдебиетінен жалғасып келе жатқан дәстүрлі құбылыс екендігін мойындауға да мақұлдауға да тура келеді.

Ғалымның пікіріндегі екінші бір назарда ұстанатын мәселе өлең түріндегі шежіренің болатындығы туралы айтқаны. Яғни өз заманындағы көпшіліктің талап-тілегіне сай шығармаларын туғызған ақын-жыраулар, ел ішіне аңыз болып тараған шежірені назардан тыс қалдырмаған, бір атаның немесе бір рудың бұтақ-тармақтарын басшылыққа ала отырып, шежіре-толғауын туғызған. Олардың бір тобының талай өнерпаздардың тіл өнеге мен ой елегінің екшеуінен өту барысында өңдеуге түсіп, бастапқы шығарушыларының ұмыт болуы да фольклорға тән құбылыс екендігі белгілі. Ендеше, халық ауыз әдебиетінде өлең түріндегі шежіренің бар екендігін жоққа шығара алмаймыз.

Танымал ғалым, зерттеуші Ш.Ыбыраев шежірені салтқа қатыссыз фольклордың тобына жатқызады [6]. Әрине, нақты дәлелдер келтіріле отырып, айтылған мұндай тұжырымның ұлттық шежіренің мазмұндық сипатына ғылыми тұрғыда назар салсақ жөн екендігін анық аңғарамыз.

Шежіренің тарихпен тұтастықта таралатындығы рас. Өйткені ондағы кісі аттары, ру атауларының бір бөлігі өмірде болған тұлғалардың негізінде қалыптасқан. Десек те, шежіренің таралуы, аңыз желісін бойына сіңіруі, өлең түрінде де айтылуы, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып қалуы, фольклорға тән дәстүрлерді жинақтауы халық ауыз әдебиетінің бір тармағы ретінде қарастыруға негіз болатындығын көрсетеді.

Егер шежірешілдікті қазақтың ұлттық болмысының бір қыры деп танысақ, ел әдебиетінің мұраларындағы шежірелік иірімдерді бүгінгі көркем туындыларға дейін қолданылып келе жатқандықтан, фольклорлық дәстүр деп қарастыруға да болады. Қазақ шежіресі жайлы салиқалы, ғылыми пайымдаулар айтқан ғалым А.Сейдімбек былай дейді: «Қазақтың шежірешілдігін, дәлірек айтсақ, қазақтың тарихшылығын ұлттық қасиет деуге болады. Бұл, әрине, ерекше артық жаралғандықтан немесе артта қалған жабайылықтан емес. Қазақ халқының шежірешілдігін тарихи санасының сергектігі, ең алдымен, оның ұзақ ғасырлар алдында көшпелі өмір салтта болуымен сабақтастырған жөн. Ал, салт атты көшпелілер өркениетінің (цивилизациясының) Еуразия ойкуменінде үш мың жылдық тарихы бар. Біздің заманымызға дейінгі XI ғасырдан бастап, біздің заманымыздың XVIII ғасырына дейін еуразиялық далада бір ғана өндіріс тәсілі болады. Ол — көшпелі мал бағушылық еді» [1; 59]. Бұл жерде бізге қасиетті назарға алатын бір мәмле, көшпенділер үшін шежіренің ағайындықты танып-білуі үшін өте қажеттілік болғандығы. Соның нәтижесінде өзегін жоғалтпай өміршендік танытып, ғасырлар бойына жалғасып отырғандығын байқаймыз. Мұндай маңызды дүниенің халықтың рухани байлығы болып табылатын поэзия әлеміне еніп, тұтас жүйенің бөлінбестей бөлшегіне айнауы қалыпты жайт. Оның үстіне шежіренің поэзия түріндегі нұсқасы туындап жатса, бұл өлеңді сөздің атасы деп түсінген қазақ халқы үшін жат қылық емес еді.

Шежіренің белгілі бір деңгейде туыстық байланысты айқындайтын құрал ретінде ата-бабаларымыздың қолданып келгендігін жасыра алмаймыз. Ал, осының астарында бірліктің тұтастық негізі жатқандығы мәлім. Қазақ шежіресі жайлы ой-толғам жазған З.Сейдімбековтің еңбегінде мынадай пікір бар: «Бұрынғы қазақ жастарында жүректі дүр сілкіндіретін өткінші махаббаттық сезімнен мызғымас бауырмалдық сезім басым болған. Бір атаның емес, бір рудың кәмелетке жеткен ұлы мен қызы өздерін бір әке, бір шешеден туғандай сезінген. Оларға салт етпе махаббаттық сезім бауырмалдық сезімдегі ар-ұяттың алдында мүлдем басылып қалған, әрине, көп ішінде жеңіл сезімге берілгіш жеңілтектер де жоқ емес еді. Негізінде, «Малым — жанымның садағасы, жаным — адамның садағасы» деген халқымыз ар-намысты барлық сезімнен жоғары қойған. Оған да рулық дәстүрдегі тәрбие ерекше үлес қосқан» [7; 5]. Мұнда жазушының махаббат пен туысқандықты салыстыра қарауы, шынайы сүйіспеншілікті өз тарапынан басқаша бағамдауы тиімді қолданыс емес. Бірақ алыс ағайынның өзін бір туғандай сезімге бөлеудегі шежіренің атқаратын қызметінің айрықша болатындығын жақсы байқаған. Олай болса, мұндай жалпы көшпенділерге пайдалы қолданымның, рухани байлықтың барлық саласынан бой көрсетуі, көпшіліктің талап-тілегіне сай туындаған қажетті құбылыс деп бағалағанымыз жөн.

Сонымен біз көркем туындыларға шежірелік қолданыстарды фольклорлық дәстүр тұрғысынан қарастыруға болады деген өз ұсынысымызды ортаға салғымыз келеді. Ал, көркем туындылардың қомақты бөлігін халық ақындарының шығармалары құрайтындығы баршаға белгілі. Бұл орайда XIX ғасырдағы Сүйінбайды, Майлықожаны, шежіре-толғау туғызған Шөжені, Орынбай мен Кемпірбайды, XX ғасырдың алғашқы жартысында ақындық құрған Шашубай, Доскей, Иса, Кенендерді атап айтуға болады.

*Атамыз Адам пайғамбар,
Топырақтан жаралды.
Үшбу жонның баршысы,
Сол Адамнан таралды* [8; 18], —

деп жырлаған Шортанбайдың бұл толғауының сюжеттік негізі діни аңыздың желісінен алынғанымен, мазмұндық сипатынан шежірелік көріністі аңғаруға болады. Дәл осы тектес қолданыс Базар жырауда да кезігеді:

*Он сегіз мың ғаламнан,
Біз бір пенде Адамнан.
Неше дүркін ел өтті,
Сонан бергі заманнан* [9].

Әрине, бұл келтірілген үзінділерде шежірелік белгілер байқалғанымен, нақты, толыққанды көріністер жоқ. Ал, мұндай нақты көріністерді халық ақындары туғызған дастандар мен тарихи жырлардан анық аңғаруға болады.

Қазақтың халық ақындарының бір тобы Монғолиядағы Баян-Өлгий аймағында өмір сүргендігі кейінгі ғылыми зерттеу еңбектерінде, шығармалары жан-жақты талдана отырып айтылып жүр. Осы жолда еңбек сіңіріп жүрген әдебиетші-ғалымдардың арасында Шынай Рахметұлы, Қабидаш Қалиасқарұлы, Қаржаубай Сартқожаұлы, Саян Қожыбайұлы, Базылхан Бұқатұлы, Хұрметхан Мұхамәдиұлы тәрізді көрнекті тұлғалар бар. Ал, аталған аймақтағы халық ақындарының қатарына Қабанұлы Тауданбек, Бөжеқұлы Төлебай, Отарбай, Қожекеұлы Мешел, Үлімжіұлы Ақыт қажы, Бабиұлы Ақтан, Алақанұлы Ақып және тағы басқаларын жатқыза аламыз. Аталған ақындардың артына қалдырған мұраларын жанрлық тұрғыдан топтастырсақ толғаулары, арнаулары, айтыстары, дастандары деп, ал тақырыптық жағына назар салсақ, адамгершілік, ерлік, туған жер, махаббат, оқу-білім т.б. деп топтастыруға болады. Қалай десек те, өнерпаздардың өз заманындағы халықтық мұқтажын жырлап өткендігін аңғарамыз.

Баян-Өлгий өлкесінен шыққан көрнекті халық ақыны, өзінен соңғы көптеген өнер иелеріне ұстаз болған өлеңі өрнекті, тілі шұрайлы Ақыт қажы Үлімжіұлы. Өмір жолына шолу жасай кетсек, ақын 1868 жылы Алтай аймағының Қайырты деген жерінде дүниеге келген. Бала кезінде Бұхардан келген молладан сабақ алып, діни сауатын ашады. Ақыттың өз сөзіне сүйенер болсақ, молланың есімі — Махбубулла.

*Ержетіп да молладан алдым сабақ,
Есімі дүр Махбубулла асыл талап.
Бұхардың ақсүйегі дәл өзінен,
Шығады дені сайын ғылым тарап [10; 7].*

Ақын сауатты бола тұрса да, ертеден келе жатқан суырыпсалмалық дәстүрді берік ұстанған. Қырықтан астам арнаулары мен толғаулары, бірнеше қисса-дастандары бүгінгі күнге дейін сақталып жеткен. Біз Ақыттың шығармаларының жариялануына байланысты мынадай деректі келтіре кеткенді орынды санадық: «Артына өшпес із — сара жол, мол мұра — асыл сөз қалдырған халқымыздың ақыл ғой ақын данасы Ақыт қажы Үлімжіұлы Қарымсақтегінің жыр қазынасы ұшан-теңіз. Ақыт қазақтан алғашқы болып 1897 жылы Қазан қаласында «Жиһанша» қиссасын бастырған екен. Іле-шала «Хиямет ахуал» қатарлы бірнеше шығармасы Қазанда тасқа басылыпты. Дінімізге бұғау салынған жылдарда Ақыт шығармалары көп уақыт жарық көрмей, бертінде біреу шығармасы Монғолияда, Қазақстанда, Шыңжаңда кітап, журнал, газеттерде анда-санда жалт етіп көрініп келе жатқан еді. Доктор Қабидаш Қалиасқарұлы жинақтап бастырған «Халық ақындары» (1972), «Замана жыршылары» (1989) кітаптарына бірқатар еңбектері енген. Баян өлкеде Жаңжүңұлы ақын Керей 1991 жылы «Хажыбаян» кітабын Ақыттың жеке кітабы ретінде шығарды. Онда «Хажыбаян», «Жеті хажы», «Қобда кеңес», «44 назым» шығармалары бар. Онан соң 1993 жылы «Ахиретбаянын» да бастырды» [10; 3]. Бірте-бірте ақындығымен елге танылған Ақыт, отыз тоғыз жасында Мекеге барып қажы атанды.

*Иләһи, саған жылап қалам алдым,
Тәуекел бар ісімді саған салдым.
Жарандар, атым — Ақыт, молла тайф,
Жасымда отыз тоғыз Мекке бардым [10; 10].*

Ел ішінде ақындық құра жүріп, әр түрлі дау-дамайларды әділдікпен шешуге де араласып отырады. Мұндай жағдайда көпшілігінде ислам дініндегі заңдылықтарға сүйенген. Ақын 1940 жылы зорлық пен зомбылықтың тегеурініне төзе алмай 72 жасында абақтыда қайтыс болады.

Ақыт қажының шығармалары тақырыптық жағынан сан алуан. Туындыларының қай-қайсысын болмасын сол заманының маңызды мәселелерін толғаған, мазмұнынан терең ойшылдығын аңғарсақ, сөз қолданыстарынан тіл шеберлігін, көркем сөздің көсемі болғандығын байқаймыз. Ақын мұраларының ішінде айрықша көзге түсетін толғауларының бірі — «Болғанда Керей — Керей» және «Абақ Керей шежіресі». Ерекшелігі — бұл туындылар өлең түрінде шығарылған шежіре. Енді осы шығармаларға жеке-жеке тоқталып көрелік.

Ақыт Үлімжіұлы Қарымсақов өзінің шығармашылық жолын бастағанда Шығыс Түркістан өлкесі Манжүр-қытай империясының билеуінде болатын. Сондықтан ақын өлеңді әлеуметтік ой құралы ете отырып, қалың қауым халқының қамын жырлады. Алдымен заман дәуір келбеті, ұлт-халық тағдыры оның ойын онға бөлді. Басқаның басқаруына кіріптар болған елінің ертеңі не болмақ, күрмеуі көп

түйіндерді қалай шешуге болады? Ақыт он сегіз жасында жазған алғашқы өлеңдерінің бірін «Замананы сөйлейін» (1886) деп атауының өзі тегін емес. Өлең өрімі — отаршылдыққа қарсылық.

*Береке кетті асыңнан,
Билік кетті басыңнан.
Жылағанмен не пайда
Көзден аққан жасыңнан.
Алманға малың бересің
Зорлыққа шыдап көнесің.
Тай көкірек бозбала
Шерлі болып өлесің [10; 24].*

Немесе

*Батысты қоршап орыс тұр,
Сыртымда қалқа — тор басы.
Ғарып Ақыт мекені —
Өр Алтайдың өр басы.
Айналаң тегіс қоршалды,
Заманың калай, қазағым
Жығыла ма осымен
Алаптың тіккен ордасы? [10; 25].*

Бұл жолдар бодандық бұғауына ілінген халықтың кайғы-зарындай естіледі. Ақынды «билігі кеткен басынан» елдің мүшкіл халы ойлантады. Еркіндігі жоқ, еңсесі төмен жұртының болашағына аландайды. Шынымен-ақ, «Алаштың тіккен ордасы жығыла ма?». Ақын әлде бір сәуле-саңлауды іздейді. Қайткенде елдікті сақтауға болады. Алма-кезек ауысқан екі ұдай сезім. «Қай қонысқа барайық, боламыз қандай халайық?». Қайда барса — Қорқыттың көрі. Қай қоныс-мекеннен тұрлау-тиянақ таппақ?

*Орыс, шүрішіт тіресіп,
Біріне-бірі сіресіп,
Ақыры қандай болады.
Кетерсің кімге ілесіп? [10; 42].*

Мақалада тележурналистер арасында жиі кездесетін мәселелер: камера алдында өзін-өзін ұстау ерекшелігі, ақпаратты толыққанды жеткізу, сонымен қатар тележурналистің бет-бейнесі де басты рөл атқаратындығы қарастырылған. Зерттеудің өзектілігі тележурналистикада қызмет ету ерекшелігін түсіну қажеттілігі саналады, өйткені қазіргі таңда ең негізгі бұқаралық ақпарат құралдарының бірі — теледидар болып табылады. Теледидар арқылы көпшілік көрермен басты әлемдік жаңалықтарды және кез келген басқа да маңызды ақпаратты қабылдайды, яғни көпшілік алдында мәнерлеп сөйлеу ерекшелігі әр журналист үшін ақпаратты дұрыс жеткізудің басты факторы болып табылады.

M.K.Zhumabekov, V.V.Murzintseva, T.L.Bogomolova

The specificity of the performances in the TV broadcast

The article deals with the problems faced by journalists on television: their behavior in front of the camera, the correctness of presenting information, and the main factors of successful performance. The relevance of the undertaken research is the need for understanding the peculiarity of TV, because now it is one of the key mass media. Thanks to television, the audience learns the basic news of the world and any other important information, thus, journalists are essential to know the features of speech for the quality of information presentation.

References

- 1 *English language and speech.* / Ed. V.Maximov, Moscow: Gardariki, 2001, 413 p.
- 2 Shesterkina L.P., Nikolaeva T.D. *Method of TV journalism*, Moscow: Aspect of Press, 2012.
- 3 Lazutina G.V. *Technology and technique of journalistic work*, Moscow, 1998, p. 66.
- 4 Soper P.L. *Fundamentals of art*, Moscow: Feniks, 2006, p. 329.
- 5 Moiseeva A.P. *Basic theory of communication*, Tomsk: Tomsk Polytechnic University, 2004, 128 p.
- 6 Bobkov A.K. *The basics of creative activity of the journalist*, Irkutsk: Irkutsk University, 2005, 96 p.

ӘОЖ 94 (574)

М.І.Әбдуов, Т.Б.Қазбеков

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: abduov_m@mail.ru)*

Елім, жерім деп өмір сүрген нар тұлғаға арналған құнды зерттеу

Сын мақалада монографияда қазақ даласының әр сүйем жері үшін қасықтай қаны қалғанша күрескен халықтың қаһарман ұл-қыздары әрдайым жұртшылық жадында екені ескертілген. Еңбекте ұзақ жылдар бойы партия-кеңес қызметінде басшылық қызметтер атқарып, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесін, кейін Қазақ КСР Үкіметін басқарған XX ғасырдағы ірі мемлекет және қоғам қайраткері Жұмабек Ахметұлы Ташенов есімі де бізге сондай ардақты екені баяндалған. Шығармада дара тұлғалы азаматтың кісілік келбеті, өмірі мен қызметі жан-жақты талданған. Кітап авторы Ташеновтің сырға толы өмір жолының көптеген қырлары әлі де құпия екенін дәлелдеген, сондықтан да осындай алып тұлға туралы айтылар сөздер әлі де алда екеніне сенім білдірген.

Кілт сөздер: қайсар азамат, мәліметтер, шешу, саясат, ұлттық мүдде, баға беру, адамгершілік, кісілік келбеті, қоғам қайраткері, тағдыры.

Өзіміз көрген-білген, алыс-жақын тарихта халықтың жадында ең бірінші кезекте ұлттық мүддені қорғағандардың ғана есімі өшпейді және олар жыл өткен сайын жаңғыра береді. Болашақта да солай болатыны сөзсіз. Өйткені олар өздерінің қарақан бастарын емес, таптық, рулық бөле-жаруды емес, барлық қазақтың тұтас ел болуын, басқалармен тең болуын аңсаған арыстар. Осы қатарда XX ғасырдың алпысыншы жылдарының бас кезінде қарулы күштерімен дүниежүзін қалтыратып тұрған Кеңес Одағының Бірінші басшысы Н.С.Хрущев бастаған топ қазақ жерін бөлшектеуге кіріскенде жалғыздан-жалғыз қарсы шыққан Жұмабек Ахметұлы Ташеновтің де есімі тұрағы анық. Қазірдің өзінде оған Астанадан жарқыраған жаңа көшенің аты берілді. Бұл — қазіргі Қазақстан басшылығының, халықтың өзінің жоғын жоқтаған ұлдарының есімін ешуақытта да ұмытпайтындығының бір көрінісі.

Таяуда белгілі әдебиеттанушы, атақты ғалым, академик Р.С.әл-Каренидің (Кареновтың) «Жұмабек Ташенов — Алаштың жүз жылда біртуар алып тұлғасы» атты тарихи-филологиялық зерттеуі (монографиясы) жарық көрді*. Рекең бұл еңбегін кезінде Н.С.Хрущев секілді қолында шексіз билігі бар, өзімшіл, ұрда-жық басшыға қарсы айқасқан қайсар азаматтың 100 жылдығына арнапты. Кітаптың алғашқы үш тарауында бар саналы ғұмырын қазақ халқының жері мен біртұтастығын сақтап қалуға арнаған өр тұлғалы азаматтың өмірі мен елі үшін жасаған қызметі туралы келесідей басты-басты мәліметтер алға тартылған:

1. Жұмабек Ахметұлы Ақмола облысының Аршалы (бұрынғы Вишневка) ауданындағы Бабатай ауылында дүниеге келіп, ауылдағы мектептен соң Ақмоладағы құрылыс техникумын бітіріп, қызметке араласып, өзінің пысықтығы, парасаттылығы, адамдармен тіл табыса білетін қасиеті, сауаттылығы арқасында қызметте әсте-әсте жоғарылап, кейін Кеңестер Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитеті жанындағы Жоғарғы партия мектебін бітіріп, облыстық партия комитетінің бірінші хатшылығынан Қазақстанның Министрлер Кеңесі төрағасына дейін көтерілген.

2. Жүмекең 1940 жылдан СОКП-ның мүшесі, жоғары білімді, экономика ғылымдарының кандидаты. Еңбек жолын 1934 жылдан бастаған. 1934–1939 жылдар аралығында Солтүстік Қазақстан

* Әл-Карени Р.С. (Каренов). Жұмабек Ташенов — Алаштың жүз жылда біртуар алып тұлғасы. — Қарағанды: Қазақстан-Ресей ун-нің баспасы, 2014. — 222 б.

облысында аудандық атқару комитетінің хатшысы болып қызмет атқарған. 1939–1943 жылдары осы облыстың жер бөлімі бастығының орынбасары қызметіне көтерілген. 1945 жылы Солтүстік Қазақстан облысы партия комитеті хатшысының орынбасары және мал шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі қызметіне ауыстырылған.

3. 1947–1948 жылдары Солтүстік Қазақстан облысы атқару комитеті төрағасының орынбасары, 1948–1951 жылдар аралығында осы облыстың атқару комитетінің төрағасы болып бекіген.

4. 1952 жылы Ақтөбе облыстық партия комитетінің бірінші хатшылығы қызметіне келген. Бұл қызметтен 1955 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы қызметіне сайланған. 1960 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағалығына тағайындалған.

5. 1961 жылы Шымкент облыстық атқару комитеті төрағасының қатардағы орынбасары қызметіне қитұрқы саясаттың кесірінен төмендетілген. 1956–1961 жылдары СОКП ОК мүшелігіне кандидат және төртінші сайланған КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты, төртінші-бесінші сайланған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, 1949–1961 жылдары Қазақстан КП ОК мүшесі, 1955–1961 жылдары оның бюро мүшесі болған. 1975 жылдан одақтық дәрежедегі дербес зейнеткер. Ленин, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған.

6. Жұмабек Ташенов қиын да күрделі, сын мен талапқа толы талай мәселелерді шешкен. Өндіріс алыптарын дамытуға, жұмысшы табын жергілікті қазақ жастары есебінен толықтыруға, әсіресе, соғыс жылдарында азып-тозып кеткен тұрғын үй құрылыстарын салуға халықты жұмылдыра білген. Көптеген отбасыларды жайлы баспанамен қамтамасыз ету жұмыстарын қауырт жүргізген. Соның арқасында сан мың адам жаңа қоныс қуанышына бөленген.

7. Жұмабек Ахметұлы экономикадағы, саясаттағы күрделі мәселелердің көбін халық мүддесіне сай шешуге болатынына шүбә келтірмеген. Әрдайым нақты жұмыс істеу тәсілін қолданған. Кеңестік саяси жүйенің билеп-төстеушілеріне тура қараудан тартынбаған. Өз пікірлерін жариялаудан жасқанбаған, көңілге түйген ойларын батыл айтып жүрген.

8. Жүмекең ғұлама адам болған. Ел тарихы, өнер мен әдебиет, саясат пен экономика, мәдени құрылыс, тағы басқа салаларда жоғары дәрежеде хабардар болатын. Олар жөнінде әңгіме қозғалғанда, төрт аяғы тең жорғадай зулап, кез келген сұраққа іркілмей жауап бере беретін. Содан да болар ол кісінің қасында отырғандар өзінің білгіштігін танытудан тартынып, көбінесе оның әңгімесін тыңдауға мәжбүр болған.

Кітап авторының «Жұмабек Ташенов республика басшылығында болған жылдарда атқарылған маңызды жұмыстар» атты төртінші тарауында Жұмабек Ахметұлы ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы, Министрлер Кеңесінің басшысы болып қызмет істеген жылдар ішінде халықтың жадында қалатындай бірқатар өрелі мәселелер шешкені зерттелген.

Украинада Т.Шевченкоға, Өзбекстанда Ә.Науаиға, Грузияда Ш.Руставелиге, басқа да одақтас республикаларда атақты ақындарына еңселі ескерткіштер қойылып жатқанын көрген Жүмекең Алматыда Ұлы Абайға ескерткіш жасатып, қойғызуға тікелей түрткі болған.

Кезінде басталып, содан бері аяқталмаған Медеу мұз айдынының құрылысы да осы Жүмекеңнің күш салуымен диттеген жеріне жеткізілген көрінеді. Ол өзінің Мәскеудегі әріптесі, сол кездегі КСРО Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы, елдегі үш биліктің бірінің құлағын ұстап отырған К.Ворошиловты Алматыға шақырып, оған Медеудің тамаша табиғатын көрсете жүріп, соның көмегімен құрылысты аяқтауға керек қаражатты сұрап алған.

Партияның 1956 жылғы XX съезінен кейін сталиндік қызыл террор жылдарында жазықсыз жапа шеккендерді ақтау басталды. Қазақтың да небір жақсылары мен жайсаңдары осы террорда репрессияға ұшырап, құрбан болды емес пе. Репрессия құрбандарын ақтау жөніндегі республикалық комиссияның төрағалығына Жұмабек Ахметұлы сайланып, ол олардың есімдерін қайтадан жарыққа шығаруда ұшы-қиырсыз еңбек сіңірген.

1958 жылы Алматыда ОК-те «Қазақ әдебиеті» газетіндегі ұлтшылдық мәселесі қаралып, ол газетті жабу туралы ұсыныс болады. Ташенов баяндама жасауға шыққан редактор Сырбай Мәуленовтің жүрексініп тұрғанын байқап: «Тайсақтамай, батыл сөйле!» — деп, орнында отырып дауыстап қалады. Сол жолы Ташеновтің батылдығы мен табандылығының арқасында «Қазақ әдебиеті», «Социалистік Қазақстан» газеттері және Қазақ педагогика институты ұлтшылдық айыптан арылып, жабылудан аман қалады. Тек басшылары ауыстырылса керек.

Өткен ғасырдың отызыншы жылдарында тоқырап қалған қазақ мәдениеті мен өнерінің онкүндігін Мәскеуде өткізуге, бес бірдей әншіге КСРО Халық әртісі атағын әперуге ықпал еткен де

осы Ж.Ташенов ағамыз болған. Осыдан кейін осындай көлемде жоғары атақ алу қазақ топырағында бұрын-соңды болған емес.

Ол жылдары республикалар Жоғарғы Кеңесінің төрағалары КСРО Жоғарғы Кеңесі төрағасының орынбасарлары болып есептелетіндіктен, бір ай бойы кезекпен Мәскеуде қызмет ететін тәртіп болған. Жұмекең осы мүмкіншілікті халқының мүддесі үшін молынан пайдаланған. Соның ішінде Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романының Лениндік сыйлыққа өтуіне де Жұмекең осы қызметі арқылы көп күш салған.

Кітаптың 61–65-беттерінде Жұмекеңнің Бауыржан Момышұлына және Рақымжан Қошқарбаевқа Кеңес Одағының батыры атағын беруді қолға алуы қызықты сипатталған.

Өкінішке орай, соғыс кезінде батальон, полк, дивизия командирі болған, кейін әскери оқу орнында дәріс берген, соғыс ісінің тәжірибесіне жетік, теориясын терең білетін, ерлігі сол кездерде, кейіннен де газет-журнал беттерінен түспеген Бауыржан ағаға батыр атағы да, генерал шені де берілмеді. Бірақ одан Баукеңнің беделіне нұқсан келген жоқ. Халық оны шын мәніндегі қаһарман, батыр деп таныды. Әрине, Ұлы Отан соғысында фашистердің тас-талқаны шығып жеңілуіне сүбелі үлес қосқан қолбасшы, әрбір күні ерлікке толы батыр Бауыржан Момышұлының орасан еңбегі дұрыс бағаланбай 45 жыл бойы мемлекет тарапынан батыр атағын ала алмауы нағыз әділетсіздік болатын.

Осыны еске ала отырып, Жұмабек Ахметұлы бірде Мәскеуге барған кезекті сапарында Бауыржан Момышұлына сол атақты алып беру үшін қабылдауға Маршал Коневты шақырады. Бұл кездесуді М.Елеусізов «Ұмытылмас кездесулер» деген мақаласында (Жұлдыз, 1998, № 4, 143–149-б.) толықтырып былайша суреттейді: «... Үлкен орында отырғанымды пайдаланып, Отан соғысының қолбасшыларының бірі, Кеңес Одағының Маршалы, жасы ұлғайған ақсақалды мен Жоғарғы Кеңес атынан өзіме шақырдым. Шақырған күні көрсетілген уақытта жанына полковник адъютантын ертіп келді. Мен алдынан шығып қарсы алдым. Креслоға отырғызып, хал-жайын сұрадым, қарттың түрі қатулау болып көрінді. Аздан кейін үлкен үйге шақырған себебімді айтып, алдына Бас Штабтан келген Бауыржан жайындағы документтерді қойдым. Қалтасынан көзілдірігін алып, қағаздарды бір шолып шықты да, «ал, бұл баяғыда шешіліп кеткен документтерге енді менің қандай қатысым бар» деді. Мен өзімше түсіндіре бастадым. Гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлы қазір көп өзгерді, біздің республикамыздағы беделді жазушыларымыздың бірі, соғыс тақырыбына жазған шығармалары жастарды советтік патриотизм рухында тәрбиелеуге көп көмек көрсетуде. Соларды ескере келе, мына документтерді қайтадан жаңғыртып, Жоғарғы Кеңес алдына Момышұлына Советтер Одағының Батыры атағын беруді талап етсек деген ойымыз бар еді, дедім. Бас Штабтың пікірі бойынша, бұл ұсынысты сіздің де қолдауыңыз қажет көрінеді, дедім. Біраз ойланып отырды да, «бұл іс туралы менің пікірімді білмек болсаңыз, мен өз өмірімде ешқашан бір айтқан пікірімді өзгерткен адам емеспін. Бұл жолы да солай қаламын, ал егер осы мәселеге байланысты ғана шақырсаңыз, менің енді саяжайыма қайтуыма рахым етіңіз», деп тұра бастады. Шақырып тиышыңызды алғанымызға кешірім сұраймын, саламат болыңыз деп қолын алдым. Баукең көрсетем деген көмегім осымен аяқталды.

Елге оралғаннан кейін екі ақсақал-ағамызға Маршалмен болған әңгіменің қорытындысын айтып, оларды да қамықтырғандай болдым. Сол кездесуде Ғабең (Ғабит Мүсірепов): «Ей, Жұмабек, көңіліңе келсе де, сенің жіберген қатеңді, өзің де мойындадың ғой, ал мен сол қателікті болдырмаудың қандай жолы бар еді, соған тоқталайын, деді. Алдымен елден аттанарда бұл мәселенің тетігі кімде болса да, оған қыр көрсетпей, оның орнына басқа жағын ойластыру керек еді. Мен сенің орнында болсам, Бас Штаб документтерімен танысқаннан кейін, сол Штаб адамдарының ішінен Маршал Коневты жақсы білетін біреуді тауып, оның мінез-құлқын, демалыс кезінде нендей серуен түрлерімен шұғылданатынын білу керек еді. Содан кейін сол Маршалмен көңілдес адамы арқылы сол кісінің саяжайына сәлемдесуге баруды ұйымдастырған жөн еді. Қарт-әскери адам көңілшек келеді, оған ұлт республикасының адамы болғандықтан, сыйлық ретінде оқаланған барқыт шапан, басына құндыз бөрік, бірнеше бөтелке Қазақстаннан шығатын ішімдіктер, қазы-қартаға қоса сүрлеген ақ балық уылдырығымен, осылардың дәмін татқызғаннан кейін сөйлессең, әңгіменің қорытындысы басқаша болмаса, маған сәлемдеспей-ақ қой», — деп Ғабең қарқылдай күлді. Ол жолы ештеңе дей алмадым. Артынан ойлап қарасам, асқан психолог, шебер жазушы Ғабең осы тәсілді Мәскеуге жүрерде неге ойыма салмады екен деп санымды соққаным бар, — деп Жұмекең күрсінді.

Қамыққан ойын бөлейін деп мен: «Жұмеке, сіз қолыңыздан келген шараны жасапсыз, ештеңе етпес, «Асыл пышақ қын түбінде жатпайды» дегеніндей, бәрібір тесіп шығады дедім».

Тек, еліміз егемендік алған тұста ғана Президент Н.Ә.Назарбаев халықтың көп жылдар бойғы арманын жүзеге асырды. Тарихи жарқын тұлғаға Кеңес Одағының Батыры атағы өткен ғасырдың 90-шы жылдарында берілді. Елу жыл бойы шарқыраған шындық осылай жеңіске жетті. Берілу уақыты бойынша есептегенде, Б.Момышұлы ресми түрде 99-шы Батыр атанды. Бұл шешім тек қазақ халқын емес, Баукеңді білетін алыс-жақын бүкіл жұртшылықты қуантты.

Ойы шолақ, өресі тар, пиғылы теріс, қоғам құбылыстарының тарихи мәнін жете түсінбейтін, санасы таяздар сол бір жылдары Қазақстанның теріскей өлкелерін Ресейге қоспақ болғанын біздер жақсы білеміз. Сол тар кезеңде Қазақстанның тұтастығы үшін жан аямай күресіп, тоталитарлық жүйеге ертедегі батырларша қасқая қарсы шыққан бірден-бір азамат — Жұмабек Ахметұлы Ташенов еді. Хрущевтің Қазақстанда жүргіземін деген озбыр саясатына ашықтан-ашық қарсы шыққан Жүмекең қызметінен аластатылды.

Зерттеудің бесінші тарауында академик Р.С.Каренов осы оқиға туралы өз ойын былайша түйіндейді: «Мұрағат деректеріне назар аударсақ, 1961 жылдың 6 қаңтарында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «жабық» бюро мәжілісі өткізіліп, онда Ж.Ташеновтің ісі қаралады. Сөзіміз нақты болуы үшін бюроның мұрағатта сақталған «аса құпия» деген белгісі бар шешімінен үзінді келтірейік: «Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Ж.Ташенов жолдасқа мемлекет қаржысы есебінен жомарттық таныту сияқты жағымсыз қылықтарын бірнеше рет ескерткен болатын. Бірақ Ж.Ташенов жолдас бұл жағымсыз қылықтарды түзетудің орнына оларды үдете түсті деген мәліметтер бар».

Сөз жоқ, ата қоныс Арқаны, қазақтың небір марғасқаларын тудырған тектік қорын қорғап қалған Жұмабек Ташеновтің өршіл рухы мен жарқын бейнесі көзін көргендердің жүректерінен терең орын алды. Ал ұлы қайраткерді аяқтан шалған жандайшаптар, Кремльдегі мықтылар қайтпас қайсар дала Жолбарысын шынжырлап, Шымкент облыстық атқару комитетінің қатардағы орынбасары етіп жіберді.

Монографияның «Ұлттық мүддені ашық қорғағаны үшін Жүмекеңнің қызметінен алынып, төменге құлдилап кетуі» атты алтыншы тарауында Жұмабек Ахметұлының СОКП Орталық Комитетінің Бірінші Хатшысы Никита Хрущевқа айрықша ұнамай, оның қаһарына ілігіп, саяси қуғынға ұшырап, Оңтүстік Қазақстанға облатком төрағасының қатардағы орынбасары етіп бекітіліп, мәдениет, халық ағарту, әлеуметтік салаларға басшылық жасағаны суреттелген.

Жүмекең республиканың партия ұйымының басшылары арашашы бола алмады да, оған республика министрліктерінің бірінің креслосы бұйырмай, ол осы қызметті 14 жылдай атқарып, қызметіне көңілі толмайтын, өкпелі пендедей мінез-қылық сездірген емес. Өз жұмысына аса жауапкершілікпен қарап, өзі басқарған салалардың басшыларына қатаң талап қойып, олардың табыстан табысқа жетуін қамтамасыз етті. Әсіресе тәртіпке, жауапкершілікке, социалистік міндеттемелердің дер кезінде, тиянақты орындалуына айрықша назар аударды.

Ол кісінің алдына тілек-талабымен барған азаматтар оған қарғысын емес, алғысын айтып, қанаттанып шығып жататын болды.

Автор Жұмабек Ташеневке байланысты облыстағы елеулі уақиғаларды былай еске түсіреді: «Жүмекең жедел Шымкентке келіп, қызметке кірісті. Оңтүстік өңірдің тұрғындары, жергілікті қызметкерлер бар шамаларынша сый-құрмет көрсетті. Мәртебесі мұқалған марқасқа халқымыздың кең пейіліне, киелі атамекенінің мол мейіріміне бөленді.

Шымкент облаткомында Жүмекең істеген жылдарда өтініш-тілектер ескерусіз қалған емес. Қала, дала еңбекшілері оған тоқтаусыз келетін. Сатылап өсіп, шыңға шыққан жайсаң жан-жақты. Оның мінезінен, жүріс-тұрысынан өткенді көксеп, ұнжырғасы түсу, не төрелік, пандық мінездерді еш көрген емес. Үлкенге де, кішіге де тиісті, тұрақты ізет көрсету оған тән әдет еді. Сондықтан да ол Ел ағасы болып танылып, халық құрметіне бөленді. Бұл құрмет билеушілердің озбырлығын ойрандататын күдіретті күш, ердің елеулі емі. Қалың елдің ерге деген өлшемі, бағасы, билік қимылдарымен есептеспей-ақ дара, тәуелсіз, мығым тұрады. Оның қисыны неше түрлі. Бұны бірден түсіну қиын. Құрмет нарық емес, сый саудаланбайды. Халықтың ниеті, назары адамға ауса, оны көкке көтереді.

Шымкент еліне келгенде Жүмекең қырықтың ортасында еді. Ол кісі туралы «торға түскен айбарлы арыстан ғой, сабаз» деген сөздер жиі естілетін».

Ж.Ташенов жоғары қызметте де, төменгі қызметте де өзінің адами, азаматтық қалпына шаң жұқтырмады. Онымен араласқан азаматтар, қызметің жоғарылаған сайын қарапайымдылығың мен кішіпейілділігіңді жоғалтпай, азаматтық бет-бейнеңді сол күйінде сақтай білсең, күндердің күнінде

тағдырдың жазуымен лауазымың төмендеген сәттерде де бұрынғы беделің сақталып қалатынын Жүмекең бейнесінен көргендей болды.

Жұмабек Ахметұлы дастарқан басында көкірегін көтеріп кісімсінбей, кекірейіп сызданбай, өзін қарапайым ұстап, әңгіме тиегін ағытып, басқалардың сөздерін ықыласпен тыңдайтын. Мен пәлен уақытта бүйттім, анадай уақытта сүйттім деген бөспе сөздерден аулақ болатын. Оның өміріндегі жүрекке дақ салатын сонау жылдардағы қиянат ол үшін күнделікті күйбең тірліктің нәтижесі сияқты еді. Ол жағдай естен шығушы ма еді. Бірақ ұмыт болғандай сыр білдірмейтін.

Ж.А.Ташенов 1986 жылдың күзінде дүниеден өтті. Шымкенттің азаматтары ол кісіні қолдарынан келгенше барлық жол-жоралғысымен құрметтеп, соңғы сапарға шығарып салды.

Біз сөз етіп отырған кітаптың жетінші тарауында Ж.Шаяхметов пен Ж.Ташенов, Н.Оңдасынов пен Ж.Ташенов, Д.Қонаев пен Ж.Ташенов, Б.Әшімов пен Ж.Ташенов, Ф.Кәрібжанов пен Ж.Ташенов, А.Рамазанов пен Ж.Ташенов, Н.Күзембаев пен Ж.Ташенов тақырыбында әңгіме қозғау, олардың халқына сіңірген еңбегіне баға беру — аса жауапты іс, ресми тарих ғылымы терең айналысатын тұғырлы тақырып.

Монографияның 125–126 беттерінде автор қызық дерек келтірген: «1956 жылы XX съезде Л.И.Брежневті СОКП ОК Хатшысы етіп сайлаған соң ол Алматыға жаңа Бірінші Хатшы ретінде И.Яковлевті, Екінші Хатшылыққа Н.Журинді Москвадан келісіп әкеледі. Оларды Қазақстан КП ОК бюро мүшелерімен таныстырады. Бюро мүшелері бұл тосын жағдайға іштерінен тынып үнсіз қалады. Үнсіздікті бұзған Жүмекең сөз бастап, былай дейді: «Қазақстандағы игерілген тың жер, одан өндірілген астық көлемі әлемге әйгілі. Бұл күрделі өзгерістерді жүзеге асыруда қазақ халқы, партия ұйымы тәрбиелеген кадрлар өздерінің қабілетін көрсетті. Миллиондаған адамдар келіп, жүздеген кеңшарлар пайда болды. Оларға орысша атаулар берілді. Оған қазақтардың қарсылықтары болмады. Үлкен істе талай саңлақтар өсті. Аудан, облыстарда, орталық аппаратта, министрліктерде екінші хатшыға лайық қазақ азаматтары аз емес. Мынау отырған ОК-нің ауыл шаруашылығы жөніндегі хатшысы Фазыл Кәрібжанов кімнен кем? Ол Екінші Хатшылыққа жарамай ма? Сондықтан, осындай дайын тұрған кадрларды көзге ілмеу мені таңғалдырады. Мен мұны қазақ кадрларына сенімсіздік не білгісі келмегендік деп түсінемін. Бірінші, Екінші Хатшылық қызметке қазақ кадрларын жолатпау белгілі бір дәстүрге айнала бастады» (Егемен Қазақстан. — 1995. — 8 сәуір). Ол кездері мұндай сөз айту жалаң қолмен от ұстағандай еді. Ал Жүмекең соған барып Мәскеуден бастап ұлт кадрларына деген көзқарасын өзгерткен еді. Ертеңіне Пленумды өткізіп, И.Яковлев пен Н.Журинді сайлағаннан кейін болған банкеттің үстінде сол жағында отырған Ж.А.Ташеновке бұрылып Л.И.Брежнев:

— Сенің кешегі бюроның үстінде айтқан сөздерің менің жүрек соғуымды токтатардай әсер етті дейді де, әрі оны ұмыта қою да оңайға түспес деп жымияды. Десе де, адалын айтуға тиіспін, нағыз өсетін азаматтың бірі өзіңсің, бірақ сенің қазіргі қызметің екінші хатшылықтан жоғары тұр ғой, — депті қалжыңдап.

— Онда Бірінші Хатшылық бар емес пе? — дейді Жүмекең де астарлы қалжыңның қарымын қайтарып.

— Бұл әзірге менің қолымнан келмейді, — дейді Брежнев.

— Асығатыны жоқ, Леонид Ильич, әр жұмыстың өз уақыты бар емес пе? — дейді Жүмекең.

Көп ұзамай Фазыл Кәрібжанов Екінші, ал арада үш жыл салып Дінмұхамед Қонаев Бірінші Хатшы болады.

Шығарманың сегізінші тарауы «Жұмабек Ташеновтің өмірі мен қызметі туралы естеліктер» деп аталады. Осы тарауда автор келтірген деректерге көңіл аударсақ, мынаны аңғарамыз:

1. Қазақтың классик жазушысы Ғ.Мүсірепов Жүмекеңді: «Әр уақытта менің жүрегімнің төрінен орын алатын ер інім, еркек інім», — деп сыйлаған.

2. Академик, Халық Қаһарманы Ш.Шөкин Жүмекең туралы: «Қазақстанның тағдыры үшін өзінің кең пейілін жоғары жауапкершілікпен ғажап ұштастырған жан. Республиканың ғылымы мен мәдениетінде болып жатқандардың бәрі оның нәзік жүрегіне әсер етуші еді», — деп толғанған.

3. Атақты сазгер Е.Рахмадиев: «Хрущев: Тың өлкесін Ресейге қосу керек. Жер — ортақ. Бәріміз — бір Кеңес Үкіметіміз», — деп екпіндетті. Сол кездегі Министрлер Кеңесінің төрағасы болып отырған Жұмабек Ташеновтің: «Бұлай істеуге болмайды», — деп Хрущевтің өзіне келісім бермей қойғаны рас. Оны сол үшін қызметінен босатып, Шымкенттегі жай ғана облыстық кеңеске жіберді. Сонда тұрақтап, 18 жыл бойы бір орнында табан аудармай еңбек етті. Сол жерде қайтыс болды. Қазір Астанада Ташенов атындағы даңғыл бар. Мен тұсынан өткенде, ылғи да тағзым етіп тұрамын. Ол: «Керек болса, халықаралық сотқа да барамын. Бірақ қазақ жерін бергізбеймін», — деген ғой анау

Никита Сергеевичке. Осындай адамдар болған заманында! Қолына найза алып, сойыл соққандар ғана батыр емес. Елдің намысын сондай қарусыз-ақ қорғаған азаматтар бар ғой бізде», — деп Ташеновтің ерлігін мадақтаған.

4. Ж.Ташеновпен қызметтес болған жазушы Ә.Жылқышиев: «Жүмекең ғұлама адам еді. Ел тарихы, өнер мен мәдениет, саясат пен экономика, мәдени құрылыс — осылардың бәрі туралы ең кем дегенде әр саланың ғылым кандидаттарындай мағлұматы болатын. Денесі тұтас еді — сырт бейнесі батырларға ұқсайтын қырғи қабақ кісі болатын. Қой көздері тікелей қарағанда кімді болса да жасқандырып тастайтын. Сөйлеген сөзінің анықтығы мен нық айтылуынан бойында қажымас қайрат, жасымас жігер бары айқын сезіліп тұрушы еді. Содан да оған қарсы сөз айтуға көп ешкімнің батылы жетпейтін. Жүмекеңнің елге, жерге сіңірген еңбектері туралы айтыла қалса: «Уақыт деген алып бар, тарих деген шежіре бар. Осы екеуі әркімді өз орын-орнына қояды», — деп өзі туралы айтпайтын. Мақтаншақтар мен татымсыздарды жаратпай, ондайлардан іргесін аулақ салатын», — деп жариялаған.

5. Тарих ғылымдарының кандидаты Кәрішал Асан-Ата Ж.Ташеновті: «Ширек ғасыр ғұмыры шынжырда өткен Жолбарыс», — деп бағалаған.

6. М.Темірұлы, С.Бексейіт, Б.Тобаяқов сияқты Сарыарқаның белді ақындары Қазақтың қайсар ұлының ерлік істеріне тәнті болып, оған жыр жолдарын арнаған.

7. Заңгер Т.Болатұлы: «...Бүгінгі таңда талай-талай ардақты азаматтарымыздың, көрнекті тарихи тұлғаларымыздың, ақын-жырауларымыздың адал есімі қайтарылып, ел оны қуанышпен тойлап жатыр. Әрине, бұл қуанарлық та, құптарлық та құбылыс.

Осы орайда халқына қалтқысыз қызмет атқарып, ел ілтипатына бөленген азаматтарымыздың бірі — Жұмабек Ташенов. Ол өзінің жемісті еңбегімен, табандылығымен ел үшін көптеген игі істерге ұйтқы бола білді. Жүмекең мәселені батыл шешетін бірбеткейлігімен өзі туып ескен Арқа өңірінде көпшіліктің ұмытылмас сеніміне ие болды», — деп бұл ұлы Азаматтың ерлік істерін қалың оқырманға жеткізуге ұмтылған.

8. Философия ғылымдарының докторы, профессор С.Кенжебаевтың: «Руководители тогдaшнeгo Целиннoгo крaя Т.Соколов, В.Мацкeвич мeчтaли o тoм, чтoбы пoдчинить eгo нaпрямую Мoсквe или РСФСР, нe рaз стaвили o тoм вoпрoс пeред Цeнтрaльным Кoмитeтoм КПСС. Н.Хрущeв нaстoйчивo искaл вoзмoжнoсти пpисoединить бoгaтыe Сeвeрныe oблaсти Кaзaхстaнa вceцeлo к Рoссии, нaпpaвляя свoи пpeдлoжeния в Пoлитбюpo. Пoчти никтo из рoукoвoдитeлeй рeспублики в пpинципe нe вoзрaжaл прoтив пeрeдaчи Целиннoгo крaя в сoстaв РСФСР или пpямoгo пoдчинeния цeнтpу. «И лишь oдин Жумaбeк Тaшeнeв, пoдoбнo свoим слaвным пpeдкaм — бaтырaм Бoгeнбaю, Кaбaнбaю, Кeнeсaры и Нaурызбaю, oтстoял рoдную зeмлю, oбильнo пoлитую пoтoм и крoвью сoтни пoкoлeний, oт кaких бы тo ни былo пoсягaтeльств. Тaким oбрaзoм, мы стaли свидeтeлaми тoгo, кaк блaгoдaтнaя и свaщeннaя кaзaхскaя зeмля устoялa пeред oчeрeднoй oпaснoстью», — писaл пpoслaвлeнный пaртизaн, видный Гoсудaрствeнный дeятeль, учeный и писaтeль Aди Шaрипoв».

Да, Жүмеке всегда честно и верно служил своему народу. Он в час испытаний проявлял несгибаемую волю, мужество и стойкость. И потому благодарный народ его никогда не забудет. Жизнь Жумабека Ахметовича Ташенова — пример и завет для потомков», — деп жазуы да біраз жайды аңғартады.

2015 жылы Жұмабек Ахметұлы Ташеновтің туғанына 100 жыл болады. Уақыт деген тез өтеді, бұл күн ертең-ақ келеді, сондықтан дайындық жұмыстарына ертерек кіріскен дұрыс. Біздің ойымызша, Алаштың қайсар ұлының 100 жылдығы республикалық деңгейде атап өтілуі тиісті оқиға. Өйткені Ж.Ташенов сынды Отанына өлшеусіз еңбегі сіңген тарихи тұлғаларды мемлекеттік деңгейде ұлықтап, жас ұрпақ санасына сіңіріп, үлгі етудің ұлттық маңызы зор.

Сөз соңында академик, ҚР Білім беру ісінің Құрметті қызметкері, 2013 жылғы Ғылым мен техниканың дамуына зор үлес қосқан ғалымдар мен мамандарға арналған ҚР Үкіметінің Мемлекеттік ғылыми стипендиясының иегері Рашит Саттарұлы Кареновқа (әл-Карениге) халқымыздың қаһарман ұлы, нағыз адал перзенті Жұмабек Ташенов туралы ерлікке тең еңбегі үшін шын көңілден алғыс айтқымыз келеді.

М.И.Абдуов, Т.Б.Қазбеков

Ценное исследование, посвященное выдающемуся государственному деятелю, посвятившему свою жизнь территориальному единству Казахстана

В монографии подчеркивается, что во все времена официальное признание перед государством получают заслуги тех людей, которые всю сознательную жизнь служат своему народу верой и правдой. Отмечается, что Ж.А.Ташенов, Председатель Совета Министров Казахской ССР, который решительно выступил против предложения Н.С.Хрущева отторгнуть северные казахские земли, подчинив Целинный край непосредственно Центру, был одной из жертв проявлений субъективизма и волюнтаризма — государственной политики, осужденной временем и историей. Всесторонне исследуются жизнь, трудовая и государственная деятельность Ж.А.Ташенова, который, благодаря исключительной работоспособности, организаторскому таланту и высокой ответственности, быстро поднимался по служебной лестнице. Высказывается пожелание, что в будущем беспримерный поступок Ж.А.Ташенова, который безгранично любил свою землю, родную страну, должен находить отражение в воспитании подрастающего поколения.

M.I.Abduov, T.B.Kazbekov

The valuable research devoted to giving-out state to the figure who has devoted the life to territorial unity of Kazakhstan

It is emphasized that at all times official recognition of the state is gained by merits of those people which all conscious life serve the people faithfully. It is noted that Zh.A.Tashenov, the Chairman of the Council of Ministers of the Kazakh Soviet Socialist Republic which resolutely opposed N.S.Khrushchev's proposal to tear away the Northern Kazakh lands, having subordinated Tselinniy edge directly the Center, was one of victims manifestations of subjectivity and voluntarism — the state policy condemned by time and history. Life, labor and state activity of Zh.A.Tashenov, who thanks to exclusive working capacity, organizing talent and high responsibility quickly rose through the ranks are comprehensively investigated. The wish is shown that in the future the unprecedented act of Zh.A.Tashenov, who infinitely loved his land, his native country, has to find reflection in younger generation education.

«Сөз және шеберлік» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция туралы хабар

Хайролла Мырзағалиұлы Нұрмұқанов 1929 жылы маусымның 16-сында Батыс Қазақстан облысының Жалпақтал (бұрынғы Фурманов) ауданы Таскүтір ауылында қарапайым отбасында дүниеге келген.

1942 жылы Орал облысының Фурманов ауданына қарасты Талдықұдық ет кеңшарында орта мектепті бітірген. Содан соң осы ауылда жұмысшы, ауылдық кеңесте хатшы, есепші болып еңбек етті. 1952 жылы Орал қаласындағы Мұғалімдер институтына түсіп оқыды. 1954 жылы Қарағанды облысындағы Ақтөбе ауылына жолдамамен барып, әуелі мұғалім, кейіннен мектеп директоры болып істеді. 1956 жылы Қазақтың С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне (ҚазМУ) түсіп, оны 1962 жылы ойдағыдай бітірді. 1963 жылдан бастап жарты ғасырдай Қарағандының оқу-білім саласында еңбек етті. Әуелі Мемлекеттік педагогикалық институтта, ал 1972 жылы осы оқу орнының негізінде ашылған мемлекеттік университетте филология факультетінің алғашқы деканы, кейін кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарды.

1964 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен «За освоение целинных земель» медалімен марапатталды. 1969 жылы профессор М.Балақаевтың жетекшілігімен «Эмоционально-экспрессивная лексика драматургических произведений М.О.Ауэзова» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. 1986 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен «Ветеран труда» медалімен марапатталды.

1988 жылы профессор Х.М.Нұрмұқановтың есімі Қарағандының Е.А.Бөкетов атындағы мемлекеттік университетінің «Құрмет тақтасына» жазылды. 1989 жылы КСРО Білім министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды. 1994 жылы академик Р.Сыздықованың жетекшілігімен «Сөз және оның контекстегі қолданысы» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. 1997 жылы ҚР Өлеуметтік ғылымдар академиясының академигі болып сайланды. 1999 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен, 2001 жылы Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен марапатталды. 2002 жылы Хайролла Мырзағалиұлына көп жылғы жемісті еңбегі үшін «Қазақстан Республикасының білім саласының Құрметті қызметкері» және сол жылы «Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің Құрметті қызметкері» атағы берілді. 2004 жылы «1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 60 жыл» медалімен марапатталды. 2004 жылы Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамотасымен, 2006 жылы Қарағанды қаласы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Профессор Х.М.Нұрмұқанов — 70-тен астам ғылыми, ғылыми-әдістемелік еңбектің авторы. Мектеп мұғалімдері осы күнге дейін «Мұғалімге қазақ тілінен көмек» (қосалқы автор, Алматы, 1972) атты еңбегін әдістемелік ретінде қоладанып келеді. Оның «Сөз және шеберлік» атты монографиясын (Алматы, 1987) Республикамыздың ғылыми жұртшылығы жоғары бағалады. Сонымен қатар «Қазақ тіліндегі паронимдер мен мағыналық екіұштылықтар» (Алматы, 2007) атты еңбегі жоғары оқу орындарының филология, журналистика факультеттерінің оқытушылары мен студенттеріне арналған құнды оқу құралы болып саналады.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті филология факультеті қазақ тіл білімі кафедрасының ұйымдастыруымен 2014 жылдың 11–12 сәуірінде профессор Х.М.Нұрмұқановтың 85 жылдығына арналған «Сөз және шеберлік» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Ақпан айының 20-нан бастап конференция туралы ақпараттық хаттар Қазақстанның жоғары оқу орындарына таратылып, конференцияға шақырушылармен байланыс жасалды. Наурыздың 20-на дейін конференция материалдары жинақталып, 1 сәуірге дейін конференция жинағы, бағдарламасы дайындалып, баспаға ұсынылды.

Конференция екі күнге жоспарланып, алқалық мәжілісте Астана, Алматы, Орал, Қарағанды ғалымдарының 7 баяндамасы іріктеліп алынды.

10 сәуір күні конференция болатын № 13 дәрісхана безендіріліп, Алматы, Орал қалаларынан келген конференцияға қатысушылар күтіліп алынды.

11 сәуір күні сағат 9.00-ден конференцияға қатысушыларды тіркеу болып, сағат 10.00-де алқалық мәжіліс өз жұмысын бастады.

Алқалық мәжіліс Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің бірінші проректоры тарих ғылымдарының докторы, профессор Рымбек Мұратұлы Жұмашевтің құттықтау сөзімен ашылды. Құттықтау сөзде проректор қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері туралы айтып, конференция жұмысына сәттілік тіледі.

Филология факультетінің деканы Мұхаммадғали Илиясұлы Әбдуов өз сөзінде тіл біліміндегі зерттеу бағыттарымен таныстырып, конференция жұмысы туралы айтып өтті.

Алқалық мәжілісте филология ғылымдарының докторы, профессор Әділова Алмагүл Советқызы «Сөз дүниесінің тамыршысы» атты баяндамасында тіл біліміндегі іргелі зерттеулер туралы, сөйлеу мәдениеті мен стилистикаға қатысты өз ойын ортаға салды және филология ғылымдарының докторы, профессор Хайролла Мырзағалиұлы Нұрмұқановтың артында қалған өшпес мұрасымен таныстырды.

Алматы қаласындағы ҚР ҒА А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтынан келген филология ғылымдарының докторы, профессор Манкеева Жамал Айтқалиқызы «Сөз құдіретін танытудың антропоэлектік үрдістері» атты баяндамасында тілді адаммен байланыста зерттеу, антропоэлектік зерттеулер туралы айта келіп, Х.М.Нұрмұқанов еңбегімен байланыстырды.

Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінен келген филология ғылымдарының докторы, профессор Бақытжан Хасанұлы «Қарағанды облысында мемлекеттік тілді дамытудың әлеуметтік-лингвистикалық тетіктері» атты баяндамасында мемлекеттік тілдің бүгінгі жай-күйіне, социоллингвистикалық зерттеулерге, соның ішінде Орталық Қазақстандағы мемлекеттік тілді дамыту мәселелеріне қатысты сөз қозғап, конференцияға қатысушыларға тың деректер ұсынды.

Орал қаласындағы Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық университетінен келген филология ғылымдарының докторы, профессор Сабыр Мұрат Бөкенбайұлы «Профессор Хайролла Нұрмұқанов ізімен «Ақ Жайық» трилогиясының тілін зерделеу» атты баяндамасында Х.М.Нұрмұқановтың сөйлеу мәдениеті, стилистикаға қатысты еңбектерін алға тарта отырып, «Ақ Жайық» трилогиясының тіліндегі ерекшеліктерге тоқталды.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінен келген филология ғылымдарының докторы, профессор Жантас Алтайұлы «Сөз сонылығы» атты баяндамасында сөз құдіретін түсініп, түйсіне білген Х.М.Нұрмұқановтың тілтануға салған жолының сонылықтарын көрсетіп берді.

ҚР ИМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының тілдік дайындық кафедрасының бастығы филология ғылымдарының докторы, профессор Жалмаханов Шапағат Шарапатұлы «Соттық-лингвистикалық сараптаманың лексикалық-семантикалық аспектісі» атты баяндамасында юрист-лингвист сияқты тың мәселені сөз етті.

Алқалық мәжілістен соң Х.М.Нұрмұқанов туралы көрсетілген деректі фильмде ғалымның жарқын бейнесі сомдалып, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Р.Сыздықтың, филология ғылымдарының докторы, профессор Ж.Манкееваның, филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Хасанұлының пікірлері берілді.

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент М.А.Тұрсынова филология ғылымдарының докторы, профессор Хайролла Мырзағалиұлы Нұрмұқановтың 85 жылдығына арналған «Жадымыздағы жарқын жан» атты естеліктер кітабының тұсаукесерін жасады.

Түстен кейін, яғни 13.30-дан бастап, секция мәжілісі жұмыс істеп, «Тілдерді синхронды-диахронды зерттеу мәселелері», «Тіл мен әдебиетті оқытудағы дәстүр және инновациялар», «Медиадискурс және тіл мәдениеті», «Тіл біліміндегі жаңа бағыттар», «Бабалар сөзі және рухани мұралардың тәрбиелік маңызы» атты секцияларда баяндамалар тыңдалып, үздіктері аталып өтті.

12 сәуір күні сағат 10.00-ден 12.00 аралығында 216-дәрісханада «Лингвистикалық парадигмадағы жаңа зерттеулер» атты семинар өтті. Семинар жұмысына Алматыдан, Астанадан,

Оралдан келген тілші-ғалымдар, филология факультетінің профессор-оқытушылар құрамы, магистранттар мен студенттер қатысып, тіл біліміндегі жаңа бағыттар, тың зерттеулер туралы өз ойларын ортаға салды.

12.00-ден 13.00 аралығында конференцияның қорытынды мәжілісі өтіп, конференцияның жетістіктері аталып өтті және үздік баяндамалар марапатталып, сертификаттар табысталды.

*Тұрсынова М.А.,
Рапишева Ж.Д.,*
филология ғылымдарының
кандидаттары, доценттер

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

- Abduov, M.I.** — Decan of Philological Faculty, Professor of chair of Kazakh literature, Doctor of Philology, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Abduova, N.M.** — senior teacher of chair of a practical course of the Kazakh language, master of the humanities, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Adilova, A.S.** — professor of chair of the Kazakh linguistics, Doctor of Philology, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Akisheva, Zh.S.** — Candidate of Philology, associate professor of Russian and culture, Karaganda state technical university.
- Azharbekova, E.N.** — senior teacher of chair of the Kazakh linguistics, master of philology, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Beysen, F.** — student of KS-41 group of philological faculty, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Blyalova, A.A.** — elementary school teacher of high comprehensive school No. 66, Karaganda.
- Bodyk, G.** — undergraduate of chair of English and linguistic didactics, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Bogomolova, T.L.** — the undergraduate of chair of journalism, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Erimova, M.M.** — teacher of the Kazakh language and literature, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Hamzina, G.** — with, the associate professor of the Kazakh philology, Candidate of Philology, the North Kazakhstan state university of M.Kozybayev, Petropavlovsk.
- Kadyrova, L.B.** — teacher of chair of safety of information technologies, Karaganda State technical University.
- Karenov, R.S.** — Marketing professors, Doctor of Economic Sciences, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Kazanbaeva, A.Z.** — associate professor of the Kazakh linguistics, Candidate of Philology, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Kazbekov, T.B.** — associate professor of marketing, Candidate of Economic Sciences, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Kaziuly, E.** — associate professor of the Kazakh literature, Shynzhany educational and educational institute, China.
- Kenzhebekova, Zh.A.** — senior teacher of chair of a practical course of the Kazakh language, master of the humanities, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Mateyko, L.** — the doctor of PhD, the head of the department of Russian and literature, University of Ya.A.Komensky, Bratislava.
- Mazhitaeva, Sh.M.** — professor of chair of the Kazakh linguistics, Doctor of Philology, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Murzintseva, V.V.** — the undergraduate of chair of journalism, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Nygmetova, N.T.** — associate professor of the Kazakh language and culture, Candidate of Philology, Karaganda State technical University.

- Primbetov, T.T.** — associate professor of the Kazakh linguistics, Candidate of Philology, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Rahymberlina, S.A.** — the associate professor of a practical course of the Kazakh language, Candidate of Philology, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Rapisheva, Zh.D.** — associate professor of the Kazakh linguistics, Candidate of Philology, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Rustemova, Zh.A.** — associate professor of the Kazakh literature, Candidate of Philology, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Saparova, K.O.** — teacher of chair of the Kazakh linguistics, master of pedagogical sciences, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Seydakhmetova, Z.K.** — teacher of chair of Russian and culture, Karaganda State technical University.
- Shakirova, K.M.** — undergraduate of chair of the Kazakh literature, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Stanchu, N.** — PhD in Linguistics, Faculty of Philology, Bucharest, Romania.
- Tazhikeeva, A.Sh.** — Doctor of PhD, faculty of foreign languages, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Tsingerova, N.** — the doctor of PhD, the senior teacher of chair of Russian and literature, University of Ya.A.Komensky, Bratislava.
- Tursunova, M.A.** — associate professor of the Kazakh linguistics, Candidate of Philology, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Tuyte, E.E.** — associate professor of the Kazakh linguistics, Candidate of Philology, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Zhumabekov, M.K.** — the associate professor of journalism, Candidate of Philology, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Zhumagul, S.B.** — professor of chair of Kazakh literature, the Doctor of Philology, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Zhunusova, M.K.** — the associate professor of a practical course of the Kazakh language, Candidate of Philology, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Zhuyntayeva, Z.N.** — associate professor of the Kazakh linguistics, Candidate of Philology, Ye.A.Buketov Karaganda State University.